

З. Күзекова, Г. Масақова

Қазақ тілі

БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ (A2)

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана, 2018

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз-3
Қ 92

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Сарапшылар:

Ә. Оразалиева - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы;

М. Жолшаева - Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

С. Әлісжан - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы.

З. Күзекова, Г. Масақова

Қазақ тілі: Базалық деңгей (А2): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 224 бет.

ISBN 978-601-7820-32-9

Қ 92 Ұсынылып отырған оқу құралы тілді оқып, үйренудің базалық деңгейіне арналған. Оқу құралында алғаш рет концентрлік бағыт пен жүйелілікке құрылған тілдік жаттығулар мен сөйлетуге бағытталған жаттығулар, грамматикалық тақырыптар сөйлеу әрекеттерінде бекітіліп отырады. Оқу құралының негізгі мақсаты – тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз-3

МАЗМҰНЫ

Бірінші сабақ

6

Жеті жұрттың тілін біл

Сіздің қайда, қалай оқығаныңыз туралы, қазақ тілін қалай білетініңіз туралы, қандай проблемаңыз бар екендігі туралы, қашан қазақ тілінде сөйлейтініңіз туралы әңгімелесеміз.

Жеті жұрттың тілін біл.

Екінші сабақ

28

Ғылым, кино, театр жұлдыздарымен танысамыз

Танысамыз. Өзіміз туралы, отбасымыз туралы әңгімелесеміз.

Қазақстан халқы.
Қазақ отбасы.
Қазақстандағы жұлдыздар алаңы.
Қазіргі эстрада, ғылым, кино, театр, саясат жұлдыздары.

Үшінші сабақ

53

Қазақ елінің спорт жұлдыздары

Спорт туралы, спортқа қатысымыз, спортпен айналысу туралы, ауа райы мен денсаулық туралы әңгімелесеміз.

Қазақ спортының тарихы.
Азиада.
Қазақ спортшылары.
Қазақ газеттері.

Төртінші сабақ

75

Әлем, Жаңа жыл және біз

Мерекемен құттықтаймыз. Сыйлықтар аламыз. Қонақ шақырып, қонақтарды қарсы аламыз. Мереке туралы әңгімелейміз. Құттықтаулар жазамыз.

Қазақ елінің мерекелері.
Қонақ күту дәстүрлері.
Телевизиялық фестиваль.

Бесінші сабақ

91

Қайталау және өзіңді-өзің тексеру

Қайталаймыз.

Тест тапсырмалары.

Алтыншы сабақ

100

Өз үйім

Сіздің қайда тұратыңыз туралы әңгімелейміз. Тұрмыстық техниканы таңдаймыз. Телефонмен ақпараттар сұраймыз.

Қазақстандықтар қайда, қалай тұрады.
Теледидар ақпараттық бағдарламасы.

Жетінші сабақ

114

Театрға барайық

Концерт туралы хабарламаларды оқимыз. Кассадан билет аламыз. Белгілі музыканттар, топтар, сүйкімді әндер туралы әңгімелесеміз.

Бибігүл Төлегенова.
Шара Жиенқұлова.
«Қоңыр» тобы.

Сегізінші сабақ

132

Кітап оқимыз

*– жақсы көретін кітабыңыз туралы;
– сүйікті жазушыңыз туралы;
– сүйікті ақыныңыз туралы әңгімелесеміз.*

Қазақ ұлттық кітапханасы.
Нобель сыйлығының лауреаттары.
Қазақ газеті.

Тоғызыншы сабақ

150

Сахна мен кино әлемі

Афишаны оқимыз. Телефонмен билетке тапсырыс береміз. Кино туралы әңгімелейміз және оны көруге кеңес береміз.

Қазақ киностудиясы.
Қазақ режиссері.

Оныншы сабақ

168

Қайталау уақыты және өзінді-өзің тексеру

Бақылау тапсырмалары.

Он бірінші сабақ

173

Ажарың ашық екен атқан таңдай

Сән туралы, адамның сыртқы келбеті туралы әңгімелесеміз. Күтпеген кездесулер. Оқиғалар мен адамдар туралы айтамыз.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Он екінші сабақ

183

Ғылым әлемінде

*– үлкен жаңалықтар туралы;
– ғылыми жетістіктер туралы;
– белгілі адамдардың өмірбаяны туралы әңгімелейміз.
– ғылымдағы жаңалықтар туралы мақалалар оқимыз.*

Ғылыми қалалар.
Ғылым саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары.
Ғалымдар туралы.

Он үшінші сабақ

194

Саяхаттаймыз

Қонақ үй таңдаймыз.

Демалатын кез: біздің алдымызда бүкіл әлем.

Он төртінші сабақ

217

Қайталау және бақылау сабағы

Грамматиканы қаншалықты білеміз.

Тест тапсырмалары.

БІРІНШІ САБАҚ

Жеті жұрттың тілін біл

Күзде, бірінші қыркүйекте қазақстандықтар оқуға және оқытуға барады. Оқушылар мен студенттер мектепке, институтқа, университетке оқуға барады, мұғалімдер мен оқытушылар оларды оқытады. Ата-аналарды, балалар мен студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтайды. Қазақ тілі курстарында да жаңа оқу жылы басталады.

Білім түрлері

Жоғары білім	Орта білім	Университет
Институт	Академия	Консерватория
Гимназия	Лицей	Мектеп

1. Сабаққа не керек, атап шығыңыз, жазыңыз.

Мысалы: рюкзак, оқулық,

Қайда, қалай оқығандығыңыз туралы айтамыз

2. Жауап беріңіз.

- қайда оқуға болады?
- оқушылар мен студенттерді кім оқытады, ал кім оқиды?

3. Сөздерді оқыңыздар:

Сабақ, тапсырма, лекция, семинар, емтихан, мұғалім, оқытушы, оқулық, сөздік, дәптер, күнделік, баға, мектеп, институт, университет, академия, консерватория, лицей, гимназия, оқушы, студент, сынып, қалам.

4. «Осы, ана, бұл» сөздерді пайдаланып, сұрақ қойыңыз.

- _____ мекеме қайда орналасқан?
- _____ лицей қайда орналасқан?
- _____ гимназия қайда орналасқан?
- _____ университет қайда орналасқан?
- _____ академия қайда орналасқан?
- _____ мектеп қайда?
- _____ аудитория қайда?

Консерватория қайда орналасқан?

Үлгі: Лицей әне, анда.

Ол мында. №6 сынып мында. Мектеп осында. Институт ана жерде. Консерватория міне, мында. Гимназия мына жерде. Лицей бұл жерде емес. Мына мекеме сияқты, сол жақта. Иә.

5. Сөйлемді толықтырыңыз.

Менің мектебім мұнда емес, _____.

Менің университетім _____.

Сенің институтыңның қайда екенін білемін, _____.

Сенің мектебің осы жерден _____.

Сенің университетің осы жерден алыс емес _____, менің консерваториям осы жерде _____.

6. Қандай? Тиісті сөздермен сөйлемдерді толықтырыңыз.

жаңа

әдемі

үлкен

қызықты

белгілі

Бұл – _____ техникум. Бұл – _____ сөздік. Бұл – _____ оқулық. Бұл – _____ институт. Бұл – _____ лекция. Бұл – _____ сабақ. Бұл – академия.

7. Қалай сұрауға болады?

Үлгі:

сөздік

Мынау қандай сөздік?

Кімнің сөздігі?

Колледж, институт, университет, техникум, лицей, тапсырма, мектеп, гимназия, академия, дәптер.

Зат есімнің көпше түрі

Жекеше түрі

сөз

қыз

дәптер

оқушы

оқулық

университет

кітап

Көпше түрі

сөздер

қыздар

дәптерлер

оқушылар

оқулықтар

университеттер

кітаптар

8. Егер олар көп болса, қалай айтамыз?

Оқытушы, мұғалім, бала, студент, үй, қала, қағаз, арман, мақсат.

9. Екінші сөйлемге қажетті сөзді жазыңыз.

1. Оқушы үй тапсырмасын жасап отыр. _____ сөздерді қайталап отыр.
2. Менің қыздарым мектепте оқиды. _____ француз тілін оқиды.
3. Сіздің әріптесіңіз испан тілін жақсы біледі. _____ жақсы аударма ма?
4. Сіздің ұлыңыз қателік жасады. _____ жиі қателесе ме?
5. Менің досым сөздерді жаттап отыр. _____ шет тілін жақсы көреді.
6. Жаңа студенттер әлі қазақша жақсы білмейді. _____ қазақтар сөйлегенде нашар түсінеді.
7. Сенің әпкең немісше еркін сөйлейді. _____ Германияда болып па еді.

10. Қай сөзді қайда жазамыз?

а) Берілген есімдіктерді сәйкестендіріңіз.

Менің, сенің, біздің, сіздің

- _____ достарымыз қазақ тілін оқып жатыр.
_____ құрбым ағылшын тілін еркін түсінеді.
_____ оқытушымыз 5 тілді біледі.
_____ әріптестеріміз жылдам аударды.
_____ оқытушымыз АҚШ-та болды ма?
_____ таныстарыңыз қазақ тілін оқып жатыр ма?

б) Берілген есімдіктерді сәйкестендіріңіз.

Осы, мына, бұл, осылар

- _____ мұғалім тапсырмаларды орындауға әрқашан көмектеседі.
_____ балалар қазақ тілінде нашар оқиды.
_____ озат оқушылар беске оқиды.
_____ қыз испан тілін жақсы біледі.
_____ студенттер барлық емтиханды жақсы тапсырып жатыр.
_____ мына балалар мектепте оқиды.

11. Қалай нақтылауға болады?

Үлгі: – Менің досым кеше мектепте ән айтты.

– *Кім дедің? Досым дедің бе? Даусы жақсы ма?*

- Сіздердің жаңа мұғалімдеріңіз қазір сыныпта болды.
- Біздің жаңа оқытушымыз кеше мектепте болды.
- Менің жаңа құрбым қазір лекцияда.
- Менің жаңа достарым да қазақ тілін оқып жатыр.
- Сенің жаңа сөздігің өте жақсы.
- Сіздердің жаңа оқулықтарыңызды кітапханадан алуларыңызға болады.

Қайда?

Жатыс септігінің мекендік мағынаны білдіруі

Үстелде, сөздікте, лицейде, сабақта, бөлмеде, ауылда, лекцияда, дәптерде.

12. Сіз не деп жауап бересіз? Қарсылық білдіріңіз, немесе растаңыз.

(Топта үш адамнан жұмыс істейміз: біреуміз сұрақ береміз, ал екеуі жауап береді)

Мысалы:

- Сіз мектепте оқисыз ба?

- *Иә, мектепте оқимын.*

- *Жоқ, гимназияда оқимын.*

- Сіз университетте оқисыз ба?

- Сен училищеде оқисың ба?

- Сіз институтта оқисыз ба?

- Сіз лицейде оқисыз ба?

- Сіз колледжде оқисыз ба?

- Сіз мектепте жұмыс істейсіз бе?

- Сіз курстарда оқисыз ба?

- Сіз гимназияда жұмыс істейсіз бе?

- Олар мектепте оқи ма, гимназияда оқи ма?

- Сіз академияда жұмыс істейсіз бе?

- Олар колледжде оқи ма?

13. Осылай ма, әлде басқаша ма? (Қалай жауап бересіз?)

- Сіз кеше сабақта болмаған сияқтысыз? (болмадыңыз)

- *Иә, дұрыс айтасыз. Кеше мен сабақта болмадым.*

- *Жоқ, кеше мен сабақта болдым.*

- Мен сіздің Астанада болғаныңызды естідім.

- Сіз лекцияда болған сияқтысыз.

- Мен оның сабақта болмағанын білемін.

- Ол емтиханда болған сияқты.

- Мен оларды сабақта болмаған деп ойлап отырмын.

- Мен олардың консерваторияда болмағанын білемін.

- Олар сені АҚШ-та болды деп айтады.

14. Кеше қайда болдыңыз, әңгімелесейік.

(сенбі, жексенбі)

Мысалы:

- Дүйсенбіде қайда болдың?

- *Дүйсенбіде ме, дүйсенбіде жұмыста болдым. Ал сен ше?*

- *Мен институтта болдым.*

15. Не туралы әңгімелей аласыз?

- Жақында мен _____ болдым. Онда мен _____.

- Кеше менің інім _____ болды. Онда ол _____.

- Сенбіде менің әпкем _____ болды. Онда ол _____.

16. ... қайда екенін қалай білуге болады?

Айтыңызшы, _____ қайда екен?

Бесінші мектеп, түрік-қазақ лицейі, дипломатиялық академия, экономикалық колледж, № 12 мектеп, техникалық университет, музыкалық училище.

17. Сіз қалай жауап бересіз?

– Сіз курс сабақтарында болдыңыз ба?

– _____.

– Қайда оқисыз? Қайда оқыдыңыз?

– _____.

– Қайда тұрасыз? Қайда тұрдыңыз?

– _____.

– Қайда жұмыс істейсіз, қайда жұмыс істедіңіз?

– _____.

Жатыс септігі

Үлкен үстелде, жаңа сөздікте, соңғы курста, жаңа сөзде, соңғы сабақта, оңтүстік астанада, үлкен аудиторияда.



Назар аударыңыз!

**Қазақ тілінде сын есім зат есіммен тіркескенде,
сын есім септелмейді, өзгеріссіз қалады.**

18. Дұрысы қалай?

– Ол _____ университет _____ оқиды?

– Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекет _____ университет _____ оқиды.

– _____ факультет _____, экономика факультет _____ ме, филология факультет _____ де ме?

– Филология факультет _____.

– _____ курс _____, бірінші ме, екінші ме?

– Жоқ, ол үшінші курс _____.

– _____ аудитория _____, мына аудитория _____ ма, көрші аудиторияда ма?

– Жоқ, бұл аудитория _____ емес, екінші қабат _____, соңғы аудитория, оң жақ _____.

19. а) Сіздің ойыңыз.

Сіз келісесіз бе? – Иә, келісемін.

Ол келісті.

Біз келістік.

Жоқ, мен келіспеймін.

Жоқ, мынау былай емес.

– Сіздің қызыңыз мектепте оқи ма?

– Иә, сегізінші сыныпта.

– Қызыңыз қалай оқиды?

– Өте жақсы. Біз ризамыз. Ол үздік оқушы. Баламыз төртке оқиды.

– Қыздар ылғи жақсы оқиды. Келісесіз бе?

б) Сіз «үздік оқушы», «төртке» дегенді түсіндіңіз бе?

Өзімізді сөздікпен тексереміз.

Бестік



Оқушының білімін бағалаудың жоғары белгісі. Қазақстанда оқушы білімін бағалаудың бес балдық жүйесі. Жоғары баға – 5 (бес, бестік, үздік баға). Одан кейін 4 (төрт, төрттік), 3 (үш, үштік), 2 (екі, екілік).
1-ді (бір) әдетте қоймайды, егер оқушы тек қана беске оқыса, оны үздік оқушы немесе озат оқушы деп атайды.

20. Сіздің қайда, қалай оқығаныңыз туралы әңгімелесейік.

Мысалы:

– Сіз музыка училищесінде оқыдыңыз ба?

– Иә, басында училищеде оқығанмын, содан соң, консерваторияда оқыдым.

– Консерваторияда қанша жыл оқыдыңыз?

– 5 жыл.

– Сіз жақсы оқыған шығарсыз?

– Иә, жаман емес, төртке, беске оқыдым, бірақ үздік болған жоқпын.

21. Сіз білесіз бе, Қазақстан жоғары оқу орындарында қанша жыл оқиды?

Дипломдарды қарап көрелік.

Тегі, аты, әкесінің аты

Данияров Дәурен Бәзілұлы

Туған күні 15 тамыз, 1983 жыл

Білім туралы алдыңғы құжат
№ 12 орта мектептің аттестаты, 2000 жылы берілген
Оқуға түсу сынақтарынан өткен
2000 жылы оқуға түсті
2004 жылы оқуын бітірді
Күндізгі бөлімде оқудың нормативті уақыты бакалавр үшін 4 жыл
Магистр үшін 2 жыл
Диплом қосымшасы

22. Олар оқуға қашан түсті, қашан бітірді?

Білесіз бе, Қазақстанда балалар мектепке қанша жасқа толғанда барады? Қашан бітіреді?

Ол 17 жасқа толғанда университетке түсті.
Ол училищені бітірген кезде қанша жаста еді?
Ал ол колледжді бітіргенде қанша жаста еді?
Ол мектепті бітірді ме, әлде оқып жүр ме?
Осы жылы ол қаржы академиясына _____.

Сөздікпен оқимыз.

23. Олар қайда оқуға түсті, қандай оқуды бітірді? Қандай оқу орнын бітірді?

Сауалнама

Тегі: Жанболатұлы
Аты: Қайырболат
Әкесінің аты: Жанболат
Жасы: 28
Білімі: жоғары
Мамандығы: журналист
Қандай оқу орнын бітірді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тегі: Серікбайқызы
Аты: Айдана
Әкесінің аты: Серікбай
Жасы: 22
Білімі: арнайы орта білім
Мамандығы: медбике
Қандай оқу орнын бітірді: Республикалық медициналық училище

Қазақстандағы білім беру жүйесі

Қазақстанда балалар орта және жоғары білім алады. Бірінші, балалар орта білім алады. Олар мектепте, гимназияда, техникумда, колледжде, лицейде оқиды. Содан кейін олар университетте, институтта, академияда, консерваторияда оқып, жоғары білім ала алады.

Оқу жылы мектепте 1 қыркүйектен басталады. Бұл күн – мереке. Ол білім күні деп аталады.

Оқу жылы 9-10 айға созылады. Кішкентай сыныптар оқуды 31 мамырда бітіреді, ал жоғары сыныптар маусымда бітіреді. Күзде, қыста, көктемде оқушылардың каникулы болады, олар дем алады. Күзгі демалыс 2-9 қарашада, қысқы демалыс – 28 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін, көктемгі демалыс 24 наурыздан 31 наурызға дейін болады. Ең ұзақ демалыс жазғы демалыс: маусым, шілде, тамыз айында.

Сабақ күнде болады. Аптасына бес күн немесе алты күн. Күнде 4-6 сабақ болады. Сабақ 45 минут болады.

Орта білім	мектеп, гимназия, техникум, колледж, лицей, училище
Бастауыш білім	1-3/4-ші сыныптар
Негізгі жалпы білім	4-8-ші сыныптар
Орта (толық) жалпы	9-11-ші сыныптар
Жоғары білім	Университеттер, академия, институттар Бакалавриат – 4 жыл Бакалавриат және магистратура – 6 жыл

Жауап беріңіз.

1. Қазақстанда оқу жылы қашан басталады? Сіздің елде ше?
2. Бастауыш сыныптардың оқу жылы қашан аяқталады?
3. Жоғары сыныптардың оқу жылы қашан басталады?
4. Мектептерде демалыс қашан болады? Сіздің елде ше?
5. Мектепте қанша сабақ болады?
6. Бір сабақ қанша уақыт болады? Сіздің елде ше?
7. Жаңа не білдіңіз?

24. а) Қазақстан мектептерінде қалай оқиды? Білесіз бе?

Мына диалог сізге бұл туралы білуге көмектеседі.

- Сәлем! Демалыс қалай? Қайда болдың? Қазақстанда болған сияқтысың?
- Иә, біз он күндей қазақ мектебінде қонақта болдық.
- Қызық екен. Қазақ мектебі қандай екен?
- Маған қызықты болды. Қазақ мектебінің қандай екенін білемін.
- Онда мектепте қанша жыл оқиды екен?
- Он бір жыл. Балалар әдетте мектепке 7 жастан барады.
- Қазақстанда мектеп қана емес, гимназия да бар екенін білемін. Қыздарға, ұлдарға арналған гимназия да бар сияқты.
- Жоқ, Қазақстанда ұлдар мен қыздар мектепте де, гимназияда да бірге оқиды.
- Оныншы сыныпта оқушылар не оқиды?
- Міндетті түрде әдебиетті, математиканы, шет тілдерін, информатиканы, тарихты, физиканы, химияны оқиды. Және оларда дене шынықтыру мен еңбек бар.
- Әрбір оқушы одан кейін университетте, институтта оқи ала ма?
- Иә, әрине, бірақ бірінші мектепте емтихан тапсырып, аттестат алуы керек. Содан кейін жоғары оқу орнына оқуға түсу емтиханын тапсыруы керек.
- Тест не?
- Иә, ұлттық бірыңғай тесті.

б) Ал сіздерде мектепте қалай оқиды? Оқытушының сұрақтарына жауап беріңіздер.

25. Шетелдік оқытушылар қазақ мектебіне келді. Олар директормен әңгімелесіп отыр. Олардың сұрақтарына жауап беру үшін директорға көмектесейік.

- Қазақстанда оқу жылы қашан басталады?
– _____.
- Көктемде сабақ қашан аяқталады?
– _____.
- Оқушылар күнде оқи ма?
– _____.
- Мектепте сабақ қанша уақыт болады?
– _____.
- Оқушылар мектепті бітіргенде қандай құжат алады?
– _____.
- Олардың қысқы демалысы бар ма?

Сен не істейсің? Ол не істейді?

Осы шақ (ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ)

Есімізге түсіреміз

оқу	сөйлеу
оқимын	сөйлеймін
оқисың	сөйлейсің
оқисыз	сөйлейсіз
оқиды	сөйлейді
оқимыз	сөйлейміз
оқисыңдар	сөйлейсіңдер
оқисыздар	сөйлейсіздер
оқиды	сөйлейді

26. а) Олар не істейді?

1. Алмас үй тапсырмасын _____.
2. Әкем мен інім теледидар _____.
3. Студенттер емтихан _____.
4. Назгүл сабақ _____.
5. Ол сөздерді _____.
6. Ол газет _____.
7. Балалар демалыс күні _____.

б) Қандай диалог болды?

- Жанат Жолдасбекқызы, сәлеметсіз бе! Мен Жарқынай Серікбайқызымын ғой. Қазір сіз не істеп жатырсыз?
- Мен бе, мен теледидар көріп отырмын. Опера тыңдап отырмын.
- Айжан не істеп жатыр?
- Сабақ оқып отыр.
- Сіздің балаңыз ше? Ол не істеп жатыр?
- Ол ма, ол жұмыс істеп отыр, жаңа кітапты аударып отыр.
- Сіз аударып отыр дейсіз бе, яғни жазып отыр ғой.
- Жоға, қазір кім жазушы еді, қазір бәрі компьютерде жұмыс істейді емес пе?

27. Оқу сөзімен жұмыс істеңіз.

Айдын институтта _____ (оқу). Мен лицейде _____. Ол консерваторияда _____. Сіз де _____ ба? Мен сөздерді _____ (жаттау). Сен де қазақ тілін _____ ба? Ол өлеңді емес, поэмаларды _____ (оқу, отыру). Біз сабақ _____ (оқу).

28. Сөйлесейік. Қандай диалогтер болуы мүмкін?

Ситуация

Сіз досыңыздың / құрбыңыздың / көршіңіздің қазір не істеп жатқанын білгіңіз келеді. Телефонмен хабарласыңыз.

Мысалы:

- Сәлем Андрей! Не істеп жатырсың?
- Хат жазып отырмын.
- Айжан ше?
- Газет оқып отыр.

оқу	журнал	роман	газет	кітап
көру	көрініс	фильм	матч	концерт
тыңдау	ән	лекция	музыка	күй
орындау	тапсырма	сабақ	жаттығулар	

Қазақстан мектептерінде қандай пәндер оқылады?

Есімізге түсірейік: не оқимыз, не білеміз, нені жақсы көреміз, не жазамыз.



Мынау – қыз бала. Ол – оқушы.
Ол қазір мектепте, сабақта. Ол
жазып отыр. Ол не жазып отыр?
Білесіз бе? Ол диктант жазып
отыр. Ол қазақ тілін оқиды.

Табыс септігі

Нені, не? + табыс септігі

29. а) етістіктің алдынан келген сөздің қандай мағынасы бар?


б) бұл сөздердің қандай жалғауы бар?


в) осы сөздер сіздің ана тіліңізде қандай сұраққа жауап береді?

1. Ол сөздік____, қалам____, дәптер____ сатып алды.
2. Мен сөздер____ оқимын.
3. Ол мәтін____ оқиды.
4. Біз тапсырмалар____ жазамыз.
5. Ол осы мұражай____ жақсы көреді.
6. Олар теңіз____ күнде көреді.
7. Ол роман____ оқиды.
8. Ол хаттар____ оқып отыр.
9. Ол осы мектеп____ біледі.
10. Біз қағаз____, қалам____ алдық.
11. Ол тарих____ қайталады.
12. Біз фильм мен жаңалықтар____ көрдік.
13. Ол музыка____ тыңдап отыр.
14. Біз жаңа сөздер мен әріптер____ жаздық.
15. Олар ережелер мен мәтін____ біледі.

30. Біз Астанадағы үлкен кітап дүкеніне келдік.

а) Осы дүкеннен не сатып алуға болады?






б) Жақында жаңа оқу жылы басталады. Сізге нені сатып алу керек? Сатушыдан көрсетуге сұраңыз: *Маған мынаны көрсетіңізі.*

в) Сізге керек нәрсені қалай сұрауға болады?

– *Маған мына ___ беріңізі.*



31. а) балалар мектепке барады. Олардың сабағына не керек? (қазақ тілі сабағына)

б) Сіз бүгін сабаққа не алдыңыз? (Сіз, әдетте сабаққа не аласыз?).

в) Сіздің ініңіз (балаңыз, қызыңыз, сіңліңіз) сабаққа керек затты ұмытып кетті. Осы туралы олардың есіне салыңыз.

Мысалы: Жұмыс дәптерін алуды ұмытпа.
(қызыл қалам, үй тапсырмасы, шағын сөздік, қазақ әңгімелері)



32. Сіздің сыныбыңыз туралы әңгімелесейік.



1. Суреттерден біз нені көріп тұрмыз?
2. Сіздерде де осындай сынып па?
3. Сіздің сыныпта не бар?
4. Олар қайда орналасқан?

33. Өзіңізді сыныптамын деп елестетіңіз.

А) Оқытушыдан (мұғалімнен) қалай сұрар едіңіз?

Маған күнделігімді беріңізші.

Б) Жолдасыңыздан қалай сұрар едіңіз?

Маған сөздігіңді бере тұршы.

34. Сіз не деп жауап бересіз? Топпен жұмыс істейміз.

– Сіз француз тілін жақсы көресіз бе?

– Сіз француз тілін жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз қазақ тілін жақсы көресіз бе?

– Сіз қазақ тілін жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз физиканы жақсы көресіз бе?

– Сіз физиканы жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз химияны жақсы көресіз бе?

– Сіз химияны жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз математиканы жақсы көресіз бе?

– Сіз математиканы жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз тарихты жақсы көресіз бе?

– Сіз тарихты жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз әдебиетті жақсы көресіз бе?

– Сіз әдебиетті жақсы білесіз бе?

– _____

– Сіз географияны жақсы көресіз бе?

– Сіз географияны жақсы білесіз бе?

– _____

35. Осы сұрақтарға не деп жауап беруге болады?

1. Кеше мен физиканы оқыдым, ал сіз ше?

2. Кешке ол химияны оқыды, Айжан ше?

3. Таңертең олар қазақ тілін оқыған, ал Асқар ше?

4. Күндіз ол испан тілін оқыған, ал сіз ше?

5. Дүйсенбіде Айнаш биологияны оқыған, ал ол ше?

6. Сәрсенбіде менің балаларым географияны оқыған, ал сіздің балаларыңыз ше?

7. Сенбіде біз тарихты оқыдық, сіздер ше?

36. 10 – 11-сыныптардың сабақ кестесін оқыық. Қазақстан мектептерінде осы сыныптарда бірдей пәндер оқыла ма? Сіздің мектептерде тағы қандай пәндер оқылады?

10 сыныптың сабақ кестесі

дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі
<ol style="list-style-type: none"> 1. қазақ тілі 2. математика 3. информатика 4. тарих 5. денешынықтыру 	<ol style="list-style-type: none"> 1. қазақ тілі 2. математика 3. математика 4. физика 5. ағылшын тілі 6. биология 	<ol style="list-style-type: none"> 1. химия 2. ағылшын тілі 3. география 4. қазақ тілі 5. қазақ тілі 6. химия
бейсенбі	жұма	сенбі
<ol style="list-style-type: none"> 1. математика 2. физика 3. тарих 4. қазақ тілі 5. информатика 6. информатика 	<ol style="list-style-type: none"> 1. тарих 2. математика 3. физика 4. география 5. информатика 6. ағылшын тілі 	<ol style="list-style-type: none"> 1. биология 2. биология 3. химия 4. денешынықтыру 5. қазақ тілі

11 сыныптың сабақ кестесі

дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі
<ol style="list-style-type: none"> 1. математика 2. тарих 3. информатика 4. шет тілі 5. физика 6. тарих 	<ol style="list-style-type: none"> 1. физика 2. астрономия 3. химия 4. химия 5. биология 6. қазақ тілі 	<ol style="list-style-type: none"> 1. математика 2. математика 3. денешынықтыру 4. қазақ тілі 5. физика
бейсенбі	жұма	
<ol style="list-style-type: none"> 1. ағылшын тілі 2. ағылшын тілі 3. тарих 4. қазақ тілі 5. қазақ тілі 6. денешынықтыру 	<ol style="list-style-type: none"> 1. математика 2. информатика 3. математика 4. физика 	

37. Қалай нақтылауға болады?

Үлгі: – Кеше бір әңгіме оқыдым.

– Не оқыдым дейсің?

– Мен _____ жаздым.

– Ол _____ біледі.

– _____ ?

– _____ ?

– Олжас _____ тыңдады.

– Ол _____ жақсы біледі.

– _____ ?

– _____ ?

– Толқын жаңа _____ көрді.

– Ол _____ жақсы көреді.

– _____

– _____ ?

38. а) Түсіндірме сөздікті оқимыз.

Оқу. Нені оқу?

Өлең оқу, кітап оқу, мектепте, университетте оқу – білім алу, мамандық алу; шет тілін оқу – тілді үйрену, меңгеру.

Оқу.

1. Оқу – өзіңді оқуға арнау, *шет тілін оқу*.
2. Ғылыми зерттеу, тану. *Көне қолжазбаны оқу*.
3. Ұқыпты байқай отырып, танысу, түсіну. *Жағдаятты зерттеу. Адамды тану*.

б) Оқу, оқып үйрену етістіктерінің мағыналарында қандай айырмашылық бар, білесіз бе?

Мысалдарды оқиық.

Шет тілін үйрену, қазақ өнерін үйрену, шахмат ойнауды үйрену;

Сабақ оқу, өлең оқу, ережелерді оқу;

Мектепте оқу, университетте оқу.

в) Мында қандай сөз керек?

1. Мектепте балалар химияны, физиканы, биологияны, ана тілін, шет тілін, қазақ әдебиетін, шетел әдебиетін _____.
2. Ертең тарих сабағы. Мен даталарды _____.
3. Менің інілерім әл-Фараби университетінде экономика факультетінде _____.
4. Ол мектепте ағылшын тілін _____.
5. Бірінші біз ережелерді _____, содан соң, жаттығуларды орындаймыз.
6. Институтта _____ – қиын.
7. Сіздің қазақша тез сөйлегіңіз келе ме, онда өлең _____.

39. Дұрысы қалай?

Нені оқу?

Қайда оқу?

1. Біз бір тіл жеңіл, басқасы қиын деп жиі айтамыз. Туыс тілдерді _____ ылғи жеңіл екенін бәрі біледі.
2. Маған мектепте _____ қиын болды. Біздің курста _____ жеңілірек.
3. Мен жаңа сөздерді ылғи _____ бермеймін.
4. Тілді барлық жерде _____ болады: мектепте, университетте, тіпті көшеде, театрда, кинода, қонақта, транспортта да.
5. Бүгіндері тек қана мұғалім _____, компьютер де _____.
6. Компьютерде хирург операция жасауды _____.

40. Өзіңіздің тапсырмаңызды таңдаңыз.

Әңгімелеңіз:

а) қайда, қалай оқыдыңыз;

б) сіздің інілеріңіз, (сіңлілеріңіз, балаңыз, немереңіз) қайда, қалай оқиды?

Сіздің мамандығыңыз қандай?

Сіздің мамандығыңыз қандай?

Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
Ол кім?	Ол кім болған?	Ол кім болады?
Ол заңгер.	Ол заңгер болған.	Ол заңгер болады.
Ол дәрігер	Ол мұғалім болған.	Ол дәрігер болады.

41. а) Ол кім болады?

1. Асқар әскери-теңіз училищесінде оқиды.
2. Жеңіс авиация институтында оқиды.
3. Мақсат лингвистикалық университетте оқиды.
4. Санжар медицина институтында оқиды.

аудармашы, офицер, филолог, инженер, конструктор, хирург, дәрігер, әскери адам

б) Ол кім болды?

1. Айбек дипломатиялық академияда оқыды.
2. Жақсылық Алматы консерваториясында оқыды.
3. Олжас театр училищесінде оқыды.
4. Ерлан экономикалық академияда оқыды.

бухгалтер, консул, әртіс, композитор, менеджер, елші, дирижер, экономист

42. Дастан не туралы айтты? Дұрысы қалай?

Алты жасымда мен кім болатынымды білмедім. Маған барлық адамдар ұнады, олардың жұмысы да ұнады. Басында менің астроном бол_____ келді: маған түнде ұйықтамай, алыстағы жұлдыздарға қарау ұнайтын. Содан кейін маған алысқа кемелермен жүзу ұнады, кеме капитаны бол_____ келді. Алыс елдерде, Сингапурда бол_____ келді, сол жерден қызықты маймылдарды сатып ал_____ келді. Содан кейін метро машинисті бол_____ келді. Бірақ келесі күні теледидардан бокстан Европа жарысын көрдім. Боксер де бол_____ келді. Мен жылдам чемпион боламын деп ойладым.

43. Сіздің ойыңыз қандай?

Әлеуметтік сұрақтар бойынша орта мектепті бітірушілердің көпшілігі заңгер, экономист, дипломат немесе ірі фирманың менеджері болуды армандайтынын айтады.

Инженер, дәрігер, мұғалім, мамандығы оларды қызықтырмайды. Ал қалғандарын жастар жолы болмағандар деп санайды, себебі сатушы, слесарь, даяшы, аспансеріктер мансап жасай алмайды.

*Сіз де солай ойлайсыз ба?
Жоғары төленетін мамандықтардың
рейтингісі қандай деп ойлайсыз?*

44. Мектепте оқығанда олар кім болғысы келді, кейін кім болды?

Ол мектепте ғарышкер болғысы келді, кейін әскери адам болды.

1. Мектепте оқығанда кім болғыңыз келді?
2. Қазір кімсіз?
3. Қандай мамандықта оқыдыңыз (оқисыз)?



Өмірбаянымызды айтамыз.

1. Қандай тілді білесіз (оқып жатырсыз)?
2. Сіз қанша тіл білесіз?
3. Қазір қандай тілдерді оқып жатырсыз?
4. Оларды қаншалықты білесіз?

«Білімдіге дүние жарық», «Күш – білімде» деген қазақ мақалдары бар. Бүгіндері шет тілін білу, ағылшынша, қазақша, французша, испанша, итальянша оқи, түсіне, сөйлей білу ерекше маңызды.

45. Олар қандай шет тілдерін біледі? Тыңдайық.

1. Ол _____ біледі
2. Айнаш _____ біледі.
3. Олар _____ біледі.
4. Ол _____ жақсы біледі, себебі _____.
5. Ол _____ өте жақсы біледі, себебі _____.

46. Қандай әңгіме болды?

Ол қазақша қаншалықты біледі? Ол қайда оқыпты? Ол тағы қандай тілдерді біледі? Төменде берілген жауаптарды сәйкестендіріңіз.

- Қайда оқыдыңыз?
- _____.
- Қай факультетте? Филологиялық па?
- _____.

– А-а, қазақша жақсы білетініңіздің себебі осы екен ғой.

_____.

– Тағы қандай шет тілдерін білесіз?

_____.

– О, сіз полиглот екенсіз!

_____.

Сіз тілді өз бетіңізше оқығанды жақсы көресіз бе?

_____.

Жауаптар:

1. Иә, мен Алматыда бес жыл тұрдым, оқыдым.
2. Мен олай ойламаймын, менің шешем қазақ, сондықтан қазақша сөйлеп тұрмын, ал французша тек қана оқимын, бірақ француздар сөйлегенде, нашар түсінемін.
3. Әл-Фараби атындағы қазақ университетінде.
4. Мен тағы арабша, немісше сөйлеймін, французша оқимын.
5. Меніңше, тілді курста оқыған жақсы.
6. Жоқ, философиялық факультетте емес, филологиялық факультетте.

Тілді үйрену – өнер

47. а) Төменде берілген мәтінде қандай сұрақтарға жауап бар?

- Сіз білесіз бе, қанша әлем тілдері бар?
- Олардың қайсысын оқу қиынырақ?
- Шет тілін оқуды қашан (қай жаста) бастаған дұрысырақ?
- Тілді интенсивті оқуға бола ма?
- Полиглот дегеніміз кім?
- Әлемдегі ең белгілі полиглот кім екенін білесіз бе?
- Ол қанша тіл білді?



Біздің уақытымызда шет тілін білу өте маңызды. Қазақстан мектептерінде балалар бірінші, екінші сыныптан бастап, шет тілдерін оқи бастайды. Әдетте, бірінші шет тілі – ағылшын тілі.

Полиглот болғыңыз келе ме? Онда сіз бес мыңға жуық тілдерді оқи аласыз. Бұлар – белгілі тілдер және Африкадағы кукуруку, мбум немесе оңтүстік-шығыс Азиядағы папао және басқа да экзотикалық тілдер. Белгілі афоризмде «Қанша тіл білсең, сонша адамсың» дейді.

Қазір тілдерді оқу өте керек және қызық. Көп тіл білетіндерді полиглот дейді. Бүгіндері сізді полиглот деу үшін, кем дегенде он тіл білуіңіз керек. «Білу» деген не? Бұл дегеніңіз – оқу және сөйлеу немесе тек қана сөйлеу. Және қарапайым хаттар жаза білу.

XX ғасыр соңындағы ең белгілі полиглот неміс Людвиг Шютц болды.

Людвиг тілші ғалым болған, екі жүз тіл білетін.

Төменде белгілі еуропалық полиглоттар берілген:

Аты (қаласы, елі)	аударды	еркін сөйлейді
Евгений Черняевский (Мәскеу, Ресей)	45 тілге	20 тілде
Арво Ютилайнен (Хелсенки, Финляндия)	50 тілге	12 тілде
Пент Нурмекунд (Тарту, Эстония)	80 тілге	Осы тілдердің көбісінде сөйлейді

Барлық полиглоттар тілді жақсы үйреніп, ұмытпас үшін тұрақты түрде шет тілінде оқу, сөйлеу, жазу керек деп санайды.

б) Жаңа не білдіңіз?

в) Сіздің таныс полиглотыңыз бар ма? Ол қанша тіл біледі? Қандай тілдерді біледі? Қаншалықты біледі?

48. а) Сіз қалай ойлайсыз? Ел Президенті қанша шет тілін білуі керек?

Саясаткер ше? Ғарышкер ше? Филолог ше? Дәрігер ше? Менеджер ше? Ғалым ше? Әртіс ше? Интеллигент адам ше? Неге?

б) Сіз қандай тілдерді білесіз? Сізді полиглот деп айтуға бола ма?

в) Сіздің қазақшаңыз қалай? Қазақ тілі курсына түсу үшін сауалнама толтырамыз.

Қазақ тілі курсының тыңдаушыларға арналған Сауалнама өтініші

Аты-жөні _____

Қазақ тілін қай жерде, қанша уақыт оқыдыңыз? _____

Өз біліміңізді қалай бағалайсыз:

- Мен қазақ тілін оқуды енді бастадым
- Түсінемін, сөйлей алмаймын
- Жай сөйлеймін. Қатемен сөйлеймін
- Еркін сөйлеймін



Кім миллионер болғысы келеді?

Қазақтанда қазақ телеарналарында танымал телеойын жүріп жатыр. Бұл ойынның аты « Кім миллионер болғысы келеді?».

Сіздің елде осындай телеойын бар ма? Сіз осы телехабарды көресіз бе? Біз сізге осы ойынмен ойнауды және осы теле хабардың кейбір сұрақтарына жауап беруді ұсынамыз.

Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар?

A: 31

C: 33

B: 35

D: 42

7 * 15 000

6 * 10 000

5 * 5000

4 * 3000

3 * 2000

2 * 1000

1 * 500

«Гиппократ антын» қандай мамандық иелері береді?

A: саясаткер

C: заңгерлер

B: дәрігерлер

D: педагогтер

7 * 15 000

6 * 10 000

5 * 5000

4 * 3000

3 * 2000

2 * 1000

1 * 500

Португалияның ресми тілі қандай тіл?

A: ағылшын тілі

C: француз тілі

B: испан тілі

D: португал тілі

7 * 15 000

6 * 10 000

5 * 5000

4 * 3000

3 * 2000

2 * 1000

1 * 500

Ана махаббаты



I. Бір ауылда өте кедей әйел тұрыпты. Оның кішкене баласы болыпты. Баласы жеті жасқа толғанда, қалаға 10 жыл оқуға жіберіпті.

Ана баласын қатты сағынады. Күндіз жұмыс істейді, кешке қарай баласын ойлап, жылап та алатын. Жылап отырып, өзін өзі жұбататын: «Менің ұлым көп оқып, үлкен ғалым болуы керек. Сонда, оны елдің бәрі құрметтейтін сыйлайтын болады».

II. Осылайша бірнеше жыл өтті. Бірде баласы оқудан оралады. Шешесі баласын құшақтағысы, сүйгісі келді, бірақ ол бұны істемеді. Баласынан сұраған сұрағы:

– Неге уақытынан ерте келдің?

– Мен бәрін оқыдым, 10 жылда не оқу керек болса, бәрін оқыдым, – деп жауап берді баласы.

– Онда он иероглифті қараңғыда жазшы, мен нан пісірейін.

Қараңғыда баласының жазған иероглифтері қисық, қыңыр болып жазылды, ал анасының наны дәмді де әдемі болды.

III. Сол түні баласын тағы да қалаға оқуға қайтарды.

Тағы бес жыл өтеді. Ұлы үйге оралады. Бұл жолы ұлының өзі шамды өшіріп, қараңғыда бірнеше иероглиф жазады. Оның бәрі түзу, анық, көркем шығады.

Сонда анасының айтқаны:

– Мен сені сондай күттім, сағындым!

IV. Жылдар өтті. Ана арманы орындалды. Оның баласы белгілі ғалым болды. Осыған қалай жеттің деп сұрағандарға баласы:

– Маған анамның махаббаты көмектесті. Өзіңді аямауға үйретті, өз ісінді жақсы, адал атқаруға үйретті.

(Корей ертегісі)

49. Сөздерді жазып алыңыз, олардың мағынасын есіңізге сақтаңыз.

ауыл, толу (беске толу, жеті жасқа толу), жіберу (оқуға жіберу), тиіс, оралу (оқудан, қаладан оралу), құшақтау (баласын құшақтау), иероглифтер, өшіру (шамды өшіру), сағыну (баласын сағыну), жету (арманына жету).

Түсініктеме: иероглифтер – Қытай, Корей, Жапония, Египет жазу жүйесінде қолданылатын күрделі жазулар. Бір белгі бір сөзді білдіре алады.

50. Сөз тіркестерін тыңдаңыз, жазыңыз.

Кедей әйел, кішкентай бала, әдемі емес иероглифтер, дәмді нан, белгілі ғалым, ана махаббаты.

51. Мәтіннің бірінші бөлігін оқыңыз. Ана арманы қандай еді, айтыңыз.

52. Сұрақтарға жауап беріп, мәтіннің осы бөлігіне тақырып қойыңыз.

1. Неге кішкене баланы қалаға жіберді?
2. Ол онда қанша жыл болуы керек еді?
3. Бала кім болуы керек еді?

53. Мәтіннің екінші бөлігін оқыңыз.

54. Берілген сөз тіркестерін жазыңыз:

үйге қайту, құшақтағысы, сүйгісі келді, бұны істемеді, он иероглиф жазу, нан пісіру, ұлын кері қайтару.

55. Сұрақтарға жауап беріп, мәтіннің екінші бөлігіне тақырып табыңыз.

1. Ұлы неге уақытынан ерте оралды?
2. Анасы бастаған істі жарты жолда қалдырмау керектігін қалай түсіндірді? Оған мұны істеу оңай болды ма?

56. Мәтіннің үшінші бөлігін оқыңыз. Етістіктермен сөз тіркесін жазыңыз.

Оралу (*қайда?*), өшіру (*нені?*), жазу (*нені?*), күту (*кімді?*), сағыну (*кімді?*).

57. Сұрақтарға жауап беріңіз. Мәтіннің үшінші бөлігіне тақырып табыңыз.

1. Неше жылдан кейін кедей әйелдің ұлы үйіне оралды?
2. Осы уақыт ішінде оның қандай жетістігі болды?

58. Мәтіннің төртінші бөлігін оқыңыз. Берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыз.

Кім?, не істеді?

Баласы – (ғалым болу)

Ана – (бала, өзін, аямау, үйрету)

Ана – (бала, адал жұмыс істеу, үйрету)

59. Сұрақтарға жауап беріп, мәтіннің төртінші бөлігіне тақырып таңдаңыз.

1. Ананың арманы орындалды ма?
2. Оның баласы кім болды?
3. Осы мақсатқа жетуді балаға кім үйретті?

ЕКІНШІ САБАҚ

Жұлдыздармен танысамыз

Бұл сабақта

- Қазақ елі;
- Қазақстан тұрғындары;
- Қазақ отбасы туралы **оқимыз**.
- Қазіргі ғылым, кино, театр, саясат, эстрада жұлдыздары туралы;
- Ресми, ресми емес жағдаятта танысуды;
- Өзін таныстыруды, өз жасы мен ұлтын айтуды;
- Мекенжайын хабарлауды, телефон нөмірі мен факсты айтуды;
- Өзі туралы, отбасы туралы әңгімелеуді;
- Өзге отбасы туралы әңгімелерді түсінуді;
- Таныстардың аты-жөнін, мекен-жайын, телефонын жазып алуды;
- Бланктер мен анкета толтыруды **үйренеміз**.

Біз

- ілік септігінің берілуін,
- жатыс септігінде жас мөлшерінің берілуін,
- көмектес септігінің бірлескен іс-әрекеттегі мағынасын **білетін боламыз**.

*Бірінші орында отаның
мен ата-анаң, содан соң
балаларың және отбасың
болуы керек.*

(Цицерон)

Жұлдыздар адамдарды әрқашан қызықтырған: аспандағы жұлдыздар да, адам жұлдыздар да.

Шет тілін оқи бастағаныңызда, тек қана жаңа грамматикамен, жаңа сөздермен таныспайсыз, елмен де, адамдармен де, ұлттық дәстүрлермен де, мәдениетпен де танысасыз.

Күнде танымал адамдардың есімімен танысамыз, оларды теледидардан көреміз, даусын естиміз. Кино, спорт, театр, саясат, ғылым мен өнер жұлдыздарының өмірі туралы газеттер мен журналдар жазады, радио мен теледидарда айтады, достарына, таныстарына және әріптестеріне айтады. Сондықтан да шетелдіктер де, әдетте, басында жұлдыздармен танысады.

Теледидарды қоссаңыз, «Жұлдыздар фабрикасы», «Қалай жұлдыз болуға болады?», «Екі жұлдыз», «Жұлдызды қонақ үйлер» және тағы басқа туралы көріп жүреміз.

Сіздерде де осылай шығар?

Аспандағы және жердегі жұлдыздар

1. Сөздікпен Жұмыс істейміз. Түсіндірмелі сөздіктен оқуды үйренейік.

а) «Жұлдыз» дегеннің не екенін білесіз бе? «Жұлдыз» деген сөздің қандай мағыналары бар?

б) Түсіндірме сөздікті оқиық. Сөздік мақаласынан сөздің мағынасын білуге болады. Осы сөзден жасалған сын есімді білуге болады:

1. жұлдыз – жекеше түрі
жұлдыздар – көпше түрі.

Аспаннан көруге болатын аспан денесі. Шолпан жұлдызы, құс жолы т.б.

2. Өнер, ғылым, спорт қайраткерлері: танымалдылық. Сахна жұлдызы.

3. Геометриялық фигура. Сын есім – жұлдызды сәт, жұлдызды түн, жұлдыз картасы, жұлдыз ауруы.

Қалай танысуға болады?

Сіз біздің елдің жұлдыздарымен таныссыз ба? Сіз жұлдыздармен жеке танысқыңыз келе ме? Жұлдыздармен қайда, қашан танысуға болады? Білесіз бе?

2. Танымал адаммен танысқанда, мына құрылымдардың қайсысын пайдалануға болады?

Танысу жағдаятындағы сөйлеу әдебі

Танысайық, менің атым – _____.

Танысуға рұқсат етіңіз: менің атым _____.

Сізге таныстыруға рұқсат етіңіз: _____.

Сіздер таныс емессіздер ме?

Сіздер таныссыздар ма?

Біз таныспыз, біз пойызда, / ұшақта / саяхатта танысқанбыз.

Мен сіз туралы көп естігенмін. Маған сіз туралы көп әңгімелеген.

Сізбен танысқанымға қуаныштымын.

3. Қандай жағдаятта қалай танысу керек?

а) Қандай жағдаят ресми, қандайы ресми емес?

б) Мына жағдаятта танысуды қалай бастау керек?

в) Танысудың кез келген жағдаятын таңдаңыз да, көрсетіңіз, сөйлеңіз.

Танысу жағдаяттары

Сіз досыңызды қазақ тілі оқытушысымен таныстырыңыз.

Досыңызды / құрбыңызды өзіңіздің ініңізбен, ағаңызбен, анаңызбен, әкеңізбен таныстырыңыз.

✓ Оқытушы (жаңа оқытушы) жаңа топпен (жаңа сыныппен, жаңа оқушымен, жаңа студентпен);

✓ Екі жолаушы ұшақта, пойызда, саяхат автобусында;

✓ Конференцияға қатысушылар;

✓ Кешкі отырыста жас жігіт қызбен;

✓ Сіз және белгілі жазушы;

✓ Сіз және белгілі кино әртісі;

✓ Сіз және белгілі теле жүргізуші;

✓ Сіз және белгілі спортшы;

✓ Сіз және елдің президенті танысады.

4. Қай танысу ресми, қай танысу ресми емес?

Қандай сұхбат болды? Тыңдаймыз, жазамыз.

Сізді қалай атауға болады?

5. а) Сіздерде үлкендерді қалай атайды?

Мұғалімге, оқытушыға, директорға, ректорға қандай қаратпамен сөйлейді?
Қазақстандағы сияқты ма, әлде басқаша ма?

б) Оларға Қазақстандағы сияқты қаратпалармен сөйлеуге бола ма?

Әртүрлі жағдаятта қазақтар бір-біріне әртүрлі қаратпаларды пайдаланады.
Мысалы теледидар мен газеттерде белгілі адамдарды атымен, тегімен атау тән.

Қазақтар кісіні атымен қай кезде атайды, қашан аты-жөнімен атайды, білесіз бе?

Оқиық:

директорға,

Жеңіске,

мұғалімге,

Сәулеге

қандай қаратпамен сөйлейміз?

Қазақтар балалардың есіміне көбінесе еркелете «*жан*», «*тай*» деген сияқты сөздерді қосып айтады.

Қазақ есімдері

Толық атауы	Еркелеткен атауы
Айша	<i>Айшажан</i>
Рахман	<i>Раханай</i>
Алмас	<i>Алмасжан</i>
Сауран	<i>Сәукенай</i>
Айғаным	<i>Айғанай, Әйкенай</i>
Мариям	<i>Макенай</i>

Үлкен адамдар бір-біріне есімдерін толық атай сөйлейді немесе Марат болса, «*Мәке*» деп, Сәкен болса, «*Сәке*» деген, Гүлжан болса, «*Гүлеке*» деген қаратпалармен сөйлейді.

Соңғы кездері іскери жағдаяттарда (әкімшілік, билік өкілдерімен, тәртіп сақшыларымен) сөйлескенде «*ханымдар*» мен «*мырзалар*» немесе *Гүлжан ханым*, *Сәкен мырза* деген сияқты қаратпалар қалыптасып келеді.

Сондай-ақ жасы кішілердің үлкен кісілерге «*ағай*», «*анай*» деген қаратпаларды қолдануы қазақ дәстүріне тән.

Үлкен кісілердің жасы кішіге «*балам*», «*қызым*», «*қалқам*», «*інішек*», «*ботам*» т.б. қаратпаларды қолдануы тән.


Жұмыста, достық қарым-қатыстарда адамдар бір-бірінің есімін толық атай береді.

в) Жазайық. Ресмиден достыққа дейін кісі есімін атаудың қандай формалары бар?

Үлгі: Асқар Қуанышұлы, Азамат Қуанышұлы, Асқар мырза Қуанышұлы, Асеке, Асқаржан.

Әлеуметтік сұрақ

Сіз адамдарға қандай қаратпа түрлерін пайдаланасыз?



Мәліметтер 2010 жылғы.

6. Олар бір-бірін қалай атайды? (атымен бе, қысқартып атай ма, аты-жөнімен бе, «сен» деп пе, «сіз» деп пе?).

- Ата-ана өз баласын, қызын қалай атайды?
- Әйелі күйеуін немесе күйеуі әйелін қалай атайды?
- Қарындасы ағасын, ағасы қарындасын қалай атайды?
- Әже өзінің немересін қалай атайды?
- Досы өзінің досын? Құрбысы досын қалай атайды?
- Үлкен кісі баланы, қызды қалай атайды?
- Мұғалім оқушыны? Оқытушы мұғалімді қалай атайды?
- Оқушы мұғалімді, студент оқытушыны қалай атайды?

7. Мына сұхбаттарда қандай қаратпа болуы мүмкін?

а) Мәкен, Мәкен Ермекқызы, Мәкен ханым, Мәке?

- 1 – Сәлем, _____ Хал қалай?
– Сәлем Маржан! Бір-бірімізді көрмегелі қанша уақыт болды?! Отбасың, балаларың, ата-анаң қалай?
– Рақмет. Бәрі жақсы. Өзіңде ше?
– Менде де бәрі жақсы.

2 – Сәлеметсізбе? Танысып қойыңыздар, ол сіздердің жаңа оқытушыларыңыз. Оның аты _____.
Ол сіздерге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

3 – Сіздерге біздің фирмамыздың коммерциялық директорын таныстыруға рұқсат етіңіздер.

– Танысқанымызға қуаныштымыз.

б) Дәурен, Дәурен Ғалымұлы немесе Дәурен мырза.

1 – Ердәулет, мен сіздің әкеңізбен танысқым келеді.
– Иә, әрине, танысыңыз.
– Әке, мына кісі – біздің оқытушымыз. Тарих ғылымдарының профессоры Мейрамгүл Құсайынқызы, ал мына кісі – Сейітхан Байдәулетұлы – менің әкем.

2 – Сәлеметсің бе, Гүлжанат? Мынау кім? Балаң ба? Аты кім? Қанша жаста?
– Иә, бұл – менің балам. Оның аты – Ол бес жаста.

3 – Танысыңыз. Мақпал Жұмабай. Белгілі журналист және ақын.
– Өте жақсы. Мен сіздің мақалаларыңызды оқығанмын.

8. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазып шығыңыз.

Менің _____ – Күләш. Ата-анам әнші Күләш пен ақын Күләштің құрметіне _____ . Әжем мені Күләтай, – деп _____ . Мен тәттілерді өте жақсы көремін, сондықтан анам «тәттім», – деп _____ .

Менің інім бар. Оның аты – Нұрлан. Ол туылған кезде осындай есімдер өте көп болды. Бұрындары балаға араб тіліндегі есімдер көп берілетін. Менің інім әлі кішкентай, сондықтан «мынау не?», «мынау қалай _____ ?» деп жиі сұрайды.

Менің анамның _____ – Ұлбосын. Әкемнің _____ – Сейітхан. Достары көбінесе Сейіт, Секе _____ деп атайды.

Жақында біз құрбыларымызбен бірге экскурсияға Астана қаласына бардық. Экскурс жүргізуші Астананы бұрын Ақмола, Целиноград деп _____ туралы айтты. Туристер өте көп сұрақтар қойып жатты.



Назар аударыңыз!

Атау – есім, ат беру дегенді білдіреді.

Балаға ат қою:

Қызымызды Айдана деп атадық.

Кітаптың, фильмнің, көшенің атын атау:

М. Әуезов өзінің романын «Абай жолы» деп атады.

Аталу – яғни атының болуы:

Мына қала Астана деп **аталады**.

Отбасымыз туралы әңгімелесейік.

Кімді жақсы көреміз, кімді жақсы білеміз, кімдерді күтеміз?

	Табыс септігі	
Кімді?	Әкемді	
	Айнұрды	
	Салтанатты	
	Дастанды	
	інімді	
	нағашымды	жақсы көремін
	анамды	күтемін
	әпкемді	сағынамын
	немеремді	
	студенттерді	
	әпкелерімді	
ата-анамды		
достарымды		

Жіктеу есімдігі табыс септігінде

Кім? не?
Мен
Сен, сіз
Ол
Біз
Сендер
Олар

Кімді? нені?
Мені (мен + ні – мені)
Сені (сен + ні – сені)
Сізді (сіз + ді – сізді)
Оны (ол + ны – оны)
Бізді (біз + ді – бізді)
Сендерді (сендер + ді – сендерді)
Сіздерді (сіздер + ді – сіздерді)
Оларды (олар + ды – оларды)

9. Ол кім?

Үлгі:

– Мына кісі кім?

– *Мен оны білмеймін. Мен оны бұрын көрген емеспін. Мен оны бұрын кездестірген емеспін.*

– Мына бала кім?

– _____

– Мына студент кім?

– _____

– Мына әйел кім?

– _____

– Мына қыз кім?

– _____

– Мына балалар кім?

– _____

– Мына адамдар кім?

– _____

10. Кімді күтіп отырсыз?

– Кімді күтіп отырсыз? Серікті ме?

– Иә, соны. Жоқ, Серікті емес, сізді.

– Кімді көрдіңіз? Лаураны ма?

– Иә... Жоқ....

Қонаққа кімді шақырдыңыз? Асқарды ма?

Кімді күтіп аласыз? Мақсатты ма, Айжанды ма?

Кімді көптен бері көрмедіңіз? Дастанды ма? Айнұрды ма?

Кімді күтіп тұрсыз? Мені ме?

11. Оларды білесіз бе?

Мына ер адамды көріп тұрсыз ба? Оны білесіз бе?

Мына қызды көріп тұрсыз ба? Оны білесіз бе?

Мына әртісті көріп тұрсыз ба? Оны білесіз бе?

Мына студенттерді көріп тұрсыз ба? Оларды білесіз бе?

Мына әйелді көріп тұрсыз ба? Оларды білесіз бе?

Мына студентті көріп тұрсыз ба? Оны білесіз бе?

12. Кімді білесіз? Екеуара жұмыс істеңіз.

Үлгі:

– Мына кісіні білесіз бе? – Мына кісіні ме? – Иә, білемін. – Жоқ, жо-жоқ, білмеймін.

– Сіз мына кісіні көптен білесіз бе? – Кімді? Мына кісіні ме? – Иә, бұрыннан білемін.

– Мына әртісті жақсы көресіз бе?

– Сіз оны көптен бері білесіз бе?

– Мына әйелді білесіз бе?

– Сіз бұл әйелді бұрыннан білесіз бе?

– Мына ғарышкерді білесіз бе?

– Сіз бұл ғарышкерді көптен бері білесіз бе?

– Сіз мына дәрігерді білесіз бе?

– Сіз менің дәрігерімді бұрыннан білесіз бе?

– Мына қыз есіңізде ме?

– Мына қызды жақсы білесіз бе?

– Сіз менің нағашымды білесіз бе?

– Сіз менің нағашымды жақсы білесіз бе?

– Сіз мына көршіні білесіз бе?

– Сіз менің көршімді бұрыннан білесіз бе?



Назар аударыңыз!

Сын есім зат есімнің алдынын келгенде, септелмейді.

13. Жауап қандай болуы мүмкін?

- Олар қай оқытушыны жақсы көреді: бұрынғы оқытушыны ма, жаңа оқытушыны ма?
Ол қай досын қонаққа шақырды: бұрынғы досын ба, жаңа досын ба?
Ол қай інісін күтіп алмақшы: үлкен інісін бе, кіші інісін бе?
Ата қай немересін күтіп алмақшы: үлкен немересін бе, кіші немересін бе?
Ол қай Президентті көрді: қазақстандық Президентті ме, американдық Президентті ме?
Ол қай әпкесін көбірек жақсы көреді: үлкен әпкесін бе, кіші әпкесін бе?
Ол қай қызын күтіп отыр: үлкен қызын ба, кіші қызын ба?
Ол қай құрбысын күтіп алды: американдық құрбысын ба, болгар құрбысын ба?
Олар қай әртісті көрді: канадалық әртісті ме, қазақстандық әртісті ме?
Олар қай әртісті көрді: поляк әртісін бе, француз әртісін бе?
Олар қай балаларды қонаққа шақырды: чех балаларын ба, поляк балаларды ма?
Мұғалім қай ата-аналарды күтті: таныс ата-аналарды ма, жаңа ата-аналарды ма?
Олар қай балаларды күтіп алды: таныс балаларды ма, таныс емес балаларды ма?

14. Мына сұрақтарды бір-біріңізге қойыңыз.

- Сіздің үлкен ағаңыздың аты кім?
Сіздердің жаңа оқытушыларыңыздың аты кім?
Сіздің қарындасыңыздың аты кім?
Ең жақын досыңыздың аты кім?
Мына әдемі актрисаның аты кім?
Сіздің ініңіздің аты кім?
Сіздің апаңыздың аты кім?



Өздік есімдігіне назар аударыңыз!

Өзім, өзімнің, өзімізге, өзімізді, өзімде, өзімізден, өзіммен

- Біз **өзіміздің** досымызды кездестірдік.
Ол **өзінің** інісін өте жақсы көреді.
Мен **өзімнің** сіңіліме күнде ертегі оқып беремін.
Айдана **өзінің** құрбысына хат жазып отыр.
Ол **өзінің** достарын күтіп алды.
Мақсат **өзінің** оқытушысын жақсы көреді.
Жанат **өзінің** ағасын күтіп алды.
Дастан **өзінің** нағашысын шығарып салды.

15. Өздік есімдігін пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.

- Бұл – менің інім. Оның аты – Сәкен. Мен _____ інімді өте жақсы көремін.
Бұл сенің ағаң ба? Оның аты кім? Сен _____ ағаңды жақсы көресің бе?
Бұл – оның мұғалімі. Ол _____ мұғалімімен жиі кеңеседі.
Бұл – оның құрбысы. Ол бүгін _____ құрбысын күтіп отыр.
Бұл – біздің дәрігеріміз. Оның аты – Дәурен Ғалымжанұлы. Кеше біз _____ дәрігерімізбен кеңестік.
Бұл сіздің жиеніңіз бе? Оның аты кім? Сіз _____ жиеніңізді күтіп отырсыз ба?
Бұл – олардың нағашысы. Олар _____ нағашысын өте жақсы көреді.

16. а) менің, сенің, оның немесе өзімнің, өзінің есімдіктерін сәйкес жазып шығыңыз.

Бұл – _____ әкем. Ол _____ әкесін күтіп отыр.

Бұл – _____ балаларым. Ол _____ балаларын күтіп отыр.

Бұл – _____ нағашым. Мен _____ нағашымды үйімнің жанынан кездестірдім.

Бұл – _____ апайым. Мен _____ дүкенде кездестірдім.

Бұл – _____ достары. Олар _____ достарын театрда кездестірді.

Бұл – _____ жиені. Ол _____ жақсы көреді.

Бұл – _____ әжесі. Ол _____ әжесін өте жақсы көреді.

Бұл – _____ немересі. Ол _____ немересін өте жақсы көреді.

б) менің, оның, оны, олардікі, оныкі, өзімнің, өзінің есімдіктерін сәйкес жазып шығыңыз.

Серіктің дос қызы бар. Ол _____ құрбысымен жиі қыдырады.

Маржанның інісі бар. Ол _____ інісін өте жақсы көреді.

Менің атам бар. Мен _____ атамды көптен бері көрген жоқпын.

Сен _____ әпкесі қайда екенін білмейсің бе? Мен _____ әпкесін күтіп отырмын.

Асқардың факсы бар ма? Сенде _____ факсының нөмірі бар ма?

Менің қаламым жоқ сияқты. Маған _____ қаламыңды бере тұршы.

Сөздігің бар ма? Маған _____ сөздігіңді бере тұршы.

17. Әжелер мен аталар өз балаларынан гөрі немеремізді жақсы көреміз деп жиі айтады. Сіз келісесіз бе? Өзіңіз жауап бере алатын сұрақтардың бірін таңдаңыз.

Кімді қаттырақ жақсы көресіз? Өзіңіздің ініңізді ме, сіңіліңізді ме? Өзіңіздің жиен қызыңызды ма, жиен балаңызды ма? Өзіңіздің қызыңызды ма, балаңызды ма? Өзіңіздің үлкен қызыңызды ма, кенже қызыңызды ма? Үлкен ұлыңызды ма, кенже ұлыңызды ма? Өзіңіздің нағашы ағаңызды ма, нағашы әпкеңізді ме? Немере қызыңызды ма, немере балаңызды ма? Өзіңіздің немерелеріңізді ме? Балаларыңызды ма?

Кіммен бірге?

Грамматика:

Көмектес септігі. Бірлескен іс-әрекеттің берілуі

Асқар теледидар көріп отыр.

Айнұр да теледидар көріп отыр.

Асқар кіммен бірге теледидар көріп отыр?

Асқар Айнұрмен бірге теледидар көріп отыр.

Әке баласымен ойнап жатыр.

Ол кіммен ойнап жатыр?

Баласымен, інісімен, досымен (Дастанмен, Дәуренмен)

Ол ата-анасын кіммен таныстырып жатыр?

(Қызбен, Айманмен, Айгүлмен)

Ол дос қызын кіммен таныстырып жатыр? Анасымен. (Жанармен).



18. Басқаша қалай айтуға болады?

Менің досым және мен → Біз досымызбен
Оның құрбысы және ол → Ол құрбысымен бірге
Сіздің дәрігеріңіз және сіз → Сіз дәрігеріңізбен

- Інім екеуміз теңізде болдық.
- Мен ініммен бірге теңізде болдым.
- Әпкем екеуміз ағылшын тілін оқыдық.
- _____.
- Мен ата-анаммен АҚШ-қа бардым.
- _____.
- Сіздің құрбыңыз және сіз бір топта оқыдыңыздар ма?
- _____.
- Сіздің балаңыз және сіз виза алдыңыздар ма?
- _____.
- Мен және менің достарым әңгімелестік, шай іштік.
- _____.
- Мен және біздің менеджер көрмеде болдық.
- _____.



19. Кім? Кіммен? Кестені толтырайық.

Кім?	кіммен?	қайда?	болды?
Менің інім	ата-анасымен бірге	Түркияда	болды.

Кім	кіммен	қай жерде	әңгімелесті?
_____	_____	_____	_____

Кім	кіммен	қай жерде	ойнады?
_____	_____	_____	_____

20. Мында қандай сұрақ болуы мүмкін?

_____ бірге осы курста оқисыз?

Сіз сағат беске қарай үйде _____ әңгімелестіңіз?

Үйге _____ бірге қайтасыз?

Жазда _____ бірге демалдыңыз?

АҚШ-қа _____ бірге бардыңыз?

Театрға _____ бірге бардыңыз?

21. Түсініксіздеу болса, қалай нақтылауға болады?

Мысалы:

- Кеше біз Гүлжанмен бірге театрда болдық.
- Кіммен? Гүлжанмен дейсің бе? Мақсат ше? Мақсат та сонда болды ма?
- Жоқ. Мақсат болған жоқ.

Маржан және Айдана К. Байсейітова атындағы театр Данагүл Жақсылыққызы және
Еуразия ұлттық университеті конференция Арман және Сәуле опера және балет театры
Айнұр және Қуаныш ұлттық кітапхана Назым және Шолпан концерт залында

Кездесу, танысу, амандасу етістіктері

Кіммен кездесу?
танысу?
амандасу?

Досымен кездесу
Оқытушымен танысу
Мұғаліммен амандасу

22. Дұрысын қалай айтамыз?

Ол әртіс, суретші, композитор, жазушы, ақындар _____ жиі танысады.
Әдетте ол туыстар _____, інілер _____ жазғы каникулда кездеседі.
Таңертең ол үнемі көршілер _____ амандасады.
Мен Қарлығаш апай _____ жиі кездесемін.
Бірінші біз директор _____ және әріптестер _____ танысамыз.
Біз кейде біздің мектеп мұғалімі _____ кездесеміз.

23. Сұхбатты оқимыз. Түсінуге тырысайық.

Кім кімге телефон соқты? Олар бір-бірімен таныс па?
Кім кіммен кездескісі келеді? Олар қашан, қайда кездесуге келісті?

- Алло? Сәлеметсіз бе? Завод директорын қосыңызшы. Мен ол кісімен сөйлесе аламын ба?
- Тыңдап тұрмын.
- Аты-жөнімді айтайын: Атым – Болат Қайсарұлы. Мен университеттің экономика факультетінің деканымын.
- Өте жақсы. Мен – Алтай Омарұлымын.
- Алтай Омарұлы, біз сізбен кездесе аламыз ба? Біздің бірқатар сұрақтарымыз бар. Бізге сіздің кеңесіңіз керек.
- Иә, әрине. Қай кез ыңғайлы?
- Бүгін немесе ертең таңертең кездесейік.
- Ертең таңертең кездесейік. Мен сізді сағат онда күтемін.
- Рақмет. Көріскенше.
- Сізбен танысқанымға қуаныштымын.

- Алло, Сәлеметсіз бе? Асқарұлын бола ма? Мүмкін болса?
- Тыңдап тұрмын, Асқарұлымын, сәлеметсіз бе?
- Қайырлы күн, мен сізбен таныс емеспін. Аты-жөнімді айтайын, Әлменұлы Мақсатпын.
- Жақсы, жақсы, тыңдап тұрмын.
- Мен Астанада іссапармен болып едім, онда мен сіздің туыстарыңызбен кездестім.
- Мүмкін, менің қарындасыммен кездескен боларсыз? Ол тұрмысқа шыққан, Астанада тұрады.

Мен олармен жиі сөйлесіп тұрамын.

- Иә, сіздің қарындасыңызбен, оның күйеуімен кездестім. Олар сізге менен кітап пен ақша беріп жіберді.

- Иә, иә, олар маған хабарласты. Сізді күтемін, қай жерде, қашан кездесейік?

- Ертең сіздің фирмаңызға барайын, сонда кездесеміз.

- Жақсы, таңертең мен министрлікте боламын. Содан кейін боспын. Сізбен сағат он екіде кездесе алатын шығармын деп ойлап отырмын.

- Келістік, сағат он екіде.


- Сау болыңыз.

- Сау болыңыз.

Қазақ елінің тұрғындары

24. Қазақ елінің тұрғындары туралы не білдіңіз?

Қазақ елінде 17 миллиондай адам тұрады. 60 пайыздан астамы – қазақтар. Үлкен қалалары Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Көкшетау, Павлодар, Алматы, Қарағанды қалаларында тұрғындар көп, халық тығыздау орналасқан.



25. Сіз қазақ отбасы туралы білесіз бе?

а) Түсіндірме сөздіктен отбасы деген сөзді қараңыз.

б) Немере, жиен деген сөздің мағынасын білесіз бе? Түсіндірме сөздіктен қараңыз.

ә) Газет мақаласын оқыық. «Көп балалы жұлдыздар» деп аталады. Көп балалы дегенді қалай түсінесіз? Сіздерде көп балалы деп қандай отбасын айтады? Жұлдыздар отбасында қанша бала болады деп ойлайсыз?

б) Мына мақала не туралы болады деп ойлайсыз?



Көп балалы жұлдыздар



Қазақстанда көп балалы отбасын жиі кездестіруге болады. Олардың бәрін жұлдыздар десе болады.

– Қазақстанда отбасылардың жалпы саны 3,5 миллионға жетеді. Осы күнге дейін 250 мың ана «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгісімен марапатталса, кәмелетке толмаған 4 және одан да көп баласы бар отбасылардың саны 240 мыңнан асады. 2012 жылдың дерегі бойынша, соңғы 8 жылда көпбалалы отбасылардың қатары 13 пайыздан 20 пайызға өскен.

в) Мақаланың не туралы екенін дұрыс айттыңыз ба?

г) Мақаланы оқығанда қандай ақпарат білдіңіз?

д) Көп балалы отбасы туралы қандай фильмдерді білесіз?



Ғибратты ғұмыр иелері

Алматы облысы Талғар ауданының тұрғындары Тойбаев Сағындық ата мен Данбаева Әбзел апаның отасқандарына биыл 55 жыл. Жарты ғасыр бойы жарасымды ғұмыр кешкен қариялар бүгінге 12 баладан тараған ұрпақтың қызығын көріп отыр (« Айқын» газетінен, 2013).

Ал батыста да көп балалы отбасылар жиі кездеседі екен. Мысалы испан әнші жұлдызы Хулио Иглесиастың жеті баласы бар. Голливуд кино әртісі Сильвестр Сталлонде бес бала бар.



Өмірбаянымызды айтамыз

Барыс септігі

Кімге? Неге?

Асқар інісіне хабарласты.

- Асқар кімге хабарласты?

Айман Әлменқызы сіңлісіне хат жазды.

- Айман Әлменқызы кімге хат жазды?

Олжас пен Айнаш танысқанына қуанышты.

- Олжас пен Айнаш неге қуанышты?

Кімге	беру	әкеме
	жазу	Айжанға
	тілек тілеу	нағашыма
	айту	анама
	жауап беру	құрбыма
	хабарласу	әпкеме

Барыс септігі

Жіктеу есімдігі барыс септігінде

Атау септігі

Барыс септігі

студент

студентке

сабақ

сабаққа

мұғалім

мұғалімге

теңіз

теңізге

қыз

қызға

нағашы

нағашыға

әкесі

әкесіне

баласы

баласына

дәптері

дәптеріне

әкем

әкеме

балам

балама

апаң

апаңа

інім

ініме

Мен – маған

Біз – бізге

Сен – саған

Сендер – сендерге

Сіз – сізге

Сіздер – сіздерге

Ол – оған

Олар – оларға

26. а) Сіз не деп жауап бересіз?

Сіз телефонмен жиі хабарласасыз ба?

Кімге жиі хабарласасыз?

Кімге сирек хабарласасыз?

Сіз құттықтауды жиі жазасыз ба?

Құттықтауды, әдетте, кімге жазасыз?

Сіз жиі сыйлық жасайсыз ба?

Кімге жиі сыйлық сыйлайсыз? Кімге сыйлықты сирек сыйлайсыз?

Сіз адамдарға жиі көмектесесіз бе?

Кімге жиі көмектесесіз?

Әдетте, кімдерге жиі табыс тілейсіз?

б) Кім немесе кімге?

Сіз кеше _____ хабарластыңыз?
_____ таңертең телефон шалды ма?
Саған мұны _____ айтты?
Мынаны сен _____ айттың?
Мұны оларға _____ айттың ба?
Мұны _____ олар айтты ма?
Сізге үйде _____ көмектеседі?
Саған сабақ оқуға _____ көмектеседі?
Оған осы әдемі раушанды _____ сыйлады?
Ол _____ гүл сыйлады ма?

Барыс септігі және жатыс септігі. Жас мөлшерін айту

Ол қаншаға толды?

Ол жиырма бірге толды. Беске толды. Отыз беске толды.

Ол жиырма бесте. Ол отызда. Ол бесте. Ол бес жаста. Батырбек он бесте немесе Батырбек он беске толды.

Ол, олар қанша жаста деп ойлайсыз?



27. а) Бәріміз бірге жұмыс істейміз. Кім қанша жаста?

Кестені толтырамыз.

Мысалы:

– Алтынай, сен қай жылы дүниеге келдің?

– 1983.

– Сонда қанша жастасың?

– 35 жастамын.

– Алтынай оған 31 жаста екенін айтты, ал сен Бақыт, қанша жастасың?

№	кім?	туған жылы	қанша жаста?
1	Алтынай	1983	35 жаста
2			
3			
4			
5			
6			

б) Тобыңыз туралы айтыңыз. Кім қанша жаста?

в) Отбасыңыз туралы айтыңыз. Кім қанша жаста?

28. Әңгімелеуді үйренеміз.

Он жасымда, ол он беске толғанда, он сегізге толған кезімде, менің қызым үш жасқа толғанда, ...

- Менің балам бар. Ол кішкентай болатын. Үш жаста еді. Ол ағылшын тілін үйрене бастады.
- Балам үш жасқа толғанда, ағылшын тілін үйрене бастады.
- Менің досым студент болатын. Ол 19 жаста еді. Ол ғарышкер болғысы келді.
- Менің інім бар. Ол – оқушы. Ол қазақ тілін үйренуді бастады.

29. Сіз «биологиялық сағат» туралы білесіз бе?

Ғалымдар жас мөлшері дегеніміз – адамдардың өмір сүрген жылдарының саны емес, – дейді. Барлығын оның биологиялық жасы шешеді. Биологиялық жас мөлшері баста, жүректе, адам денесінде жұмыс істейді.

Кейде сіз «жап-жас, алайда сексендегі кәрідей» дегенді естисіз. Немесе керісінше, «ол жас емес, бірақ жас жігіттердей, ширақ» дегенді де естиміз.

Сіздің биологиялық сағатыңыз не айтады?

30. Қазақ елінде балалар 16 жасқа толғанда паспорт алады. Сіздер де ше?

Бізде балалар _____ толғанда паспорт алады. Мысалы, мен паспортымды он алты жасқа толғанымда алдым.

31. Дұрысы қайсысы? Осы сөздерді кім айтуы мүмкін? Қалай ойлайсыз?

Жақында ол он жеті _____ толады. Не сыйласам екен?

Жақында _____ 10 жасқа толады. Бірінші мерейтойы. Не сыйласам екен? Не тілесем екен?

Иә, ол кезде _____ жиырма бесте ғана едім. Біз жап-жас едік.

_____ отызға толды, әлі үйленген жоқ.

Кешіріңіз, _____ қанша жастасыз?

_____ енді кішкентай емессің. Жақында _____ сегізге толасың. Кіммен достасуды, кіммен араласуды өзің шешуің керек. Сіз _____ не айттыңыз? Факсты алу үшін не керек?

32. Олар не айтты? Сан есімнен кейінгі сөзді дұрыс тұлғасында жазыңыз.

Үлгі:

Асқар:

– _____ 12 _____ болатынмын. Менің офицер болғым келді.

– *Асқар 12 жасқа толған кезінде офицер болғысы келгенін айтты.*

Жеңіс:

– 22 ... болатынмын. Мен ақын Мұхтар Шахановпен кездестім.

– _____.

Ардақ Болатұлы:

Мен 41 ... болатынмын. Менің немерем дүниеге келді.

– _____.

Қарлығаш:

– Мен алты _____ болатынмын. Мен мектепке бардым.

– _____.

Айсәуле Жамбылқызы:

– Мен 22 _____ едім. Ол кезде әлі тұрмысқа шықпаған едім.

– _____.

Рахман:

– Мен 9 жаста болатынмын. Мен көрші Дәулетпен жиі ойнайтынмын. Ол да тоғыз _____ болатын.

Қайсар:

– Мен 11 _____ болатынмын. Менің інім дүниеге келді.

– _____.

33. Интернетте сіз танысуға ұсынған мынадай сөйлемдерді кездестірдіңіз:

а) Танысуды кім ұсынып жатыр?

Оның аты кім? Оған қандай қаратпа айтуға болады? Ресми ме, ресми емес пе? Ол қанша жаста?

б) Сіз кімге жауап бересіз? Неге? Мұны ресми танысу деп айтуға бола ма?



Жеңіс

Жеңіс 12.07.2018, 11:23

Сәлем!

Менің атым – Жеңіс.

17 жастамын. Спортты жақсы көремін, гитарада ойнаймын.

Жазыңыздар. Жауап күтемін.



Назым

Назым 12.07.2018, 12:28

Менің атым Назым.

Менің интернетте «Тайбурыл» атты клуб ұйымдастырғым келеді. Мен жүйрік аттарды жақсы көремін. Менің атам сыйлаған бір тайым бар.

Егер, сіз де тұлпарларды жақсы көрсеңіз, маған жауап беріңіз.



Данабек

Данабек 12.07.2018, 15:33

Қазақ ғарышкерлерімен танысқыларыңыз келсе, маған хабарласыңыздар. Менің атым Данабек. 22 жастамын. Менде суреттер мен кітап, материалдар көп.

34. а) Егер өзіңізді таныстырғыңыз келсе, мекенжайыңызды айтқыңыз келсе немесе телефон нөмірін, факсты айтқыңыз келсе, нені айту керегін есіңізге түсіріңіз:

б) нені білуді есіңізге түсіріңіз:

- адамның аты-жөні, (ресми жағдайда, ресми емес жағдайда);
- оның жас мөлшері;
- оның мекенжайы;
- оның телефон нөмірі, факсы, электронды поштасы.

35. Мына жағдаятта сіз не айтар едіңіз?

Жағдаят

Сіздің белгілі бір фирмаға жұмысқа тұрғыңыз келеді. Сіз директормен танысасыз. Фирманың хатшысы сіздің атыңызды түсінбей қалды, өз аты-жөніңізді әріппен айтыңыз.

Директор:

– Өзіңізді таныстырыңыз. Аты-жөніңізді, ұлтыңызды, жас мөлшеріңізді айтыңыз.

Сіз:

– _____
– _____

Хатшы:

– Туған жылыңызды қайталаңызшы.

Сіз:

– _____

Хатшы:

– Бұрын қай жерде жұмыс істедіңіз?

Сіз:

– _____

Директор:

– Қайда оқыдыңыз?

Сіз:

– _____

36. Тапсырманы өзіңіз таңдаңыз.

а) жағдаят

Сіз және сіздің туыстарыңыз демалыс күні қыдырдыңыздар. Көшеде өзіңіздің қазақ тілі пәні оқытушысын кездестіріп қалдыңыздар. Сіз өзіңіздің ата-анаңызды, ініңізді, қарындасыңызды және оқытушыңызды бір-бірімен қалай таныстырасыз?

б) Сіз көптен бері өз досыңызды көрмедіңіз. Кенеттен оны көшеде кездестіріп қаласыз. Досы жақында балалы болғанын айтады. Сіз оның баласының атын, неге оны солай атағанын қалай білесіз?

37. Астанада жұлдыздар алаңы болатын болса, кімдерді көргіңіз келеді?

(Спорт, сахна, ғылым жұлдыздары, эстрада жұлдыздары)



Жұлдыздардың бірін таңдап, әңгімелеңіз.

38. Кімдерді білесіз? Кіммен танысқыңыз келеді? Неге?

Сіз былайша айта аласыз, мысалы былай:

Мен шахматты өте жақсы көремін. Ылғи барлық ойындарды көремін, әлемдегі белгілі шахматистердің бәрін білемін, сондықтан танымал қазақ шахмашысы Дәурен Сәдуақасовпен танысқым келеді.

39. Тапсырма: Алматылық жұлдыздар алаңын жасайық.

Жазушылар, эстрада, кино, ғылым жұлдыздары әлемі.

Жатыс септігі.

Мезгілдік мағынасы

Қашан?

қаңтарда, ақпанда, наурызда,
сәуірде, мамырда, маусымда,
шілдеде, тамызда, қыркүйекте,
қазанда, қарашада, желтоқсанда

*не істедіңіз?
не істедің?*

Жұмыс дәптеріңізге жазыңыз:

Қимыл есімінің септелуі

Қимыл есімі зат есімше септеледі.

Оқу, жазу, бастау, үйрену, сөйлеу, қайталау,

атау септігі	оқу
ілік септігі	оқудың
барыс септігі	оқуға
жатыс септігі	оқуда
табыс септігі	оқуды
шығыс септігі	оқудан
көмектес септігі	оқумен

40. Бұл қашан болды?

Үлгі:

– Сіз қазақ тілі курсында оқуды қашан бастадыңыз?

– **2011 жылы жиырма жасымда** қазақ тілін **оқуды бастадым.**

Компьютерде жұмыс істеуді, интернетпен жұмыс істеуді, қазақ тілін оқуды, машина жүргізуді, киім тігуді, лекция оқуды, ағылшын тілінде сөйлеуді

қашан, қай жылы бастадыңыз?

41. Мұнда қандай сұрақ пен жауап болуы мүмкін?

Үлгі:

– *Қазақша қашан сөйлей бастадың?*

– *Өткен жылы қазақша сөйлеуді бастадым.*

	әңгіме жазуды	бастау
	оқуды	
Мен	биге баруды	оқу
	шет тілін оқуды	
	шахмат ойнауды	аяқтау

42. Егерде сіз де осы іс-әрекетті істесеңіз, онда былайша айтуға болады.

Үлгі:

- Мен кеше жаңа сөздерді жаттадым.

- Мен де кеше жаңа сөздерді жаттадым.

- Асқар кеше фирмада болды.

- _____.

- Кеше біз мейрамханада болдық, сонда біз белгілі спортшылармен таныстық.

- _____.

- Олар кеше факс алды.

- _____.

- Кеше мен үйде оқулығымды қалдырып кетіппін.

- _____.

- Кеше кешке ол жаңалықтарды тыңдады.

- _____.

- Ол сенбіде жұмыста болды.

- _____.

- Оның балалары Алматыда тұрды.

- _____.

43. Ал егер осы іс-әрекетті басқа адам істесе ше?

Үлгі:

Менің ағам факсты оқыды (менің әпкем)

Менің әпкем де факсты оқыды.

Дастан теледидар көріп отыр (Салтанат)

_____.

Менің балаларым осы мектепте оқыды (менің балам)

_____.

Сіздің әпкеңіз психологияны зерттеді (сіздің ағаңыз)

_____.

Мына мұражай орталықта орналасқан (мына көрме)

_____.

Олар грамматиканы жиі қайталады (ол)

_____.

Айнаш үйде болды (олар)

_____.

Ол кешке үнемі Мақпалға телефон шалады (Сәкен)

_____.

Менің құрбым жылдам аударады (менің достарым)

_____.

Менің інімнің туған күні наурызда (менің әпкем)

_____.

Сіздің жиеніңіз осы актермен танысты ма (сіздің жиеніңіз)?

_____.

Жұмыс дәптеріне жазайық:

Болды; болмадым; болды ма, болмады ма; болған жоқпын.

Мен үйде болдым. Мен үйде болмадым.
Біз үйде болдық. Біз үйде болмадық.
Сен үйде болдың ба? Сен үйде болған жоқсың ба?
Ол үйде болды. Ол үйде болған жоқ.
Олар үйде болды. Олар үйде болған жоқ.

44. Олардың бір жерде болған-болмағанын қалай айтамыз?

Мысалы, былай:

- Сәкен сенбіде сабақта болды ма?
- Жоқ, Сәкен сенбіде сабақта болған жоқ.
- Жоқ, болған жоқ.

- Асқар Дәулетұлы жұмыста _____?
- _____.
- Майра кеше университетте _____?
- _____.
- Қайсар кеше мектепте _____?
- _____.
- Назым сенбіде лекцияда _____?
- _____.
- Сен және Айдос таңертең сабақта _____?
- _____.
- Сен күндіз елшілікте _____?
- _____.

45. Қандай сұхбат болды?

(Назым Байдәулетқызы, Камилә Сейітханқызы)

- Назым Байдәулетқызы, сәлеметсіз бе? Мен Кәмиләмін ғой. Сіз кеше кешке не істедіңіз? Мен сізге телефон шалып едім, сіз үйде бол _____.
- Жоқ ә, біз үйде бол _____, мен теледидар көріп отыр _____, опера тыңда _____.
- Ал Айжан не істе _____?
- Сабақ оқы _____.
- Балаңыз не істе _____?
- Ол жұмыс істе _____, жаңа мақала аудар _____.
- «Аударды» деп айтып тұрсыз ба? Онда ол жазды ғой?
- Жоқ а, қазір кім жазады, бәрі компьютерде жұмыс істейді ғой.
- Бәріңіз де бос болмапсыздар. Сондықтан телефонды естімепсіздер. Ал мен сіз неге жауап бер _____ деп ойладым.

Оқыдыңыз ба немесе оқып қойдыңыз ба?

Кеше Дастан кітап оқыды. Дастан кеше не істеді?

Ол бірінші кітапты оқып шықты, содан кейін тапсырмаларын орындады.

Ол бірінші не істеді? Содан кейін не істеді?

Етістіктердің мағынасына назар аударыңыз. Аяқталмаған іс-әрекеттерді

(автордың жеке көзқарасы) білдіретін етістіктер:

Іс-әрекеттің қайталанымын білдіретін етістіктер (жиі, әдетте, үнемі, ылғи, кейде, сирек үстеулерімен)

Мен үнемі сабағымды оқимын. Мен ережелер мен грамматиканы жиі қайталаймын.

Жалпы фактілік мағына (бұл факт болған)

Ол осы мектепте оқиды немесе Ол осы мектепте оқыған.

Іс-әрекеттің нақты процесі

Кешке біз футбол көріп отырдық.

Сұрақтарға жауап

Сәрсенбіде сіз не істедіңіз? (*белгілі бір уақыт үзігі*)

Кеше не болды? Біз емтихан тапсырдық.

Сенбіде қайда болдыңыз? Туыстарымызды қарсы алдық.

Іс-әрекеттің аяқталған түрі

Нәтижелілік, іс әрекеттің аяқталуы

Ол факс алды.

Бір реттік әрекет

Кеше мен оқулық сатып алдым.

Нақты фактілік әрекет, нақты жағдаятта

Өткен аптада сіздің визаңыздың мерзімі бітті.

46. Олар не істеді, не істемеді?

Үлгі: (*телефон шалу*) Асқар Айнұрға *телефон шалды*.

(*орындау*) Әсем үй тапсырмасын _____.

(*көру*) Маржан мен Мұрат теледидар _____.

(*тапсыру*) Менің інім әлі емтихан _____ жоқ.

(*қателесу*) Әділжан жазбаша жұмыс орындағанда жиі _____.

(*аудару*) Олар қазақ өлеңдерін _____.

(*оқымау*) Олжас газет _____.

(*оқу*) Оның баласы лицейде _____.

(*кездесу*) Олар мектепте күнде _____.

47. Ал кеше олар осыны істеді ме?

Үлгі:

– Қазір мен Қазақстан тарихын оқып отырмын.

– Ал кеше алгебраны оқыдың ба?

– Бүгін мен жиі қателесіп тұрмын.

– _____.

– Қазір мәтінді оқып отырмын.

– _____.

- Қазір ол жаңалық көріп отыр.
- _____.
- Бүгін олар кездеспейді.
- _____.
- Бүгін Дәурен емтихан тапсырады.
- _____.
- Бүгін ол хаттар мен факстерге жауап береді.
- _____.

48. Әлі келген жоқ па, келіп қойды ма? (еще, уже)

- Ол _____ жаңа сөздерді жаттамады.
- Дастан жаңа бастықпен танысып _____, ал Сәкен _____ танысқан жоқ.
- Студенттер _____ профессормен кездескен жоқ.
- Біз _____ сізбен танысқан жоқпыз.
- Ал біз танысып _____.
- Олар _____ мына жаңалықты естімеді.
- Менің немерем _____ мектепте оқиды, жұмыс істемейді.
- Мақсат үйленіп _____, екі баласы бар.

49. Сөйлесейік пе?

Жағдаят

Сіздің құрбыңыз/досыңыз телефон шалды, ол кеше кешке телефон шалғанын, ешкімнің жауап бермегенін айтты. Ол құрбысынан/досынан/сізден кеше кешке (демалыс күні) не істегендеріңізді білгісі келеді.

- Сәлем! Хал қалай? Мен сені көптен бері көрмедім. Демалыс күні не істедің?
- Консерваторияда концертте болдым. Симфониялық музыка тыңдадым.
- Айман ше?
- Ол да осы концертте болды. Сен не істедің?
- Біз үйде болдық, футбол көрдік.

50. Сіз туралы әңгімелесейік. Бір топқа үш студенттен бірігіңіздер.

- Сен жұмыс істейсің бе, әлде әлі оқисың ба? (қайда оқисың?)
- Сен Қазақстанда болдың ба, әлде әлі болған жоқсың ба? Қайда болдың?
- Сіз Алматыда болдыңыз ба, әлде әлі болмадыңыз ба? Қайда _____ ?
- Сіз Астанада болдыңыз ба, әлде әлі болмадыңыз ба? Қайда _____ ?
- Сіз қазақша жақсы сөйлейсіз бе, әлде әлі сөйлемейсіз бе? Қайда _____ ?
- Сіз әлі қазақша жақсы түсінбейсіз бе?
- Сіз әлі қазақша жылдам оқи алмайсыз ба?
- Сіз әлі қазақша жай жазасыз ба?

51. а) Оқытушы әңгімесін тыңдайық. Сіз бұл әңгімеде бой жеткен мен жігіттің қалай танысқанын білесіз. Онда осы сұрақтарға жауап бар ма?

- Оның аты кім?
- Ол қанша жаста?
- Ол қайда оқиды?
- Қашан оқуға түсіпті, қашан аяқтапты?
- Қазір ол қайда, кім болып жұмыс істейді?

б) Дәптерге жазайық

Бірге күлейік

- Сурет: екі адам
Атымды айтуға рұқсат етіңіз,
- Мен Жарқынаймын
- Мен ешқандай ай емеспін.

Көркем әдебиет оқиық



Ерлік жасаған ит туралы сөз

болғандықтан, жарамсыз күйінде қалады. Дәрі-дәрмекті ортада мұзды шөл алып жатқан Ненана қаласына дейін ғана жеткізуге мүмкіндік туады. Себебі Номға дейін темір жол салынбаған.




Ном тұрғындары иттерді жегіп, ең мықты деген шанамен жетуді ойластыра бастағанда-ақ «мен!» деген шана айдаушылары бұл істен бас тартады. Мұзды шөл мен қытымыр аязға төтеп бере алмағандар да орта жолдан қайтып кетіп отырады. Сонда Ненана қаласына **Гунар Кассен** (Gunnar Kassen) есімді адам бірінші болып келеді екен. Оның жеккен иттерінің арасында біз айтып отырған Балто иті бар болған. Дәрі-дәрмекті қолға тигізіп, қайтар жолда Гунар қиын жағдайға ұшырасады. Үдеп соққан дауылдан оның аяқ-қолы сал боп, шана басқаруға жарамсыз қалады.

Балалардың тағдырына жарық сәуле түсіру үміті үзіле бастаған кезде, Балто адам басқаруынсыз-ақ дұрыс жолды өзі тауып Номға жетеді. Ауыр әрі ұзақ жолдан талып түскен иттің қыңсылауға да шамасы келмеген екен. Бірақ балалардың өмірі осылай Балтоның ерлік ісінің арқасында аман қалыпты.



Соңғы бірнеше онжылдықтан бері Нью-Йорк қаласының Орталық саябағында Балтоның қолдан жасалған мүсіні тұр. 1920 жылдан бері бұл ескерткіш Америка елінің мақтанышы саналып келеді.



Ал 1995, 2002, 2004 жылдары атақты режиссер Стивен Спилберг аңызға айналған ит туралы мультфильмдер түсірді. Балто 1919-1933 жылдары өмір сүріп, ерлік жасаған ит ретінде тарихта қалды. Әлемге атағы шыққан ит соңғы 4 жылында Огайо штатындағы Кливленд хайуанаттар бағында болыпты.

<http://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/sayahatty-syemin/8122/>



ҮШІНШІ САБАҚ

Қазақстанның спорт жұлдыздары



Сіз бұл сабақта

Қазақстан елі және халқы туралы:

- Қазақ спортының тарихы туралы,
- Азидада олимпиадасы туралы,
- Белгілі қазақ спортшылары туралы,
- Қазақ газеттері туралы **білесіз**.

Біз бұл сабақта

- спорт туралы әңгімелеуді, оқуды үйренеміз,
- өзіміз айналысатын спорт туралы әңгімелеуді,
- денсаулық және ауа-райы туралы әңгімелеуді,
- әсерлерімізді бөлісуді,
- өтінуді, кеңес айтуды,
- себеп, салдарды **айтуды үйренеміз**.

Барыс септігінің мағыналарын

Жатыс септігінің мағыналарын **қайталаймыз**:



- Қазақ тіліндегі байланыс құралдарын,
- Ілік септігінің мағыналарын,
- Бұйрық рай мағыналарын **білетін боламыз**.

1. Оқимыз:

Адамдар әрқашан спортты жақсы көрген. Халыққа белгілі Пифагор, Сократ, Софокл де жақсы көрген. Еврипид өзінің спорт жетістіктерімен мақтанған. Тек қана жиырмамыншы ғасырда, теледидар пайда болғанда, спорт біздің үйімізге, біздің өмірімізге енді.

Біздің планетамыздың 70%-ы спорт жанкүйері екені белгілі.

Спорт түрлері



Спортпен айналысу үшін не керек?

2. Кімде не бар, не жоқ; Кімнің несі бар, несі жоқ?

Доп	Менің добым, сөздігім, ағам бар.
Шаңғы	Сенің сабағың, хаттарың бар.
Коньки	Оның кітабы, дәптері, отбасы бар.
Шахмат	Оның кітаптары, інілері, сөздіктері, сабақтары бар.

3. Екеуара жұмыс істейік. Кімде не бар, не жоқ, білейік.

Мысалы былай:

Сізде велосипед бар ма?

Иә, бар.

Жоқ, менде велосипед жоқ.

Сізде шаңғы бар ма?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

Орталықта стадион жоқ.

Мұнда бассейн бар.

Орталықта стадион бар.

Мұнда бассейн жоқ.

Орталықта не жоқ.

Мұнда не жоқ?

Бүгін футбол болады.

Бүгін футбол болмайды.

Кеше футбол болды.

Кеше футбол болмады.

Ертең футбол болады.

Ертең футбол болмайды.

Жіктеу есімдігі табыс септігінде

*Мен – мені; сен – сені; сіз – сізді; ол – оны; біз – бізді;
сендер – сендерді; сіздер – сіздерді; олар – оларды.*

4. Естімей қалсаңыз, қалай нақтылауға болады?

Не жоқ / не болмады / не болмайды ? немесе кім жоқ / кім болмады / кім болмайды?

– Менің оқулығым жоқ.

– Айманның шаңғысы жоқ.

– _____ ?

– _____ ?

– Бүгін Тоғжан болмайды.

– Кеше Асқар болмады.

– _____ ?

– _____ ?

– Онда хабарландыру жоқ.

– Таңертең жаңалық болмады.

– _____ ?

– _____ ?

– Бүгін Асқар Қайратұлы болмады.

– Біздің уақытымыз болмады.

– _____ ?

– _____ ?

– Ертең хоккей болмайды.

– Ол үйде болмады.

– _____ ?

– _____ ?

5. а) Егер сіз бұл нәрсені я адамды жоқ деп ойласаңыз немесе сіз бұған сенімді болсаңыз, қалай айтуға болады?

Оның інісі бар.
 Бүгін теледидардан футбол көрсетеді.
 Оның әпкесі бар.
 Кеше теледидарда хоккей болды.
 Олардың немересі бар.
 Бүгін стадионда жарыс болады.
 Оның жиені бар.
 Бірінші қабатта хабарландыру бар.
 Олардың жаттықтырушысы бар.
 Бізде демалыс.
 Мұражайда олардың медалі бар.
 Ол қазір еңбек демалысында.
 Бірінші курста қазір денешынықтыру болып жатыр.

Меніңше, ...

.... бар сияқты

.... бар деп ойлаймын

... болған сияқты

б) жұмыс дәптеріңізге жазыңыз.

6. Олимпиада – 80-де спорттың қай түрі болмады?

Алғашқы заманауи олимпиадалық ойындар, 1986 Афин (Греция)	Олимпиада – 80 (КСРО)	Олимпиада – 2000 Сидней (Австралия)
Классикалық күрес Велосипед спорты Гимнастика Жеңіл атлетика Жүзу Теннис	Баскетбол Бокс Еркін күрес Классикалық күрес Велосипед спорты Су полосы Гимнастика Дзюдо Парустық спорт Жүзу Суға секіру Қол добы Ауыр атлетика Фехтование Футбол Шөпті алаңдағы хоккей	Бадминтон Баскетбол Бейсбол Бокс Еркін күрес Грек-рим күресі Велосипед спорты Су полосы Волейбол Гандбол Гимнастика Ескек есу Дзюдо Ат спорты Жеңіл атлетика Маутинбайк Стол теннисі Парустық спорт Жүзу Суға секіру Синхронды жүзу Ату Таэквондо Теннис Триатлон Ауыр атлетика Фехтование Футбол Шөпті алаңдағы хоккей

7. Не жоқ / не болмады / кім жоқ / кім болмады?

Стадионда (кім болмады? не болмады?)	<i>Дәрігер, хоккейшілер, жаттықтырушы.</i>
Кеше не болмады?	<i>Аяз, суық, жаңбыр, ыстық.</i>
Біздің кіміміз жоқ?	<i>Ағамыз, ініміз, атамыз, әжеміз, тәтеміз, немереміз.</i>
Қазір мектепте кім жоқ?	<i>Директор, мұғалім, Бақыт, Айжан, оқушылар.</i>
Осы сыныпта не жоқ?	<i>теледидар, газеттер, кітаптар, компьютер.</i>

8. Жұмыста, үйде кім болмады?

Үлгі: – Сен маған кеше телефон шалдың ба?

– Иә, бірақ сен үйде болмадың.

– Ол оған телефон шалды ма?

– _____.

– Олар ата-анасына хабарласты ма?

– _____.

– Сіз мектеп директорына телефон шалдыңыз ба?

– _____.

– Ол оған жұмада хабарласты ма?

– _____.

– Сен бізге жексенбіде телефон шалдың ба?

– _____.

– Асхат Арынұлы Самат Мақсатұлына телефон шалды ма?

– _____.

Кімнің? кімдердің?

Мынау кімнің добы?

Бұл – Санжардың добы.

Мынау кімнің орны?

Бұл – жаттықтырушының орны.

Бұл кімдердің табысы?

Бұл – спортсмендердің табысы
(ағайындылардың, дәрігерлердің,
мұғалімдердің, қыздардың,
отбасының)

9. Қалай білеміз?

Мына жеңіс кімдікі?

Мына сыйлық кімдікі?

Мына велосипед кімдікі?

Мына хабарландыру кімдікі?

Мына шаңғы кімдікі?

Қалай жауап береміз? Бұл жеңіс _____.

Қыздардікі, ғалымдікі, достардікі, дәрігердікі, мұғалімдікі, баланікі, спортсмендікі, біздікі.

10. Кімдікі екенін нақтылаймыз

Мысалы, былай:

– Мынау сіздің билетіңіз бе? Бұл сенің / сіздің / сіздердің ... ?

– Жоқ, менікі емес, Санжардікі. Жоқ, менікі емес / иә, менікі.

Бұл сенің орның ба? (Олжас).

Бұл сіздің газетіңіз бе? (Асқар Қайратұлы).

Бұл сіздің сыныбыңыз ба? (Тоғжан).

Бұл сіздің суретіңіз бе? (Маржан Батырқызы).

Бұл сенің шаңғың ба? (Назым).

Бұл сенің хабарландыруың ба? (Айжан).

Бұл сіздің мақалаңыз ба? (Рахман).

Бұл сіздің шахматыңыз ба? (Қайрат).

11. а) Сын есімнің жұрнағы қандай?

Не?	Қандай?
Италия	итальяндық
Астана	астаналық
Франция	француздық
Еуропа	еуропалық
Ресей	ресейлік
мәдениет	мәдени
ғылым	ғылыми

б) Басқаша қалай айтуға болады?

Үлгі: Қазақстандық спортсмендер – Қазақстан спортсмендері

Итальяндық спортсмендер – _____.

Еуропалық чемпионат – _____.

Астаналық спортсмендер – _____.

Ресейлік хоккейшілер – _____.

Мәдени және ғылыми орталық – _____.

12. Дұрысы қалай?

Ненің түрі? спорт түр _____.

Қандай чемпион? Әлем _____, Еуропа _____, Қазақстан _____.

Қазақстан президент _____, АҚШ президент _____.

Планета тұрғындар _____, Астана тұрғындар _____, Алматы тұрғындар _____.

Чемпионат жеңімпаздар _____, жарыс жеңімпаздар _____.

Әлеуметтік сұрақ

Сіз неге спортпен айналыспайсыз?

- Бұдан қандай пайда барын білмеймін _____.
- Уақытым жоқ _____.
- Жалқауланамын _____.
- Мен айналысып жүрмін.

13. Саны туралы қалай білуге болады, оны қалай хабарлауға болады?

Қанша?

Екі спортсменнің, жаттықтырушының, рекордсменнің;
Екі жеңімпаздың, теннисшінің, футболшының;
Үш жарыстың, турнирдің, кездесудің;
Үш ойынды, топты, медальді, жеңісті;
Төрт стадионның, бассейннің, клубтың, фитнес орталықты;
26 медальді, 36 велосипедшіні, 1000 теңгені;
Көп достардың, аз жеңіліс.

Жаңа грамматика

Сын есім және септік жалғаулары

Осы фитнес орталықта **жақсы** теннис залы жоқ.
Бүгін **көркем** сырғанау болмайды.
Сізде **соңғы** тапсырмалар бар ма?
Мында менің **соңғы** суреттерім жоқ екен.

Олардың **осындай** спорт жарыстары және **осындай әдемі** медальдары жоқ.

14. Қалай сыпайы жауап беруге болады? Екеуара жұмыс істейміз.

Мысалы былай:

– Кешіріңіз, осы жерге жақындау **тренажер** залы бар ма?

– **Жаттығу залы дейсіз бе? Өкінішке орай жоқ.**

– Кешіріңіз, мұнда **спорт** залы жоқ па?

– _____.

– Кешіріңіз, бүгін **футбол** матчысы жоқ па?

– _____.

– Айтыңызшы, бүгін кешке теледидардан **Олимпиадалық** ойындар бола ма?

– _____.

– Сіздің қалаңызда **жаңа** бассейн бар ма?

– _____.

– Сіздің кешке **бос** уақытыңыз бола ма?

– _____.

– Оның **алтын** медалі бар ма?

– _____.

– Мұнда Қазақстан **ұлттық** тобы бар ма?

– _____.

15. Ол кім? Толықтырыңыз.

Бүгінгі **футбол** аңызы;

Футбол командасының капитаны;

Әлемдік хоккейдің лидері;

Олимпиада ойындарының чемпионы;

Спорт жарыстарының жүлдегері;

_____.

_____.

_____.

16. Бұл қайда?

Ілік септігі және **қасы, жаны, маңы** көмекші сөздері арқылы мекендік мағынаның берілуі.

Біз **метрода** кездестік.

Біз сені **метрода** күтеміз.

Біз сені **метроның қасында** күтеміз.

Біз сені **оқу залының маңында** күтеміз.



17. а) Ол қайда болды?

Мысалы:

Ол көрмеде болды. Ол көрме **маңында** болды.

Олар	үй	республика алаңы
	бассейн	көркем галерея
	кинотеатр	сол жағалау
	мұражай	бірінші вокзал
	стадион	

б) Жұмыс дәптеріне жазыңыз.

Себеп-салдарлық құрылымның берілуі


себебі, сондықтан жалғаулығы арқылы себеп-салдарлық құрмалас сөйлемнің берілуі

Менің фитнес орталыққа жазылғым келеді.

Мен спортты жақсы көремін.

Менің фитнес орталыққа жазылғым келеді, **себебі** спортты жақсы көремін.

Мен спортты жақсы көремін, сондықтан фитнес орталыққа жазылғым келеді.



18. Себепті, салдарды қалай түсіндіреміз?

Мен теннис ойнамаймын. Менің теннис ойнағым келмейді.

Біз футбол ойнамадық. Далада нөсер жауын болды.

Бізде денешынықтыру сабағы болмады. Далада аяз болды.

Оның ақшасы болмады. Ол әлемдік чемпионатқа билет алмады.

Ол таңертең бассейнге барғысы келмейді. Осы кезде бассейнде балалар өте көп болады.

Мен Жанатпен стадионда кездестім. Жанат мені өзінің тренерімен және топ капитанымен таныстырғысы келді.

Сенбіде мен фитнес орталықта болмадым. Мен делегацияға аудармашы болып жұмыс істедім.

19. Мына сөйлемдерді қалай аяқтауға болады.

Ол бізге хабарласты, себебі _____.

Ол бізге хабарласпады, сондықтан _____.

Ол кеш келді, себебі _____.

Ол кеш келді, сондықтан _____.

Біз Олимпиаданы теледидардан көрдік, сондықтан _____.

Біз теледидардан қарадық, себебі _____.

Мен футболды жақсы көремін, сондықтан _____.

Менің футболға билет сатып алғым келді, себебі _____.

**Қызығушылығыңды, немен айналысатыныңды
қалай хабарлауға болады, қалай білуге болады**

Жаңа грамматика

Көмектес септігі

Спортпен
Хоккеймен
Жүзумен
Гимнастикамен

айналысу

Елмен
Табыстарымен
Баласымен
Балаларымен
Батырларымен

мақтану

20. Ардақ пен оның қарындасы Баян спорттың қандай түрлерімен айналысады?

Ардақ

теннис
жүзу
футбол
бокс
волейбол
баскетбол

Баян

гимнастика
аэробика
шейпинг
жүгіру
волейбол
жүзу

а) Баян қандай спорт түрлерімен айналысады, ал Ардақ ше? Және неліктен? (сондықтан сөзін ұмытпаңыз)

*Мысалы: Ардаққа теннис ұнайды, сондықтан ол тенниспен айналысады.
Баянға гимнастика ұнайды, сондықтан ол гимнастикамен айналысады.
Ардақ пен Баянға жүзу ұнайды, сондықтан олар жүзумен айналысады.*

б) Олардың қызығушылықтарын салыстырамыз. (ал, да байланыстырушы сөзді ұмытпаңыз)

Мысалы былайша:

*Ардақ тенниспен айналысады, ал Баян гимнастикамен айналысады.
Ардақ жүзумен айналысады, Баян да жүзумен айналысады.*

21. Дұрысы қалай?

Сіз бокс _____ айналысатын сияқтысыз?

Менің қызым бес жылдан бері жүзу _____ айналысады.

Ол көптен бері гимнастика _____ айналысады.

Ол шахмат _____ ойнауды жақсы көреді.

Біз аэробика _____ бірге айналысамыз.

Біз баламыздың спорттағы табыстары _____ мақтанамыз.

Біз спортшыларымыздың жеңісі _____ мақтанамыз.

22. а) Мұның болып кеткенін қалай айтамыз?

айналысу

Ардақ бокспен _____.

Асқар көркем сырғанаумен _____.

Толғанай да көркем сырғанаумен _____.

қызығу

Олар шейпингке _____.

Ол матчының нәтижесіне _____.

Ол жас кезінде спортқа _____.

мақтану

Барлығы біздің футболшылармен _____.

Оқушылар өз топтарымен _____.

Ол өз баласымен _____.

танысу

Біз тренермен _____.

Сіз әріптестермен _____?

Сен футболист _____?

б) Жұмыс дәптеріне жазамыз.

23. Сіз туралы әңгімелесейік пе?

Сіз спортқа қызығасыз ба? Спорттың қай түрлеріне қызығасыз?

Аэробикаға қызығасыз ба? Шейпингке ше?

Сіз спортпен айналысасыз ба? Таңертең гимнастика жасайсыз ба?

Сіз спорт хабарларын көресіз бе?

Спорт секцияларына, спорт орталықтарына, фитнес клубқа немесе бассейнге барасыз ба?

24. Интернетте сіз танысу туралы келесі сөйлемдерді кездестірдіңіз.

Кімге жауап бересіз? Неге?

Танысуды кім ұсынып жатыр?

Оның аты кім? Оның жасы қаншада? Оған қалай хабарласуға болады, ресми ме, ресми емес пе?

Мұны ресми танысу деп айтуға бола ма?

25. Microsoft internet Explorer

Мекен жай: интернетте танысу

Сәлеметсіз бе? Менің атым – Ләззат. 21 жастамын. Мен көркем сырғанаумен айналысамын. Мен Италия, Испания фигуристері туралы ештеңе білмеймін. Олармен танысым келеді. Жауап күтемін.

Сәлем! Менің атым – Саят. 18 жастамын. Жаңа достар тапқым келеді. Мен компьютерге қызығамын. Дзюдомен айналысамын. Шахматқа қызығамын. Испан тілін оқып жүрмін.

26. а) Өзіміз туралы айтамыз.

Мен теннис _____ (айналысу). Әсіресе, жүзу _____ қызығамын.

Он екі жасымда мен жүзу _____ айналыса бастадым. Мен өз жетістіктерім _____ мақтанамын.

Көптен бері танымал олимпиада чемпиондары _____ танысуды армандаймын.

б) Жұмыс дәптеріне жазамыз.

27. Қазақ спорты туралы не білесіз?

Қандай Қазақстан спорт жұлдыздары туралы білесіз?

28. Қалай ойлайсыз? Спорттың қауіпсіз түрлері бар ма?

Қандай?

Спорттың экстремальді түрлері туралы не білесіз?

29. Тыңдаймыз. Қандай әңгіме болды?

Бұл әңгімелесу ресми ме, ресми емес пе? Ретімен орналастырыңыз.

А – Мақпал

Б – Дәурен

№	А/Б	
		- Жоқ, жақын жерде жоқ. Орталыққа бару керек.
		- Бар
1	A	- Сәлем, Дәурен?
		- Өкінішті.
		- Жақын маңда бассейн бар ма?
		- Бәрі жақсы. Өзіңде қалай?
		- Иә, тенниспен. Онда теннис залы бар ма?
		- Сәлем, Мақпал? халің қалай?
		- Мен де. Мұнда спорт залы бар ма? Білесің бе?
		- Спорт залы ма? Бірінші қабатта бар. Мен онда жиі барамын. Сен де сонда спортпен айналысқың келе ме?

30. Анықтағышты оқимыз. Онда қандай спорт түрлері туралы айтылады? Неге? Сіз қалай ойлайсыз?

Қазақ спорты тарихының беттерінен

Енді 20 жылдың ішінде қол жеткізген жетістіктерімізге аздап тоқтала кетсек:



Barcelona '92



Sydney 2000



- Қазақстан спортшылары **Олимпиада ойындарына** 1992 жылдан бері егеменді ел ретінде қатыса бастады. 1994 жылдан бері өткен бес қысқы Олимпиада ойындарында бір алтын, үш күміс және екі қола медаль жеңіп алдық. Барлығы – алты медаль.

- Жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстан алғаш рет 1996 жылы қатысты. Бірақ 1992 жылғы Барселона Олимпиадасына да қатысып, бес жүлде еншілеген. Кеңес Одағы ыдырап, әр ел Тәуелсіздігін жариялап, жеке-жеке шаңырағын көтере бастағанда, сол кезде КСРО құрамындағы 15 мемлекеттің спортшылары өз мәртебелерін анықтап үлгермегендіктен, Каталония жеріндегі жазғы Олимпиадаға Кеңес Одағының 12 мемлекеті (Балтық жағалауы елдерінен басқалары) бір команда болып қатысқан. Осының бәрін қосқанда, жазғы Олимпиада ойындарында олжалаған жүлделеріміздің жалпы саны – 44 (10 алтын, 18 күміс, 16 қола).

- Ел спортшылары 20 жыл ішінде жазғы Азия ойындарына бес рет қатысып (1994, 1998, 2002, 2006, 2010 жылдары), барлығы 397 медальді (110 алтын, 119 күміс, 168 қола) жеңіп алды.

- Осы уақыт аралығында біздің спортшылар қысқы Азия ойындарына да бес рет қатысып (1995, 1999, 2003, 2007, 2011 жылдары), барлығы 164 медаль (69 алтын, 51 күміс, 44 қола) иеленді.

- 1991 жылдан бері олимпиадалық спорт түрлері бойынша 33 спортшымыз әлем чемпионы атанып, 27 спортшы күміс және 49 спортшы қола жүлдегер атанды. Яғни олимпиадалық спорт түрлерінен әлем чемпионаттарында еншілеген жүлделеріміздің жалпы саны – 109 медаль.

- 2010 жылы Сингапурда тұңғыш рет жасөспірімдер арасындағы жазғы Олимпиада ойындары өтіп, бұл сында Қазақстан жеткіншектері екі алтын, екі күміс, екі қола медаль еншіледі.

Нұрғазы САСАЕВ

<http://alashainasy.kz/ten/29928/>



Олимпиада тарихынан

Не туралы айтады, не туралы жазады?

Табыс септігі, объектілік мағыналары

Ол футболда болды.

Ол футбол туралы айтады.

Мен Олимпиадада болдым. Мен олимпиада туралы айтамын.

Кім туралы?

Не туралы?

Інім туралы

Отбасым туралы

Ата-анам туралы

ойлау

айту

әңгімелеу

жазу

оқу

Есімдік табыс септігінде

Мен – мен туралы

Сен – сен туралы

Сіз – сіз туралы

Ол – туралы

Біз – біз туралы

Сендер – сендер туралы

Сіз – сіздер туралы

Олар – олар туралы

31. Бір нәрсе туралы әңгімелеуді қалай сұрауға болады? Бір нәрсе туралы әңгімелейтініңіз туралы қалай айтуға болады?



Өтініш

Бізге Азиада туралы айтыңызшы

Хабарлау

Мен сіздерге Астанада өткен Азиада туралы әңгімелеймін

Стадион, Астана, Қабанбай батыр көшесі, спорт орталығы, спорттық жарыс, Азия, халықаралық, Қазақстан.

32. а) Егер білмейтін болсаңыз, онда былай айтуға болады:

– Мына спортсмен туралы мен ештеңе білмеймін. Мен ол туралы *ештеңе білмеймін*.

Мына спортсмен	Ол бұл спортсмен туралы _____.
Мына команда	Ол бұл команда туралы _____.
Мына жаттықтырушы	Ол бұл тренер туралы _____.
Бұл жарыс	Біз бұл жарыс туралы _____.
Мәскеу Олимпиадасы	Ол _____ ештеңе білмейді.
Мына спорт кешені	Ол осы спорт кешені туралы _____.
Мына спортсмендер	Сен мына спортсмендер туралы _____?

б) Кім туралы ештеңе білмейсіз, айтыңыз.

(А. Карпов, Г. Каспаров _____)

– Гарри Каспаров, Анатолий Карпов – белгілі орыс шахматшылары.

– _____.

– Әлемдік хоккей тарихындағы ең күшті хоккейшілерді білесіз бе?

– _____.

– Кеше мен теледидардан жас қазақ шахматшысы Жансая туралы көрдім.

– _____.

– Сіз медальдардың рекордты санын алған спортшыларды білесіз бе?

– _____.

в) Не туралы ештеңе білмейсіз, айтыңыз.

Мысалы:

– Білесің бе, хоккей спорты бойынша әлемдегі ең үлкен мұражай Торонто қаласында.

– Мен осы мұражай туралы ештеңе білмеймін. Ол туралы ештеңе білмеймін.

– Білесіз бе, ең үлкен стадион Парижден алыс емес. Ол 1998 жылы салынған. Бір мезгілде осы стадионда 80 000 мың жанкүйер бола алады. Құны 466 миллион доллар тұрады.

– _____.

– _____.

– Әлемдегі ең ұзын бассейн туралы оқыдыңыз ба? Бұл Пуэрто Рикодағы бір қонақ үйдің бассейні. Оның ұзындығы 541 метр. Бассейннің соңына дейін жүзіп бару үшін 15 минут керек.

– _____.

– _____.

33. а) Компьютерде не жазылған?

Файл Түзету Түрі Сервис Анықтама

Google спорт туралы ақпарат

Сіз әлемнің әр еліндегі спорттық жарыс _____ ақпарат дайындап жатырсыз ба? Олар сізге осы елдің тұрғындары айтып бере алады. Бұл мүмкін. Себебі бүгін электронды пошта бар (e-mail).

Футбол, хоккей матчтары _____, көркем сырғанау, үлкен теннис, гимнастика және жүзу _____ ақпаратты интернеттен алуға болады. Әр түрлі командалар _____, жаттықтырушылар _____, олардың жұмысы _____, сұрақтары _____ арнайы сайттан көбірек білуге болады. Интернеттен келесі Олимпиада _____ ақпаратты алуға болады.

б) Жұмыс дәптеріне жазыңыз.

Қазақстан газеттерін оқығысы келетіндер үшін

Қазақстан газеттерімен танысайық.

Көпшілікке танымал қазақ газеттері қалай аталады?

Осы газеттер қалай шығады? Күнде ме, апта сайын ба, ай сайын ба?

Қай газет спорт туралы жазады?



34. «Жақсы газет» деп аталатын газетті білесіз бе? Оқығыңыз келе ме? Неге? (сөздікті пайдаланып оқиық).

Жаман туралы бір сөз жоқ



АҚШ-та басылып шығатын «Жақсы газетте» жаңбыр туралы немесе қар көшкіні туралы хабарламайды. Онда тек қана жақсы жаңалықтар туралы айтылады. Газет директорының мақсаты – адамдарға үміт сыйлау. Газетке саяси дағдарыстар туралы, табиғат апаттары туралы, кісі өлтірген туралы, тіпті нашар ауа райы туралы да жазуға болмайды.

Осы газет 14 мың тиражбен шығады. Орасан табысы бар. Бір қызығы газетте тек қана үш корреспондент жұмыс істейді.

Қазақстанда да осындай газет ашуға болар ма еді? Қалай олайсыз?

35. Газетте спорт туралы ақпарат бар ма? Олардың атауын оқыңыз.

Қай мақаланы оқығыңыз келеді? Неге? Қазақ газеттерін алыңыз. Мына ақпаратты оқыңыз: қандай атаулар бар, айтыңыз.

http://www.inform.kz/ru/kazak-basylymdarynyn-kataryna-kazak-sporty-gazeti-kosyldy_a2254142

Күрделі сөйлемдегі іс-әрекеттердің бір мезгілдігінің берілуі

Ол хоккейді қашан ойнай бастады?

Ол хоккейді жеті жасқа толғанда ойнай бастады.

Ол хоккейді мектепте оқып жүргенде ойнай бастады.



Назар аударыңыз!

Бағыныңқы сөйлемдегі етістік бұрынғы өткен шақ (-ған -ген, -қан, -кен тұлғалы есімше), жатыс септігі арқылы басыңқы сөйлемдегі етістікпен бір мезгілдегі іс-әрекетті білдіреді.

36. Басқаша қалай айтуға болады?

Үлгі:

Ол бес жаста болатын. Сол кезде-ақ ол чемпион болғысы келді.

Ол бес жасқа толған кезінде-ақ, чемпион болғысы келді.

Рахман бес жаста болатын. Рахман шахматтан әлем чемпионы болғысы келетінін айтты.

Сауран бес жаста болатын. Сауран хоккеймен айналыса бастады.

Дастан он жеті жаста болатын. Дастан Қазақстан олимпиада тобының мүшесі болды.

Айман бірінші сыныпта оқитын. Айман көркем сырғанаумен айналыса бастады.

Асхат соңғы сыныпта оқитын. Ол үлкен спортта болды.

Белгілі спортсмендермен танысайық.



а) Шахматшы қыз туралы оқиық.



Динара СӘДУАҚАСОВА
Жастар арасында
шахматтан әлем чемпионы:
*«Менің барлық
бастамаларымның
басында анам тұрады»*

– Патшалар ойыны әлеміне кездейсоқ келмеген шығарсың. Осы уақытқа дейін қандай белестерді бағындырып үлгердің?

– Шахматқа 4 жасымнан бастап қызықтым. Өйткені алдымдағы ағам мен әпкем осы ойынды ойнайтын. Мүмкіндіктерімді дер кезінде аңғарған анам мені шахмат мектебіне алып барды. Ұстаздарымның үйреткендерін зердеме тез сіңірген болуым керек, 7 жасымда 1-ші дәрежелі шахматшы атансам, 8 жасымда спорт шеберлігіне үміткер болдым. Ал 11 жасымда халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 13 жасымда халықаралық шахмат қауымдастығының шебері деген атақтарға қол жеткіздім. 14 жасқа қараған шағымда әйелдер арасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері деп мойындалдым.

2004 жылы Сингапурде жалауын желбіреткен Азия біріншілігінде вице-чемпионның тұғырынан табылсам, 2005 жылы Астана қаласының чемпионы деп танылдым. 2007 жылы әлем чемпионатының күміс медалін жеңіп алып, 2008 жылы 11 жасымда ұлттық құрамаға қабылдандым. Сөйтіп, Дрезденде және Ханты-Мансийскиде ұйымдастырылған халықаралық шахмат олимпиадаларына қатыстым.



Бүгінге дейін 10, 12, 14, 16 жастағы қыздар арасында Қазақстанның



бірнеше дүркін жеңімпазы болдым. Ташкентте, Дубайда, Анталияда өткен халықаралық жарыстарда да топ жардым. Ең ірі жеңіске былтыр Грецияда өткен әлем чемпионатында жеттім. Онда менің мойныма алтын алқа тағылды.

– Әлем чемпионы атанғанда ең бірінші кімнен сүйінші сұрадың?

– Анамнан. Жалпы, мен өмірдегі барлық жетістіктерім үшін анама қарыздармын. Мен жақсылық атаулының бәрін анамнан үйрендім. Анамның маған деген мейірімі мен махаббатына ешнәрсе жетпейді. Ол мені мықты болуға, алған бетімнен қайтпауға үйретті. Менің барлық бастамаларымның басында анам тұрады. Менің қолдаушым да, демеушім де анам.

– Шахмат ойынында кімді үлгі тұтасың?

– Маған Г.Каспаровтың көпқырлылығы, В.Ананның білімпаздығы және Ю.Полгардың темірдей мінезі ұнайды.

б) Сұрақтарға жауап берейік:

Оның аты кім?

Ол қайда, қашан туған?

Ол қазір қанша жаста?

Белгілі шахматшы болғысы келгенде, ол қанша жаста еді?

Бала кезінде ол неге қызықты?

Оның үлгі тұтатын шахматшылары кімдер?

Анасы туралы не айтты?

Қалай кеңесуге, бұйыруға, сұрауға болады

Жаңа грамматика

Қимыл есімі

Маған мына допты көрсетіңізші.

Мына роликті беріңізші.

Бүгін футбол қаншада болады, қарашы!

Қимыл есімі	етістіктің жіктелуі 3 жақ,	Бұйрық түрінде	
		жекеше түрі	көпше түрі
көрсету	көрсетеді	көрсет, көрсетіңіз	көрсетіңдер
көру	көреді	көр, көріңіз	көріңдер
оқу	оқиды	оқы, оқыңыз	оқыңдар

37. Етістікті бұйрық райда айтыңыз.

ойнау – ойна!

жеңу – жең!

әңгімелеу – _____.

тыңдау – _____.

іздеу – _____.

ойлау – _____.

ойлану – ойлан!

табу – тап!

жабу – _____.

іздену – ізден!

38. Сұраңыз немесе кеңес беріңіз.

а) Сізге шахмат, дойбы, доп берейін бе?

б) Сізге шаңғы көрсетейін бе? Сізге хоккейге билетті көрсетейін бе?

в) Спорт клубының мекен-жайын оқиын ба? Матчының қалай өткенін айтайын ба? Футбол чемпионаты қашан өтетінін білейін бе? Спорт жаңалықтарын көрейін бе? Қай команда жеңгенін, алтын, күміс медаль алғанын сұрайын ба?

г) Ертең телефон шалу, телефон номерін жазып алу, факс жіберу.

39. Тыңдалым.

Екеуара әңгімені оқи алмайсың.

Білуге көмектесіңіз:

Кім кіммен сөйлесті?

Олар не туралы сөйлесті?

Олар не туралы келісті?

Бұл үшін сөйлемдерді ретімен орналастырайық.

I А – Мұрат
Б – Бақыт

№	А/Б
	– Кейде. Уақытым жоқ, бірақ теңіз суы жып-жылы, сондықтан кешке шомыламын, жүземін, менің көптен бері жүзуге қызығатынымды сен білетін едің ғой.
	– Теңізге барып жүрсің бе?
	– Алло, Бақыт сен бе?
	– Әлі білмеймін.
	– Иә, тыңдап тұрмын.
	– Бәрі дұрыс. Тек ауа райы онша жақсы емес. Жаңбыр жиі жауады, таңертең жүгіру қиын. Содан кейін біз жабық залда жаттығамыз. Онда ауа райы қандай болса да бәрібір.
	– Білемін, әрине. Қашан қайтасыз?
	– Өте жаман естіліп тұр.
	– Міндетті түрде телефон шал.
	– Келістік. Мен саған тағы телефон шаламын.
	– Мұрат, мен сені жақсы естіп тұрмын. Жағдайың қалай? Жаттығуларың қалай?
	– Билет алғанда, маған хабарлас немесе жаз. Мен сені аэропортта күтіп аламын.
	– Сәлем Мұрат.

II А – Мұрат
Б – Дастан

№	А/Б
	– Мен сені шомылуға шақырайын деп едім. Күн ыстық.
	– Сатып аламын. Келістік.
	– Сәлем, Мұрат! Жексенбіде қайда болдың? Мен саған телефон соқтым, сен үйде болмадың?
	– Өкінішті, Қайрат жеңіліп жатыр. Меніңше, ол жеңе алады. Бұл – күшті команда. Келесі жолы бізбен бірге футболға барасың ба?
	– Кеше сен стадионда болдың ба? Кеше кім ойнады?
	– Иә, сұмдық ыстық. Ай бойы жаңбыр болмады. Керісінше, Еуропада жаңбыр көп. Естідің бе? Словакияда, Чехияда, Венгрияда су тасқыны болып жатыр. Австралия мен Голландия тобы ойнады.
	– Есеп қандай болды? Айтшы, кеше олар қалай ойнады?
	– Стадионда болмадым, теледидардан көрдім.
	– Мен барлық ойынды көруге тырысамын.

		- Өткен жолы олар теңбе-тең ойнаған.
		- Есеп 5 : 3 болды. Ойын өте қызық болды.
		- Бұл команданың ойыны қазір маған ұнамайды. Мен Германия тобының жанкүйерімін. Кеше кім ұтты?
		- Иә, ауа райы онша жақсы емес. Алматыда маусымда 20 - 25 градустан аспайтын, міне екі үш жыл болды, 35 -40 градусқа барады. Өте ыстық.
		- Жаңалықтарды теледидардан көрдім. Онда тіпті әуежайлар да жабық. Пойыздар да жүрмейді.
		- Әрине, сенің жақсы көретін командаң жеңді. Құттықтаймын.
		- Қуана барамын, тек маған билет сатып ал.
		- Сәлем Дастан. Біз әкем және інім үшеуіміз футболға бардық.

40. Спорт секциясына жазылайық.

(Екеуара жұмыс істейміз. Жағдаят бойынша диалог құрамыз.)

а) Бірінші хабарландыруларды қараймыз. Қайда жазылған жақсы, таңдаймыз. Неге олай шештіңіз, түсіндіріңіз.

б) Содан кейін телефон арқылы жұмыс істеу кестесін (күндері, уақыты, бағасы) білеміз және жұмыс істеу уақытын білеміз.



1

- Алло, бұл анықтама бюросы ма?
- Иә, не қалайсыз?
- Мен орталықтағы фитнес клубтың телефонын білгім келіп еді.
- Жазып алыңыз: 36 39 09.
- Кешіріңіз, жазып үлгермедім, тағы бір қайталаңызшы.
- 36 39 09.
- Рақмет.

2

- Алло, бұл фитнес клуб па?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- Айтыңызшы, сіздер қай жердесіздер? Қалай жетуге болады?
- Біз вокзал маңындамыз. К. Байсейітова көшесі, 27 үй. 30-автобус келеді. К.Байсейітова аялдамасы.
- Жұмыс кестесі қалай?
- Біз таңертең 8-де жұмысты бастаймыз. Кешкі сағат 10-да аяқтаймыз.
- Күнде жұмыс істейсіздер ме? Жексенбі күні де жұмыс істейсіздер ме?
- Иә, күнде. Келіңіздер.
- Рақмет.
- Сау болыңыз.

39. Сіздің достарыңыз бәрі бірге спорт жарысын көргісі келеді (немесе барғысы келеді). Кім неге қызығады, біліңіз. Содан соң теледидардан көрсететін спорттық жарысты демалыс күндері стадионда өткізуге ұсыныңыз. Газеттердегі ақпаратты пайдаланыңыз.

ТӨРТІНШІ САБАҚ

Мерекелер

Бұл сабақта:

- Қазақстан мерекелері;
- Наурыз туралы оқимыз.

Біз

- мерекемен құттықтауды;
- құттықтау жазуды (ресми құттықтау, достық құттықтаулар);
- қонаққа шақыруды, шақыруды қабыл алуды немесе бас тартуды;
- сыйлық сатып алуды, қажетті жарнаманы таңдауды;
- қонақ қабылдауды;
- негізгі мемлекеттік, отбасылық мерекелерді әңгімелеуді;
- өткен мерекелер туралы әңгімелеуді **білетін боламыз**.

Біз

- жатыс септігінің мағыналарын,
- шақырудың, кеңестің, рұқсаттың, тыйым салудың берілуін,
- іс-әрекеттің объектіге айналуын,
- сұраулы сөйлем құра алуды **үйренеміз**.

1. Мереке кезі келді. Сіздіңше, мереке деген не?

Итальяндықтар мереке дегенді цирк деп айтады екен.

Сіз бұған келісесіз бе? Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

Мереке дегеніміз – саяхат, мерекелік дастарқан, демалыс, қонақтарға сыйлық, мерекелік от шашу, қонақтар _____, _____, _____, _____, _____.

2. Мереке деген сөзді түсіндірме сөздіктен қараймыз. Осы сөздің қанша мағынасы бар? Жаңа сөздерді аударыңыз.

1. Мереке – бір нәрсенің, біреудің құрметіне арналған салтанатты күн. Бірінші мамыр, жетінші мамыр мерекесі.

2. Демалыс күн – жұмыс істемейтін күн.

3. Ерекше белгіленген күн. Жаңа жыл мерекесі.

4. Бір нәрсеге байланысты қуанышты күн. Отбасы мерекесі.

5. Ойын күні – әндерге арналған күн, ойын-сауық күні.

3. Мына сөздер қандай сұраққа жауап береді?

Сыйлық	сыйлау	жұмыс істеу
Жұмыс	жұмыс күні	мереке күні
Мереке	мерекелеу	мереке күні

4. Қазақстанда атап өтілетін кейбір мерекелерді сіз білесіз. Олар қандай мерекелер?

5. Күнтізбені оқиық.

Негізі	туған күнді мерей тойды мерекені	тойлау мерекелеу атап өту
--------	--	---------------------------------

Негізі

мемлекет

мамандық, кәсіп

дін

Қандай мереке?

жалпы мемлекеттік

кәсіби

діни

Қазақстандық мерекелер

Қазақстанда жалпы мемлекеттік, кәсіби, діни мерекелері атап өгіледі.

Ең танымал мемлекеттік мерекелер:

31 тамыз – Ата заң күні (жалғастыру)



Осындай мереке күндері адамдар жұмыс істемейді.

Кәсіби мерекелерді, әдетте, демалыс күндері тойлайды. Мысалы, мұғалім күні қазанның бірінші демалыс күнінде тойланады.

Анықтамалықты оқиық. Ол қандай мерекелер туралы әңгімелейді?

Күнтізбенің қызыл күндері

Егер күнтізбені ашсаңыз, сіз қызылмен белгіленген күндерді көресіз. Бұл – мемлекеттік мерекелер, барлық ел үшін демалатын күн, жұмыс күні емес.

Қазақстан Республикасында атап өтілетін мереке күндері:

ұлттық мереке:

16-17 желтоқсан – Тәуелсіздік күні;

мемлекеттік мерекелер:

1-2 қаңтар – Жаңа жыл;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі;

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні;

9 мамыр – Жеңіс күні;

6 шілде – Астана күні;

1 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні.

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.

(https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/2018-jyilgi-merekelk-kunder-kuntzbes-jariyalandyi-286097/)

2018 жылғы демалыс және мереке күндерінің күнтізбесі

Қаңтар							Ақпан							Наурыз							Сәуір							
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	
1	2	3	4	5	6	7				1	2	3	4				1	2	3	4							3	
8	9	10	11	12	13	14	5	6	7	8	9	10	11	5	6	7	8	9	10	11	2	3	4	5	6	7	8	
15	16	17	18	19	20	21	12	13	14	15	16	17	18	12	13	14	15	16	17	18	9	10	11	12	13	14	15	
22	23	24	25	26	27	28	19	20	21	22	23	24	25	19	20	21	22	23	24	25	16	17	18	19	20	21	22	
29	30	31	26	27	28	26	27	28	29	30	31	23	24	25	26	27	28	29	30									
Мамыр							Маусым							Шілде							Тамыз							
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	
					1	2				1	2	3							1							3		
7	8	9	10	11	12	13	4	5	6	7	8	9	10	2	3	4	5	6	7	8	6	7	8	9	10	11	12	
14	15	16	17	18	19	20	11	12	13	14	15	16	17	9	10	11	12	13	14	15	13	14	15	16	17	18	19	
21	22	23	24	25	26	27	18	19	20	21	22	23	24	16	17	18	19	20	21	22	20	21	22	23	24	25	26	
28	29	30	31	25	26	27	28	29	30	23	24	25	26	27	28	29	27	28	29	30	31	30						
Қыркүйек							Қазан							Қараша							Желтоқсан							
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс	
					1	2	1	2	3	4	5	6	7				1	2	3	4						1	2	
3	4	5	6	7	8	9	8	9	10	11	12	13	14	5	6	7	8	9	10	11	3	4	5	6	7	8	9	
10	11	12	13	14	15	16	15	16	17	18	19	20	21	12	13	14	15	16	17	18	10	11	12	13	14	15	16	
17	18	19	20	21	22	23	22	23	24	25	26	27	28	19	20	21	22	23	24	25	17	18	19	20	21	22	23	
24	25	26	27	28	29	30	29	30	31	26	27	28	29	30	24	25	26	27	28	29	30	24	25	26	27	28	29	30
																									31			

5 мереке күндері
 5 демалыс күндері
 5 жұмыс күндері

7. а) Жоғарыда аталған мерекелерді күнтізбеден табыңыз, белгілеңіз.

б) Қандай мерекелер туралы оқыдыңыз: мемлекеттік мереке туралы ма? Кәсіби мереке туралы ма? Діни мереке туралы ма?

8. Қазақстан мерекесі туралы не білдіңіз? Айтыңыз.

Мысалы былай:

- Мен бұрын Ата заң мерекесі туралы білмедім.
- Білім күні тойланатынын білу – _____.
- Ең қызықтысы – _____.

9. Әңгімелесуге дайындық.

Сұрақтар. Күнтізбедегі қызыл күндер мәтінінде жауабы бар.

Қандай мереке? _____.

Қашан тойланады? _____.

Не туралы? _____.

Кімдер қатысады, кімдер тойлайды? _____.

Қайда өтеді, қайда өтті? _____.

10. Осылай ма, жоқ па?

	ИЯ	ЖОҚ
Наурыз – діни мереке.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
1 қаңтарда қазақстандықтар демалмайды, жұмыс істейді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Әйелдер 8 наурыздағы сыйлықты армандайды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8 наурыз Қазақстанда жұмыс күні емес.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8 наурызда ерлерге гүл сыйлайды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Жетінші мамырда әйелдер ерлерді құттықтайды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Кешке 9 мамырда сағат 22-де от шашу болады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
1 мамырда студенттер мен оқушылардың демалысы болады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

11. Шетелдік болсаңыз, сіздің елде қандай негізгі мемлекеттік және отбасылық мерекелер бар? Оларды қалай тойлайды?

Мысалы, былай бастайық:

- Ең үлкен мемлекеттік мереке – _____.
- Бізде тағы да отбасылық мереке тойланады. Мысалы, _____.
- Бұл күндері Қазақстандағыдай _____.

Құттықтауға болатыны қандай жақсы!

Ілік септігі: меншіктік мағына (кімнің?)

Асқардың інісінің (Айжанның, сіңлісінің) жақында туған күні болады.

Менің	Біздің
Сенің сіздің	Сендердің сіздердің
Оның	Олардың

12. Кімнің туған күні?

– Назгүл, ертең Айман апайдың туған күні ғой, білесің бе?

– Кімнің? Айман апайдың ба? Жоқ, оның ертең туған күні екенін білмеймін.

Ертең _____ мерей тойы. Білесіз бе?

Саят Жоламанұлы Айнаш Серікқызы

Сәуле Жақсылыққызы Массат Берікұлы

Кімнің? Жоқ, оның мерей тойы екенін білмедім.

Назым, ертең Гүлжанның туған күні екенін білесің бе?

Жания Жанат Асқар Қайрат

Кімнің? Жоқ, ертең Гүлжанның туған күні екенін білмеймін.

13. а) Қалай дұрыс айтуға болады?

Сіз ертең балаңыз _____ туған күні екенін айтып отырсыз ба?

Ол кеше қызы _____ туған күні болғанын айтты.

Сіз досыңыз _____, құрбыңыз _____ ба, жақында мерей тойы болатынын айттыңыз ба?

Бірінші қыркүйек барлық оқушылар _____, студенттер _____, гимназия, лицей оқушылары _____ білім күні.

Сен жаңа достарың _____ туған күнін білесің бе?

Мұғалімдер мен оқытушылар _____ кәсіби мерекесі қазанда.

Жалпы мемлекеттік мерекелер _____ нақты күні бар.

Барлық әскери офицерлер мен солдаттар _____ кәсіби мерекесі – жетінші мамыр.

б) Жұмыс дәптеріңізге жазыңыз.

Қалай құттықтауға болады?

Мерекеңізбен!

Мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Мұғалімдер күнімен құттықтаймын!

Рақмет.

Үлкен рақмет.

Сізді де құттықтаймын.

Кімді?	інімді	құттықтау
	сіңлімді	
Немен?	жаңа жылмен мерейтоймен	

Кімге?	Жанатқа	тілеу
	Сәкенге	
Нені?	Бақыт, табыс	

14. Сегізінші наурызда, жетінші мамырда, жиырма екінші наурызда, бірінші қыркүйекте Қазақстанда кімдерді құттықтайды? Осы күндері кімге денсаулық, бақыт, табыс тілейді?

15. Диалогті тыңдайық.

а) Кім сөйлесіп жатыр: туыстар ма, таныстар ма, әріптестер ме? Ретімен орналастырыңыз.

С – Самат **Н** – Назгүл Ақжанқызы

№	С/Н	
		– Менің досым да сізге сәлем айтып жатыр, ол да сіздің немереңізге, Маржанға зор денсаулық тілеп жатыр. Атын кім қоясыздар? Шешіп қойдыңыздар ма?
		– Немен?
		– Сәлеметсіз бе, Назгүл Ақжанқызы!
		– Сәлемет пе Самат!
		– Иә, біз өте қуаныштымыз. Немерелі болғымыз келді, көптен бері немере құттік. Рақмет.
		– Біз де қатты қуандық.
		– Мен сізге немереңіздің денсаулығы күшті болсын, ақылды болсын, әдемі болсын деп тілеймін.
		– Назгүл Ақжанқызы, сізді құттықтауға бола ма?
		– Сіздің ұлыңыздың қызы дүниеге келген сияқты?
		– Ең бастысы, ол жақсы адам болса болды. Рақмет саған, Самат! Құттықтағаныңа рақмет!
		– Әлі атын қойған жоқпыз. Балам ұл болады деп ойлап, Дәурен деп атаймын деген екен, қыз болды. Немерем үйге келген соң, бәріміз бірге ойланып, қоярмыз.

б) Кім кіммен сөйлесіп жатыр?

Назгүл Ақжанқызын Самат немен құттықтады?

Ол не сұрады?

Назгүл Ақжанқызы не деп жауап берді?

Жазамыз

в) Жұмыс дәптеріне Саматтың Назгүл Ақжанқызымен сөйлескен сөзін жазыңыз.

16. Міндетті түрде құттықтаймыз!

Жағдаят:

1. Сіз қазақ әріптесіңіздің туған күні екенін білдіңіз. Оны қалай құттықтайсыз?
2. Жаңа жылға аз ғана күн қалды. Сіз көшеде қазақ тілі курсының директорын кездестірдіңіз. Оны қалай құттықтайсыз?
3. Жазда жаңа жайда сіз бір жас қызбен / жігітпен таныстыңыз. Сіз оны ойламаған жерден көшеде кездестіріп қалдыңыз. Ол университетке оқуға түскенін айтты. Сіз оны қалай құттықтайсыз?
4. Сіздің қазақ досыңыздың / құрбыңыздың баласы дүниеге келді. Сіз оған телефон шалдыңыз. Себебі сіздің оны құттықтағыңыз келді. Құттықтаңыз.

17. Сіз наурызға құттықтау жіберуді ұмытқан жоқсыз ба?

Жағдаят

1. Жақында танысып, бірге жұмыс істей бастаған фирма директорына құттықтау жазып отырсыз.




Құрметті _____

Құрметпен _____

(күні)

Жіберу

 dos@mail.kz x

Тақырып: Салем !

Файлды қосу

Ж К Ч А [icons]

Құрметті _____

Құрметпен _____

(күні)

2. Сіз интернет арқылы танысқан қазақ досыңызға / қазақ құрбыңызға құттықтау жазып отырсыз.

Мерекеге қонақ шақырамыз!

Қалай шақырамыз? Қалай кеңесеміз! Қалай рұқсат береміз немесе қалай тыйым саламыз?

Жаңа грамматика

Бұйрық рай (императив)

Бұйрық райда етістік мына мағыналарды білдіреді:

Шақыруды

- Келіңіз, шешініңіз, төрлетіңіз! Отырыңыз.
- Дәмнен алыңыз! Қуырдақтан алыңыз! Шай алыңыз!

Іс-әрекет процесін

- Оны мұқият тыңдаңдар!

Рұқсат, кеңес

- Мұнда отырайын, бола ма?
- Отырыңыз, отырыңыз.
- Фильм көре тұрыңыз, мен қазір шай әзірлейін.
- Мына кітапты оқыңыз, өте қызық.

Тыйымды

- Мұнда отырмаңыз, суық.

18. Мақал-мәтелде берілген бұйрық мағыналы сөйлемдерге назар аударыңыз.

- 1) Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.
- 2) Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.
- 3) Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла.
- 4) Жігіттің жұмсаған күшін сұрама,
Бітірген ісін сұра.
- 5) Дұшпанға тастай қатты бол,
Досыңа балдай тәтті бол.
- 6) Мыңның түсін танығанша,
Бірдің атын біл.

Қонақты қашан шақырамыз?

Қашан, қай күні?

Қазақстанда әйелдер күні қашан тойланады?

- Сегізінші наурызда.

Қазақстанда оқу жылы қашан басталады?

- Бірінші қыркүйекте.

Жаңа жыл қашан басталады?

- Жиырма екінші наурызда және бірінші қаңтарда.

Ол бізді қашан қонаққа шақырды?

- Сегізінші тамызда.

19. а) Оның туған күні қашан болды?

Оныншы қазан	үшінші желтоқсан
Сегізінші желтоқсан	отыз бірінші наурыз
Отыз бірінші тамыз	он бесінші ақпан

б) Туған жылыңыз, туған күніңіз қашан?

15.03.1955	10.10.1981	31.08.1978	15.02.2010	24.12.1951
31.03.1983	01.01.1955	09.05.1969	08.05.1976	

20. Бұл туралы білесіз бе?

Еуропада Рождество мерекесі қашан тойланады?

Оқу жылы қай елде қашан басталады?

Туған күніңіз, туған жылыңыз қашан?

Қазақстанда Конституция күні қашан?

21. Сіздің туыстарыңыз, достарыңыз көп. Күнгізбеге туыстарыңыз бен достарыңыздың туған күндерін белгілеңіз. Оқып шығыңыз, қай күндері туыстарыңыз бен достарыңызды құттықтайсыз?

Қонаққа шақырамыз

шақыру	кімді? қашан?	Сәкенді, Дәуренді сенбі күні
--------	------------------	---------------------------------

22. Қазір сіздер телефондағы әңгімені тыңдайсыздар. Олар не айтты?

– Алло, тыңдап тұрмын.

– Қайырлы кеш / Қайырлы күн / Қайырлы таң. Мен кештеу / ерте телефон шалып тұрмын ба?

– Жоға, о не дегеніңіз. Мен ешқашан ерте / кеш жатпаймын.

– Ұлжан / Алмас, сізді Алмаспен / Олжаспен қонаққа / қонақ үйге шақырғымыз / құттықтағымыз келеді. Отырып музыка тыңдайық / теледидар көрейік, билейік.

– Тамаша, қуана-қуана келеміз / өкінішке орай бара алмаймыз.

– Онда біз сіздерді жұмада / дүйсенбіде кешкі сағат жетіде / сегізде күтеміз. Бола ма?

– Жақсы, жұма күні кешке / кешкі бесте біз боспыз.

– Жақсы, онда. Жұма күні кешке кездескенше.

– Кездескенше, Айдос. Сау бол. Шақырғаныңа / құттықтағаныңа рақмет.

23. Әңгіме мазмұны осылай ма, жоқ па?

Айдос Ұлжан мен Алмасты қонаққа шақырды.

Айдос Ұлжанды мерекемен құттықтады.

Ұлжан мен Алмас қазір қонақ үйде тұрады.

Айдос қонақтарды жұма күні кешке күтеді.

24. а) Қандай әңгіме болды? Кім не айтты? Тыңдап, ретімен жазамыз. 1,2, 3. А немесе Б

I.

Б – баласы Ә – әкесі

№ Б/Ә

		– Иә, бәрі жақсы. Бәріміз аман-есенбіз. Анам қайда, анамды да құттықтағым келеді.
		– Жақсы.
1	A	– Алло, әке, жаңа жылыңыз құтты болсын!
		– Сіздерге де соны тілеймін.
		– Анам екеуіңіз ертең кешке бізге келесіздер деп ойлаймын.
		– Онда мен кешірек телефон шаламын.
		– Ол қазір үйде жоқ. Дүкенге кетті.
		– Рақмет, Мұрат! Сендерді де құттықтаймын.
		– Біз Маржан екеуіміз сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір мен бақыт тілейміз.
		– Тырысамыз. Шақырғаныңа рақмет. Немерелерім қалай? Аман ба?

II.

Б – баласы А – анасы

№ Б/А

		– Иә, иә қателесіп кетіппін. Бүгін бейсенбі деп ойласам, жұма екен ғой. Онда ертең кездесеміз. Кездескенше, Мұратжан. Келінге, балаларға сәлем айт.
		– Ертең қай күн? Сенбі ме?
		– Рақмет, ана. Ертең әкем екеуің үйде қонақта болсаңыздар, қатты қуанар едім.
		– Сау бол, ана, күтеміз.
		– Қалайша ертең? Әкең айтты ғой, сендер бізді сенбіге сағат беске қонаққа шақырып жатыр деп.
		– Алло, Мұратжан, туған күніңмен, күнім. Әкең сияқты әдемі де мықты болуыңды тілеймін. Әрине, бақытты болуыңды тілейміз.

б) Кім кіммен сөйлесті?

Кім кімді қашанға шақырды?

Кім қонаққа келеді, кім келмейді?

25. Қонаққа шақырамыз, бізді қонаққа шақырады.

Жағдаят

1. Сіз өзіңіздің жаңа әріптесіңізге демалыс күні қонаққа шақыру үшін телефон шаласыз. Ол сіздің шақыруыңызды қабыл алды.
2. Сізді жаңа жылға қонаққа шақырды, сіз бара алмайсыз.
3. Сіз мерекеге өзіңіздің қазақ тілі пәнінің оқытушысын шақырғыңыз келеді.
4. Сіздің бұрынғы достарыңыз жаңа жылды бірге қарсы алуға сіздерді шақырды. Бірақ бұл жолы сіздің басқа жоспарыңыз бар.

26. Сыйлық жасаған қандай жақсы.

Жағдаят:

Сіз Қазақстанда оқып жүрсіз бе, әлде іс-сапардасыз ба? Сатып алғыңыз келсе, қай жарнама қызықтырады:

- а) сегізінші наурызға анаңызға / қарындасыңызға / құрбыңызға сыйлық;
- б) балаларыңызға жаңа жылға арналған сыйлық;
- в) досыңызға / құрбыңызға туған күніне сыйлық;
- г) атаңызға / көкеңізге жаңа жылға / туған күніне сыйлық;
- д) таныстарыңызға / әріптестеріңізге қазақ ұлттық кәде сыйлары.

27. Сіз мұнымен келісесіз бе?

Белгілі ағылшын жазушысы Оскар Уайльд айтыпты: «Сыйлықтар екі категорияға бөлінеді: бізге ұнамайтын сыйлықтар және біз алмаған сыйлықтар».

Сізге ұнамайтын сыйлықтар сыйланды ма?

Қандай сыйлық алғыңыз келіп еді, бірақ оны сізге сыйлаған жоқ?

Қалай ойлайсыз, сіздің балаларыңызда, ата-аналарыңызда оларға ұнамаған сыйлықтар болды ма?

Ал сіз білесіз бе, олар қазір сыйлыққа не алғысы келеді?

Қонақ күтеміз!

Қонақ күткен жағдаяттағы сөйлеу этикеті

Келіңіз, төрлетіңіз!

Кіріңіздер, төрлетіңіздер! Біз сіздерді күтіп отырмыз. Қош келдіңіздер!



- Астан алыңыз, қазы-қартадан алыңыз, анамның сүрлеген қазысы.
- Шай алыңыз. Мына бүлдірген тосабын да анам әзірлеген. Жаңа ғана дайындағандай, иісі аңқып тұр. Торттан алыңыз, Мұны кіші әпкем Салтанат дайындаған. Қараңызшы бал татып тұр.
- Рақмет, бәрі дәмді екен.

**28. Қазақтар қонақты қалай күтеді? Не болады, не болмайды?
Бұл туралы не білесіз, тексеріп көріңіз. Тестті орындаңыз. Сіздерде қалай?**

1) Қонаққа қашан баруға болады?

- Қазақтар кез келген уақытта қонаққа шақыра береді.
- Қазақтар, әдетте, түскі асқа немесе кешкі шайға шақырады.
- Қазақтар, әдетте, сенбі немесе жексенбі күндері қонаққа шақырады.
- Қазақтар қонақта, әдетте, 3-4 сағат отырады.
- Қазақтар шақырған жерге ешқашан кешікпейді.

2) Қонақты қалай шақыруға болады?

- Қонақтарды телефон арқылы шақыруға болады.
- Мерейтойға немесе үйлену тойына арнайы шақыру қағазын дайындайды.
- Бірінші қонақтарға шақыру қағазын жазу керек, содан кейін телефонмен хабарласып, шақыруға немесе ауызша айтып шақыруға болады.

3) Қонақтарды қалай қабылдау керек?

- Келген қонақтарды төрге шақырады.
- Келген қонақтарға үй иесі үйін көрсетеді.
- Қазақтарда фуршет болмайды.
- Үстел басында қонақтар үй иесіне жақсы тілектер айтады.
- Үй иелері қонақтарды алдарына қойылған дәмнен алып отыруын өтінеді.
- Келген қонақтар үй иелеріне алғысын, рақметін айтады.

4) Не сыйлау керек?

- Қонақтар, әдетте, қонаққа келгенде, үй иелеріне (әйел адамға) гүл, торт, конфеттер әкеледі, ер адамға коньяк немесе шампан әкеледі.
- Әдетте, қонақтар гүл мен кәмпит қана емес, дәмді тағам да ала келеді.
- Қонақтар үнемі сыйлық әкеледі.
- Сыйлықтарды тек қана туған күнге, мерейтойға, нәресте дүниеге келгенде әкеледі.
- Туған күнге не сыйлауға болады, өзіңіз ұсыныңыз.
- Үйлену тойына не сыйлауға болады, өзіңіз ұсыныс айтыңыз.

5) Не туралы сөйлесеміз?

- Егер қонақтар мен үй иелері жақсы таныс болса, онда олар отбасы туралы, балалары туралы, олардың білімі туралы тіпті қаржы мәселесі туралы да сөйлеседі.
- Қонақта, әдетте, саясат туралы, экономикадағы мәселе туралы да, спорт туралы, әсіресе, футбол туралы, мәдениеттегі жаңалықтар туралы да әңгімелеседі.

Мерекелік дәм



29. а) Қазақтар мерекелік дастарқанға әдетте бауырсақ, нан түрлері, қазы, қарта, шұжық, көкөністер қояды. Ыстық тағам ретінде қазақша дайындалған ет немесе манти ұсынады. Ал десертке жент, ірімшік (кептірілген), жеміс, шығыс тәттілері, торт ұсынылады, шай беріледі. Сіздің отбасыңызда, сіздің елде мерекелік дастарқанға не қойылады?

б) Жаңа жылда немесе туған күніңізде қонақтарыңызды немен сыйлайсыз? Жазда, күзде, қыста, көктемде қандай дастарқан ұсынасыз? Қандай тағам түрлері болады?

30. Олар не айтты?

Мен ешқашан балық жемеймін.

Мен ешқашан ет жемеймін.

Ол ылғи асығып жейді.

Менің қызым өте жай, асықпай жейді.

Мақсат, ақ нан жедің бе?

Маржан, сен торт, жент жедің бе?

Қазақтар, әдетте, мерекеде не жейді?

_____ жегің келе ме?

_____ пицца жемейді.

_____ ет жей ме?

_____ уылдырықты күнде жемейді.

_____ сары маймен нан жейсің бе?

_____ кешке бәріміз бірге жейміз.

Мерекелер туралы әңгімелейміз

Аяқталмаған іс-әрекетті білдіретін етістіктер (автордың жеке көзқарасы)

Жиі, ұзақ, ылғи, әдетте + не істеу

Біз **ылғи** жаңа жылды анамның үйінде тойлаймыз.

Олар достарын **жиі шақырады**.

Ардақ, **әдетте**, бізді Наурызбен **құттықтамайды, жиі ұмытып кетеді**.

Іс-әрекеттің аяқталғанын білдіретін етістіктер (автордың жеке көзқарасы)

Кенеттен, күтпеген жерде, ақырында + не істеді

Кеше біз Жаңа жылды күшті **қарсы алдық**.

Олар өздерінің достарын сенбіге **шақырды**.

Осы жылы Ардақ бізді **жаңа жылмен құттықтады**.

Ол оған өте жақсы сыйлық **сыйлады**.

Күтпеген жерден ол Толғанайға **телефон соқты**.

31. Сөйлемді толықтырыңыз

Сыйладым ба / сыйлаймын ба?

Мен анам мен құрбы қызымның туған күндерінде үнемі гүл _____.

Тіледім бе / тілейді ме?

Ата-аналар балаларына ылғи денсаулық пен бақыт _____.

Таңдады ма / таңдайды ма?

Ол сыйлықты үнемі мұқият _____.

Әкелді ме / әкеледі ме?

Болат үнемі шампан _____.

Құттықтай ма / құттықтайды ма?

Біздің директорымыз үнемі сегізінші наурызбен _____.

Айырбастады ма / айырбастай ма?

Олар үнемі ақшаларын аэропортта _____.

Безендірді ме / безендіреді ме?

Ол баласымен бірге 31 желтоқсанда шыршаны _____.

32. Қандай етістіктердің алдындағы сөз мына сұрақтарға жауап береді?

Кімді? Нені?

Кімге? Неге? Қайда?

Кіммен? Немен?

Әкелу, құттықтау, ұсыну, бару, жеу, жеп қою, дәмін көру, тойлау, келу, безендіру, шақыру, сыйлау.

33. а) Қалай айтуға болады? Мына етістіктерден кейін қандай етістік болуы мүмкін?

Ақша	<i>кімге?</i>	сыйлау
Шыршаны	<i>не?</i>	дәмін көру
Сыйлық	<i>кімді?</i>	құттықтау
Ойыншық	<i>кіммен?</i>	ұсыну
Бақыт	<i>немен?</i>	келісу
Мерекемен	<i>не туралы?</i>	келу
Салат		қайтып келу
Табыс		айырбастау
Денсаулық		безендіру
		тілеу
		дайындау

б) Жұмыс дәптеріңізге жазыңыз, олар не істейді?

34. Қалай немесе қандай ? қажеттісін таңдаңыз.

_____ ойлайсың, Назым оған хабарласа ма?

Сіздер де қонақты _____ қарсы алады?

Ертең _____ мереке?

Жаңа жылды _____ қарсы алдыңыздар? Көңілді болды ма?

Сенбіде ауа райы _____ болады екен?

Ардақтың үйіне _____ баруға болады?

Кеше сендерде _____ мереке болды?

Оны _____ тойладыңдар?

Анаңа _____ сыйлық таңдадың?

_____ кітап сатып алдың?

Көлік жоқ қой, үйге _____ жетеміз?

Мына тапсырма қиын ғой, _____ орындадың?

35. Сіз туралы әңгімелесейік пе?

Сіз жиі сыйлық жасайсыз ба?
Сіз қонаққа барғанда, үнемі гүл апарасыз ба?
Сіз шыршаны ұзақ безендіресіз бе?
Осы жылғы жаңа жылда шыршаны жылдам безендірдіңіз бе?
Үйге үнемі ерте қайтасыз ба?
Сегізінші наурызды сіздер тойлайсыздар ма?
Сыйлықты ұзақ таңдайсыз ба?
Қонақта соңғы рет қашан болдыңыз? Кімде болдыңыз?
Қандай мереке болды? Сіз не сыйладыңыз?
Сыйлықты жылдам таңдадыңыз ба?
Сіз гүл әкелдіңіз бе, кәмпит әкелдіңіз бе?
Үйге қашан қайттыңыз?

Кім не айтты?

Ақпаратты хабарлау: _____ айтты, _____ хабарлады, _____ білді, _____ жауап берді.

Ол: Жеңіс бізді сенбіге қонаққа шақырып жатыр, – деді.

Ол Жеңістің бізді қонаққа шақырғанын айтты.

Іс-әрекетке шақыру, бұйрық, рекомендация

Ол: Жеңіс, оларды сенбіге қонаққа шақыр, – деді.

Ол Жеңіске біздерді сенбіге **қонаққа шақыруды** айтты.

Біз сізге сіздің денсаулығыңыздың **жақсы болуын** тілейміз.

Мен сізге деніңіздің **сау болуын, күшті болуын тілеймін.**

Іс-әрекеттің мақсаты

Мен конференцияның **қашан басталатынын білуге** келдім.

Біз мұнда конференцияға қатысу үшін келдік.

36. Олар не айтты?

Ол келетінін,

Ол Айжанмен кездескенін,

Ол осы кітапты оқығанын,

Ол кеше келгенін,

Олар демалыста болғандарын **айтты.**

Толғанай: – Жаңа жылға аз күн қалды, – деді.

Толғанай Жаңа жылға аз күн қалғанын айтты.

Асқар: – Анам Жаңа жылмен құттықтады, – деді.

Асқар анасының Жаңа жылмен құттықтағанын айтты.

Анам: Қарлығашты Жаңа жылмен құттықта, – деді.

Анам Қарлығашты Жаңа жылмен құттықтауымды сұрады.

Мақсат: – Маған жаңа мекенжайыңды міндетті түрде жазып жібер, – деді.

Мақсат жаңа мекенжайымды міндетті түрде жазып жіберуімді сұрады.

Қасым: – Бізге Жаңа жылда үйге келіңіздер, өтінемін, – деді.

Қасым Жаңа жылға үйге келуімізді өтінді.

37. Сөйлемді толықтырыңыз.

Біз мұнда оқу _____ келдік.

Ол сізге ылғи осындай көңілді болу _____ тілейді.

Мен Үміттің қонаққа келген _____ қалаймын.

Анам Саматтың шырша сатып алатын _____ айтты.

Ержан анамның торт пен жеміс-жидектер сатып алған _____ айтты.

Ол ертең торт пен сыйлықтар сатып алу керек _____ біледі.

Әкем Дастанға денсаулығының жақсы болу _____ тіледі.

38. Сонымен, мереке қалай болды?

а) жұмыста әріптестерге / достарға

ә) курс оқытушысына

қазақ таныстарыма жазған хатта мерекенің қалай өткенін **әңгімелейміз.**

– Керемет / тамаша / онша емес /

Мен / біз / _____ болдық.

(мерекені қашан, қайда өткіздіңіз?)

(не істедіңіз?)

(Мереке кезінде қызықты не болды?)

(Мерекеде қандай дәмді тамақ жедіңіз?)

(Үйге қашан қайттыңыз, қалай дем алдыңыз?) жазамыз.

БЕСІНШІ САБАҚ

Қайталаймыз

1. Сөздер мен грамматиканы қаншалықты білесіз?

Нұсқау.

Берілген тапсырманы орындауыңыз керек. Орындау уақыты 30 минут.
Сөйлемдерді оқыңыз. Қажетті сөзді (а, б немесе в) таңдаңыз. Белгілеңіз.

1. – Көріп тұрсың ғой, бұл спектакль емес, мамырда тағы болады.

- А) келесі
- В) соңғы
- С) алдағы

2. – Бізде, жоғары сыныпта информатиканы

- А) болмайды
- В) зерттемейді
- С) оқымайды

3. айда міндетті түрде біздің құжаттарымызды қайтарыңыз.

- А) Ол
- В) Осы
- С) Кейін

4. – Сенің осы жарысқа?

- А) барасың ба
- В) барғың келе ме
- С) жақсы көресің бе

5. – Сіз скейтбордте сырғанай ба?

- А) білесіз
- В) аласыз
- С) көресіз

6. – Менің әпкем банкте болып жұмыс істейді.

- А) экономист
- В) экономикада
- С) экономистке

7. – Сіз білесіз бе?

- А) мына кісілер
- В) мына кісілерді
- С) мына кісілерге

8. – Маған да, да рок музыка ұнайды.

- А) менің құрбымды
- В) менің құрбымда
- С) менің құрбыма

9. – аты кім?

- А) Мына қызды
- В) Мына қыздың
- С) Мына қыз

10. – Біз сенен факс келгенде қатты

- А) қуанды
- В) қуанады
- С) қуандық

11. – Менің сөздігім бар, бірақ ол керек.

- А) менге
- В) маған
- С) мен

13. – Міне, мына альбом

- А) біздің жазғы демалысымыз туралы
- В) бізде жазғы суреттер
- С) бізбен жазғы суреттер

15. – Дүйсенбі күні таңертең хабарласыңыз.

- А) сіздің редактор
- В) өзіңіздің редакторыңызға
- С) сіздердің редактор

17. – Ол қашан барады?

- А) іс сапар
- В) іс сапарға
- С) іс сапарда

19. – кешігуге болмайды

- А) Сабақ
- В) Сабаққа
- С) Сабақтар

21. – Кешке теңіз жағасына қыдыруға

- А) келу
- В) барайық
- С) жүрейік

12. – білу керек еді.

- А) Осы қазақстандық спортсмендерге
- В) Мына қазақстандық спортсмендер
- С) Мына қазақстандық спортсмендер туралы

14. – Сіз суреттер тарихына

- А) қызыға ма
- В) қызығасыз ба
- С) қызық па

16. – Ол бес жыл тұрды.

- А) Оңтүстік Америкада
- В) Оңтүстік Америкаға
- С) Оңтүстік Америка

18. – Жазда ол да осы оқыды.

- А) курстың
- В) курсқа
- С) курста

20. – Бізді қонаққа

- А) құттықтады
- В) шақырып қойды
- С) ұсынды

22. – Ол қыста қай жерде жақсырақ демалуға болады деп кеңес сұрады.

- А) Олжас
- В) Олжасқа
- С) Олжастан

23. – Олардың лекциясы тек қана қазанда басталады.

- А) үш
- В) үшінші
- С) үшіншіде

25. – Ауа райы салқын және боранды болды.

- А) күнде
- В) әр күн
- С) күндегі

27. – Кеше біз оларды вокзалда ұзақ

- А) күту
- В) күттік
- С) күтеміз

29. – Менің міндетті түрде велосипед тебуді

- А) үйрену
- В) үйрен
- С) үйренуім керек

31. – Бұл менің әріптесім емес, әпкесі.

- А) менің
- В) оның
- С) өзімнің

33. – Маған сыйлады.

- А) әдемі итальяндық шәйнек
- В) әдемі итальяндық шәйнектен
- С) әдемі итальяндық шәйнекке

24. – Олар маусымда келеді.

- А) бір
- В) бірінші
- С) біріншімен

**26. – Сіздер кеше кешке қайда болдыңыздар?
– Театрда, біз жаңа опера**

- А) тыңдау
- В) тыңдадық
- С) тыңдаймыз

28. – Сіздер аттестат, әлде жоқ па?

- А) алдың
- В) алдыңыздар ма
- С) аласыңдар

30. – Біз қай жерден бассейнге билет ?

- А) сатып алу
- В) сатып ала аламыз
- С) сатып ал

32. – Маған беріңізші.

- А) осы сөздікті
- В) осы сөздік
- С) осы сөздіктің

34. – Сіз білесіз бе?

- А) оның аты
- В) оның аты-жөнін
- С) оны атымен

35. – Мұнда компьютерде интернет кафе бар.

- А) жұмыс істеуге болатын
- В) жұмыс істеу
- С) болатын

37. – Менде жоқ.

- А) қазақ теңгесі
- В) қазақша теңге
- С) қазақы теңге

39. – Бізге қанша ауыстыру керек екенін кім біледі?

- А) ақшалар
- В) ақшаға
- С) ақша

41. – Бақыт жақында әпкесі ... үміттенеді.

- А) келеді деп
- В) келеді
- С) келсе

43. – Кешіріңіз, сіз телефон шалдыңыз?

- А) кім
- В) кімге
- С) кімді

45. – Ол бүгін кешке хабарласты.

- А) маған
- В) мені
- С) мен

36. – кешке хабарлас.

- А) Ол
- В) Оған
- С) Оны

38. – Ол Мақсаттың келетінін біледі.

- А) егер
- В) қашан
- С) үшін

40. – Мына колледжінің екенін білесіз бе?

- А) қайдан
- В) қай жерден
- С) қайда

42. – Ол қазақ тілін..... үйрендің, – деп сұрады.

- А) қайда
- В) қайдан
- С) қанша

44. – Анам бірінші университетті бітіру айтты.

- А) керек
- В) керек деп
- С) керек деді

46. – Менің досым айналысады.

- А) баскетбол
- В) баскетболмен
- С) баскетболды

47. – Осы жылы бізде емтихан жоқ.

- А) қазақ тілі
- В) қазақ тілінен
- С) қазақша

49. – Одан сұрашы, ол бізге суреттерін жіберді екен?

- А) қандай
- В) қалай
- С) қайда

51. – Менің құрбым ұзақ айналысты.

- А) шейпинг
- В) шейпингпен
- С) шейпингті

53. – Оның жиені әлі оқиды.

- А) хореографиялық училищеде
- В) хореографиялық училище
- С) хореографиялық училищені

55. – Біздің құрама командамыз осы чемпионатта жеңіп алды.

- А) алтын медальға
- В) алтын медаль
- С) алтын медальмен

57. – Сен оларға бүгінгі кездесу туралы келістің бе, мен оларға хабарласайын.

- А) егер
- В) онда
- С) егерде

48. – Ол біздің концертке ... қалайды.

- А) баруды
- В) барғанымызды
- С) барғанды

50. – Оның танымал, белгілі спортшы екенін сен айтып едің ғой, ал мен ештеңе білмеймін.

- А) оны
- В) ол
- С) ол туралы

52. – Біздің жиеніміз ... түсіп қойды.

- А) гимназия
- В) гимназияға
- С) гимназияны

54. – Олар кеше келіскен.

- А) осы кездесу
- В) осы кездесу туралы
- С) осы кездесумен

56. – Ол оған сыйлағысы келді.

- А) өзінің суретін
- В) өз суреті
- С) өзінің суреті

58. – Әлемде қаншама бар, білесің бе?

- А) әр түрлі тіл
- В) әр түрлі тілде
- С) тілдер

Ең жас гроссмейстермен танысқыңыз келе ме?

2. Оқылымға арналған мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) жалқаудың «ертеңі» бітпейді.
- B) көркем әдебиет көп нәрсені үйретеді.
- C) классикалық әдебиеттерді көп оқимын.
- D) уақытымды үнемді пайдаланамын.

2. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

A) уақыт алтыннан қымбат дегенді қалай түсінесіз?

- B) уақыт дегеніміз не?
- C) мәтіндегі кейіпкер уақытты бағалай ма?
- D) сіз уақытыңызды бағалайсыз ба?

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) менің күн тәртібім бар.
- B) оның өмір ұстанымы – уақытты бағалау.
- C) уақыт – алтыннан қымбат.
- D) менің ештеңеге уақытым жетпейді.

4. Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.

A) бос болғанда, үй шаруасы, көмектесу, әрбір күн, сағат.

B) қыдыру, сабақ оқу, спортпен шұғылдану, шахмат ойнау.

C) Илияс Есенберлиннің «Көшпенділері», Паул Коэльенің шығармалары.

D) уақыт, шахмат, классикалық әдебиеттер, ертең – кеш, бүгін – қазір.

5. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

A) спортпен шұғылданып, шахмат ойнаймын.

B) белгіленген уақытта мен қыдырамын.

C) жапон халқында «Ертең – кеш, бүгін – қазір» деген сөз бар екен.

D) үй шаруасына көмектесемін.

Жауабы:

- 1. K= A
- 2. K= C
- 3. K= B
- 4. K= D
- 5. K= C



Қолым бос болғанда, анама, үй шаруасына көмектесемін. Шахмат ойнаймын, классикалық кітаптар оқимын. Қазір Илияс Есенберлиннің «Көшпенділерін» оқып жатырмын. Мұның алдында Паул Коэльенің шығармаларын түгел ақтарып шықтым.

Өзімнен-өзім уақыт ұрлағанды ұнатпаймын. Жапон халқында «Ертең – кеш, бүгін – қазір» деген сөз бар екен. Мүмкіндігінше, осы ұстаныммен өмір сүруге тырысамын. Себебі менің әрбір күнім, сағатым санаулы. Белгіленген уақытта мен қыдырып, сабақ оқып, спортпен шұғылданып, шахмат ойнап, демалып үлгеруге тиіспін.





Спорттық үлгідегі киімдерге қырын қарамаймын. Классикалық киім кесе де болады. Негізі, «Casual» үлгісіндегі киімдерге басымдық беремін.

Ерлер арасында гроссмейстер болғым келеді. Мүмкін, түбінде Юдит Полгар секілді ерлер арасындағы турнирлерге қатысатын шығармын деп ойлаймын.

Ер адамдармен ойнаған қызық. Ашық біріншіліктерде мен үнемі ер адамдармен ойнауға тырысамын. Өйткені олардың ойлау жүйесі басқа. Ер адамдар ашық ұрысқа да шыға алады, сенің қателігіңді күтіп отырып та ойнай алады.

Ер адамдар әйел адамдарға қарағанда мықты ойнайды. Мені олардың тактикасы мен стратегиясы қызықтырады. Олардың білім көкжиегі де кең. Олардан әрдайым мүлде ойламаған жүрісті күтуге болады.



1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) спорттық үлгідегі киімдер ұнайды.
- B) ашық біріншіліктерде мен үнемі ер адамдармен ойнауға тырысамын.
- C) маған Г.Каспаровтың көпқырлылығы ұнайды.
- D) ер адамдар жақсы ойнайды.

2. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) ер адамдар шахматты қалай ойнайды?
- B) көбінесе қарсыластарыңа қандай тәсіл қолданасың?
- C) шахмат ойынынан өмірлік пәлсапа қалыптастыруға бола ма?
- D) халықаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасовпен туыстығың бар ма?

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) шахматты екінің бірі тиісті дәрежесінде ойнай алмайды.
- B) шахматты пән ретінде енгізген дұрыс емес деп ойлаймын.
- C) Динара Сәдуақасова Юдит Полгар секілді болғысы келеді.
- D) шахматты ақ пен қараның, жақсы мен жаманның тайталасына ұқсатамын.

4. Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.

- A) спорттық үлгідегі киім, классикалық киім, «Casual» үлгісіндегі киімдер.
- B) ерлер арасында, гроссмейстер, шахмат, ер адамдардың ойнауы, ойлауы, білімі.
- C) гроссмейстер, Юдит Полгар, ерлер арасындағы турнирлер.
- D) ашық біріншіліктер, ашық ұрыс, тактика мен стратегия, сенің қателігің.

5. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты таңдаңыз.

- A) спорттық үлгідегі киімдерге қырын қарамаймын.
- B) классикалық киім кесе де болады.
- C) ер адамдардың ойлау жүйесі басқа, білім көкжиегі де кең.
- D) «Casual» үлгісіндегі киімдерге басымдық беремін.

Жауабы:

- 1. К= С
- 2. К= А
- 3. К= С
- 4. К= В
- 5. К= С

Шахмат тақтасын неге ұқсатасың?

- Ақ пен қараның, күн мен түннің, жақсы мен жаманның тайталасына ұқсатамын. Күрес бітпейді. Біреуі жеңеді, екіншісі жеңіледі немесе итжығыс болады. Қашан көрсең, қиян-кескі ұрыс, бітпейтін дау, бітіспейтін жау. Жалғаса береді, жалғаса береді. Өмірде де солай.



1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) шахматқа кездейсоқ келдім дей алмаймын.
- B) шахмат өмірдегі күрес сияқты.
- C) ақ пен қара айқасқан мына өмірде деген ән сөзінде де бар.
- D) шахматты жақсы мен жаманның күресі деуге келмейтін сияқты.

2. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) қандай гроссмейстерлерді білесіз?
- B) шахмат тақтасын өмірге ұқсатуға бола ма?
- C) шахматты неге жатқызуға болады, өнер ме, спорт па?
- D) шахматтағы бір ғана қате жүрісті, өмірдегі шалыс қадам деп айтуға бола ма?

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) шахмат Индияда пайда болған.
- B) өмір жеңістер мен жеңілістерден тұрады.
- C) ең ірі жеңіске былтыр Грецияда өткен әлем чемпионатында жеттім.
- D) шахматты патшалардың ойыны деп те атайды.

4. Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.

- A) жалғаса беру, өмір, солай.
- B) жеңу, жеңілу, итжығыс.
- C) ақ пен қара, күн мен түн, жақсы мен жаман, күресі.
- D) қиян-кескі, ұрыс, бітпейтін дау, бітіспейтін жау.

5. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты таңдаңыз.

- A) ақты ақ, қараны қара деген дұрыс.
- B) мен жақсылық атаулының бәрін анамнан үйрендім.
- C) менің барлық бастамаларымның басында анам тұрады.
- D) ақ пен қараның, күн мен түннің тайталасы.

Жауабы:

- 1. K= A
- 2. K= B
- 3. K= B
- 4. K= C
- 5. K= D

3. Өз өмірбаянымызды жазуға дайындалайық.

Өзің туралы әңгімелеу үшін мына сұрақтарды қандай тәртіппен орналастыру керек?

- Қашан, қайда дүниеге келдіңіз?
- Мектепке қашан бардыңыз?
- Сіздің іні, қарындастарыңыз / сіңліңіз бар ма?
- Олар қашан дүниеге келді?
- Содан кейін қайда оқыдыңыз?
- Қайда тұрасыз?
- Олардың аты кім?
- Мамандығыңыз бойынша кімсіз?
- Сіздің ата-аналарыңыз кімдер?

АЛТЫНШЫ САБАҚ

Өз үйім ...



Бұл сабақтан:

- Қазақстандықтар қайда, қалай тұратыны туралы;
- Теледидар бағдарламасы туралы;
- Қазақ әншісі туралы **білесіз**.
- Қайда тұратынымыз туралы әңгімелеуді (өз ауданымыз, өз үйіміз, өз пәтеріміз);
- Үйімізде қандай тұрмыстық техника, қандай тұрмыстық құралдар бар екенін әңгімелеуді;
- Жарнама бойынша сізге керек тұрмыстық техниканы таңдауды;
- Автожауап берушіні пайдалануды **үйренеміз**.

- Мезгіл мәнді құрылымды:
 - Қашан? Қай уақытта?
 - Қазір сағат қанша болды? **қайталаймыз**:

- Мекен мәнді құрылымның берілуін:
 - Тұр, жатыр, ілініп тұр сияқты етістіктердің қолданысын;
 - Бір нәрсенің жоқ екендігін білдіретін құрылымды;
 - Таңданыстың берілуін;
 - Бағалаудың берілуін;
 - Кезінде, дейін, кейін септеулігімен келген мезгіл мәнді құрылымның берілуін **үйренеміз**.

- Мекен мағыналы құрылымның берілуін;
- Бір нәрсенің бар / жоқ екендігін;
- Таңданыстың берілуін;
- Бағалаудың берілуін;
- Сын есім және үстеудің қолданысын **білетін боламыз**.

Өз үйім – кең сарайдай боз үйім.

Өзіміз тұратын аудан мен үй-жай.

1. а) Қайда тұрасыз?

Жеке үйде ме, пәтерде ме? Үлкен үйде ме? Немесе жатақханада ма? Әлде саяжайда ма?

Сіздің үйіңіз өз үйіңіз бе, әлде жалдайсыз ба?

Сіз осы үйде (осы пәтерде) көптен бері тұрасыз ба?

Сіздің елде, әдетте, үйді, пәтерді, бөлмені бере ме немесе жалға бере ме, әлде сатып аласыздар ма?

Жазда үйіңізде тұрасыз ба, әлде саяжайда тұрасыз ба?

б) Мұнда қандай сөз тіркесі болуы мүмкін?

Пәтер

Жеке бөлмеде

Бір бөлмелі үйді

Екі бөлмелі (сатып алу, жалға алу, жалға беру, тұру)

Саяжай

Үй

Жатақханада

2. Осы пәтерде / үйде сіз кіммен тұрасыз?

Өз жауабыңыздың нұсқасын табыңыз.

- Жалғыз тұрамын / өзім ғана тұрамын.
- Күйеуіммен, қызыммен бірге тұрамын.
- Атаммен, апаммен бірге тұрамын.
- Немереммен бірге тұрамын.
- Анаммен, ініммен бірге тұрамын.
- Сіңліммен және ата-анаммен бірге тұрамын.
- Досыммен бірге тұрамын.
- Өзімнің немереммен бірге тұрамын.
- Қарындасым және ата-анаммен бірге тұрамын.

3. Сіз жақсы ауданда тұрасыз ба?

Сіз басқа жерде тұрғыңыз келе ме?

Мына мәтін сізге жауап беруге көмектеседі.

Қай жерде жақсы тұруға болады, қай жерде онша жақсы емес

Үйін, саяжайын, пәтерін сататын адам сізге қай ауданда тұрған жақсы, үйді қай ауданнан сатып алған немесе жалға алған жақсы екенін әңгімелейді. Дүкендері, мектептері және бала бақшалары, емханасы, ауруханасы көп ауданда және ауасы ең таза, жақсы көршілері, қолайлы транспорты, сулары (өзен, көл) бар, автотұрақтары бар ауданда тұрған жақсы. Элиталы аудан деген не? Орталықтан алыс емес, экологиясы жақсы аудандарды элиталы аудан дейді.

Тұрғындары көп емес аудан – жақсы аудан, себебі онда көлік азырақ болады, ауасы тазарақ болады, дүкендерінде адам аз болады, мектепте де, балабақшада да адам аз болады. Парктері, ағаштары, гүлдері, өзен-көлдері көп болады.

Өкінішке орай, Алматыда, сол сияқты басқа үлкен мегаполистерде осындай жақсы аудандарды табу қиын.

4. Мұнда қандай сөз тіркесі болуы мүмкін?

- | | | | |
|----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|
| <input type="checkbox"/> Үй | <input type="checkbox"/> Таңдаулы | <input type="checkbox"/> Сұрақ | <input type="checkbox"/> Ауа |
| <input type="checkbox"/> Таза | <input type="checkbox"/> Жақсы | <input type="checkbox"/> Мекенжай | <input type="checkbox"/> Телефоны |
| <input type="checkbox"/> Өмірлік | <input type="checkbox"/> Аудан | <input type="checkbox"/> Мәселе | <input type="checkbox"/> |

5. Осындай ма еді? Осындай болмаса ше?

Ол жақсы таңдаулы ауданда тұра ма?

Иә, ол жақсы, таңдаулы ауданда тұрады.

Иә, ол нашар ауданда тұрады.

- Сіздің ауданыңыздың ауасы таза ма?
- Сіз таңдаулы үйде тұрасыз ба?
- Ол жақсы ауданда тұра ма? Олар экологиясы таза ауданда тұра ма?
- Сіздерде, аудандарыңызда мектеп пен балабақша көп пе?
- Сіздің ауданыңызда емхана мен аурухана аз ба?
- Сіздің үйіңіздің қасында көлік көп пе?
- Сіздің үйіңіздің қасында ағаштар, саябақ, гүлдер көп пе?

6. Қала орталығында тұру – жақсы, керемет, престиж ауданда тұру дегенді білдіре ме? Сіз қалай ойлайсыз?

7. Қайсысы жақсы: қала орталығында тұрып, үйден алыс емес жерде жұмыс істеген жақсы ма? Әлде тыныш ауданда тұрып, қала орталығында жұмыс істеген жақсы ма? Шағын қалада тұрып, шағын қалада жұмыс істеген жақсы ма? Әлде ауылда тұрған жақсы ма? Сіз қалай ойлайсыз?

Сіздің пәтеріңіз / бөлмеңіз туралы әңгімелесейік

8. Пәтеріңіздегі бөлмелер қалай аталады? Жиһаз, тұрмыстық техникаларды да атаңыз.

Ас үй (мұздатқыш, газ плитасы, микротолқынды пеш, үстел, орындықтар);



10. Қазақстандықтар қалай тұрады?

Әлеуметтанушылардан нені білуге болады? Сіз өз болжауыңызша қанша пайызды көрсетер едіңіз?

98,6%	теледидар
98,1%	мұздатқыш
96,9%	кіржуғыш
_____	машина шаңсорғыш
_____	микротолқынды пеш
_____	ыдыс жуатын машина
_____	бейнекамера

11. Қандай жиһазды қайдан алуға болады?



Орындықтар мен үстелдерді қайдан сатып алуға болады?

Диван мен креслоны қайдан сатып алуға болады?

Жатын бөлме жиһаздарын қайдан сатып алуға болады?

Шкафты қайдан сатып алуға болады?

Кітап шкафын қайдан сатып алуға болады?

Компьютерлік үстелді қайдан сатып алуға болады?

12. а) Қай жарнама қызықтырады егерде:

- офистік жиһаз;
- жиһаз және балалар бөлмесіне арналған жиһаз;
- жатын бөлмеге кілем сатып алғысы келсе.

б) Сізді қай жарнама қызықтырады? Неге?

в) Қандай тұрмыстық техниканы алғыңыз келеді? Неге?

Сіздің кондиционер, ұялы телефон сатып алғыңыз келеді. Жарнамаларды қараңыз. Қайсысын таңдайсыз? Неге?

Заттың мекенжайының берілуі

13. а) Өзіңіздің сүйікті бөлмеңіздің жоспарын салыңыз, (қай жерде не ілініп тұр, не жатыр, не тұр) неге олай тұр, неге сізге осылай ыңғайлы, әңгімелеңіз.



б) Қайда не тұр? Не жатыр, не ілініп тұр?

Ұқыпты адамның заттары өз орнында болады.

Мысалы, шкаф бұрышта тұр.

в) Сіздің үйіңізде әдетте бәрі орнында тұра ма?


Кітаптарыңыз қайда? Ыдыстарыңыз ше? Ваза ше? Аяқ-киімдеріңіз ше?

Джинсиіңіз, шалбарыңыз қайда?


Киімдеріңіз шкафта ілулі тұра ма, әлде орындықта, креслода, диванда жата ма? Сіз гүлдерді жақсы көресіз бе? Сіздің бөлмеңізде, пәтеріңізде гүл бар ма? Олар қайда тұр?

Теледидарыңыз қайда? Ас үйде ме, жатын бөлмеде ме немесе басқа бөлмеде ме?

14. Бөлмені сипаттаңыз, сипаттауыңыздан үй иесі немен айналысатынын тануға болатындай болсын.



15. Мында адамдардың өз үйлері туралы айтқанын оқыңыздар.



1) Менің мақтанышым – менің гүлдерім. Менде нағыз гүл бағы бар. Гүлдермен сөйлесуге болады. Бұлар – менің нағыз достарым.

2) Менің үйім – менің арманымдағы үй. Мұнда бәрі менің балаларым үшін: үш жатын бөлме, үш жуынатын бөлме және шағын кинозал.

3) Пәтер көрме емес, мұражай емес, ең бастысы иесіне жайлы болса, болды.

4) Менің үлкен қонақ бөлмемде тамаша қазіргі аудиожүйе бар. Мен мұнда ән тыңдағанды жақсы көремін, кейде билеймін.

5) Үй романтикалы болғаны жөн. Менің қала сыртындағы үйімде субұрқақ та бар. Ыңғайлы, әдемі жиһаздар бар: үлкен кереует, шағын үстелдер, жұмсақ дивандар.

6) Нағыз музыкант жақсы инструментсіз тұра алмайды. Жақсы инструмент, мысалы, ақ рояль – пәтердің тамаша сәні.

Таңданыстың берілуі

Жаңа грамматика

*Қалайша анамызға сыйлық алмағансың?
Шынымен анамызға сыйлық алмағансың ба?
Анамызға сыйлық алмағаның рас па?*

Үшін септеулігінің қолданысы

Ұялы телефонды кім үшін сатып алдың?
Әкем үшін, анам үшін.

16. Дұрысы қалай?

Мынаны кімге сатып алдыңыз?

Ініме, анама, құрбыма, досыма, көршіме, қызыма, әпкеме, әжеме.

17. Нақтылайық.

Мысалы былай:

– Мен ініме сыйлық сатып алмадым.

– *Не дедің? Ініме сыйлық алмадым дейсің бе?*

Мен Кенжебек үшін кітап алмадым.

– _____?

Ол әпкесі үшін гүл сатып алмады.

– _____?

Ол қызы үшін сыйлық алмады.

– _____?

Асхат үшін ұялы телефон сатып алу керек.

– _____?

Жеңіс Ләззат үшін жарнама алмады.

– _____?

18. Олар мұны кім үшін істеді?

Қайырбек жатақханада досымен тұрады. Ол теледидар бағдарламасын _____ сатып алды.

Үмітжан інісімен бірге тұрады. Ол _____ концертке билет алды.

Қарлығаш ата-анасымен бірге тұрады. Ол _____ гүл сатып алды. Менің құрбым ата-әжесімен бірге тұрады. Ол _____ жақсы ыдыстар алғысы келді.

19. Таңданайық.

Мысалы былай:

– Мен балаларыма сыйлық сатып алуға барамын.

– *Қалайша, әлі сыйлық алмадым дейсің бе?*

– *Шынымен балалар үшін әлі сыйлық алмағансың ба?*

– *Балалар үшін әлі сыйлық алмағаның рас па?*

– Маған жатын бөлме үшін кілем сатып алуым керек.

– _____?

– Ол қызы мен баласына компьютер сатып алғысы келеді.

– _____?

– Ол асүйге жиһаз сатып алды.

– _____?

– Пәтерім үшін маған жұмсақ жиһаздар алуым керек.

– _____?

– Кабинет үшін компьютер үстелі керек.

– _____?

Бір нәрсенің жоқ екенін қалай айтамыз?

- Қалайша, оларда әлі компьютер жоқ?
- Шынымен оларда компьютер жоқ па?
- Оларда компьютердің жоғы рас па?
- Олар қалай компьютерсіз тұрып жатыр?

Болымсыздықтың берілуі

- Біздің сыныпта теледидар жоқ.
- Ол теледидарсыз тұра алмайды.
- Ол теледидарсыз қалай тұрады?

20. Сіз де таңданыңыз.

Мысалы былай:

- Мына кабинетте әлі үстел жоқ.
- Шынымен мына кабинетте үстел жоқ па?

- Кітапханада факс жоқ.
- _____ ?
- Кабинетте компьютер жоқ.
- _____ ?
- Бөлмеде компьютерлік үстел жоқ болды.
- _____ ?
- Олардың сөздігі болмады.
- _____ ?
- Асүйде мұздатқыш жоқ.
- _____ ?
- Біздің қала сыртында үйіміз, саяжайымыз жоқ.
- _____ ?
- Балконда гүлдер жоқ.
- _____ ?

21. Бірге сөйлесейік!

Топта үш адам жұмыс істейміз.

Мысалы былай:

- Олардың пәтері жоқ.
- Қалайша, әлі олардың пәтері жоқ па? Шынымен олардың пәтері жоқ па?
- Олардың пәтерінің жоғы рас па?
- Олар пәтерсіз қалай тұрып жатыр?

Менің теледидарым жоқ.

- _____ ? _____ ? _____ ?
- Менің компьютерім жоқ.
- _____ ? _____ ? _____ ?
- Олардың машинасы жоқ.
- _____ ? _____ ? _____ ?
- Біздің үйдің лифтiсі жоқ.
- _____ ? _____ ? _____ ?

22. «Қалай миллионер болуға болады» деген ойын кезінде жүргізушінің ойыншыдан сұрағаны: егер миллион ұтып алсаңыз, не алар едіңіз?

Ойыншының жауабы қандай болуы мүмкін? Егер сіз ұтып алсаңыз, не алар едіңіз?

Мезгілдік мағынаның берілуі

Қашан? Қай уақытта? Қазір сағат қанша болды?



23. Сағатқа жиі қарайсыз ба?

Сіздің пәтеріңізде қабырға сағаттары бар ма?

Олар қайда іліулі түр: асүйде ме, дәлізде ме, бөлмеде ме?

24. Мына сағаттарда сағат қанша болды?

25. Сағат қанша болды деп сұраса, қалай жауап береміз?

_____.



Көп уақыт, аз уақыт кеткендігін қалай айтамыз?

– Ол жарнама мен хабарландыруды екі сағат оқыды.

– Ол жарнама мен хабарландыруды ұзақ оқыды ма?

Мына хабар жарты сағат бойы жүріп жатыр.

– Мына хабар **қанша уақыт** жүріп жатыр? (осы хабар ұзақ жүріп жатыр ма?)

Күні бойы біз диван мен орындық сатып алумен жүрдік.

Жаз бойы біз саяжайда болдық.

Өмір бойы мен осындай үлкен, әдемі үйде тұруды армандадым.

26. Дұрысы қалай?

Мезгіл мәнді сөздерге *бойы* көмекші сөзі тіркескенде, іс-әрекеттің ұзақ болғандығын білдіреді.

Күні бойы, күз _____, сабақ _____, тәулік _____, жаз _____, апта _____, жыл _____, қыс _____, түні _____, өмір _____.

Бүкіл жаз, _____ қыс, _____ апта, _____ жыл, _____ өмір.

Іс-әрекеттің жиі болғандығын қалай білдіреміз?

Біз күнде жаңалық көреміз.

Жаз сайын біз Алматыда боламыз.

Сенбі сайын біз саяжайға барамыз.

Жаңа грамматика!

Іс-әрекеттің уақытқа қарай бірізділігінің берілуі

Қашан? Неге дейін? Неден кейін? Ненің кезінде?

– Қашан (қай уақытта?) кездесеміз?

– Сағат бесте, жұмыстан кейін.

– Кешкі астан кейін киноға барайық.

Сырласу хабарында жүргізуші белгілі адамдармен, олардың туыстарымен әңгімелеседі.

Сабақтан	кейін	неден кейін?
Мереке	қарсаңында	қашан?
Сабаққа	дейін	неге дейін?

27. Қандай сұрақтар болды? қай жерде? қайда?

– Институтқа дейін _____ істедіңіз?

– Лекция кезінде олар _____ болды?

– Мектептен кейін _____ болдыңыз?

– Каникул кезінде _____ барасың?

– Хоккейден кейін ол _____ барды?

– Жұмысқа дейін _____ барасың?

– Ол сабақ кезінде _____ болды?

– Гимназиядан кейін ол _____ оқыды?

– Сабақтан кейін олар _____ барады?

– Емтихан кезінде ол _____ тұрды?

28. Қандай әңгіме болды? Кім не айтты? Тыңдаймыз, ретімен жазамыз. 1.2.3....; А немесе Б.

Телефонмен әңгіме:

№	А/Б	
		– Иә, әрине, кешке не алуды шешеміз. Қазір мынаны айтшы, бұл метродан алыс па?
		– Жоқ, өкінішке орай, пәтерде жиһаз жоқ. Бірақ бізге диван, үстел, орындық сатып алу керек деп ойлаймын.
		– Бұл жақсы болды. Онда қалай шешеміз? Жалдаймыз ба?
		– Бесінші қабатта.
		– Бесінші қабатта лифтсіз тұру қиындау. Пәтерде жиһаз бар ма?
		– Жоқ, бес-алты минут жаяу жүру керек.
		– Келістік.
		– Бұл жақсы нұсқа деп ойлаймын.
		– Қалай екен?
1	A	– Алло, Жарқынай, жалдағымыз келген пәтерді көрдім.
		– Пәтер жаман емес, үлкен, жайлы, үлкен балконы да бар, лифті де бар.
		– Жақсы. Жұмыстан кейін сағат алты немесе алты жарымда кездесейік. Содан кейін жиһаз салонына барайық.
		– Қай қабатта екен?

29. Тапсырманы өзіміз таңдаймыз.

1) Сіздің досыңыз / танысыңыз жаңа пәтер алды. Жаңа тұрмыстық техника және тұрмыстық құралдар алғысы келеді. Жарнамаларды қарап, дүкендердің тізімін жасаңыз, мекенжайын, телефондарын жазыңыз. Досыңыздың алғысы келетін заттары қай дүкенде бар екенін жазыңыз.

Бірінші оның жоспарларымен танысыңыз:

– Жаңа, үлкен мұздатқыш сатып алғым келеді, қымбат болса да болады. Содан кейін маған жаңа шаңсорғыш, микротолқынды пеш керек.


Не сатып алу керек	Дүкендердің мекенжайы	Телефоны
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

Теледидар көреміз


30. Үйіңізде теледидар бар ма? Жиі қарайсыз ба? Әдетте қандай хабарларды көресіз? Сіз ақпараттық бағдарламаларды көресіз бе? Қашан? (Қай уақытта?).




31. Қазақстан телевидениесінің ақпараттық бағдарламасы қалай басталады, тыңдаңыз.



– Кеш жарық, қадірлі көрермендер!
Астана ақпараттық хабарына қош келдіңіздер!
Күннің басты оқиғаларымен қысқаша таныстырамыз.



– Сәлеметсіздер ме! Эфирде жаңалықтар. Қазақстан телеарнасы сіздер үшін маңызды ақпараттар дайындады. Елбасының Түркияның Президентімен кездесуі болады.



– Кеш жарық! Хабар телеарнасы бүгінгі күннің жаңалықтарын сіздер үшін дайындады. Таныстыруға дайынбыз.



32. Қазақстан телеарналары бойынша қандай ақпараттық бағдарламаларды көруге болады, білесіз бе? Телеарналардың бір күнге арналған бағдарламаларынан фрагменттер оқыңыз.

Ақпараттық бағдарламаларды қай уақытта көруге болады?

		
<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>

33. Жарнама көресіздер ме? Сіздерде теледидарда жарнама көп беріле ме? Цифрлар сөйлейді.

Жарнаманы кімдер көбірек көреді? Қандай телеарна бағдарламалары ұнайды, неге? Мысалы, «Сырласу» бағдарламасы.

34. Телебағдарлама туралы не білдіңіз? (Келесі сұрақтар сізге көмектесе алады, егер сіз оларды бірізділікпен орналастыра алсаңыз.)

№ ____ Осы бағдарламаның кейіпкерлері кімдер бола алады?

№ ____ Кім бұл бағдарламаның кейіпкері бола алмайды?

№ ____ Ол қанша уақытқа созылады?

№ ____ Бұл бағдарламаны кім жүргізеді?

№ ____ Бағдарлама кезінде ол кіммен әңгімелеседі?

№ ____ «Сырласу» бағдарламасын қай уақытта көруге болады?

№ ____ «Сырласу» бағдарламасы ең алғаш хабарын қашан көрсетті?

№ ____ Олар не туралы әңгімелесіп жатыр?

35. Тыңдаңыз.

Пікірлесу бағдарламасы.



Аша Матай мен биші Шұғыла Сапарғалиқызының пікірлесуін тыңдаңыз.
(<https://www.youtube.com/watch?v=fBQeqQMhUns>)

Жүргізуші сұрағы:

– Сіздіңше, бидің ең басты қандай пайдасы бар? – деп сұрады.

Бишінің жауабы:

_____.

Сіз қалай ойлайсыз? Ол жүргізушіге қалай жауап берді.

ЖЕТІНШІ САБАҚ

Театрға барайық

Осы сабақта

- Бибігүл Төлегенова,
 - «Отырар сазы»,
 - Шара Жиенқұлова,
 - белгілі қазақ композиторлары,
 - «Қоңыр» тобы туралы **оқимыз**.
-
- белгілі адамдар туралы және сүйікті музыканттар, топтар, сүйікті әндеріміз туралы әңгімелеуді;
 - концерт туралы афиша; хабарламаларды оқуды;
 - концертке билет сатып алуды;
 - концерт туралы өз пікірімізді айтуды **үйренеміз**.
-
- мезгілдік мағынаның берілуін (қашан?);
 - жатыс септігін;
 - мезгіл мәнді үстеулерді;
 - есімшелі анықтауышты **қайталаймыз**.
-
- іс - әрекеттің басталуы, жалғасуы, аяқталуы туралы;
 - қалаудың берілуін, біліктілік, қабілеттің бар/жоғы туралы;
 - қалау рай;
 - бағалаудың берілуін **білетін боламыз**.

Жиырма бірінші ғасырда қандай әндерді тыңдайтынымызды білмейміз: классикалық па, халық әні ме, белгілі әндерді ме? Бірақ әндерсіз адамдар өмір сүре алмайтыны белгілі. (Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» дегеніндей) Ән қашанда адамға көңіл күйін, жан дүниесін, сезімін білдіруге көмектескен.

Бір қызығы, адамдар бүгіндері кеңес кезіндегіге қарағанда классикалық әндерді көбірек тыңдайтын сияқты. Сіздіңше қалай? «Ән – көңілдің ажары» демекші, сіз қай әндерді жақсы көресіз? Қай әнді үнемі қайталап тыңдайсыз?

Біз нені жақсы көреміз, не білеміз?

1. Адамдар сүйікті топтары, сүйікті ансамбльдері туралы, сүйікті әртістерінің концерттері туралы, танымал әншілер туралы, жаңа дискілер туралы жиі айтады, жиі әңгімелеседі. Ал сіз осы туралы үйде немесе достарыңызбен, жұмыста әріптестеріңізбен жиі әңгімелесесіздер ме? Қай әнші немесе қай әртіс туралы, қай топ туралы жиі айтасыздар?

Сіздің сүйікті әншіңіз, актеріңіз бар ма? Оның аты кім? Ол қанша жаста?

Сіздің сүйікті ансамбліңіз, сүйікті тобыңыз бар ма? Ол қалай аталады?

– Маған _____ көбірек ұнайды.

– _____.

2. Сіздің таныстарыңызға кім (қай әртіс, қай топ) көбірек ұнайды?

Сіз музыканы жақсы көресіз бе? Классикалық музыканы ма, әлде қазіргі әндерді ме? Сіздің музыкалық біліміңіз бар ма?

Қандай музыкалық аспаптарды білесіз?

Сізде қандай музыкалық инструменттер бар?

Қалаудың, білік, қабілетінің бар екенін айта алу. Осы құрылымның берілуі

Ол домбыра тартқысы келеді.

Мен гитарада ойнай аламын.

Ол фортепьянода жақсы ойнай алады.

Ол сыбызғы тарта аламайды.

Менің домбыра тартуды үйренгім келеді.

3. а) Сіз, сіздің туыстарыңыз, достарыңыз қандай музыкалық аспаптарда ойнай аласыздар?



аккардион тарта алу



сыбызғыда ойнай алу



пианинода ойнай алу



домбыра тарта алу



жетігенде ойнай алу

б) Музыкалық аспаптарда ойнауды қашан, қайда үйрендіңіз?

в) Белгілі қазақ күйшілері туралы білесіздер ме? Олардың қандай күйлерін білесіз?



3. Қалауымызды білдіруге, білік, қабілетіміздің бар екенін айта алуға жаттығамыз.

- 1) Менің мына кітапты оқы _____ келеді. Сенің оқы _____ келе ме?
- 2) Ол қазақ музыкасын жақсы біл _____ келеді. Сіздің біл _____ келе ме?
- 3) Біздің қазақша ән айт _____ келеді. Бірақ барлығы қазақша айт _____ келмейді.
- 4) Ол Нұрғиса Тілендиевтің «Отырар сазы» туралы кітап сатып ал _____ келеді.
- 5) Олар бұл кітапты сатып алып қойған, енді Алматы туралы альбом сатып ал _____ келеді.
- 6) Сенің концертке бар _____ келе ме? Иә, бар _____ келеді. Сіздердің мына ансамбльмен таныс _____ келе ме?
- 7) Иә, әрине, таныс _____ келеді.
- 8) Сіздің балаңыз бізбен бірге театрға бар _____ келе ме? Жоқ, меніңше, оның бар _____ келмейді.

Мен билей алмай _____.

Біз ән айта ал _____.

Ол вальс билей ал _____.

Ол пианинода ойнай ал _____.

Сіз гитарада немесе пианинода ойнай ал _____ ба?

Мен сізді қазақ халық билерін би _____ ал _____ деп ойладым.

4. Келесі сөйлемдерді қалай аяқтар едіңіз? Қандай сұрақтарға жауап болуы мүмкін?

Үлгі:

– Менің әпкем ән айта алады, билей алады.

– Сенің әпкең ән айта ала ма, билей ала ма?

– Жанат _____ сала алады .

– _____ ?

– Біздің әкеміз _____ ойнай алады.

– _____ ?

– Біздің анамыз _____ сөйлей алады .

– _____ ?

– Студенттер _____ ойнай алады.

– _____ ?

– Біз ағамыз екеуіміз _____ аламыз

– _____ ?

– Мен _____ тарта алмаймын.

– _____ ?

5. Бір-біріңізден кім не істей алады, кім не үйренгісі келеді, сұраңыз.

6. Есту ме әлде тыңдау ма, қарау ма әлде көру ме?

- Мен күнде Қазақ радиосын _____.
- Ол ылғи осы бағдарламаны _____.
- Сен осы бағдарламаны _____ бе едің?
- Қалайша осы жаңалықты _____?
- Сіз жаңалықтарды жиі _____.
- Ол ешқашан ештеңе _____ және _____.
- Мен әлі мына фильмді _____ жоқпын.
- Радио концерт _____?
- Мен халық биінің концертін _____ ұнатамын.
- Сабаққа бара жатқанда ылғи плеерді _____.
- Менің әпкем осы операны ешқашан _____.
- Сіз бүгінгі мерекелік концертті _____?
- Олар оның қуанышты жүзін бірінші рет _____.
- _____ олар концертке барғанына өте қуанышты.

7. Сіз туралы әңгімелесейік. Екеуара жұмыс.

- Қандай эстрада жұлдыздарын білесіздер?
- Қандай әлемдік эстрада жұлдыздары туралы білесіздер немесе естідіңіздер?
- Қазақстандық қандай эстрада жұлдыздары туралы білесіздер немесе естідіңіздер?
- Концертке баруды жақсы көресіз бе?
- Концертке жиі барасыз ба?
- Халық әндерін тыңдағанды жақсы көресіз бе?
- Халық билерін ұнатасыз ба? Билей аласыз ба?
- Өзіңіздің халық билерін билей аласыз ба?
- Өзіңіздің халқыңыздың әндерін білесіз бе, айтасыз ба?

8. Мына сөздер қандай сұраққа жауап береді (кім? не? қандай)? Мұнда қандай жұрнақтар бар? Олар нені білдіреді?

Сән, сәнді, оқушы, халық, халықтық, концерт, концерттік, қуаныш, қуанышты, жазу, жазушы, ән, әнші, жас, жастық, бала, балалық.

<i>Кім?</i>	<i>Не?</i>	<i>Қайда?</i>
<hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>

Қайда (қай концертке) барамыз?

Концерт туралы жарнама, хабарландыру оқыңыз. Қайда қандай концерт бар екен? Газетте берілген «Қоңыр» тобы туралы оқыңыз.

Сержан Молдасанұлының ықпалымен «Қоңыр» этнотобы құрылды. «Алтын бесік» әні жаңа топтың репертуарынан орын алды. Ән бірден үлкен сұранысқа ие болды. Арада біраз уақыт өткен соң «Алтын бесік» әніне бейнебаян түсірілді. Бейнебаянда ауылдың тыныс-тіршілігі, бітім-болмысы, алаңсыз балалық шақ бейнеленеді.



«Қоңырдың» қоңыр әндері

Дүйсенбі күні Студенттер сарайында «Қоңыр» этнотобының концерті өтті.

«Қоңырдың» продюсері, жұртшылыққа «Ән мен әнші» бағдарламасының жүргізушісі ретінде жақсы танылған Сержан Молдасанұлының айтуынша, топ тұңғыш рет облыс орталығында концерт беріп отыр.

– Бізді өте жылы қабылдаған ақтөбелік тыңдармандарға дән ризамыз, – дейді Сержан.

Халық әндерін өте жақсы орындайтын «Қоңыр» тобын жұртшылық шынында да жақсы қабылдады. Халық әндерімен бірге Тұрсынжан Шапайдың, Жәудір Артықбаеваның әндері орындалды. Ал Мархабат Мұхиттың «Айдайын» орындағанда, жұртшылық өте риза болды.

Бек Сұлтан

9. Қай концертке барғыңыз келеді, жазыңыз.

Есімшелі анықтауыштың берілуі

Мен мына концертті көрдім. Концертті сенбі күні көрсетті.
Мен сенбі күні **көрсетілген** мына концертті көрдім.
Ол мына әншіні жақсы көреді. Ол джазды керемет айтады.
Ол джазды керемет **айтатын** әншіні жақсы көреді.

10. Есімшелі анықтауыш тұлғаларын қолдана отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

Кеше теледидарда _____ (жарнамалау) жаңа дискіні сатып аламыз.

Күләш Байсейітова – белгілі әнші. Халық әндерін тамаша айтатын. Қазақстанда Күләш сияқты халық әндерін _____ (айту) әншілер көп.

Концертте халық әндерін _____ (орындау) көптеген эстрада жұлдыздары болады. Сенбіде _____ (болу) концертке барғың келе ме?

Бейне таспаға _____ (жазып алу) шетелдік эстрада жұлдыздарының концертін көргің келе ме?

11. Радиода берілген хабарламаны оқыық. Бұл хабарландыру не туралы?

_____ күні Мұқан Төлебаев атындағы концерт залында концерт болады.

Бағдарламада _____.

Концерттің басталуы _____.

Билетке мына телефон номері бойынша _____ тапсырыс беруге болады.

Бірінен-бірі артығырақ көрудің берілуі

Маған мына әртіс **көбірек ұнайды.**

Бәрінен жақсысы концерт тыңдағанымыз немесе кино көргеніміз.



12. Қай концертке барар едіңіз, таңдаңыз, өз таңдауыңыздың себебін түсіндіріңіз:

- Мерейтойлық концерт
- Ансамбльдер концерті
- Бибігүл Төлегенованың концерті



13. Жақында қандай концертке барасыз, келісіңіз. Жаңа афиша берілген журналды пайдаланыңыз.

- _____ жексенбіде концертке барайық.
- Барайық! Қайда, қай концертке барамыз?
- Қайда, қай концерт болатынын қарайық. Менде жаңа «Театр» журналы бар. Кеше сатып алдым.
- Жақсы болды. Не бар екен? Сенбіде _____ болады. _____ орындайды, ән айтады.
- Жақсы болды. Мен халық әндерін бәрінен де жақсы көремін. Сондықтан _____ барайық.
- Жарайды, _____ барсақ, барайық.
- Келістік.

14. а) Тыңдайық. Қандай әңгіме болды? Кім не айтты?

Тыңдап, ретімен жазамыз. 1, 2, 3. С немесе Б.

С – Сәуле Б – Бақыт

№	С/Б
	– Сәуле, менің түк бос уақытым жоқ. Жұмысым көп. Билет сатып ала аласың ба?
	– Шын ба? Білмедім. Онда тапсырыс берейік. Мекенжайы бар ма?
	– Бақыт, кім билет сатып алады, шешпедік қой.
	– Барайық.
	– Менің ертең де, бүрсігүні де бос уақытым жоқ. Бірақ билетті телефонмен немесе интернет арқылы тапсырыс беруге болады. Интернетпен тіпті арзанырақ.
	– Онда қазір бірден кассаға телефон шалайық.
	– Өкінішке орай, электронды адресі менде жоқ, бірақ афишада касса телефоны бар екен.
	– Бақыт сәлем! Республика сарайында жақсы концерт бар екен.

б) Кім билет алатын болды? Кім билет алауға бара алмайды? Олар не шешті? Әңгімелеңіз.

15. Сіз залда қай жерде отырғанды жақсы көресіз? Орын мен қатар таңдаймыз. Билетке тапсырыс береміз. Екеуара жұмыс.

- Алло!
- Бұл касса ма екен?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- Мен сенбідегі концертке екі билетке тапсырыс берейін деп едім.
- Жақсы, аты-жөніңіз?
- Серікбаев.
- Қанша дедіңіз? Екі билет аласыз ба?.. Екеу ме?..
- Иә, иә.
- Қай қатардан аласыз?
- Бәрібір. Бірақ бар болса, екінші немесе үшінші қатар, ортаңғы жағы болса.
- Үшінші қатар, он екінші, он үшінші орын.
- Тамаша. Қанша тұрады?
- Мың теңге. Бір билет бес жүз теңге тұрады.
- Билетімді қашан ала аламын.
- Қазір алсаңыз да болады немесе сенбі күні, бірақ 18.30 - ға дейін алыңыз. Концерт сағат жетіде басталады.
- Жақсы, сау болыңыз.

Мезгіл мәнді құрылымның берілуі

Жатыс септігі

- Олар осы концертке / осы көрмеге қашан барады?
- Олар осы концертке / осы көрмеге осы бейсенбіде (осы жексенбіде, осы сенбіде) барады.

ҚАШАН?

Осы / сол
(өткен, келесі)

дүйсенбіде
сейсенбіде
сәрсенбіде
бейсенбіде
жұмада
сенбіде
жексенбіде

16. Қашан екенін нақты білмесеңіз, қайта қалай сұрауға болады?

Үлгі:

– Олар театрға осы сәрсенбіде барады.

– Қашан? Осы сәрсенбіде ме?

– Ол концертке өткен бейсенбіде барды.

– _____?

– Біз киноға келесі жексенбіде барамыз.

– _____?

– Жарқынбек опера театрына келесі сенбіде барады.

– _____?

– Айнаш ұлттық мұражайға келесі сенбіде бізбен бірге бара ма?

– _____?

– Осы демалыста анамыз бізбен бірге тауға бармады.

– _____?

– Менің көршім сол күні жұмысқа шықпады?

– _____?

17. Қалай жауап беруге болады?

1) Ол театрға қашан барады?

осы сейсенбіде осы сәрсенбіде

2) Экскурсияға қашан бардыңыз?

сол бейсенбіде ана сенбіде ана жексенбіде

3) Соңғы рет ауылға қашан бардың?

өткен сәрсенбіде өткен сенбіде

4) Олар “Қоңыр” тобының концертіне қашан барады?

келесі жұмада келесі бейсенбіде

5) Сен соңғы рет концертке қашан бардың?

өткен сенбіде өткен жұмада өткен жексенбіде

Жиі барасыз ба, жиі келесіз бе, жиі көресіз бе? т. б.

Дүйсенбі сайын	ылғи жазда
Күн сайын	ылғи таңертең
Күнде, күнде кешке	ылғи қыста
Сағат сайын	ылғи көктемде
ай сайын	ылғи күзде
апта сайын	минут сайын
жыл сайын	тәулік сайын

18. Жиі баратының, жиі бармайтының түсінбей қалсаңыз, қалай қайта сұрауға болады?

– Біз апта сайын театрға немесе концертке барамыз.

– *Апта сайын барамын дедіңіз бе?*

– Жанат Байдаулетқызы күнде кешке теледидар көреді.

– _____?

– Айбек минут сайын сағатына қарайды.

– _____?

– Жаз сайын олар Қара теңізде демалады.

– _____?

– Жексенбі сайын біз эстрада жұлдыздарымен кездесеміз.

– _____?

– Мен жақсы әндерді күнде тыңдағым келеді.

– _____?

19. Қалай жауап бересіз?

– Сіздің анаңыз, (әпкеңіз, құрбыңыз) теледидардан концертті жиі көре ме?

– _____?

– Сіз достарыңызбен жиі кездесесіз бе?

– _____?

– Сіздің таныстарыңыз эстрада жұлдыздарымен жиі кездесе ме?

– _____?

– Сіз қазақ әндерін жиі айтасыз ба?

– _____?

– Сіз классикалық әндерді жиі тыңдайсыз ба?

– _____?

– Сіз халық ансамбльдерін жиі тыңдайсыз ба, көресіз бе?

– _____?

– Сіз домбыраны жиі тартасыз ба?

– _____?

– Сіздің досыңыз футболды жиі ойнай ма?

– _____?

Іс-әрекеттің басталуы, жалғасуы, аяқталуы

20. Түсініксіз болса, қалай сұрауға болады?

- Мен қазақ тілін оқуды жақында бастадым.
- *Жақында нені бастадым дейсің?*

- Біз концерт туралы айта бастадық.
- _____?

- Ол ансамбльде билеуін жалғастырды.
- _____?

- Ол өз елінде де қазақ тілін оқуды жалғастырады.
- _____?

- Олар концертін аяқтады.
- _____?

- Олар мәтінді аударуды аяқтады.
- _____?

21. Шағын мәтінді оқыңыз.

Осы сабақты ол кеше бастады. Ол көп қате жібере бастады. Ол Дулат Исабековтың «Тіршілік» повесін бітірді. Мен Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқуды бастадым. Асхат Батыржанұлы әлі сөзін аяқтамады ма? Біз келгенде Айнұр баяндамасын жалғастырды. Мақсат сөзін бітірді, біз де үзіліске шықтық. Менің балам домбыра тартуды үйрене бастады.

22. Қажетті етістіктерін жазыңыз (*бастады, бастайды, жалғастырды, жалғастырады, аяқтады, аяқтайды*).

- Ол күнде таңертең сағат 10-да домбыра тартуды _____.
- Күнде кешке сағат 8-де сабақ оқуды _____.
- Әдетте, ол таңертең әріптестеріне телефон соға _____.
- Сіз интернетте жұмыс істеуді қашан _____?
- Бүгін ол сабақты ерте _____.
- Ол кешегі әңгімесін _____.
- Оқытушы бүгін өткен сабақты _____.
- Сәрсен сөзін _____ да, телефонға жүгіріп кетті.
- Сіз жұмысты қашан _____?

23. Тапсырманы өзіміз таңдаймыз.

а) Хабарландыру бойынша концерт, теледидар бағдарламасын, соңғы аптаның афишаларын пайдалана отырып, досымыз, өзіміз үшін кесте жасайық.

Сіз неге осы концертті таңдағаныңызды түсіндіре аласыз ба?

Не?	Қайда?	Қашан?
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

б) Сіз осындай концерт бағдарламасына разы болар ма едіңіз?

– Теледидардан жақсы опералық концерттер өте аз беріледі, ал опералық арияларды тіпті сирек көрсетеді.

– Маған жұлдыздардың мерейтойлық концерті ұнайды. Олар, әдетте, мұндай концерттерінде ең жақсы әндерін орындайды.

– Демалыс күндері жақсы эстрадалық концерт тыңдағанды жақсы көремін. Өкінішке орай, осы демалыс күндері ауруханада кезекшімін.

Келер шақтың берілуі

– **Ертең** мен «Қоңыр» тобының концертін тыңдаймын.

– **Ертең** сен қандай ән тыңдайсың?

Ол **ертең** университетке барады.

Сен **түстен кейін** кітапханаға барасың ба?

Кешке қарай үйге хабарласамын.

Сіз кездесуге **ертең** барасыз.

Біз бұл сабақты **ертең** қайталаймыз.

Кешке не істейсіз?

24. Ол қазір не істейді, содан кейін не істейді?

Үлгі: Қазір Сәуле құжаттарды толтырады, содан кейін оны бастыққа алып барады.

1) футбол ойнау – компьютерде жұмыс істеу.

_____.

2) гитарада ойнау – бейне жазба көру.

_____.

3) шахмат ойнау – ән тыңдау.

_____.

4) домбыра тарту – билеу.

_____.

Бір нәрсе істеуді қалай сұраймыз?

Маған хабарласыңызшы.
Теледидарды өшіріңізші.

Маған айтыңызшы.

25. Бір әрекетті істеуді былайша сұраңыз.

Мысалы:

Билет сатып алу

- Билет алған соң, маған хабарлас.
- Мақаланы аударып болған_____, маған хабарлас.
- Сабағыңды дайындап болған _____, маған көрсет.
- Киноны көріп болған _____, теледидарды өшір.

26. Қандай әңгіме болды? Кім не айтты?

Тыңдаймыз, ретімен жазамыз 1, 2, 3, ...; А немесе Б.

А – Айгүл Б – Батырбек

№	С/Б
	– Концерт жұма күні кешке болады. Боссың ба?
	– Қандай?
	– Шын ба? Сондай қуанып тұрмын. Бұл – менің сүйікті ансамбілім. Мен осы концертке көптен бері барғым келіп жүр.
	– Онда жақсы болды. Сені халық билерін ұнатпайды деп ойлағанмын.
	– Қазіргі жастар рок пен брэйк-дансқа көбірек қызығады ғой.
	– Иә, біз екеуміз кешке қыдырамыз деп едік қой.
	– К. Байсейітова атындағы театрда Шұғыла Сапарғалиеваның концерті болады.
	– Кеш жарық, Айгүл. Қандай жаңалықтарыңыз бар?
	– Бірінші қыдырайық, ал жетіде концертке барамыз. Жарай ма?
	– Ендеше, мен онда заманауи емес шығармын.
	– Концертке билет алдым.
	– Тамаша болды. Мен саған жұмыстан кейін телефон шаламын.

Өзгеге қуаныш сыйлау білу де – бақыт

27. Сөздікке қарайық. Сөздің түбірі қайсы?

Сөйлемді толықтырыңыз.

Мен _____.

Бүгін ол өте _____.

Олар оның келгеніне қатты _____.

Біз сіз үшін _____.

Ол адамдарға _____ сыйлағанды жақсы көреді.

Сізді кездестіргеніме қатты _____.

Қуаныш

қуану

қуанышты

қуаныштымын

қуанды

қуаныштымыз

қуандым

Бибігүл Төлегенова - қазақтың бұлбұлы



Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі, педагог, опера әншісі (колоратуралық сопрано), КСРО халық әртісі, «Социалистік Еңбек Ері».

1929 жылы 16 желтоқсанда Семей қаласында дүниеге келген. Әкесі скрипкада ойнап, анасы ән салған жанұяда әрқашан әуезді әуен естілген.

Көркемөнерпаздар көрсетілімдерінің бірінде Бибігүл Төлегенованы кеңес жазушысы Г. И. Серебрякова байқап, оған алғашқы музыка сабақтарын берді.

1951 жылы Алматы консерваториясының студентін Қазақ радиосы солист болуға жұмысқа шақырады. Ал 1954 жылы ұстазы Н.Н. Самышиномен бірге Бүкілодақтық вокал конференциясына қатысу үшін Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) аттанады. Бұл шара Бибігүлдің өнердегі жолын ашады.

1954 жылы консерваторияны аяқтаған соң, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының труппасына қабылданып, екі жылдан соң, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрінің әншісі болады.

1971 жылдан бері Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі.

Бибігүл Төлегенованың партиялары:

- Римский-Корсаков «Ақшақар» – Ақшақар
- Верди «Риголетто», «Травиата» – Виолетта, Джильда
- Россини «Севильский цирюльник» – Розина
- Доницетти «Дон Паскуале» – Норина
- Брусиловский «Қыз Жібек» – Қыз Жібек
- Рахмадиев «Алпамыс» – Гүлбаршын
- Жұбанова «Еңлік-Кебек» – Еңлік

1980 жылдан бері Қазақ Ұлттық консерваториясының оқытушысы, профессор. Астана қаласының құрметті азаматы.

<http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/159/>

Бибігүлдің әні халыққа қуаныш сыйлайды. «Қуаныш біздің өмірімізге сән береді. Адамдардың табыстары үшін қуанамын, табысты болғанын жақсы көремін. Қуаныш сыйлай білу де – ізгілік. Адамдардың шаттықты жүзін көрсеңіз, бақыттың да қасымызда екенін сеземіз». Бибігүлдің әні халқына оның жүрегіндегі осы сияқты сөздерді жеткізіп тұратындай.

Сөйлесейік

Бибігүл Төлегенова деген кім?

Соңғы абзацта қандай ойлар айтылған?

- Оның әні халыққа қуаныш сыйлайды.
- Бақыт туралы
- Қуаныш сыйлай білу де – бақыт.
- Ол не үшін қуанады?

Шара Жиенқұлова - қазақ би өнерінің ханшайымы

Шара Баймолдақызы Жиенқұлова 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген.

Шара Жиенқұлова он алты жасында «Биші қыз» атағын иеленді. Үлкен сахнадағы өнер жолын жолдасы Құрманбек Жандарбековпен бірге Қазақ драма театрында бастаған. 1924-1930 жылдары Шара Жиенқұлова Қазақ Педагогикалық Институтының тарих факультетінде оқыды.

Бейімбет Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліш бейнесі – оның театрдағы алғашқы сомдаған рөлі. Кейін ол Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пен «Қарагөз» қойылымдарында басты рөлдерді сомдады.

1934 жылы өз жұмысын Музыкалық драма театрында (қазіргі Абай атындағы Мемлекеттік Қазақ опера және балет театры) жалғастырды. Мұхтар Әуезовтың «Айман-Шолпан» музыкалық драмасында, Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операларында бой көрсетті.

Шара Жиенқұлова 1936 жылы Мәскеуде өткізілген Қазақ әдебиеті және өнерінің онкүндік мәдени шарасына қатысып, өзге халықты ұлттық би өнерімен таң қалдырды.

1938 жылы қазақтың тұңғыш балеті «Қалқаман-Мамыр» қойылымында ол басты кейіпкер Мамырдың партиясын орындады. Балетмейстер Л.А. Жуковпен бірлесе отырып, 1940 жылы И.Н. Надировтың «Көктем» балетін қойды.

Өз жұмысын Шара Жиенқұлова 1940-1962 жылы Қазақ филармониясында жалғастырды. 1962-1966 жылдары Қазақ ән-би ансамблінің басшысы болды. 1966-1975 жылдары Алматы хореография училищесінің директоры қызметінде болды.

Ол қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосты. Ұлттық би өнерін ғылыми тұрғыда терең зерттеп, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халық билеріне жаңа дем берді. Ол «Айжан қыз», «Қара жорға», «Тәттімбет», «Қырық қыз» т.с.с. билерді дүниеге әкелді.

Шара Жиенқұлова театрда ғана емес, өз таңбасын кинода да қалдырған. 1938 жылы «Амангелді» фильмінде Балым рөлін сомдады. Шәкен Аймановтың 1957 жылы түсірілген «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде қазақтың мың бұрылған бишісі өзін-өзі сомдады.

Марапаттары:

- 1936 – Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі
 - 1938 – Қазақ КСР халық әртісі
 - 1968 – Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 - Ленин, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденімен және бірқатар медальдармен марапатталған.
- “Қазақ биі”, “Сымбат”, “Өмірім менің – өнерім”, “Би құпиясы” кітаптарының авторы.

(Суреттер cloudarticles.info, www.egemen.kz ғаламтор беттерінен алынған)

<http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/703/>



Сөйлесейік.

Шара Жиенқұлова кім?

Оның орындаған билерін атаңыз.

Қандай марапаттары бар?

Шара неге қазақ би өнері тарихында қалды деп ойлайсыз?

Концерт қалай болды? Ұнады ма?

Сізге ұнады ма?

Осы концерт сізге ұнады ма?

Иә, өте қызықты болды.

Тамаша. Өте жақсы.

Ұнамады. Бізге ұнамады.

Бұл – өте жақсы ән.

Сізге не ұнамады, не ұнады, не ұнамайды?

Маған бірінші ән ұнады. Маған мына жаңа би ұнамады.

Сіз нені жақсы көресіз, нені жақсы көрмейсіз?

Мен джаз тыңдауды жақсы көремін / жақсы көрмеймін. Мен классикалық әндерді жақсы көремін / жақсы көрмеймін. Мен операны жақсы көремін / жақсы көрмеймін.

Бұл кімге ұнамады / ұнады?

Маған ұнады. Оған (маған саған, сізге, бізге) бәрібір. Оған ұнамады.

28. Концертке барасыз ба? Соңғы барған концертіңіз қандай? Қай концертте болдыңыз? Теледидардан қандай концерт көрдіңіз? Сізге ұнады ма? Мұны досыңызбен бірге телефонда талқылаңыз.

Оның орындайтын әндері тамаша. Керемет музыка. Әннің сөздері жақсы. Жақсы солист.

– Алло !

– Сәлем, Айдана?

– Кеше концертте болдың ба?

– Иә, әрине.

– Қалай екен? Ұнады ма?

– _____.

– Мен де осы әншіні жақсы көремін. Бірақ маған _____ көбірек ұнайды. Ол саған ұнай ма?

– Иә, ұнайды. Менде оның жаңа әндерінің дискісі бар. Тыңдайсың ба? Мен саған бере аламын.

– Жақсы, ертең алайын. Сау бол.

– Сау бол.

Көркем әдебиет оқиық

Менің ағам кларнетте ойнайды



Менің ағам бар. Ол консерваторияның екінші курсында оқиды. Ол ұлы музыкант болады.

Менің ағам кларнетте ойнайды. Неге сыбызғыда емес. Рояльда емес. Атам қалады мұны. Ол менің екі жасымда дүниеден өткен. Үлкен ағам Лева менен бес жас үлкен. Атам оны музыкаға кішкентайынан үйрете бастаған.

Ұзақ жылдар бойы мен атамның «фойеде ойнағанын» естіп жүрдім. Мен фойенің не екенін білмедім, бірақ маған бұл сөз әдемі сияқты көрінді.

«Фойе» деп анық айтатынымын. Ал бірінші рет киноға барғанда, фойеде ойнап тұрған музыканттарды көргенімде, мен атамды аяп кеттім: көрермендер әңгімелесіп жатыр, самсаларын, бутербродтарын жеп жатыр, сыраларын ішіп жатыр, ал музыканттар болса, олар үшін ойнап жатыр.

Менің ағам фойеде ойнамайды! Ол әдемі концерттік залдарда ойнайтын болады. Қазір музыканттардың конкурсына дайындалып жатыр.

Бүгін маған онынышы сыныптағы «Роберт ұйымдастырушы» деп атайтын Роберт келді.

– Ағаңды жоғары сынып

оқушыларының кешіне шақырасың ба?

Роберт әдетте бірінші сөйлемдерін жай айтты да, содан кейін жылдам-жылдам жеделхат оқып тұрғандай, сөйлей бастайды.

– «Жаңа жыл кеші» бірінші бөлім – өлеңдер, классикалық музыка.

Екінші – джаз және би. Классикалық музыка бізде жоқ. Сенің ағаң керек.

– Түсінесің бе, – деп сөзімді бастадым. Ағам музыканттар конкурсына дайындалып жатыр ...

– Жоғары сынып оқушыларының кеші: тек қана оныншы сынып! – деді Роберт. – Сен жетінші сыныптасың. Бірақ міне екі билет! Саған және ағаңа! Ұйымдастырасың ба?

Жоғары сыныптар кешіне шақырылғанымды білсе, құрбыларым қалай қарар екен. Олар мұндайды түсінде ғана көреді. Ең бақытты түстерінде.

– Білуім керек. Ағамның уақыты бар ма екен, Жаңа жылдағы күндері бос емес шығар. Мүмкін ол бір концерттерге шақырылып қойған шығар. Содан кейін музыканттар балы, – деп айттым.

– Біздің кешіміз жиырма алтысында, – деді Роберт. – Ұйымдастырасың ба? Жаңа жылдық кеш жаңа жылдан бес күн бұрын болады!

– Жарайды, – дедім мен. – Бұл оңай емес, тырысып көрейін. – Екі билетті алдым.

Үйде Леваға айттым:

– Сені мектептегі жаңа жылдық кешке шақырады.

– Мен дайынмын, – деді Лева. – жалпы дайынмын... Бірақ сольдық орындауды жаңа жылдық кеште тыңдау деген...? Кларнет оркестрде жақсы естіледі. Мүмкін біздің студенттік оркестрді шақырарсыңдар?

«Тағы не дейді? – деп ойладым мен. – Сыбызғы бірінші қатарда болады да, ал менің ағам арт жақтарында отыра ма? Жоқ, ол алдында, дирижерсіз болғанын қалаймын».

– Сендердің оркестрлерің біздің сахнаға сыймайды, – дедім мен. – Оны ешкім шақырған жоқ. Сені ғана шақырды. Біздің мектебімізде кларнетті өте жақсы көреді. Міне, екі билет. – Мен билетті столға қойдым да: - Ендеше барамыз ғой?

– Мен дайынмын, – деді Лева. – Бірақ менің аккомпанементім ше?

«Менің аккомпанементім» деп Лева консерваторияның студенті Лиляны айтады. Ол тек қана Леваның сольдік орындауларын сүйемелдемейді, оған ғашық. Бұл бәріне белгілі. Сондықтан да ол біздің кешке келгісі келеді.

Лилә – тым толық қыз, көзілдірік тағады, секпіл бетті қыз. Ол әдемі емес, сондықтан менің ағама музыкамен айналысуға кедергі келтіре алмайды. Бұл жағы жақсы.

– Сен не ойнайсың, Лева?

– Мүмкін «Франчески де Риминиден» ойнармын.

– Жақсы.

Франческиден кейін менің ағам сахнаның артына кетеді. Оған ұзақ қол шапалақтайды. Ол шығып тағы бірдеңе ойнайды, кейін залға келіп, менің қасыма отырды. Содан кейін би болды.

– Сен менімен ғана билейсің, – дедім ағама.

– Мен дайынмын ... Бірақ өзің де білесің, мен нашар билеймін ғой.

– Сондықтан менімен билейсің. Сенің нашар билейтініңді ешкім байқамай қалады.

– Бірақ бәрі мен ойлағандай болмады ... Лева осы кеште үш пьесаны да жақсы ойнап шықты. Одан кейін сахнаға біздің жұлдызымыз, сүйіктіміз Алина шықты. Ол эстрадалық әндерді мектептік джаз оркестрмен айтты.

Алина біздің кештерде джаздық әндерді әртүрлі тілде ылғи айтып жүр. Ол – өте әдемі, ақылды қыз. Концерт біткенде, менің ағам оны биге шақырды. Ол мені ұмытып кетті, Алинамен кеш бойы бірге биледі. Содан кейін оны үйіне шығарып салды. Ағам оны ұнатып қалды. Өзінің консерваториядағы концертіне шақырды

(А. Алексин)

Әңгімені тағы оқиық.

Сіздер түсіндіңіздер ме?

– Леваның қарындасынан жоғары сынып оқушысы не туралы өтінді?

– Қарындасы не туралы ойлады және жаңажылдық кешті қалайша елестетті?

– Леваны кім сүйемелдеді?

– Левадан кейін кім сахнаға шықты?

– Алина қандай әндерді орындады?

Қалай ойлайсыз?

Неге Лева кларнетте ойнайды? Неге рояльда емес, неге сыбызғыда емес?

Неге қарындасы ағасының атасы сияқты фойеде ойнағанын қаламайды?

Қарындасы неге Робертке көмектескісі келді?

Лева бәрін қарындасының айтқанындай орындады ма?

Қарындасы неге ағасының ұлы музыкант болғанын қалайды?

Сөйлесейік

Қалай ойлайсыз? Бұл әңгіме әзіл әңгіме ме, әлде салмақты, байыпты әңгіме ме? Неге олай ойлайсыз?

Қарындасы неге ағасының ғашық болып қалғанын қаламайды?

Оныкі дұрыс па, дұрыс емес пе, сіз қалай ойлайсыз? Неге? Ұлы болу оңай ма, сіздің пікіріңіз қандай?

СЕГІЗІНШІ САБАҚ

Сіз не оқисыз? Сіздің достарыңыз не оқиды?

Бұл сабақтан:

- Қазақ ұлттық кітапханасы,
 - Әдебиет саласындағы сыйлықтардың лауреаттары,
 - Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары туралы **әңгімелесеміз.**
 - Өзіміз жақсы көретін кітаптарымыз туралы, сүйікті ақын, жазушыларымыз туралы әңгімелеуді **үйренеміз.**
-
- Зат есімнің, есімдіктің, қимыл есімінің табыс септігіндегі септелуін **қайталаймыз.**
 - Біреуге, бір нәрсеге қарым-қатынастың берілу құрылымдарын,
 - жақсыз сөйлемдердің берілуін **үйренеміз.**

Кітап – білім бұлағы



Оқимыз ба?

1. Жақында қандай кітап оқыдыңыз?

Олар қалай аталады? Авторы кім? Бұл кітаптар не туралы? Қай кітап көбірек ұнады? Неге?

2. Цифрлар сөйлейді. Қазақстандықтар не оқиды? Көп оқи ма?

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН ОҚЫРМАН ЕЛ ҚАТАРЫНАН ТАБЫЛА МА?



Көптеген зерттеулер ондай атақтың біздің елді айналып өткенін растайды. Аз оқимыз. Қазақстандықтардың төрттен бірі жылына бірде-бір кітап оқымаған, я кітап оқуға қызықпаған. Қалғандары жиі оқи ма? Не оқиды? Ірі қалалардың тұрғындарын саяси шешімдер институтының әлеуметтанушылары осы мәселе бойынша сауалнамаға тартып көрген. (Сауалнама 2012 жылдың маусымында Қазақстанның 16 қаласында өткізілген (14 облыс орталықтарында және Алматы, Астана қаласында). 2307 адам сауалнамаға қатысқан. Сауалнама нәтижесін қорытындылайтын болсақ, зейнетақы алдындағы Петропавловск қаласының әйелдернің қолдарынан детективтерді көресіз. Әдебиеттердің осы жанры бойынша да қалалар бойынша да осы жастағылар көш бастап тұр. Цифрлардан нақты картина байқалады.

Көп оқимыз ба?

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі ((40,1%) жылына бірнеше кітап оқиды. Әрбір бесіншісі (21,6%) – 1-3 кітап айына оқиды; күнде кітап оқуға уақыт бөлетіндер аз – 13,3%.

Тұрғындардың төрттен бірі өздерін оқымайтындар қатарына жатқызатындар екі категорияға бөлінеді: 15,1% бір жылда бірде бір кітап оқымағандар; 9,9% оқуға ешқашан қызықпағандар.

Саяси шешімдер институтының әлеуметтанушылары сауалнама қорытындысын шығара келе, олар жас ерекшелігіне қарай рейтинг жасады.

Жағдаят былай:

18-19 жастағылар – 75,3%. Жеткілікті көп оқиды, негізінен студенттер: қажеттіні ұнамаса да оқиды.

20-29 жастағылар – 74,1%.

30-39 жастағылар – 72,6%. Мұнда жұмыс бірінші кезекте болуы ықтимал.

40-49 жастағылар – 76,5%. Оқуға деген қызығушылық қайта оралған.

50-59 жастағылар – 78,7%. Максимальді пайыз.

60 жастағылар және одан үлкеніректер – 77,2%.

Респонденттердің «күнде оқимын» деген жауабын өлшемді алып, әлеуметтанушылар «ең көп оқитын» қаланы анықтады: Петропавловск (22,5%), Алматы (19%) және Астана (18,9%).

Осыған қарама-қарсы жақта «ешқашан оқумен қызықпағанмын» деген жауап бойынша Тараз (19,9%), Қостанай (18,2%) және Атырау (16,7%) қалалары тұр.

Қалай оқып жүрміз

Интернетке қолжетімділігіне қарамастан көпшілігі кітап форматында оқиды, бұған респонденттердің 75,2%-ы кітапқа артықшылық береді. Әрбір бесінші оқырман тораптардан кітаптарды жүктеп алады екен. Аудио кітаптарды оқу оқылымның аз таралған түрі (5,9%). 60 жастағылар және алпыстан асқандар дәстүрлі қағаз нұсқаларда оқығанға артықшылық береді (90,3%). 18-ден 29 жасқа дейін – «е - кітапты» таңдайды.

Не оқып жүрміз

«Әдебиеттің қандай жанрын артық көресіз?» деген сұраққа әлеуметтанушылар әр түрлі жауап алды. Детективтер алда болды, бұл жанрды сұралғандардың 16,1% оқиды. Екінші орында танымал тарихи романдар – 11,5%. Үшінші орында махаббат романдары (10,6%).

Ірі қалаларда тұрғындардың қызығушылығы «хобби бойынша кітаптарға», «іскери әдебиетке», және қазақ классикасына қызығушылықтары негізінен бірдей шамада. Қазақстандықтардың аздау бөлігін «ғылыми және анықтамалық әдебиеттер», «шет елдік классика (6,4%) және өмірбаяндар (мемуарлар/публицистика) қызықтырады. Рейтингіні фантастикаға (4,1%), балалар кітабына (3,7%), орыс классикасына (3,4%) және поэзияға (3%) қызығушылар жабады.

<http://news.gazeta.kz/art.asp?aid=366221>

3. Мына сөздер қандай сұраққа жауап береді?

Олардың түбірі қандай?

Жазушы, жазу, жазбаша;

Оқырман, оқу, оқылым, оқулық;

Аялдама, аялдау; қуану, қуаныш, қуанышты.

Іс - әрекет объектісі

Табыс септігіндегі зат есімнің есімдікпен, сын есіммен тіркесі

Нені?	<i>Осы жаңа журналды</i> <i>Осы жаңа өлеңді</i> <i>Мына жаңа кітапты</i> <i>Осы жаңа романдарды</i>	білу, жақсы көру оқу, жазу алу, беру, шығару жариялау
Кімді ?	<i>қазіргі қазақ жазушыларын,</i> <i>ақындарын</i>	жақсы көру, күту қарсы алу, білу

4. Досыңыздан, әріптесіңізден сұраңыз.

Қай кітап_____ жақсы көресіз?

Жақын арада қай кітап_____ оқыдыңыз?

Қай жазушы_____ көбірек жақсы көресіз?

Қай өлең_____ жатқа білесіз?

Қай әдебиет_____ оқығыңыз келеді?

Қай жазушы_____, қай ақын_____ өз өміріңізде көрдіңіз?
Әдетте, қай журнал_____, қай газет_____ сатып аласыз?
Қай газет_____ таңертең оқисыз?
Абайдың қай шығарма_____ өте жақсы білесіз?
Қазіргі қай жазушы_____, қай ақын_____ ешқашан көрмедіңіз?
Сіз фантастикалық әдебиет_____ оқисыз ба?

5. Олар нені хабарлады?

Үлгі:

– Біз осы жазушыны жақсы көреміз.
– *Олар осы жазушыны жақсы көретінін айтты.*

Ол осы мақала_____ жатқа біледі.
Ол Мұқағали Мақатаевтың өлеңдер_____ жақсы көреді.
Біз Кемел Тоқаевтың детективтер_____ оқыдық.
Мен жаңа газеттер_____ оқыдым.
Ол осы шығармалар_____ 25 жасында жазған.
Менің балам ешқашан фантастикалық әңгімелер_____ оқымаған.
Қызым ағылшын тіл_____ жақсы біледі.

6. Сіз не оқисыз? (классика, өлеңдер, детективтер).

Газет, журналдарды, кітаптарды жиі сатып аласыз ба?
Әдетте, сіз қандай журналдар мен кітаптарды, газеттерді сатып аласыз?
Бір-бірімізбен сөйлесейік. Топта үш адамнан жұмыс істейік.

7. Қалай хабарлауға болады, қалай сұрауға болады?

Мысалы:

– Мен сіздерге қазақ жазушысы Дулат Исабеков туралы айтамын / әңгімелеймін.
– *Бізге қазақ жазушысы Дулат Исабеков туралы әңгімелеңізші.*

Белгілі қазақ ақыны Мұқағали Мақатаев;
Танымал қазақ ақын қызы Фариза Оңғарсынова;
Белгілі орыс жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Михаил Александрович Шолохов.
Танымал жазушы Нобель сыйлығының лауреаты Эрнест Хемингуей.

8. а) Қалай дұрыс айтамыз?


– Ол _____ туралы ештеңе білмейді (*осы ақын*).
– Мен _____ туралы ештеңе білмеймін (*осы жазушы*).
– Ол _____ туралы ештеңе білмейді (*қазақ әдебиеті*).
– Ол _____ туралы ештеңе білмейді (*қазақ поэзиясы*).
– Олар _____ туралы ештеңе білмейді (*қазақ әдебиеті*).

б) Біреу туралы (жазушы, ғалым, суретші, саяхатшы), бір нәрсе туралы (ұлттық мұражай, қазақ поэзиясы, қазақ прозасы) ештеңе білмейтініңізді айтыңыз. Біреу туралы, бір нәрсе туралы білгіңіз келе ме?

Лауреат жазушылар; Қазақ жазушылары; Қазақ әдебиеті; Қазіргі жазушылар туралы; Мұхтар Әуезов мұражайы туралы; Балалар әдебиеті туралы.

9. а) Интернеттен Нобель сыйлығының лауреаттары туралы не оқуға болады? Кімді білесіз? Кім туралы көбірек білгіңіз келеді?

2014 жылы әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреатымен танысыңыз.



Нобель сыйлығы 2014 жылы әдебиет саласынан француз авторы Патрик Модияноға «Оккупация кезіндегі санқырлы адам тағдырының өмірлік әлемі» атты кітапті жазғаны үшін берілді.

<http://bessarabiainform.com/2014/10/stal-izvesten-laureat-nobelevskoj-premii-po-literature>.

10. Бұл кітап не туралы?

роман
кітап
мақала әңгіме
өлең

не туралы?

(Астана) Біз оқытушының _____ туралы әңгімесін тыңдадық.

(Алматы) Мен _____ туралы альбом сатып алдым.

(детектив) Ол тек қана _____ туралы оқиды).

(қыс, жаз, табиғат) Бұл – _____, _____, _____ өлеңдер.

(жаңа шығарма) Айсәуле өзінің хатында осы жазушының _____ туралы жазды.

11. «Ана тілі» газетінде жарияланған мақаланы оқиық. Бір мақаланы таңдаңыз. Мақала кім туралы? Кім туралы, не туралы сіз білмедіңіз?

(жаңа сөздерді сөздіктен қараңыз).

12. а) Сіз «Гиннесс рекордтар кітабын» білесіз бе? Оны оқисыз ба? Кітап не туралы? Бұл кітап қай тілде шығады? Білесіз бе?

б) Газеттен мақаланы оқып, аударайық. Бұрын нені білмедіңіз? Осы кітап қанша жылдан бері шығып келеді?




Кітаптың бірінші данасы 27 тамызда, 1955 жылы шықты. Кітаптың 198 беті болды. 2001 жылы Гиннесс рекордтар кітабының тиражы 100 млн. болды. Басында бұл кітапта спорт рекордтары, табиғи апаттар және т.б. туралы хабарлар берілді. Бірақ содан кейін әр түрлі адамдардың өзгеше табыстары жариялана бастады.

Бір қызығы кітап Артур Гиннестің атымен аталады. Бірақ ол оның қалыптасуына ешқандай қатысы жоқ. Бар болғаны – осындай кітап шығару идеясын ойлап тапқан адам.

13. а) Өз достарыңыз, туыстарыңыз қандай кітапты жақсы көреді, не оқиды? Сұраңыз, біліңіз.

б) «Кітап жаршысы» газетінен ақпараттарды оқыңыз. Оларды қандай кітаптар қызықтыруы мүмкін, айтыңыз.

в) Мына ақпаратқа назар аударыңыз. Сіз қандай пікір айтар едіңіз?



Томас Корли өзінің «Ауқатты адамдардың күнделікті әдеттері» атты кітабында байлар мен кедейлердің өмірін салыстыра отырып жүргізілген өте қызықты зерттеудің қорытындысын келтіреді. Зерттеу қорытындысына сүйенсек, ауқатты адамдар теледидар қарауға уақыт шығындамайды. Олардың 67 %-ы теледидарды күніне бір сағатқа жетер жетпес қана уақыт көреді екен. Кедей тұратындардың 78%-ы реалити-шоу көрсе, мұндайды көретін байлардың үлесі 6% ғана. Есесіне, ауқатты адамдардың 86 %-ы кітап оқығанды жақсы көреді. Оқуды жақсы көретіндердің үлесі – 26%. АҚШ-та ауқатты адамдардың 88 %-ы күн сайын кемінде жарты сағат әртүрлі жанрдағы кітаптарды оқиды екен. Ал тұрмысы төмен адамдардың арасында мұндайды әдетке айналғандар 2% ғана көрінеді. Ауқатты адамдардың 63%-ы жұмысқа бара жатқанда да аудиокітапты тыңдауды әдетке айналдырған.

14. Өзіңіз туралы көбірек білгіңіз келе ме? Тест сұрақтарына жауап беріп көрелік.

Ия **Жоқ**

Сіз күнде кітап оқисыз ба?

Газетті ше?

Өзіңізді білімді адам санайсыз ба?

Раушан гүлін жақсы көресіз бе?

Ия **Жоқ**

- | | | |
|--------------------------|--------------------------|---|
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сізге боевиктер ұнай ма? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Космосқа ұшқыңыз келе ме? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Иттерді жақсы көресіз бе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіздің кітапханаңыз үлкен бе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Билеуді жақсы көресіз бе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз маусымда дүниеге келдіңіз бе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз өткен ғасырда өмір сүргіңіз келе ме? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Ақсарысыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Тіс дәрігерінен қорқасыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Бала кезіңізде пианинода ойнадыңыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Жиі ғашық боласыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Жазушы болғыңыз келе ме? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіздің жұмыс күніңіз 8 сағаттан көп пе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Әскерде қызмет еттіңіз бе? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сізді достарыңыз жиі ренжіте ме? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз сурет салуды ұнатасыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Өзіңізді романтик санайсыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сізге өлең арнаған кез болды ма? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз осы жылы кітапханада болдыңыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сізге сериалдар көру ұнай ма? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз тестке бірінші рет жауап беріп тұрсыз ба? |
| <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | Сіз 1000 доллардан көп аласыз ба? |

Қорытынды:

1. Иә, сіз оқуды өте жақсы көресіз. Сіз онда келесі ғасырда жақсы өмір сүресіз. XX II ғасырда оқуды жақсы көретіндер көп болады дейді.
2. Оқуды жақында ғана үйрендіңіз... Жоқ дейсіз бе? Онда қолыңызға дұрыс кітап алмағаныңызға көп болды. Бес жыл бұрын сіздің сүйікті жазушыларыңыз көп болған.
3. Сіз не тапсаңыз, бәрін оқисыз. Екі апта оқымаңыз, музыка тыңдаңыз. Немесе киноға барыңыз.
4. Сізге банк чектерін оқу – Әуезовтың романдарынан қызықты.

15. Қазір әңгіме тыңдайсыздар.

Олар не айтты.

Осылай ма, әлде басқа ма?

– Алмас « Жұлдыз» журналын ешқашан оқыған емес.

Айдана өлеңдерді жақсы көреді.

«Жұлдыз» журналы әр түрлі материалдарды жариялайды, сондай-ақ суреттерді де жариялайды.

Алмас қазіргі ақындардың танымал өлеңдерін жатқа біледі.

Алмас Айданаға өзі жатқа білетін, сүйікті өлеңдерін оқиды.

**16. а) Қандай әңгіме болды? Кім не айтты.
Тыңдаймыз, ретімен жазамыз 1,2,3, ..., А немесе Б**

А – Санжар, Б – Сәния.

№	А/Б	
		– О, Мұқағалидың өлеңдері ме? Мен осы кітапты сатып алғым келген еді. Рақмет.
		– Сәлем, Санжар!
		– Ақ құсым аппақ жырларым, алдарыңда әлі таңдар бар....
1	А	– Сәния, сәлем.
		– Мынау – менің саған алған сыйлығым!
		– Рақмет!
		– Туған күнің құтты болсын! Саған оқуда табыс, өмірде бақыт тілеймін.
		– Білемін. Сенің сүйікті ақының – Абай. Сен Абай жерінде туып өстің. Кішкентайыңнан естіп өстің. Сондықтан сен Абайдың көп өлеңін жатқа білесің.
		– Міне, сондықтан саған Мұқағалидың өлеңдерін сыйлағым келді. Мұқағали – сенің сүйікті ақының. Поэзияны жақсы көресің.

б) Сіздің сүйікті ақыныңыз, жазушыңыз бар ма?

17. Мына диалогті қалай аяқтар едіңіз?

– Мен бұрын бос уақытымда көп оқыдым, кітап оқуды жақсы көрдім. Ал қазір уақытым жоқ.

– Қазір не оқуға болады?

– _____.

18. Қазақ танысымызға хат жазамыз. Мына сұрақтар сізге көмектеседі.

Жақында қандай кітап оқыдыңыз (*қалай аталады, авторы кім, бұл кітап не туралы*)?

Өз досыңызға оқуға ұсынасыз ба немесе ұсынбайсыз ба? Неге?

Мен жақында бір кітап оқыдым Кітап – қойма.
Ішінде қанша байлық жатады. Кітап – құпия. Ішінде
қанша сыр жатады. Керек десеңіз, кітаптың әр
данасының өз тарихы, өз тағдыры бар.

Бір нәрсенің бар немесе жоқ екенінің берілуі

<i>бар</i>	<i>жоқ</i>
<i>болды</i>	<i>болмады</i>
<i>болады</i>	<i>болмайды</i>

Бүгін менің сабағым бар.
Бүгін менің сабағым жоқ.
Кітапханада осы кітап болмады.
Ертең сабақ болмайды.
Ертең сабақ болады.

19. Өзіңізде жоқ екенің, болмағаның қалай айтасыз?

Бұл кітап менде бар.

Ал менде бұл кітап жоқ. Менде бұл кітап жоқ, көрген емеспін.

- Онда бұл тапсырма бар ма?
- _____.
- Мына роман сенде бар ма?
- _____.
- Онда бұл мақала бар ма?
- _____.
- Компьютеріңіз бар ма?
- _____.
- Оларда жаңа газеттің жаңа нөмірі бар.
- _____.
- Менде бұл өлеңдер бар.
- _____.
- Оның үй кітапханасында фантастика да, детективтер де, классика да бар.
- _____.

20. Егер сізде осы сұраған нәрсе жоқ болса, болмаған болса, болмайтын болса, қалай жауап беруге болады?

- Сізде Д. Исабековтың әңгімелер жинағы бар ма?
- _____.
- Сізде қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі бар ма?
- _____.
- Кеше сіздерде қазақ әдебиетінен лекция болды ма?
- _____.
- Сізде Бауыржан Момышұлы туралы жазылған «Ақиқат пен аңыз» романы бар ма?
- _____.
- Ертең М. Әуезовтің әдеби мұражайына экскурсия болады.
- _____.
- Кеше университетте конференция болды ма?
- _____.
- Сізде А. Байтұрсынұлының шығармаларына қатысты мақалалар бар ма?
- _____.
- Сізде Ш. Айтматовтың «Боранды бекеті» бар ма?
- _____.

21. Олар мұны неге істемеді, қалай түсіндіруге болады?

Үлгі: Дастан Дулат Исабековтің әңгімелерін оқымапты, себебі онда жазушының бұл кітабы жоқ.

Ерсайын «Ақиқат» журналының соңғы нөмірін оқыған жоқ, _____

Гүлжан Сабыр Адайдың «Әр қазақ менің жалғызым» деген өлеңін оқымапты. _____

Дәурен кеше С. Мұқанов мұражайында болмады, _____

Біз әлі «Ана тілі» газетін оқымадық, _____

Жансая мына романды сатып алмапты, _____

22. Оқитын кітаптарыңызды қайдан аласыздар, үй кітапханаңыздан ба, қалалық кітапханадан ба, әлде таныстарыңыздан аласыз ба немесе сатып аласыз ба?

Сіз кітапхананы пайдаланасыз ба?

Кітапханаға барасыз ба? Кітапханада жиі боласыз ба?

Сауалнаманы толтырыңыз:

1. Бос уақытыңызда немен айналысасыз?

- 1) телебағдарламалар, кино бейнетаспа көру
- 2) компьютерлік ойындар, интернет
- 3) кітап оқу
- 4) журнал оқу
- 5) газет оқу
- 6) музыка тыңдау
- 7) спортпен айналысу
- 8) қыдыру
- 9) достармен араласу
- 10) өз нұсқаңыз: _____

Жиі оқисыз ба?

- 1) күнде
- 2) аптасына 1 – 2 рет
- 3) сирек
- 4) мүлдем оқымаймын

3. Қандай авторды оқыдыңыз? Соңғы оқыған шығармаларыңыз қандай?

5. Классикалық әдебиет сіздің оқуыңызда қандай орын алады?

- 1) үлкен бөлігін
- 2) жартысына жуығын
- 3) жартысынынан азын
- 4) классиканы оқымаймын

2. Қандай кітаптарды оқығанды жақсы көресіз?

- 1) қазақ классикалық әдебиеті
- 2) махаббат туралы романдар
- 3) детективтер
- 4) ұрыс соғыс (боевики)
- 5) триллер
- 6) оқиғалық әдебиеттер
- 7) ғылыми фантастика, фэнтези
- 8) тарихи кітаптар
- 9) таңғажайып адамдар өмірінен
- 10) танымал адамдар туралы кітаптар
- 11) танымал адамдар, «жұлдыздар» өмірі туралы журнал
- 12) анықтағыштар, энциклопедия
- 13) арнайы / ғылыми әдебиеттер
- 14) Басқа

4. Оқыған кітабыңыз әсері туралы кімдермен бөлісесіз?

- 1) ата-анаммен, туыстарыммен
- 2) достарыммен
- 3) оқытушыммен
- 4) курстастарыммен
- 5) ешкіммен

Классикалық әдебиет оқисыз ба?

- 1) иә
- 2) жоқ

6. Қандай қазақ классиктерін білесіз?

7. Қандай шетел классиктерін білесіз?

8. Классикалық әдебиеттерге қалай қарайсыз?

- 1) оқу қажеттілігіне байланысты
- 2) білімдірек болып көріну үшін
- 3) замандастарымды жақсырақ түсіну үшін
- 4) қызық үшін
- 5) достарымның кеңесімен
- 6) өз нұсқаңыз?

9. Қазіргі жазушылардың қай кітабын оқисыз?

10. Қазіргі ақындардың қайсысын білесіз?

11. Оқудың қай түрін пайдалана аласыз?

- 1) қарап шығу
- 2) талдап оқу
- 3) танысып оқу
- 4) ізденіп оқу
- 5) таңдап оқу

12. XX ғасырдағы балалар жазушыларының ең жақсы кітабын атаңыз

13. XX ғасырдың ең жақсы кітаптарын атаңыз (өз пікіріңізше)

14. Кітапханадан кітап аласыз ба?

- 1) иә
- 2) жоқ

15. Астанадағы қандай кітапханаларды білесіз?

16. Соңғы кезде оқыған кітабыңызды атаңыз.

17. Электронды кітаптарды пайдаланасыз ба?

- 1) иә
- 2) жоқ

18. Сабаққа дайындалу үшін интернет ресурстарды пайдаланасыз ба?

- 1) жиі
- 2) сирек
- 3) жоқ

19. Көркем әдебиеттерді интернеттен оқисыз ба?

- 1) жиі
- 2) сирек
- 3) күнде
- 4) жоқ

20. Қазіргі жазушылар мен ақындардың сайтына кіресіз бе?

- 1) иә
- 2) жоқ

23. Әдеби жаңалықтармен танысуға болатын сайттарды атаңыз.

Біреуге, бір нәрсеге қатыстылықтың берілуі

Сізге бұл ұнады ма? Сізге осы роман ұнады ма? Сізге мұражай ұнады ма?
Бұл өте тамаша болды. Бұл – өте қызықты, тамаша роман. Иә, өте қызықты болды.
Бізге ұнаған жоқ. Бұл жақсы болмады.

Сізге не ұнайды / ұнамайды?
Маған осы роман өте ұнады. Маған роман ұнамады.
Сіз нені жақсы көресіз / нені жақсы көрмейсіз?

Балам оқуды жақсы көреді. Ол оқуды жақсы көрмейді. Ол детективтерді жақсы көрмейді.
Сіз не істегенді жақсы көресіз, не істегенді жақсы көрмейсіз?
Маған романдар оқу ұнайды. Оған мұнда жұмыс істеген ұнамайды.
Кімге бұл ұнады / кімге бұл ұнамады?
Оған (маған, саған, бізге, сізге, оларға) бәрібір.
Оған онда ұнады / ұнамады.

24. Әңгіме қандай болуы мүмкін?

Танымал жұлдыздардың біріне сұрақтар беріп көрелік.

Сіз _____ осы детектив ұнады ма?
Детектив оқу _____ жақсы көресіз бе?
Сіздің достарыңыз _____ осы өлең ұнады ма?
Достарыңыз _____ осы конкурс ұнады ма?
Сіз _____ неге осы кітап ұнамады?
Қазіргі жас жазушылар туралы не айтар едіңіз?

25. Танымал жұлдызымыз қай сұраққа қалай жауап берді?

- Жоқ, маған ұнамайды, оларды ешқашан оқыған емеспін.
- Иә, ұнады, өте қызықты детектив.
- Білмеймін, ол әлі бұл өлеңді оқымаған сияқты.
- Маған ба? Маған бәрі ұнады. Қызықты оқиғасы, тілі, суреттері ұнады.
- Барлық жас жазушылардың, ақындардың өз ерекшеліктері бар. Маған сөз сөйлегендердің бәрі ұнады.
- Өте жақсы, олардың бәрі ақылды, талантты. Олардың шығармаларын оқу қызықты деп ойлаймын.

26. Растаңыз, мысалы былай:

- *Тоғжанға мына кітап ұнады.*
- *Тоғжанға ма? Иә, оған бұл кітап ұнады.*
- Айдынға Шыңғыс Айтматовтың мына шығармасы ұнады.
- _____.
- Менің оқытушыма махаббат туралы өлеңдер ұнайды.
- _____.
- Әкем мен шешем қазіргі әңгімелер ұнамайды.
- _____.
- Саған және Қайсарға осы кітаптар ұнайды.
- _____.
- Маған детектив кітаптар ұнайды.
- _____.

27. Ұнады ма немесе ұнай ма? Ұнамайды.

- Маған ылғи кешке оқыған _____?
- Бүгін таңертең саған не _____?
- Оған ешқашан фантастика _____.
- Әдетте, өлең тыңдаған _____.
- Оларға кеше автордың өз өлеңдерін оқуы _____.
- Мына детектив саған да _____?
- Саған сыйлаған кітабым _____ деп ойлаймын.

28. Ұнайды немесе жақсы көру

- Маған осы жазушының шығармалары өте _____.
- Мен әдеби концерттерді _____.
- Қалайша сен қазіргі поэзияны _____?
- Білесің бе, мен өлең жаза алмаймын, өлең оқуды да _____.
- Оған мектеп туралы жаңа әңгімелер _____.
- Мына мақала саған _____ ма?
- Мүмкін сіз тарихи романдарды _____ шығарсыз?
- Біз «Ана тілі» газетін оқуды _____.

29. Сіз мына сөздерге келісесіз бе? Кімнің пікірі ұқсас? Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

- 1) - Сіз қалай қарайсыз, білмеймін. Мен классиканы мектепте де оқымадым, жақсы көрмеймін. Осы кітаптарда қандай қызық бар екенін түсінбеймін.
- 2) - Мен детективтерді оқымаймын, оқығым да келмейді. Нағыз әдебиет дегеніміз – классика. Классикалық әдебиет – мұражайлық экспонат емес. Ол өмір сүреді, өмір сүре береді, себебі ол адам жанына жақын, адам жанының айнасы. Адамның қашан, қайда туылғаны, қай тілде сөйлейтіні маңызды емес.
- 3) - Әдебиетті мектептегідей оқымау керек. Бұл жазушыға деген сүйспеншілікті жоғалтады. Мысалы біз тек қана өлеңді ғана емес, романдардың беттерін де жаттадық. Айтыңызшы, қай оқушыға бұл ұнайды? Әрине, ол романды да, жазушыны да жек көре бастайды. Айтпақшы, сіз Мұқановты оқыдыңыз ба, не айтар едіңіз?
- 4) - Мен оның «Адасқандарын», «Аққан жұлдызын» жақсы көремін, ал, «Ботакөзі» ұнамайды.
- 5) - Жуықта классиктер болады деп ойламаймын, тек қана жаппай мәдениет болады: адамдар детективтер оқитын болады. Студенттер «детектив классиктерінің шығармалары» бойынша емтихан тапсырады. Неге бұлай ойлайды дейсіз ғой. Көп адамдар жеңіл жолды таңдайды. Өмірде ғана емес, өнерде де. Иоганн Штраустың вальсін немесе поп-жұлдыздың әндерін тыңдау жеңілірек. Себебі бұл ешқандай қиын емес. Бұл – жалқаулардың мәдениеті. Әрине, әлемде нағыз өнермен айналысатын адам жоқ дегенім емес. Әлемде тек қана жейтін, ұйықтайтын, детективтер ғана оқитын адамдар ғана емес, рухани бай адамдардың көп болуы тиісті.
- 6) - Меніңше, қазір жағдаят басқаша. Бірнеше жыл бұрын жастар теледидар мен пепсиді таңдаған, детективтер мен батыстан келген махаббат туралы бестселлерді ғана оқыған. Бұл өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында болған. Ал қазір жастар дүкендерден салиқалы, салмақты әдебиеттерді алады: классиканы, тарихи кітаптарды, оқулықтарды (экономика, заң, шет тілі және т.б.) Астана, Алматы қалаларында үлкен кітап дүкендері бар. Онда күн сайын жүздеген адамдар болады.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, кітап сатып алушылардың көпшілігі жоғары және орта білімді адамдар.

Қазақстан газеттерін оқитындар үшін

30. а) Қазақстан газеттері туралы не білесіз?

Екеуара жұмыс:

- Танымал қазақ газеттері қалай аталады?
- _____.
- Бұл газеттер не туралы жазады?
- _____.
- Қай газет ең танымал?
- _____.
- Қай газет күнде шығады?
- _____.
- Басқа газеттер қалай шығады?
- _____.
- Көлемі бойынша қай газет ең үлкен / кішкентай?
- _____.
- Онда қанша бет бар?
- _____.

б) Қазақстан газеттері туралы әңгіме дайындаңыз.

Былайша бастаңыз:

Қазақстанда _____ газет шығады. Олардың ішіндегі көпшілікке көбірек танымалы – _____.

Ең танымал газет – _____.

Оның тиражы – _____.

Газет аптасына _____ шығады.

Онда _____ туралы жазылады.

Жалпы қазақстандық газеттерден басқа жергілікті газеттер де шығады.


Қазақстандықтардың көпшілігі жергілікті газетті де оқиды.

31. Егер шетелдік студент болсаңыз, сіздерде қандай газеттер шығады? Олар туралы не айта аласыз? Өзіңіздің досыңызға қай газетті оқуға кеңес бересіз? Неге?

32. Өз бетінше оқуға арналған газет мақаласын оқыңыз. Не туралы айтылған, әңгімелеңіз.



Бразилияның «Орталық аялдама» атты классикалық киносы бірнеше рет халықаралық кинофестивальдердің айтулы сыйлықтарын қанжығасына байлаған. Киноға Дора есімді әжейдің Муса атты балаға серік болып, ит арқасы қияндарды шарлап, оның әкесін бірге іздескені туралы хикая арқау етілген. Ал біздің айтқалы отырғанымыз бұдан басқа әңгіме.



Жас режисер Вальтер Саллес Бразилияның түкпір-түкпіріндегі балалар арасынан бас кейіпкерді сомдауға лайықты кішкентай ұл бала іздейді. Бір күні ол жұмыс бабымен Рио-де-Жанейро әуежайына барғанда, бір кішкене ұл бала оның аяқкиімін сүртіп бермек болады. Бірақ тәкаппар жас режиссер одан бас тартып, аяқкиімін майлатпайды. Әлгі ұл бала еш тайсалмастан: «Ендеше маған нан сатып алуға қарыз бере тұрыңыз, мен қолыма ақша түскенде, сізге сөзсіз қайтарып беремін», – дейді.

Дәл сол сәтте, ол алдында тұрған осы арық баланың өз көңіліндегі киноның бас кейіпкерінен аумайтындығын аңғарады. Оның көңіліне түйіп, іздеп жүрген кейіпкері осы балаға құйып қойғандай ұқсайтын еді. Балаға нан сатып алатын ақшаны береді де: «Ертең сен менің кеңсеме кел. Ол жерде қарныңды тойғызатын тамақ та, ақша да бар», – дейді.

Келесі күні әлгі баланың өзі ғана келмей, айналасындағы барлық аяқкиім майлап, ақша табатын достарын ерте келгенін көріп, қайран қалады.

Режиссер Вальтер Саллес осы балалардың арасынан әлгі баладан да зерек, осы киноның бас кейіпкеріне бап келетін балалардың бар екенін байқайды. Бірақ ол соңында әлгі баланы алып қалып, сынап көрмек болады. Өйткені, бұл баланың құдды өзі түсірмекші болған кинодағы бала сияқты ізгі ниетті екенін бірден аңғарады.

Ал кейінгі әңгіме айтпаса да түсінікті. Бұл кино керемет сәтті шығып, Винисиус де Оливейра есімді әлгі бала Бразилиядағы елге танымал әйгілі шолпанға айналады. Ал әңгімені басқа тақырыпқа бұрсақ, Бразилиядағы аяқ киім майлаушы бала Винисиус емес, 2003-2011 жылдар аралығында Бразилияның президенті болған Лула да Силва есімді аяқ киім майлаушы бала.



<http://massaget.kz>
Дайындаған: Алшын Матай
(Сурет: alsolikelife.com)



Қазіргі Иранның ең белді әрі талантты жазушыларының бірі – Мұстафа Мәстүр. Оның осыдан 10 жыл бұрын жарық көрген “Алланың ажарын сүй” (“Поцелуй прекрасное лицо Бога”) деген романы 172 мың данамен 40 рет қайта басылды. Тегеранда. Әрине, оқырмандардың, әдеби-мәдени зиялылардың сұранысы бойынша. Оқырманның сұранысы бойынша қырық рет (!) қайта басылған романды неге қазақшаға аудармасқа? Бұл жөнінде баспагерлеріміздің ойланғаны жөн-ақ. М.Мәстүр жақында Мәскеуде болып, “Литературная газетаға” (11-17 шілде, 2012 жыл) сұхбат берді. Енді осы сұхбатты назарларыңызға ықшамдап, қысқартып ұсынуды жөн көрдік.

– Орыс әдебиетімен парсы жұртшылығы да таныс шығар?

– Парсының жазушылары, әдебиетшілері, зерек оқырмандары орыстың XIX–XX ғасырдағы классик жазушыларын жақсы біледі. Ал әдеби сынға келсек, орыс зерттеушілерінің әдеби сынның теориясына арналған іргелі еңбектері түгелдей дерлік парсы тіліне аударылды.

– Қазіргі күні парсы жазушыларын қандай тақырыптар толғандырады?

– Бұрындары парсы жазушыларын саяси, әлеуметтік мәселелер көп қызықтыратын. Ал соңғы жылдары парсы прозасы өзін-өзі тереңнен ақтару, ақтара отырып, ішкі сырды жайып салу формасын (исповедальная форма) жақсы игеріп алды.

– Сіздерде цензура бар ма?

– Бар. Мәселен, эротикалық сипаттағы әдебиетке қатаң тыйым салынған.

– Әйел-жазушылар бар ма?

– Бүгінде біздің елде әйел-жазушылардың саны өте мол. Оны айтасыз, бізде әйел-режиссерлер де өте көп.

– Иран жазушылары қазір қандай тілдерге аударылып жатыр?

– Ағылшын, кәріс, француз, неміс, араб тілдеріне.

– Иранда жазушылар өз еңбегімен, яғни тек жазып-сызумен күн көре ала ма?

– Тек талантты, дарынды, ұлттың сұранысына ие жазушылар ғана қаламақымен күн көре алады.

34. Газеттен өзіңіз де үш мақала оқыңыз, олар не туралы, айтыңыз.

Көркем әдебиет оқитындарға арналады

Мәтінді оқуға дайындалайық.

Қалай ойлайсыздар: шыншыл достарыңыз көп пе? Олардың шыншылдығы неден көрінеді?

Мына сөздермен жұмыс істеңіз (сөздіктен қараңыз).

Әйгілі, түстену, темекі тарту, қызу талқылау, жұмыссыз қалу, қайыршылық, үміт, телміре қарау, жаны ашу, өкінішке қарай, құпия, тиын-тебен, ұялу, ыңғайсыздану, ойланбастан, өкіну, қара басу, жазғыру, аңқау, зауқы соқпау, бір-бірлеп, есеп беру, күмән, шексіз, шаттық, шыншыл, құлағына үйір болу, таң қалу.

Мәтінді бір рет оқып, сұрақтарға жауап беруге дайындалайық:

Бұл әңгіме не туралы? Гарис кім, Варонтен кім? Ол Варонтенге қалай көмектесті? Құпия нөмірсіз карточкада қанша ақша бар еді? Гарис неге өкінді? Олар нені күтпеді? Варонтен қалай есеп берді? «Нью-Йорк почта газетіне» олар не туралы хабарлады? Валонтерге қандай көмек келді? Валонтердің есіне не түсті? Валонтердің түйін сөзі қандай еді?

Шыншыл жандардың әңгімесі



Гарис АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы әйгілі жарнама компаниясының жоғары дәрежелі жетекшісі. 2010 жылдың тамыз айында ол бір досын ертіп қала сыртындағы асханадан түстенеді. Досы сыртқа шығып темекі тартпақ болады да, екеуі асхана алдындағы темекі тарту орнында тұра қалады. Екеуі іште басталған әңгіменің жалғасын қызу талқылап тұрған сәтте, біреу келіп, алдымен өзін таныстырып:

– Кешіріңіз, менің атым – Варонтен. Биыл 32 жастамын. Жұмыссыз қалғанымға үш жылдан асты. Содан бері қайыршылықпен күн көріп келемін. Айтайын дегенім, көмек қолыңызды созып, тұрмысыма қажетті бұйымдар сатып алуыма тиын-тебен бере тұрасыздар ма? – деп, Гаристің жүзіне үмітке толы жанарымен телміре қарайды.

Қарсы алдындағы жас негр азаматына жаны ашыған Гарис оған күлімсіреп:

– Айтар жоқ, көмектесейін, - дейді де, қалтасына қолын салады. Өкінішке қарай, онда ешқандай ақша жоқ еді. Оның орнына құпия нөмірсіз сенімді банк карточкасы шығады. Ол әдетте қалтасына ақша салып жүрмейтін еді. Тек осы карточкамен кез келген дүкенінен қалаған затын сатып ала беретін. Айтарын айтып алып, көмектесе алмағанына ұялып қалады. Оның ыңғайсызданған бейнесін көрген қайыршы:

– Маған мынау карточкаңызды бере тұрасыз ба? – дейді.

Ақкөңіл Гарис ойланбастан оған ұстата береді.

– Кешіріңіз, мен бұған бір қорап темекі қоса алсам бола ма? – деп сұрайды бәсең дауыспен.

Гарис еш ойланбастан:

– Әбден болады. Қалаған затыңызды алыңыз. Варонтен жолына түскен соң, Гарис пен досы қайтадан асханаға кіреді.

Арада жарты сағат өткенде Гарис өкіне бастайды:

– Құпия нөмірсіз әлгі карточкада жүз мың доллар бар еді. Әлгі адам ақша қолына тиген соң, қашып кетеді-ау деймін. Мені қара басқан екен, – дейді сілкіне түсіп. Досы да оны жазғыра жөнеледі:

– Танымайтын біреуге қалай ғана сеніп бере салдың. Өте аңқаусың ғой.

Гаристің енді тамаққа зауқы соқпайды. Досы екеуі үн-түнсіз асханадан шығады. Бірақ олар асхананың алдында өздерін Варонтеннің күтіп тұрарын ойламаған еді. Ол карточканы иесіне қос қолдай ұсынып, қанша ақша жұмсағанын, ішінде қаншалықты ақша қалғанынан айтып, бір-бірлеп есеп бере бастайды.

– Мен 25 доллар жұмсап, сабын, екі құмыра су және бір қорап темекі алдым. Міне, тексеріп көріңіз, – деп есеп қағазын да ұсынады. Екеуі алдарында тұрған мына адал қайыршыны көріп, таңданысын жасыра алмай қалады. Гарис оны құшақтай алып:

– Рақмет, рақмет сізге! – дей берді. Ал Варонтен оның не үшін рақмет айтып тұрғанын түсінбей, өзі де күмәнмен таңданып тұр.

Содан кейін Гарис пен досы екеуі төте тартып «Нью-Йорк почта газетіне» барып, болған жайды әңгімелеп береді.

Бұл хабар оқыған адамның біразын таңдандырыпты. Газет редакциясына оқиғаның шын-өтірігін білгісі келіп, телефон шалғандар мен Варонтенге көмектесуге ризашылығын білдірген хаттар толассыз келіп жатты. Техас штатынан Идрис Эйрба есімді саудагер оған 6000 доллар ақша жіберіп, адалдығын мадақтайды.

Варонтенді бәрінен таң қалдырғаны, бірнеше күннен кейін ол Висконсин штатының әуе компаниясынан өзін әуе қызметкерлігіне ұсыныс еткен шақыру мен келісімшартқа қол қою жайлы хабар келеді. Шексіз шаттыққа шомған Варонтен:

– Шешем бала күнімнен сөзіңнен таймайтын шыншыл бол деп үнемі айтатын еді. Құлағыма үйір болған осы сөздің өзіме мұншама пайда жеткізерін ойламаппын. Шынын айтқанда, менің бұл ісім жұрт таңғала қоярдай дүние емес қой, - деп ағынан жарылыпты.

(<http://massaget.kz> Дайындаған: Алшын Матай)

Әңгімені тағы бір рет оқыңыз, сөйлесейік:

- Гаристі қандай адам деп ойлайсыз?
- Ол неге Варонтенге көмектескісі келді?
- Варонтенді қандай адам деп ойлайсыз?
- Неліктен Гарис Варонтенді қайтадан көргенде, қатты қуанды? Неге рақмет айтты?
- Варонтен нені түсінбеді?
- Неліктен газетке көп хат келіп жатты?
- Варонтенге не көмектесті?

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

Ән – көңілдің ажары. Кино көресіз бе?



Осы сабақта

- Қазақстан: ел және адамдар
- Қазақ фильмдері;
- Қазақстан кино студиясы;
- Танымал тележүргізушілер;
- Белгілі қазақ режиссері, актерлері туралы білетін **боламыз**.

- Фильм туралы әңгімелей алатын боламыз;
- Көруге кеңес бере алатын боламыз;
- Афишалар мен фильм туралы анонстарды оқи алатын боламыз, телефон арқылы билетке тапсырыс бере алатын **боламыз**.

- Іс-әрекет объектісі мен қозғалыс бағытының берілуін;
- Табыс септігіндегі зат есім, есімдікті;
- Анықтауыш пен меншіктік қатынастың берілуін;
- Ілік септігінің мағыналарын **қайталаймыз**.

- Қозғалыс бағытының берілуі (қайдан?);
- Шығыс септігі, мақсаттың берілуі;
- Қалай кеңес, рұқсат береміз;
- Тыйым салу;
- Керек, қажет, қажет еместің берілуі;
- Болады, болмайды мағыналы сөйлемдер, және, мен / пен / бен , ал, да /де/та /те (мен де, ол да) жалғаулықтарының қолданысы туралы **білетін боламыз**.

«Спутник» кинофестивалі туралы (http://festiwalwisla.pl/2011/info_sponsor.pdf)

1. Бала кезіңізде кино әртісі немесе кинорежиссері болуды армандадыңыз ба?

Сіздің сүйікті кино әртістеріңіз немесе кинорежиссеріңіз бар ма? Олардың аты кім? Олар қандай фильмге түсті?

2. Кино сөзімен тіркесетін сөздерге назар аударыңыз.

Кинофабрика, киножурнал, кино өнері, кино операторы, кинокомедия, кино режиссері, кино фестивалі, киностудиясы, кино жұлдызы.

3. «Киноны кім жасайды?» кітабында Лидия Польская: «Экранды оқу – кітапты мұқият оқығанмен бірдей» деп айтқан екен. Сіз осы оймен келісесіз бе? Неге?

Мына сөздерді пайдаланып сөйлеңіз: сюжет, кейіпкер, суретші, актер, сценарийін жазушы, операторы, режиссері, дыбысы, музыкасы.

Былайша бастаңыз: кітапта да, әдебиетте де сюжет бар. Әдебиеттегі сюжетті жазушы жазатын болса, кинодағы сюжетті сценарийші жазады.

4. Мына сөздер қандай сұраққа жауап береді?

Деректі, музыкалы, театр, көркем, оқиғалы.

Осы сөздермен сөз тіркесін құраңыз.

5. Кинофестивальда қандай сұрақтар қоюға болады?

Кім, қашан, қандай?

Мына сөздерді пайдаланыңыз: рөлде ойнау, басты рөлде ойнау, фильм түсіру, дыбыстау, көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық фильм, шытырман оқиғалы фильм, комедия.

6. Бір-біріңізден кім қандай фильм көруді ұнататыны туралы біліңіз (қандай фильмдер, қандай телебағдарламалар).

Сіз қандай фильм көрдіңіз? Қашан?

Қай фильмді көрейік? Қайда баруға болады?

7. а) Егер сіздің танысыңыз әдеби шығармалар мен мультфильмдердің экрандалғанын жақсы көретін болса, оны қандай анонс қызықтырады?

Сізді қандай анонс қызықтырады?

б) Мына фильмдерді көру үшін қандай театрға барар едіңіз?

Ол салға мініп мұхитты кесіп өтем дегенде, жұрт мазақ қылған еді. Бірақ...



2013 жылы түсірілген Кон-Тики көркем фильмінің кадры.

Фильм режиссерлері: Хоаким Роннинг және Эспен Сандберг.

Тур Хейердал – Тынық мұхитын жүзіп өтіп, аты әлемге әйгілі болған саяхатшы әрі антрополог ғалым. Ол өзінің осы саяхаты туралы "Кон-Тики" атты фильм түсірді. Осы туындысы 1952 жылы үздік деректі фильм деп танылып, автор Оскар сыйлығын алған.

Кон-Тики – 9 ағаш діңінен жасалған кішкене салдың аты. Осы салға мініп Хейердал мен оның серіктері 1947 жылы Тынық мұхитын кесіп өткен.



«Кон-Тики» салы. Ослодағы Тур Хейердал мұражайы.

Не деген актер, не деген керемет тұлға!



«Сұлтан Бейбарыс» көркем фильмінің кадры



«Ана – Жер Ана» көркем фильмінің кадры



Бүгін ұлттық театр сахнасы мен кино бәлемінде өзінің шығармашылық болмысымен, талант-танымымен жарық жұлдыздай ағып өткен саңлақ актерлердің бірі Нұрмұхан Жантөриннің туған күні. Актер 1928 жылы 22 сәуірде Атырау облысының Махамбет ауданында дүниеге келген. Мектепті бітіріп Алматыға жол тартқан Н.Жантөрин киномеханиктер дайындайтын мектепке түскен, осы кезде тағдырдың өзі **оның бойындағы әртістік қасиетін көре білген ұстаздарға жолықтырып**, Алматының актерлер дайындайтын мектебінің студенті болады. Кешікпей Ташкент театр өнері институты актерлік

факультетінің 3-курсына қабылданып, оны 1952 жылы бітіріп шығады.

Өнер табалдырығын осылай аттаған Нұрмұхан аға өмірінің соңына дейін М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында, сонымен қатар **«Қазақфильм»** киностудиясында **көптеген спектакль мен фильмдерде ойнап, актерлік шеберліктің озық өрнегін көрсетті.**

С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановында» – Шоқан, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында» – Қодар, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пен «Қарагөзінде» – Кебек пен Сырымды, М.Булгаковтың «Жендеттерінде» – Мольер, У.Шекспирдің «Отеллосы» мен «Макбетінде» – Яго мен Макбет, А.Пушкиннің «Шағын трагедияларында» Сальери, Барон және Дон Жуан рөлдерін ойнаса, «Оның уақыты келеді» фильмінде – Ш.Уәлиханов, «Атаманның ақырында» – Абылайханов, «Құрманғазыда» – Құрманғазы, «Сапар құдығында» – Сапар, «Көлеңкесін құған шалда» – қария, «Сұлтан Бейбарыста» – Сұлтан Бейбарыс сияқты басқа да көп-теген тұлғалы бейнелерді асқан ынтамен сомдап, өзгеше адами әрі актерлік қырынан танылды.

Режиссер Б.Мансұров қойған **«Сұлтан Бейбарыс»** фильміндегі Бейбарыс бейнесі тек Жантөриннің емес, қазақ киносының ірі табысы болды. Бұл фильм туралы актердің жұбайы, театр зерттеушісі Маргарита Иоглева-Жантөрина: «Сұлтан Бейбарыс образы актер Нұрмұхан Жантөриннің ұлы шығармашылығы екенінде дау жоқ. Сұлтандыққа жанкештілікпен жеткен адамның тағдыры. Менің мәскеулік актер достарым «Сұлтан Бейбарысты» орысша дыбыстаған кезде, Сергей Федоровичтің таңғалысын айтқан болатын. Ол үзіліс кезінде «Не

деген актер, не деген керемет тұлға! Оның сөздерін дыбыстандырудың өзі бір ғанибет!» деп ризалық білдірген екен», – деп жазған. Осы рөлі үшін Н.Жантөрин кеңес киносы актерлерінің Бүкілодақтық «Созвездие – 90» фестивалінде «Актер мамандығына қосқан аса зор үлесі үшін» сыйлығын жеңіп алып, арнайы дипломмен марапатталды. Бүкілодақтық фестиваль күндері

Тверь қаласы көшелерінде Нұрмұхан Жантөринді халық «Сұлтан Бейбарыс!.. Сұлтан Бейбарыс!..» – деп қошеметтеп, қолпаштап тұрып алған екен.



Нұрмұхан Жантөрин «Қазақфильм», «Қырғызфильм», «Өзбекфильм», «Мосфильм», «Ленфильм», т.б. көптеген киностудиялармен шығармашылық байланыста болды.

Сондай-ақ, «Еңлік-Кебектегі» Абыздың Н.Жантөрин жасаған философиялық бейнесі сахнада сирек кездесетін құбылыс. Ол қандай рөлді ойнаса да ой мен әрекет тұтастығын таба білді, кейіпкерінің бойына өзінше жан бітіруге талпынды. М. Бегалиннің «Оның уақыты келеді» (1957 ж.) фильмінде Шоқан Уәлиханов образымен өнер күмбезіне жұлдыздай жарқырап шықты. В.Мажурин қойған М.А. Булгаковтың «Мольер» қойылымы Жантөриннің асқан шеберлікпен ойнауы арқасында Мәскеу театр сүйер қауымын дүр сілкіндірді, – деп еске алады актриса Лейло Бекназар-Ханинга.

Пайғамбар жасына қараған шағында о дүниелік болған актер: «Мендегі бар қымбат нәрсені осынау жарық дүниеге тастап кеткім келеді-ақ. Әлі көп нәрсе істегім келеді... Жұмыс жасағым келеді...» – деген арманын жазады. Бүгінгі ұрпақтың актерді әлі күнге дейін ұмытпауы, үлгі тұтуы, құрметтеуі бұл арманның орындалғаны деп білеміз...

Дайындаған: Айгерім Сматуллаева

Материалды дайындау барысында ғаламтор беттеріндегі мәліметтер пайдаланылды.

Сурет: М. Әуезов театрының баспасөз қызметі, kino-teatr.ru

<http://massaget.kz/layfstayl/sport/zhanalyktar/17954/>

Ермек Тұрсынов наурызда жаңа фильм ұсынады

Танымал қазақстандық кинорежиссер Ермек Тұрсынов «Кемпір» жаңа картинасының түсіру жұмыстарын аяқтады деп хабарлайды Tengrinews.kz.



Автор картинаның есті әрі мейірімді қалжыңға толы болатынын айтты. Ал жалпы сюжетті режиссер құпияда ұстап отыр. «Жұрттың қызығушылығын оятқым келеді, жұрттың бәрі киноға арнайы барып, көңіл көтеріп қайтқанын қалаймын. Кино ел аузындағы әзіл-қалжыңға негізделген, әзіл-оспағы табиғаты жағынан «Махаббат және кептерлер» фильміне ұқсас, бірақ қазақша. Әзілі бәріне ортақ, жастар да, қарттар да күліп қайта алады. Орынсыз әзіл немесе анайы, әдепсіз көріністер жоқ, мейірімді комедия», – дейді Тұрсынов.

«Кемпір» картинасы кинотеатрлардан Наурыз мейрамында көрсетіле бастайды деп күтілуде. Басты рөлдерді Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Қадырбек Демесін және Ғазиза Әбдинабиева сомдаған. Түсірілімге, сондай-ақ, Асанәлі Әшімов те қатысқан. «Мұны не үшін жасап жатырмын? Қазір жұрттың жағдайы мәз емес. Ал бұл ісім – адамдарды біраз демеп, көңіл-күйлерін көтеруге деген талпыныс. Сонымен қатар 22 наурыз мерекесіне тарту», – деді режиссер.

Айта кетейік, «Кемпір» фильмінің түсірілімі 2013 жылдың жаз-күз мезгілінде Алматы қаласы және Алматы облысында жүргізілді. Бұған дейін фильмнің «Қалай болды? Немесе қазақша форс-мажор» деген атпен ұсынылады деп жоспарланғандығын да айта кетейік.

<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/17312/>

Сурет: brod.kz

Дайындаған: Анар Мұстафина

Зат есім мен есімдіктің табыс септігінде берілуі

Олар не көрді? Не тыңдады?
 Ол осы жаңа балетті көрді.
 Олар осы қызықты жарысты көрді.
 Ол осы жаңа операны тыңдады.
 Мен осы фильмдерді көрдім.

Олар қайда барды?
 Ол осы жаңа балетке барды.
 Олар осы жарысқа барды.
 Ол осы жаңа операға барды.
 Мен осы фильмге бардым.

Біз кімді білеміз, кімді жақсы көреміз?
 Бұл – белгілі қазақ кино әртісі.
 Мен осы танымал қазақ кино әртісін жақсы көремін.
 Бұл – танымал қазақ кино әртісі.
 Менің жақсы көретін әртісімнің аты -
 Олар осы белгілі суретшілерді жақсы біледі.

Оның аты – Асқар
 Мен оны білемін

Менің танысымның аты – Асқар.
 Мен сенің директорыңды білемін.

8. Олар қайда барды?

- Ол қайда барды?
- Ол «Арман кино театры» _____.
- Сіз қайда барып келдіңіз?
- Мен кинофестиваль _____ Венеция _____ барып келдім.
- Ол қайда ұшты?
- Ол Франция _____, Канныда _____ ұшты.
- Сіз қайда барасыз?
- Мен «Кинопанорама» хабары _____, телевидение _____ барамын.
- Сіз қайда барасыз?
- Әлі білмеймін, мүмкін, Америка _____ немесе Жапония _____ барамын.
- Ал сен қайда барасың?
- Мен кино үйі _____, әртістермен кездесу _____ барамын.

9. а) Логикалық сыңарларын біріктірейік.

киноны жақсы көру	<input checked="" type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	стадионға бару
театрды жақсы көру	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	кітапханаға бару
кітапты жақсы көру	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	театрға бару
спортты жақсы көру	<input type="checkbox"/>		<input checked="" type="checkbox"/>	киноға бару
фильм көру	<input checked="" type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	стадионға бару
балет, опера көру	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	театрға бару
футбол көру	<input type="checkbox"/>		<input checked="" type="checkbox"/>	кинотеатрға бару
роман оқу	<input type="checkbox"/>		<input type="checkbox"/>	кітапханаға бару

б) Олар не көріп отыр немесе тыңдап отыр? Жазайық. Өзімізді тексерейік.

жаңа көркем фильм көріп отыр
жаңа спектакль көрді.
қазақ операсы___ тыңдады
жаңа телехабарды көрді
сүйікті телеойын___ көрді
біздің сүйікті балетіміз___ көріп отырмыз
біздің сүйікті спорттық бағдарламамыз___ көріп отыр

в) Тыңдау үшін немесе көру үшін театрға, кинотеатрға шақырыңыз.

– Кешке кинотеатрға барайық. Сүйікті фильмімізді тағыда бір көрейік.
– Бүгін ешқайда бармайықшы. Өзіміздің сүйікті теле ойынымызды көрейік.

(театр, спектакль, опера, опера, балет, комедия, ертегі, үйде, спорттық бағдарлама, музыкалық бағдарлама, телерепортаж).

10. Кинофестивальда қандай әңгіме болды?

– Яғни, сіз қазақ фильмін көрген екенсіз ғой?
– Қазақстаннан. Біз қазақ кино өнері мен тарихын оқып жүрміз.

1

– Сіздер кинофестивальға бірінші рет келіп тұрсыздар ма?
– Иә, біз осы француз комедиясын уақытымыз болса, көреміз.
– Қандай фильмді көрдіңіздер?
– Әрине, біз әртүрлі фильмді көрдік. Мысалы, Эльдар Рязановтың «Жеңіл буыңызбен», фильмін, Шәкен Аймановтың «Алдар көесін» көрдік.
– Бүгін қандай фильм көргілеріңіз келеді?
– Иә, бірінші рет.
– Американдық, француздық, мексикандық
– Ертең француздық комедияны көрсетеді, сіз көресіз бе?

2

– А, иә-иә, әрине бұл әртісті білемін. Аты Нұрмұхан Жантөрин ғой.
«Сұлтан Бейбарыс» фильмінде басты рөлді ойнаған.
– Асқар, сен білесің бе, мына әртісті?
– Әрине.

**11. Кино туралы әңгімелесейік. Екеуара жұмыс.
(әңгімелесу үшін сұрақтың дұрыс формасын таңдаңыз).**

Сіз киноға жиі барасыз ба?
Кинофильмдер көруді ұнатасыз ба?
Қай фильмді көруді ұнатасыз?
Соңғы рет кинотеатрға қашан бардыңыз?
Қандай фильм көрдің?
Ол сізге ұнады ма?
Қайсысын көбірек көресіз: комедияны ма?

Сен киноға жиі барасың ба?
Сен кино фильмді көруді ұнатасың ба?
Қай фильмді көруді ұнатасың?
Кинотеатрға соңғы рет қашан бардың?
Қандай фильм көрдің?
Ол саған ұнады ма?
Қайсысын жақсы көресің: комедияны ма,
фантастиканы ма?

12. Кино туралы сіз не ойлайсыз? сұхбат алайық.

Топта үш студент: біреуі – журналистің ролінде, ал екеуі – Алматыда өтіп жатқан кинофестивальдағы шетелдік қонақ.

- Кино бүгіндері өнердің ең танымал түрі деп ойлайсыз ба?
- Бір фильмді жасау үшін қанша профессия керек деп ойлайсыз?
- Кинодағы басты профессия қайсысы?
- Әлемнің қандай белгілі киностудияларында жұмыс істедіңіз? Қандай қазақ киностудиясын көргіңіз келеді?
- Қандай қазақ режиссерін білесіз және өзіңіздің жақсы көретін кинорежиссерлеріңіз кімдер?
- Олардың фильмдері қалай аталады?
- Қандай қазақ фильмін көрдіңіз?
- Қазақ фильмдері сізге ұнай ма?
- Қандай фильмді жақсы көресіз?

Қозғалыс бағытының берілуі

Жаңа грамматика

- Қайда барасыз?
- Театрға.
- Ол қайдан келе жатыр?
- Театрдан.
- Ол қайдан келді?
- Кинофестивальдан келді.
- Сіз қайдансыз? Алматыдансыз ба?
- Иә, Иә, Алматыдан келдім.

Қайда? барыс септігі
Астанаға
Қазақстанға
Балетке
Стадионға

Қайдан? шығыс септігі
Астанадан
Қазақстаннан
Балеттен
стадионнан

13. Олар қандай жауап берді?

- Сен театрға барасың ба?
- Жоқ мен _____ келдім
- Сіз теле орталыққа барасыз ба?
- Жоқ біз _____ келдік.
- Киноға барасыз ба?
- Жоқ, мен _____ келдім.
- Ол стадионға барды ма?
- Ол _____ келді.
- Олар жарысқа барды ма?
- Жоқ, олар _____ оралды.
- Ол осы лекцияға барды ма?
- Жоқ ол әлі _____ келген жоқ.

14. Олар қайдан әлі келмеді (келді, ұшып келді)?

- Айнұр Рахманқызын бола ма?
- Ол әлі Венеция_____ кинофестиваль_____ келген жоқ.
- Кешіріңіз ол қайдан ұшып келді?
- Франция_____.
- Ол қайдан келді?
- Кино_____ келді. «Арман» кинотеатры_____.
- Сіз қайдансыз? Қайдан келдіңіз?
- Телевидение_____, «Кинопанорама» бағдарламасынан.
- Олар қайдан келді?
- Әлі білмеймін. Токио_____ немесе Америка_____.
- Сен қайдансың?
- Кино үйі_____, әртістермен кездесуге келдім.

15. Сіз қайдан келдіңіз?

- Мен _____ келдім.



16. Нақтылаймыз ба?

Олжас Астанаға барып келгенін айтты.

Ол кеше қайдан келді?

Мақсат Франциядағы кинофестивальға барып келгенін айтты.

Ол жексенбіде қайдан келді?

Олар Суздальдағы мультипликациялық фильмдердің фестиваліне баратынын айтты.

Олар жаңа бейнефильмдерді қайдан әкеледі?

Режиссер осы фильмді Грецияда түсіретінін айтты.

Олар мамырда қайдан келеді?

17. Қалай нақтылаймыз, қалай таңданамыз?

Мысалы былай:

- Салтанат, Айдананың Болгариядағы кинофестивальға барып келгенін білесің бе?

- Солай ма, Айдана Болгариядағы конференциядан келді ме? Ол осы конференцияға кетіп пе еді?

- Апай, Назымның Франциядағы кинофестивальге барып келгенін білесіз бе?

- _____.

- Ардақ Бейсенұлы, білесіз бе, Лаураның Италияға іссапарға барып келгенін білесіз бе?

- _____.

- Саят Жақсылықұлы, Сәнияның Испаниядағы жарысқа барып келгенін білесіз бе?

- _____.

Анықтауыштың, меншіктіліктің берілуі

Қазақ киносының тарихы, көркем фильм жанры, көркем әдебиет жанры, американдық режиссерлер фильмі.

Кімнің фильмі? Шәкен Аймановтың фильмі

Кімнің шығармасы? Дулат Исабековтың әңгімесі

Кімнің рөлі? Төлегеннің рөлі

18. Сіз мұны білесіз бе?

Фильм туралы осылай айтады

Фильм туралы айтқанда, оның режиссерінің атын жиі атайды, мысалы:

Шәкен Аймановтың фильмі,

Эльдар Рязановтың комедиясы,

Ақан Сатаевтың фильмі.

19. Төменде қазақ киносының апталығы туралы хабарландыруды оқыңыздар. Хабарландыру мазмұны туралы айтыңыз. Осы фильмдердің қайсысын көрдіңіз? Қайсысы ұнады?



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Астанада 2012 жылғы 10-15 желтоқсан аралығында «Қазақ киносының апталығы» өтеді.

Қала тұрғындары мен қонақтары бір апта бойына Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы осы жылы өндірген көркем және деректі фильмдерді көре алады. Шараны ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Мәдениет комитеті және Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ ұйымдастырып отыр.

Апталық аясында «Армандастар» (режиссері Ерлан Сағынов), «Аңшы бала» (режиссерлері Ерлан Нұрмұхамбетов пен Бекарыс Елубай), «Шал» (режиссері Ермек Тұрсынов), «Жаужүрек мың бала» (режиссері Ақан Сатаев) секілді картиналар көрсетіледі. Сондай-ақ келесі кинотуындылардың премьералары болады: «Лотерея» (режиссері Дамир Манабай), «Книга легенд: Таинственный лес» (режиссері Ахат Ибраев) фэнтези және «Ер Төстік пен Айдаһар» анимациялық фильмі.

Шара барысында Тұрар Рысқұлов, Мәжит Бегалин, Әбіш Кекілбаев, Асанәлі Әшімов секілді еліміздің жарқын тұлғаларына арналған деректі фильмдердің көрсетілімі ұйымдастырылады.

«Қазақ киносының апталығының» көрсетілімдері «Керуен» СО, «Кинопарк-7» кинотеатрларында және Оқушылар сарайында өтеді. Кіру тегін.

Фильмдердің таныстырылымдарына режиссерлер, актерлер, продюсерлер, киносыншылар қатысады.

(Дереккөз: Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ баспасөз қызметі)



Театрлар осылай аталады.
Қазақ театрлары жазушы, актер, режиссер атымен жиі аталады.

К. Байсейітова атындағы опера және балет театры.

М. Әуезов атындағы қазақ драма театры.

Мақсат мәнді құрылымның берілуі

Жаңа грамматика

Үшін жалғаулығы

- Ол бізге не үшін телефон шалды?
- Бізді киноға шақыру үшін.
- Ол бізді киноға шақыру үшін телефон шалды.

- Ол мына фильмді не үшін түсірді?
- Жастардың арман дегеннің не екенін түсінуі үшін түсірді.
- Ол бұл фильмді жастардың арман дегеннің не екенін түсінуі үшін түсірді.

20. Олар мұны не үшін істеді?

Үлгі:

- Бейнепрокатқа не үшін бардыңыз?
- Жаңа комедия алғым келді.
- Мен бейнепрокатқа жаңа комедия алу үшін бардым.

- Олар мына бейне фильмді не үшін алды?
- Олар оны көргісі келді.
- Олардың балалары осы фильмді көргісі келеді.
- _____.
- _____.

- Саған жаңа газет не үшін керек?
- Телебағдарламаларды көргім келеді.
- Менің әжем телебағдарламаларды көргісі келеді.
- _____.
- _____.

- Афишаны не үшін оқып тұрсыз?
- Махаббат туралы қазақ фильмін таңдағым келеді.
- Менің қызым Қыз Жібек туралы фильмді көргісі келеді.
- _____.
- _____.

21. Газеттер не жазады? Оқиық.



Қазақ киносының дамуына Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаев сынды режиссерлер үлкен үлес қосты.

Соңғы жылдары көрермен арасында пікірталас тудырып, шығармашылығындағы озық ойлары мен тоқтаусыз ізденістері арқылы ерекшеленіп, қоғамға ой салып жүрген режиссерлер Ақан Сатаев, Ермек Тұрсыновтың фильмдері.

2012 жылдың басты елеулі жаңалықтарының бірі осы режиссерлердің «Жаужүрек мың бала», «Шал» фильмдерінің көрсетілімі болды. Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі Анапа қаласында өткен кезекті «Киношок-2013» кинофестивалінен гран-при жүлдесін жеңіп алып, «Оскар» киножүлдесіне ұсынылды.

https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-53613

Бүгін - Қазақ киносының күні



Бүгін – Қазақ киносының күні. Алғашқы қазақ киносы ретінде «Амангелді» фильмі саналады. Осылайша, қазақтар туралы түсірілген алғашқы фильм дүниеге келді. Қазақ киносының одан арғы дамуы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына келді. 1941 жылдың 12 қыркүйегінде Алматы қаласында фильмдердің түсірілімімен көркем және деректі фильмдер студиясы айналыса бастады. Кейіннен ол «Қазақфильм» атауына өзгертілді.

Қазақстан кинематографистері одағының басшысы Бауыржан Нөгербеков 2005 жылы бұл күнді (12 қыркүйек) «Қазақ киносының күні» деп атауды ұсынды. Содан бастап жыл сайын қазақ киносының күні атап өтіліп келеді.

кеңес рұқсат тыйым

Жаңа грамматика

Керек, қажет сөздерінің қолданысы

- Сіздің осы фильмді көруіңіз керек деп ойлаймын.

Менің	көруім керек (қажет).
Сенің	көруің керек (қажет)
Сіздің	көруіңіз керек (қажет)
Оның	көруі керек (қажет)
Біздің	көруіміз керек (қажет)
Сіздердің	көрулеріңіз керек (қажет)
Олардың	көруі керек (қажет)
Әкемнің	көруі керек (қажет)
Анамның	көруі керек (қажет)

- Олардың не істеуі керек?
 - Менің осы фильмді көруім керек.
 - Кімнің осы фильмді көруі керек?
- Кімге (логикалық субъект) + тәуелденген қимыл есімі + керек (тиіс, қажет)

- Оның кинорежиссермен танысуы қажет.
- Оның осы клипті түсіруі керек.

22. а) Жақын арада қандай фильм (клип, телебағдарлама) көрдіңіз? Оны көруге кеңес бересіз бе?

Мысалы :

*– Американдық жаңа фильмді көрдің бе?
Өте қызық фильм. Сенің бұл фильмді
көруің керек. Жақсы фильм.*

*– Жақында мен бір фильм көрдім. Бұл
фильм маған ұнамады. Бұл фильмді
көрмесең де болады, көрмей - ақ қой.*

б) Дәптерге жазайық.

болады, болмайды қолданысы

Маған

Саған

Сізге

Оған

Бізге

Сендерге

Сіздерге

Оларға

Әкеме

Шешеме

бұл фильмді көруге болады/ болмайды.

- Оған нені көруге болады / болмайды?
- Оған осы фильмді көруге бола ма / болмай ма?
- Кімге осы фильмді көруге болады / болмайды?

- Теледидарды күні бойы көруге бола ма екен?
- Теледидарды күні бойы көруге болмайды деп ойлаймын.

- Мына фильмді балалардың көруіне бола ма екен?
- Жоқ, бұл фильмді балалардың көруіне болмайды.

23. «Арман», «Целинный» кинотеатрында қандай фильмдер көруге болады? Сеанстар қашан басталады? Билеттер қанша тұрады? Кинотеатр кассасынан сұраңыз.

24. Мәтінді оқыған соң, нені білдіңіз? Бұрын нені білетін едіңіз?

Кино – ХХ ғасырдың ғажайыбы



Өнердің ең танымал түрі – кино. Оны оныншы муза өнері деп атайды. Фильм түсіру үшін 200-ден астам мамандық керек: жазушы-сценаристер, қоюшы режиссерлер, операторлар, суретшілер, гримерлер, актерлер және көптеген тағы басқалар. Барлық шығармашылық кино түсіру процестері киностудияда өтеді. Жалпы қазақ киностудиясы да көптеген фильм түсірді. Қазақ киносы тарихының беттері осы киностудияда жазылды.

Қазақ киносында «Амангелдіден» кейін қазақ халқының тағдыры мен болмысын бейнелейтін талай туындылар дүниеге келді. Олардың арасында «Менің атым Қожа», «Тақиялы періште», «Девушка-джигит» және тағы басқалары бар. Қазақ киностудиясы

алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін «Абай әні» (1946), «Шоқан Уәлиханов» (1957), «Қыз Жібек» (1972), «Сұлтан Бейбарыс» (1989), «Отырардың күйреуі» (1992), «Махаббат бекеті» (1993), «Жамбылдың жастық шағы» (1996), т.б. картиналар шықты. Балаларға арналған «Қанатты сыйлық» (1956), «Менің атым Қожа» (1963), «Қызыл тас заставасы маңында» (1969), «Көксерек» (1973), «Алпамыс мектепке барады» (1976), «Балалық шақтың кермек дәмі» (1983), «Сүйрік» (1984), «Ауылым Алатаудың баурайында» (1985) т.б. сияқты фильмдер көрермендерге жол тартты.

25. Қандай әңгіме болды? Кім не айтты? Тыңдайық, ретімен жазайық: 1,2,3, А немесе Б.

А – Бақберген

Б – Салтанат


№	А/Б	
		– Бүгін «Арманда», басталуы сағат сегізде.
		– Келістік. Телефон шал. Кешке кездесеміз. Кешке дейін.
		– Американдық фильм, қалай аталатынын білмеймін.
		– Кешке дейін.
		– Әрине, біздікінен жақсырақ, махаббат туралы. Жарайды. Осы фильмді көрейік. Қашан, қайда кездесеміз.
		– Барайық. Сен Айнұрға хабарластың ба? Әлде мен телефон шалайын ба?
1	А	– Салтанат! Мен Бақбергенмін ғой. Сәлемет пе? Мен саған және Айнұрға билетке тапсырыс беріп қойдым. Барасыңдар ма?
		– Жоқ ә. Фантастика.
		– Тамаша. Онда не болып жатыр?
		– Қуана барамын. Қайда? Қашан?
		– Онда театрдың алдында, сағат жеті жарымда.
		– Меніңше, триллер.

26. Соңғы көрген фильміңіз қандай? танысыңыздан осы фильмді көрген / көрмегенін сұраңыз. Фильм ұнады ма / ұнамады ма? Неге? Әңгімелеңіз. Осы фильмді көруге кеңес бересіз бе?

27. Сіздерде қандай фильмдер туралы әңгіме болып жатыр? Неге оны көруге кеңес береді? Ол көрермендерге неге ұнайды, неге ұнамайды?

28. Сіз келісесіз бе, келіспейсіз бе?

Топта төрт студент.



– Мына әртісті жақсы көремін.

– _____
– _____
– _____

– Менің ағама осы кинофестиваль өте ұнайды.

– _____
– _____
– _____

– Менің оқытушыма осы комедия өте ұнады.

– _____
– _____
– _____

– Осы режиссердің жаңа жұмысы біздің достарымызға ұнады.

– _____
– _____
– _____

– Менің анам ескі фильмдерді көруді ұнатады. – Бұрынғы экрандалғаны маған көбірек ұнайды.

– _____
– _____
– _____

– Мына фильмнің фестивальда қандай орын алғаны маған бәрібір.

– _____
– _____
– _____

29. Сіз білесіз бе? Ең жас өнер түрі деп нені айтады?

Мәтінді оқыңыз. Не білдіңіз? Сіздің телевидениеде ұзақ өмір сүрген бағдарламаларыңыз бар ма? Олар қалай аталады? Ол бағдарламаларды кім жүргізеді? Балаларға арналған қандай танымал бағдарламалар бар?

XX ғасырдың ең жас өнері




Бүгінгі таңда теледидар әр отбасы өмірінің бір бөлігіне айналды. Көрермендерге танымал жүргізушілер отбасы мүшесі сияқты. Көрермендердің сүйікті бағдарламалары бар. Кейбір телебағдарламалардың ғұмырлары ұзақ болады, ал кейбірінікі бір жылдан аспайды.

Ресей телеарнасында ұзақ ғұмырлы телебағдарлама бар. Бұл көңілділер мен тапқырлар клубы (КВН). Осы бағдарламаның көңілді жарысына әртүрлі жоғары оқу орындарының студенттері қатысады. Оның тұрақты жүргізушісі – Александр Масляков. Басқа да көңіл көтеруге арналаған бағдарламалар бар. Мысалы, «Ғажайыптар алаңы», «Қалай миллионер болуға болады?», «Не? Қашан? Қайда?» т.б.

Телевидениеде балаларға арналған бағдарламалар да көп. «Балапан» арнасының өзінде қызықты бірнеше бағдарламалар бар. Осы арнадағы «Құра, бұра», «Алтын құлын», «Ойлан, тап», «Кибермен», «Чип пен Байт», «Айжұлдыз» бағдарламалары балаларға ұнайды.

30. Қазіргі телевидениеде сізге не ұнайды?

а) Әлеуметтік сауалнама нәтижесімен танысыңыз:



- әртүрлі бағдарламалар – 24 %
- объективтілігі, бағдарламаның шынайылығы – 13%
- ақпараттық бағдарламалар, жаңалықтар – 10 %
- арналардың көптігі – 7%
- фильмдер, сериалдар - 5%
- көңіл көтеру, музыкалық бағдарламалар – 5%
- басқа бағдарламалар – 5%
- жауап беру қиын – 29%

б) Сізді қанша адамның ақпараттық бағдарламаны таңдағаны, қанша адамның көңіл көтеру мен музыкалық бағдарламаны таңдағаны ойландырмай ма? Сіз қандай бағдарламаны таңдар едіңіз?

Бір-біріңізден сұраңыз:

Қандай бағдарлама ұнайды, неге?

Қандай бағдарлама ұнамайды, неге?

Жиі көретін бағдарламаңыз қандай?

Спорт бағдарламасын көресіз бе?

Телеойындар көресіз бе?

Сүйікті теле жүргізушіңіз кім?

31. Теледидардан мультипликациялық фильмдерді жиі көресетеді.

Күнде кешке 8.45- те «Ертегілер әлемі» болады. Мультипликациялық фильмдер отбасылық іс пе, қалай ойлайсыз?

Сұрақтарға жауап беріп көріңіз:

Мультфильм көруді ұнатасыз ба?

Мультфильмдерді жиі көресіз бе?

Сіз қай мультфильмді жақсы көресіз?

Сіздің отбасыңызда балалар мен үлкендер мультфильмді бірге көре ме?

32. Саулнамаға жауап беріп көріңіз:

Жаңалықтарды, ақпараттарды қайдан білесіз / көресіз / естисіз? –

Баспасөзден (газет, журналдар)

Интернеттегі жаңалықтар сайтынан –

Туыстарды, достардың, таныстардың әңгімесінен –

Радиодан –

Әлеуметтік желілерден –

Басқа жақтан –

Жауап беру қиын –

33. Интернеттегі сауалнама жауаптарын талдап көріңіз. Өзіңіз де осы сұрақтарға жауап беріңіз.

Талдама жасаңыз. (<http://fom.ru/posts/10823>)

1. Отандық телевидениеден сізге не ұнайды?

Арналарды, хабарларды таңдау мүмкіндігі көп – 13%

Кино, сериалдар – 9%

Жаңалықтар бағдарламасы – 6%

Барлығы ұнайды – 6%

Танымдық хабарлар – 5%

Кеңестік фильмдер – 5%

Ашықтығы, объективтілігі, шындық көбірек – 3%

Қызықты хабарлар көп – 3%

Көңіл көтеруге арналаған бағдарламалар – 3%

Нақты каналдар – 3 %

Спортқа арналған бағдарламалар – 2%

Сапалы, кәсіби телевидение – 2%

Саяси хабарлардың берілуі – 1%

Авторлық бағдарламалар – 1%

Мультфильмдер, балаларға арналған бағдарламалар – 1%

Басқалар – 2%

Концерттер – 1%

Бәрі ұнамайды – 3%

Жауап беру қиын – 37 %



2. Бүгінгі отандық телевидениеден сізге не ұнамайды?

Жарнаманың көптігі – 36%

Криминалдың, озбырлықтың, қатаңдықтың көптігі – 17%

Шындықтың, объективтіліктің аздығы – 6%

Азғындық, жамандықтың көптігі – 6%

Қызық емес, бос нәрсенің көптігі – 5%

Ток – шу, көңіл көтеру бағдарламалары көп - 5%

Сериалдар көп, жақсы фильмдер аз – 3%

Жағымсыз ақпараттар көп – 2%

Балаларға арналған бағдарламалар аз, сапасы төмен – 1%

Саясат көп, саяси бағдарламалардың сапасы төмен – 1%

Танымдық, тәрбиелік бағдарламалар аз – 1%

Телевидение қызметкерлерінің, актерлерінің кәсіби деңгейі төмен – 1%

Фильмдердің, хабарлардың берілу уақыты – 1% (өзекті хабарлар өте кеш көрсетіледі, ең қызық бағдарламаларды кеш көрсетеді, демалыс күндері көркем фильмдер жоқ)

Басқалар – 3% (бәрін батыстан алған, жұлдыздардың байлығын көрсетеді – бұның түкке керегі жоқ, мерекелік бағдарламаларда әртістердің өздері мерекелейді т.б.)

Бәрі ұнайды – 1%

Жауап беру қиын – 25%

3. Сіздер де осы сұрақтарға өз пікірлеріңізді білдіріңіздер?



ОНЫНШЫ САБАҚ

Қайталау және бақылау сабағы

1. Грамматика мен сөздерді білеміз бе?

Нұсқау: Тест тапсырмаларын орындауыңыз керек. Уақыт – 30 минут.

Сөйлемдерді оқыңыз, қажетті сөзді таңдаңыз.

1) – Киноға кешікпеу таксимен барайық.

- а) -ге
- б) үшін
- в) -ден

2) – Сіз кассаның айттыңыз ба?

- а) жабылу
- б) жабылып қалғанын
- в) жабылды

3) – «Арман» кинотеатрының екенін білесіз бе?

- а) қайдан
- б) қайда
- в) әлдеқайда

4) – Ол бүгін жұмыстан кейін баратынын айтпады ма?

- а) қайдан
- б) қайда
- в) әлдеқайда

5) – Ол осы фильмді көптен бері келген.

- а) ойнағысы
- б) түсіргісі
- в) түсіру

6) – Кім тарта алады?

- а) домбыра
- б) домбырадан
- в) домбырамен

7) – Жүр, жаңа көрейік.

- а) комедияға
- б) комедияны
- в) комедиямен

8) – Мен одан асүйге тапсырыс беруді өтіндім.

- а) жаңа жиһаз
- б) жаңа жиразды
- в) жаңа жиһазға

9) – сатып алайық, алғың келе ме?

- а) Жаңа компьютерден
- б) Жаңа компьютер
- в) Жаңа компьютермен

10) – Қалайша билет алмады екен?

- а) сен
- б) сен үшін
- в) сен туралы

11) – Сенің барғаның дұрыс деп ойладым.

- а) көне Түркістан қаласына
- б) көне Түркістан қалаға
- в) көне Түркістан қаласы

12) – Қалайша көптен бері хабарласпағансыз?

- а) өзіңіздің курстастарыңызбен
- б) біздің курстастардан
- в) біздің курстастардың

13) – Оның Франциядағы кинфестиваль-да болғанын білмейсің бе? Жақында ол келді.

- а) Астанаға
- б) Астанада
- в) Астанамен

15) – Мен оның келгенін білмедім

- а) Қазақстан
- б) Қазақстанды
- в) Қазақстаннан

17) – Әрине, бәріне көруге болады: балаларға да, үлкендерге де.

- а) бұл фильм
- б) бұл фильмді
- в) бұл фильмге

19) – Ол қай комедия көбірек айтпады.

- а) ұнаған
- б) ұнайды
- в) ұнағанын

21) –.... өлең! Осы өлеңді оқу маған өте ұнайды.

- а) Қандай керемет
- б) Қандай кереметі
- в) Қандай кереметпен

23) – Сіздің мына тапсырманы керек.

- а) орындауыңыз
- б) орындауы
- в) орындау

25) – Ол билетті ылғи осы кассадан

- а) сатып алады
- б) сатып аламын
- в) сатып аласың

27) – Ол ешқашан фантастикалық фильмге ... емес.

- а) түсу
- б) түсті
- в) түскен

14) – Бүгін мұнда кімдерге кіруге болмайды?

- а) көрермендер
- б) көрермендерге
- в) көрермендерді

16) – ... мына кітапты алуға бола ма?

- а) Мен
- б) Маған
- в) Менге

18) – Бұл ... белгілі шығармасы.

- а) Дулат Исабековты
- б) Дулат Исабеков
- в) Дулат Исабековтың

20) – Концертте музыканттар шығармасын орындады.

- а) танымал қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиевпен
- б) танымал қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиевті
- в) танымал қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиевтің

22) – М. Жұмабай ... қалай қарайсыз?

- а) поэзиясы
- б) поэзиясына
- в) поэзиясын

24) – Ол театрға ... барады.

- а) апта сайын
- б) аптада
- в) аптаға

26) – Олар телеойынды сирек

- а) көреміз
- б) көреді
- в) көремін

28) – Мына кітап білесің бе?

- а) қай сөреге
- б) қай сөре
- в) қай сөреде

29) – Қабырғада анамның туыстары мен достарының суреттері

- а) ілінген
- б) тұрған
- в) қойылған

31) – Әдетте, көрермендер концертке бармайды.

- а) гүлмен
- б) гүлсіз
- в) гүл үшін

33) – көруді бастайық.

- а) Мына телеойынды
- б) Мына телеойын
- в) Мына телеойынға

35) – Концертте болмады.

- а) мен үлкен әпкем
- б) менің үлкен әпкең
- в) менің үлкен әпкем

37) – Кеше мен « Қоңыр» тобының ... бірінші рет көрдім.

- а) қойылым
- б) қойылымын
- в) қойылымына

39) – Оған бірден жауап ... керек болды.

- а) жазу
- б) жазуға
- в) жазуды

41) – мұнша көп ақша неге керек?

- а) Ол
- б) Олар
- в) Оларға

43) – қанша тұрады?

- а) Мына кітап
- б) Мына кітапты
- в) Мына кітаптың

45) – Кім Күләш Байсейітованың жаңа кассетасын сатып ... ?

- а) алғым келеді?
- б) алғысы келеді?
- в) алғың келеді?

30) – Халықаралық кинофестивальға ... белгілі әртістер келді.

- а) әртүрлі ел
- б) әртүрлі елден
- в) әртүрлі елге

32) – Мына кабинет – кабинеті.

- а) белгілі қазақ ғалымының
- б) белгілі қазақ ғалымы
- в) белгілі қазақ ғалымын

34) – Сіздің болмай ма?

- а) бос уақыт
- б) бос уақытыңыз
- в) бос уақытыңызға

36) – Конкурста жақсы көп болды.

- а) киноәртістер мен кинорежиссерлерден
- б) киноәртістер мен кинорежиссерлерге
- в) киноәртістер мен кинорежиссерлер

38) – Мына бағдарламаны тағы Мен сізді ұйықтап қалды ма десем.

- а) көресіз бе?
- б) көресіз пе?
- в) көресіз ?

40) – ... мына бағдарламаны оқуы керек.

- а) Оның
- б) Оны
- в) Онымен

42) – ... қызығушылығым ерте кезде басталған.

- а) Қазақ өнері
- б) Қазақ өнерінен
- в) Қазақ өнеріне

44) – Сіз балалар киносының қызығасыз ба?

- а) тарихын
- б) тарихына
- в) тарихымен

46) –.... басты рөлде кім ойнайды, білесіз бе?

- а) Мына американдық комедия
- б) Мына американдық комедияда
- в) Мына американдық комедияның

47) – «Кім миллионер болғысы келеді» ойынын

- а) ойнағыңыз келеді ме?
- б) ойнағыңыз келе ме?
- в) ойнағыңыз келсе ме?

49) – Мүмкін ... жазу қиын шығар.

- а) жаңа шығармаға
- б) жаңа шығарма
- в) жаңа шығарманың

51) –... Алматыдан шыға ма?

- а) Мына газетті
- б) Мына газет
- в) Мына газеттің

53) – Сіз фильмді көрдіңіз бе?

- а) Күләш Байсейітова туралы
- б) Күләш Байсейітова
- в) Күләш Байсейітонадан

55) – Асқар халық әндерін өте жақсы көреді, Тоғжанға ... халық әндері ұнайды.

- а) және
- б) мен
- в) да

57) – Мен күн сайын осы сериалды.... , ұнайды.

- а) көремін
- б) көресің
- в) көреді.

48) – Мен интернетпен билетке тапсырыс

-
- а) бере алмайды
 - б) бере алмаймын
 - в) бере алмайм

50) – Алматыдағы кинофестиваль туралы ... барлық газеттер жазды.

- а) ақпаратпен
- б) ақпаратты
- в) ақпарат

52) – Сіздерде барлық ақпараттық бағдарламада ... хабарлай ма?

- а) ауа райы
- б) ауа райынан
- в) ауа райы туралы

54) – Музыканттар Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын керемет орындады, көрермендер ... ұзақ қол шапалақтады.

- а) де
- б) және
- в) мен

56) – Сенбі сайын 11.20-да хабардың қалай аталатыны есінде ме?

- а) көрсету
- б) көрсетілді
- в) көрсетілетін

2. Әлеуметтік сауалнама қорытындысымен танысыңыз.

Жауаптар бойынша сізді не таң қалдырды? Телебағдарламалар туралы сіз қалай жауап берер едіңіз?

Цифрлар сөйлейді

Қазіргі телевидениеде қандай бағдарламалар аз деп ойлайсыз?

Ғылыми көпшілікке арналған арналар – 46%

Білім беру бағдарламалары – 23 %

Ақпараттық бағдарламалар - 7%

Көңіл көтеруге арналған бағдарламалар – 5%

Қоғамдық саяси бағдарламалар – 1%

3. Өзің туралы әңгімелеуге, жазуға дайындаламыз. Өзің туралы әңгімелеу, жазу үшін төменде берілген сұрақтарды қандай ретпен орналастыруға болады?

№	
	Сіздің бос уақытыңыз көп пе?
	Қандай фильмді үйде көресіз, қандай фильмдерді кинотеатрдан көресіз?
	Қандай қазақ жазушыларын білесіз?
	Қандай актер Сізге көбірек ұнайды, неге?
	Сіз қандай кітаптарды оқисыз, деректі кітаптарды ма, тарихи кітаптарды ма, көркем кітаптарды ма?
	Сізге қандай әндер ұнайды? Неге?
	Егер бос уақытыңыз болса, Сіз немен айналысасыз?

ОН БІРІНШІ САБАҚ

Сән әлемі

Бұл сабақта біз

- Сән туралы айтуды;
 - Таныс, таныс емес адамның сырт келбетін сипаттауды;
 - Ескі таныстармен күтпеген кездесулерге әсерімізді;
 - Өзіміздің туыстарымыз, достарымыз, әріптесіміз, таныстарымыз туралы;
 - Жеке өміріміздегі оқиғаларды;
 - Сізді іздеген, сұраған адам туралы айта алуды **үйренеміз**.
-
- кімге не жарасады құрылымындағы субъектінің барыс септігінде берілуін;
 - белгісіздіктің берілуін;
 - белгісіздік есімдігін;
 - адамдар арасындағы қарым - қатынасты,
 - етістіктің меңгерілуін **білетін боламыз**.

Жақсы сөз – жарым ырғис

1. Қазақтар жақсы сөзді бағалаған. Қошемет айтып отырған. Егер Сізге Сіздің құрбыңыздың, досыңыздың киімі ұнаса, қошемет айтуыңызға болады.

Мысалы былайша:

– Костюмің қандай әдемі!

Берілген сөздермен қошемет айтыңыз.

Көйлек, пальто, джинсы, кроссовки, галстук, свитер



2. Бір-бірімізге қошемет айтайық!

Мысалы:

– Сіздің қызыңыздың көздері қандай әдемі!

– Рахмет. Сіздің де қызыңыз әдемі.

– Әдемі дейсіз бе? Рахмет.

3. Қошеметті тағы басқаша да айтуға болады.

Мысалы:

– Қарашы, қандай әдемі белдемше!

– Маған белдемшелер ұнамайды. Мен джинсиды жақсы көремін.

– Бүгіндері қысқа юбкалар сәнді, оның үстіне осы белдемше саған жарасып тұр.

Кімге не жарасады

Саған мына көйлек жарасады. Оған осы түс жарасады. Сізге осы шалбар жарасады.

Қара футболка, ұзын белдемше, осы түс, ұзын шаш, қысқа шалбар, қысқа шаш, ұзын пальто, қызыл көйлек, көгілдір күрте, ақ немесе көгілдір кроссовки.

4. Білесіз бе, сізге не жарасады?

Сізге қай түс жарасады?

Сізге қысқа көйлек (шалбар) жараса ма? Ал ұзын көйлек ше?

Сізге джинси жараса ма?

Сізге қысқа шаш жараса ма? Ұзын шаш ше?

5. Бір-біріңізден сұраңыз.

- Қай киіміңізді жиі киесіз?
- Өзіңізге қай түс жарасады?
- Сіз тек өзіңізге жарасатын киімді ғана киесіз бе?
- Сіз жаңа киім мен аяқкиімді жиі сатып аласыз ба?
- Сіз әдетте, қымбат, сәнді киімдер аласыз ба?
- Қай киіміңізді жақында алдыңыз?
- Сәннен кеткен киімдеріңізді киесіз бе?

6. Кімге жарасады? Нақтылайық.

Мысалы былай:

- Сен Асқардың жаңа күртесін көрдің бе? Ол оған сондай жақсы жарасады.
- Кімге? Асқарға ма?
- Тоғжанның жаңа көйлегін көрдіңіз бе? Оған осы көйлегі сондай жақсы жарасады.
- _____.
- Мен жаңа Мақсатты көрдім. Жаңа костюм киіп алыпты. Костюмі сәнді екен, Оған өте жарасып тұр.
- _____.
- Біз Баламыз Дәуренге тамаша галстук сатып алдық. Меніңше, оған жарасады.
- _____.
- Ләззат та жаңа белдемше киіп келіпті. Осы оған өте жарасады деп ойлаймын.
- _____.

7. Дұрысы қалай?

а) Маған, саған, оған, сізге?

- Мына костюм _____ (мен, сен, ол, сіз) өте жарасады.
 - Мына көйлек _____ (мен, сен, ол) жараспайды.
 - Мына футболка _____ (мен, сен, ол, сіз) жарасатын сияқты.
 - Маржан жаңа костюм киіп алыпты. Осы костюм _____ (ол) өте жарасады екен.
 - Менің сүйікті әншімнің концерттік костюмдерінің бәрі өте әдемі. Осы костюмдерінің бәрі _____ (ол) жарасады.
- Қарашы, мына түс _____ (мен) жараса ма?

б) Сіз бе, Сізге ме? Сен бе немесе саған ба?

- _____ бүгін әдемісіз, мына түс _____ жарасады екен.
- _____ мына джинсыды сатып алмас бұрын ойланарсың. _____ жараспайтын сияқты.
- _____ мына шалбар қандай жарасады! Неге _____ шалбар кимейсіз?
- Айнұр, мына ақ свитер _____ сондай жарасады. _____ Сен оны қайдан алдың?
- Мына көйлекті кигің келмей тұр ма? Бұл көйлек _____ сондай жарасып тұр. Және қазір осындай көйлектер сәнді де.

Белгісіздіктің берілуі

Жаңа грамматика

Белгісіздік есімдігі

– Сіздің осы фильмді көруіңіз керек деп ойлаймын.

біреу	бірдеңе
кейбіреу	бірнеше
қайсыбір	әрбір
әркім	әрне
әлдекім	әлдене
әлденеше	әлдеқалай
әлдеқашан	

Сізге біреу телефон шалды. (= Кім екенін білмеймін.)

Маған біреу көмектескен болар. (= Маған бәрібір ол кім болса да.)

Сұрақ Болымды түрде

Біреулер маған телефон шалмады ма?
Сіз бұл туралы біреуге айтып қоймадыңыз ба?
Ол өзі осы туралы бірдеңе біле ме?
Сен өзі бір нәрсемен айналысасың ба?
Бір кездері, бір жақта, әлдеқайда, әлдекім, бір нәрсе

Сұрақ Болымсыз түрде

Маған ешкім телефон шалмады ма?
Ол бұл туралы ешкімге айтып қоймады ма?
Ол ештеңе оқымаған ба?
Сен ештеңемен айналыспайсың ба?
Ешқашан, ешқайда, еш жерде, ешкім, ештеңе

8. Мұны басқаша қалай сұрауға болады?

- Сізге ештеңе керек емес пе?
– _____.
- Сен мұнда ешкіммен таныс емессің бе?
– _____.
- Ол ешқайда бармай ма?
– _____.
- Ол еш жерде жоқ па?
– _____.
- Сіз ештеңе сатып алмағансыз ба?
– _____.
- Сіз бұл туралы ештеңе білмейсіз бе?
– _____.
- Олар ештеңеге келісе алмады ма?
– _____.

9. Қандай сұрақ болды?

Үлгі:

– Сіз жазда бір жаққа бардыңыз ба?

– Иә, Көкшетауға бардым.

– _____.

– Иә, мен Алматыға барып келдім.

– _____.

– Иә, сәнді джинсы сатып алғым келеді.

– _____.

– Иә, біз театрға бардық.

– _____.

– Жоқ, мен ол туралы ештеңе білмеймін.

– _____.

– Рақмет, ештеңе жегім келмейді.

– _____.

– Қазақ әндері дейсіз бе? Әрине, көптеген қазақ әндерін білемін.

10. Қандай жауап болуы мүмкін?

Саған бұл туралы біреу айтты ма?

Иә, маған бұл туралы кеше _____ . Жоқ, маған _____ .

Ол өзіне туған күніне бірдеңе сатып алды ма?

Иә, ол _____ . Жоқ, ол _____ .

Сіз осы модельер туралы біреуден сұрадыңыз ба?

Иә, _____ . сұрадым. Жоқ, _____ .

Ол кеше біреулерге хабарласты ма?

Иә, ол _____ . Жоқ ол _____ .

Ол қызық бірдеңе айтты ма?

Иә, ол _____ . айтты. Жоқ, ол _____ .

Олар бір нәрсемен айналыса ма?

Иә, олар _____ . Жоқ олар _____ .

11. Еш жерде, ешқайда немесе ешқашан: сәйкесін таңдаңыз.

Біз жақында Астанаға келдік. Әлі _____ бармадық, _____ болмадық.

Біз бұл мәселе туралы _____ естіген емеспіз.

Ол өзіне _____ ақ костюм сатып алған емес.

Ол _____ мұнда келген емес.

Сенің демалыс күндері _____ барғың келмейді. Неге?

Менде сенікі сияқты кроссовка _____ болған емес.

12. Біреу/ біреу-міреу / бір нәрсе немесе/ бірдеңе

- _____ осы Сән үйінде болдыңдар ма?
- Біреу болған сияқты, бірақ нақты білмеймін.
- Ол кеше _____ айтты ма?
- Меніңше, ол кеше _____ айтты.
- Оның әпкесі _____ хабарласты ма?
- Нақты айта алмаймын, _____ хабарласқан сияқты.
- Олар ол жерден бір нәрсе сатып алды ма?
- _____ сатып алды, бірақ не сатып алғанын білмеймін.
- Ол қонақүй туралы _____ келісті ме?
- _____ келіскен сияқты, бірақ кіммен келіскенін білмеймін.
- Мына мұражайға қалай барамыз, _____ білдіңдер ме?
- Асқар _____ сұрады, бірақ ешкім ол жаққа қалай баратынын білмейді.

13. Түсіндірме сөздікті қараймыз. «Бір» сөзімен берілген тіркестерді оқыңыз.

Бір, бір заманда, бір досым, бір ауыз сөз, бір дегеннен, мұнда бір келмеді, біртүрлі ...

- Менің _____ досым жазда ауылына қонаққа шақырды.
Менің _____ танысым өзіне әдемі көйлек сатып алды.
Менің _____ інім Астанада тұрады, ал басқа інілерім Алматыда тұрады.
Менің _____ көйлегім өзіме түк жараспайды, ал мына көйлегімді жақсы көремін.
Ол анасымен бірге тұрмайды, _____ өзі тұрады.
Оның үйі қанша бөлмелі екенін ұмытып қалдым. _____ бөлмелі сияқты.
Оның _____ қызы, _____ ұлы бар.
Кеше _____ дүкеннен жақсы кроссовки көрдім.
Жет рет өлшеп _____ рет кес.

14. Әңгімені тыңдайық. Ол қандай жағдаятта болды? Олар қайда сөйлесіп жатыр? Олар не туралы әңгімелесіп жатыр? Олар неге бұл турлы айтады?

1)

- Асқар Батырбекұлы, сізді ... сұрады.
- Қашан сұрады біраз болды ма?
- Жоқ, _____ жарты сағаттай болды. Сіз _____ жақта болдыңыз ба?
- Қандай қыз? Бойы ұзын ба, қара шашты ма?
- Әдемі, иә, бойшаң. _____ нәрсе туралы сұрады. Есімде жоқ.
- Жақсы. _____ нәрсе керек болса, тағы келер.
- Иә, ол тағы келетінін айтты. _____ – екі сағаттан кейін тағы келемін деді.

2)

- Ол қанша жаста? _____ өзі келді ме?
- Иә, бір _____ келді.
- _____ нәрсемен айналыса ма?
- Жұмыс істейді. Осы қалада, _____ жерде. Егер менің қай жерде істейтінім қызықтырса, міне, менің визит карточкам. Осында бәрі жазылған.
- Сіздің қызыңыздың есінде ме? Оны сипаттай ала ма?
- Білмеймін. Сұрап көрейін. _____ нәрсе білетін шығар.

15. Достарымыз, танысымыз туралы әңгімелесейік. Екеуара жұмыс.

Менің бір досым, менің бір сыныптасым, менің бір курстасым, менің танысым. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Ол кім?
- Кімді қонаққа жиі шақырасыз?
- Жақында кімді кездестірдіңіз?
- Кімді туған күнімен құттықтағыңыз келеді?
- Қазір біреуді күтіп тұрсыз ба?
- Кімге жиі хабарласасыз, кімге жиі хат жазасыз?
- Кімді жақсы көресіз, кімді жиі есіңізге аласыз?
- Кіммен мақтанасыз?
- Кіммен бірге демаласыз?
- Ол сізге кім туралы айтты?
- Көптен бері кім туралы ештеңе естімедіңіз?
- Кім туралы қызықты жаңалық естідіңіз?

16. Туыстарымыз туралы әңгімелесейік.

- Сіздің іні, қарындастарыңыз бар ма?
- Олардың аты кім?
- Олар қанша жаста?
- Олар қайда оқыды / оқиды?
- Олар қандай шет тілдерін біледі?
- Оларға қандай мамандық ұнайды?
- Олар кішкентай кезінде кім болғысы келді?
- Олар қай жылы мектепті бітірді / бітіреді?
- Олар қай күндері демалады?
- Олар қайда оқуға түскісі келеді?
- Олар оқуға қашан түсті / оқуға түскісі келе ме?
- Оларға қандай пән ұнайды?
- Олар нені жақсы көреді? Музыканы ма, спортты ма, театрды ма?
- Олар немен айналысады, неге қызығады?
- Сіз олармен не туралы әңгімелесесіз?

Салыстырайық!

Сын есім. Салыстырмалы шырай.

Менің екі ұлым бар: Дастан және Дәурен.
Дәурен Дастаннан үлкенірек. Ол отыз үш жаста. Ал Дастан отызда.
Кім үлкен? Дәурен бе, Дастан ба? Кім кішірек?
Менің ағамның бойы маған қарағанда ұзындау.

қызық	қызығырақ
әдемі	әдемірек, әдемілеу
үлкен	үлкенірек, үлкендеу
қатты	қаттырақ
жас	жасырақ, жастау
қарапайым	қарапайымдау

17. Салыстыру үшін қандай сөз керек?

Әдемірек, ұзын, күрделі,
жақсы, жаңа, биік, жас,
үлкенірек.

азырақ, күрделірек,
маңыздырақ

ыңғайлырақ, көбірек,
жақсырақ

18. Әр сөздің сыңарларын тауып жазыңыз:

Күшті, үлкен, әдемі, жақсырақ,
кішкентай, күрделі, жаман,
әдемірек, жақсы, бай, күштірек,
жаңа, жаманырақ, байырақ,
үлкен, кіші, кішірек

19. Сәйкесін таңдаңыз.

Үлкен бе / үлкенірек пе?

Менің _____ сөздігім бар. Мына сөздік _____ сияқты.

Мейірімді / мейірімдірек

Бақыт – өте _____ адам. Сенен _____ адамды білмеймін.

Сәнді / сәнділеу

Мынау өте _____ джинсы
Ал мыналар одан да сәнді деп ойлаймын.

Кіші / кішірек

Танысыңыз, мына бала – менің кіші інім Орынхан.
Қайсыңыз _____ сіз бе, әлде Айнаш па?

Әдемі / әдемірек

Маған мына белдемше ұнап тұр. Өте _____,
Ал мына ұзын белдемше менікінен _____ екен.

20. Салыстырайық. Кімнен жақсы? Неден жақсы?

Берілген сөйлемдерді толықтыра отырып, жалғастырыңыз.

Назым қазір _____ жақсы оқиды.

Сәуле _____ кіші. Бейбіт _____ екі жас кіші. Ол _____ кіші.

Сенің машинаң _____ жақсы. Мына ұзын көйлек _____ деп ойлаймын.
Әрине, джинсы _____.

21. Салыстырыңыз.

– Мынау қызық екен.

– Кеше бұдан да қызығырақ болды.

– Ол қазақша жақсы сөйлейді.

– Ал Андрей жақсырақ сөйлейді.

Неғұрлым ... , соғұрлым ... құрылымы

Неғұрлым тезірек болса, соғұрлым жақсырақ. Түн неғұрлым қараңғы болса, соғұрлым жұлдыздар жақсырақ көрінеді. Неғұрлым қиын болса, соғұрлым қызығырақ.

22. Егер жақсы естілмей тұрса, тағы сұрауға болады.

Мысалы былай:

– Неғұрлым тезірек болса, соғұрлым жақсырақ.

– *Кешіріңіз, не дедіңіз? Неғұрлым тезірек болса, соғұрлым жақсырақ.*

– Неғұрлым жайырақ болса, соғұрлым жақсы емес.

– _____.

– Неғұрлым әдемірек болса, соғұрлым жақсырақ.

– _____.

– Неғұрлым үлкейген сайын, соғұрлым ақылдырақ болады.

– _____.

– Неғұрлым биік болса, соғұрлым қауіптірек.

– _____.

– Неғұрлым көңілді болса, соғұрлым жақсырақ.

– _____.



Назар аударыңыз!

Неғұрлым ..., соғұрлым құрылымы бір фактінің, оқиғаның, құбылыстың өзгерісі басқа фактінің, оқиғаның, құбылыстың пропорционалды өзгерісіне әкелуін білдіреді.

23. а) Олардың не ойлайтынын қалай білуге болады? Екеуара жұмыс.

Сен қалай ойлайсың? Сіз қалай ойлайсыз? Мен ...

– Сеніңше, қайсысы қызығырақ: оқу ма, ойын ба?

– Сіздіңше, қайсысы жақсырақ: футболды көрген жақсы ма, әлде футболды ойнаған жақсы ма?

– Қайсысы көбірек керек: компьютерде жұмыс істей алу ма немесе шет тілін білу ме?

– Сіздіңше, қайсысы пайдалырақ: ештеңе жемеген пайдалырақ па, әлде көкөністер мен жеміс-жидектер жеген пайдалырақ па?

– Сіздіңше, қайсысы сәнділеу: ұзын белдемше ма, әлде қысқа белдемше ма? Джинсы ма, әлде шалбар ма? Плащтар ма, әлде курткалар ма? Сіздіңше қайсысы дұрысырақ: операны театрда тыңдаған жақсы ма, әлде үйде теледидардан **тыңдаған жақсы ма?**

б) Келіңіз, салыстырайық.

Меніңше.... Маған ... сияқты. ... деп ойлаймын. деп санаймын.

Кешегі және бүгінгі ауа райы

Өткен жылғы ауа райы мен осы жылғы ауа райы

Осы жолы және өткен жолы қанша қонақтар болды
 Қазіргі оқып отырған кітап пен бұрынғы оқыған кітап
 Кеше көрген фильм мен қазір көріп отырған фильм
 Қазіргі тыңдап отырған музыка мен өткен жолы тыңдаған музыкаңыз
 Қазір оқып отырған мақала мен бұрын оқыған мақала

25. Қалай аяқтауға болады?

Адам неғұрлым көп оқыса, соғұрлым _____.
 Зат неғұрлым сәнді болса, _____.
 Далада күн неғұрлым суық болса, _____.
 Аяқ киімің неғұрлым ыңғайлы болса, _____.
 Өздеріңмен бірге нені алып кетуді неғұрлым ертерек шешсеңіз соғұрлым _____.
 Қыз неғұрлым әдемі болса, соғұрлым _____.
 Адам неғұрлым білімді болса, соғұрлым _____.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды

Кім десем! Түк өзгермепсің! Сол қалпыңдасың! Өзгеріп кетіпсің! Аздап өзгеріпсің!

**26. Тыңдаңыз. а) қандай әңгіме болды? Кім не айтты?
 Тыңдаймыз, ретімен жазамыз: 1, 2, 3, ...; А немесе Б.**

А – Бекболат Б – Ерсайын

№	А/Б	
		– Есімде, есімде. Ол қазір де сол қалпы, өзгермеген. Бізге қонаққа кел. Келсең, анам қуанып қалар еді. Отбасыммен таныстырамын.
		– Жоқ, мектепке барады. Айжан үшінші сыныпта, ал балам екінші сыныпта оқиды.
1	А	– О! Кім десем! Ерсайын, сенбісің! Түк те өзгермепсің ғой!
		– Әлі кішкентай шығар?
		– Қуана-қуана барамын.
		– Балаңның аты кім? Ол кімге ұқсайды, саған ба, әлде мамасына ма?
		– Бәрі жақсы. Өзің қалайсың? Қайда жұмыс істейсің? Мамаң аман сау ма? Есіңде ме, біз емтиханға дайындалған кезде қандай дәмді бәліш пісіруші еді?
		– Иә, иә, Содан бері он бір жыл өтті. Өзіңнің жағдайың қалай? Үйлендің бе? Балаларың бар ма?
		– Бекболат! Сенбісің? Қайдан жүрсің? Сені көрмегелі қанша айдың жүзі болды? Он жыл боп қалды-ау деймін.
		– Бәрі жақсы ғой?
		– Әрине, маған Оның аты да маған ұқсайды. Сайын. Мен нені жақсы көрсем, ол да соны жақсы көреді.
		– Үйленгенмін. Балаларым да бар. Қызым және ұлым бар.

б) Егер екі құрбы кездессе, әңгіме барысы қалай өзгерер еді?

27. Көне Римде қай гүл әйел әдемілігінің символы болған, ал арабтарда бұл гүл ер адамдардың символы болды? Бұны сіз білесіз бе?

Әрине, бұл – раушан гүлі.

Неге бұлай? Сіз қалай ойлайсыз? Бұл олардың әдемілігіне қатысты ма, әлде мінезіне қатысты ма?

28. Әңгіме оқыңыз (қосымша тапсырма)



Баяғы өткен заманда бір-бірін қатты жақсы көретін бозбала мен бойжеткен өмір сүріпті. Жігіттің есімі Роман болған деседі. Күндердің күнінде оның түсіне аса үлкен емес, ақ күлтелері бар, күн кейіптес қарапайым гүл енеді. Махаббат пен нәзіктік нұры гүлдің айналасынан кетпей тұрып алады. Осындай керемет көріністі көріп жатып, Роман оянып кетіп, атып тұрса, жастығының бас жағында түсіне енген гүл жатады. Аң-таң болған Роман гүлді сүйіктісіне сыйға тарту етеді. Оны көрген қызы Романнан да қатты таңырқайды да, гүлге жігіттің есімімен Ромашка деген ат қояды. Ерке қыз жігітке күн сайын осындай гүлді әкеліп беруін қалайтындығын жеткізеді. Қызды жан-тәнімен сүйетін Роман мұны Түстер патшасына айтып барады. Патша көп ойланып, жас жігітке менің патшалығымда өмір бойы қызмет етуге қалсаң, қызыңа қалаған гүлін беремін дейді. Роман мұны қанша қаламаса да, сүйгені үшін тәуекелге барып, патша бұйрығына бағынады. Сұлу қыз түстер әлемінен гүл әкелуге уәде берген ханзадасын ұзақ күтеді. Ол келмейді... Сағыныштан сарғайған қыз күн сайын жылаумен болады. Бір күні қыз әдетінше жылап жатып, басын көтереді де, терезеге қарайды. Тамаша! Көз алдында түймедақ гүлдері өсіп тұрған үлкен егістік алқабы тұр екен. Қыз өз сүйіктісінің тірі екендігін, бірақ ешақашан кездесе алмайтындықтарын түсінеді. Содан бері адамзат баласы, әсіресе қыздар қауымы аталған гүлді қарапайымдылығы үшін, адал және шынайы махаббаттың нышаны болғандығы үшін жақсы көріп кетеді.

Толығырақ: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/4322/>

ОН ЕКІНШІ САБАҚ

Ғылым жұлдыздары

Бұл сабақта

- Алматы – ғалымдар қаласы;
- Ғылым саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары;
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Академик туралы **оқимыз**.

- Адамзаттың ұлы жаңалықтары туралы,
- Ғылыми жетістіктер туралы,
- Танымал адамдардың өмірбаяны туралы әңгімелеуді **үйренеміз**.
- Ғылым жаңалықтары туралы газеттен мақала **оқимыз**.


Мекендік мағынаның берілуін, кеңістіктік қатынасты, шартты райды **қайталаймыз**.

Іс-әрекет субъектісінің берілуін, сан, есептік мағынаның берілуін, сан есімнің септелуін, бағыт пен мекендік мағынаның берілуін: жатыс септігі және барыс септігін, іс-әрекет шартының берілуін **білетін боламыз**.

Ғылым және Өмір

1. XX ғасыр соңында әлеуметтанушылардың «XX ғасырды қандай ғасыр деп атайсыз» деген сауалнамасына берілген жауаптар:

Әлемдік соғыс ғасыры – 16%
Компьютер ғасыры – 19%
Ғарыш (космос) ғасыры – 16%
Атом энергиясы ғасыры – 13%
Электроника ғасыры – 10%
Теледидар ғасыры – 7%
Автомобиль ғасыры – 5%
Антибиотик ғасыры – 3%
Пластмасса ғасыры – 1%
Авиация ғасыры – 2%
Басқалар – 1% деп атаған.



Сіз қалай жауап берер едіңіз? Неге?

2. Бүгіндері ұшып бара жатқаныңызда, мысалы, Атлант мұхитының үстімен Сіз әр түрлі телевидение каналдарын көре аласыз, ұялы телефоныңызға газеттер мен электронды пошта қабылдай аласыз. ХХІ ғасырда бізді не күтіп тұр? Осы ғасыр қандай ғасыр болады деп ойлайсыз? Ақпараттық технология және телекоммуникация ғасыры ма, әлде басқа ма? Берілген әлеуметтік сұрақтар бұл туралы не айтады?

3. Мына сұхбатты оқыңыз. Ғалым пікірімен келісесіз бе? Неге?

– ХХ ғасырда ашылған қандай ғылыми жаңалықтар ХХІ ғасырда жұмыс істейді, қолданылады?
– Мұндай жаңалықтар көп. Егер физикаға қатысты айтатын болсақ, үшеуін атауға болады: атом ядросы саласына қатысты жаңалықтар, транзистрға қатысты жаңалықтар, лазердің ашылуы.

ХХІ ғасырда адамзаттың атом энергиясын қолданатынына, лазерді кең тұрғыда пайдаланатынына сенімдімін.

– Бірақ ХХІ ғасырдың ақпараттық технология мен телекоммуникация ғасыры болатынына биология мен генетика келіспейді.

– Қазіргі кезде генетика және ген технологиясы мәселелерін зерттеу белсенді жүріп жатыр. Бірақ оларды тек ХХІ ғасырдың екінші жартысында пайдалануы мүмкін. Ақпараттық технологияны қолдану қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертті. Адамзаттың үлкен бөлігі бүгіндері интеллектуалдық еңбекпен айналысады.

4. Төменде берілген сөздермен жақынырақ танысуды ұсынамыз.

а) Мына сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

Еңбек, еңбектену, қиын, қиындық, жұмыс, жұмысшы.

б) Мына сөздер қандай сөзден жасалған?

оқыған, оқытушы, оқушы, оқулық.

в) Қай сөз процесс мағынасын, қай сөз іс - әрекет мағынасын білдіреді?

басылым, зерттеу, қолдану, ашылу, алу, оқу, жасау, ойлап табу.

5. Ғылыми мәтінде қандай сөз тіркестерін кездестіре аласыз?

Нені оқу? (мақаланы оқу)

баяндама оқу – _____.

лазерді табу (ашу) – лазердің ашылуы

транзистрді ойлап табу – _____.

мәселелерді зерттеу – _____.

генетиканы зерттеу – генетиканың зерттелуі

химияны зерттеу – _____.

алфавитті ойлап табу (әліпбиді) – _____.

кім? – ғалым; ғалымның жаңалығы; ғалымның ойлап тапқаны, ғалымның зерттеулері;

Әлкей Марғұлан зерттеген – Әлкей Марғұлан зерттеулері;

Капица зерттеген – Капица зерттеулері;

Қазақ физиктері зерттеген – қазақ физиктерінің _____.

Қазақ физиктері ойлап тапқан – қазақ физиктерінің ойлап тапқан _____.

Американдық дәрігерлер ойлап тапқан – американдық дәрігерлердің ойлап тапқан _____.

6. Көне заманда әртүрлі елдерде жазуды, алфавитті, араб цифрларын, тиындарды, қағазды, шахматты, компасты ойлап тапқан.

Сіз осы жаңалықтардың қай елдерде табылғанын білесіз бе?

Мысалы былай айтыңыз: Жазуды Египетте ойлап тапқан. Жазу – египеттіктердің ойлап тапқан жаңалығы; жазуды египеттіктер ойлап тапқан.

Жазуды _____

Алфавитті _____

Араб цифрларын _____

Тиынды _____

Қағазды _____

Шахматты _____

Компасты _____

7. Танымал теледидарлық «Соңғы батыр» ойынына келесі мамандықтағы адамдар қатысты:

тіс дәрігері, фотомодель, тележүргізуші, шаштаразшы, саясаткер, инженер, бизнесмен, ғалым, мұғалім, киноактер, театр актері, тележурналист, жазушы, аспазшы, әскери адам.

Осылардың қайсысы « Біздің мамандығымыз – мереке, мейрам» деп айта алады? Неге сіз осылай ойлайсыз? Ғалым болу, яғни оқымысты болу қиын ба, оңай ма? Сіз қалай ойлайсыз?

8. Мына ғалымдар – Нобель сыйлығының лауреаттары.

Қайсысын білесіз, қайсысы туралы бұрын естігеніңіз, оқығаныңыз бар? Осы ғалымдар қандай еңбектері үшін Нобель сыйлығын алды? Кім туралы ештеңе білмейсіз?



- Альберт Эйнштейн;
- Нильс Бор;
- Капица Петр Леонидович;
- Мария Склодовская – Кюри;
- Ландау Лев Давыдович;
- Павлов Иван Петрович;
- Алферов Жорис Иванович;
- И.И. Мечников.

9. Әңгімелеуді үйренеміз. Күрделі анықтауышты (есімшелі анықтауыш) қалай қолданамыз?

Үлгі:

Петр Капица – Нобель сыйлығын алған ең соңғы кеңестік ғалым.

Петр Капица қандай ғалым? *Нобель сыйлығын алған ең соңғы кеңестік ғалым.*

XX ғасырда ғалымдар XXI ғасырда жұмыс істейтін ғылыми жаңалықтар ашты.

XX ғасырда ғалымдар қандай жаңалықтар ашты? *XXI ғасырда жұмыс істейтін ғылыми жаңалықтар ашты.*

Ж.И. Алферов қазіргі ақпараттық технологияның негізі болатын құрылымды жасады.

Алферов қандай құрылымды жасады? *Қазіргі ақпараттық технологияның негізі болатын құрылымды жасады.*

Мен Нобель сыйлығын алған ғалымдар туралы көптеген мәліметтерді білдім.

Мен қандай ғалымдар туралы білдім? *Нобель сыйлығын алған ғалымдар туралы білдім.*

Мекен жайдың, кеңістіктік қатынастың берілуі

Қасында маңында, жанында, қарсы жағында, оң жағында, сол жағында, оңға қарай, солға қарай сияқты кеңістік мағыналы сөздер

- Қайда болдыңыз?
- Бурабайда, саяхатта болдым.
- Мына гимназия қайда орналасқан?
- Университеттен онша алыс емес.

10. а) Сұрақтарға қалай жауап беруге болады?

Мысалы:

- Сіздің мектептеріңіз қайда? Қай көшеде?
- *Орталық көшеде, мұражайдың қасында.*
- Әуезов үйі қай көшеде?
- Алматы, Төлебаев көшесі.
- Назарбаев Университеті қай көшеде? Қайда?
- Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы.
- Мына мектеп қайда орналасқан?
- Біздің қаламыздың орталығы, біздің үй.
- Мына институт қайда, қай көшеде?
- Астананың оңтүстік жағында, Бауыржан Момышұлы көшесі.

Асты, үсті, алдында, қатар ... сияқты мекен мағыналы сөздер

- Мына мектеп қайда орналасқан?
- Біздің үймен қатар тұр.
- Сенің машинаң қайда тұр?
- Мектептің алдында.
- Қайда бару керек?
- Бірінші көпірдің астымен жүріңіз, содан соң оңға.
- Мына ғалымның суреті қайда?
- Әне, анау столдың үстінде.
- Дәріхана қайда?
- Әне, анау, дүкен мен үйдің арасында.

11. Кім/не қайда?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алдында Әл-Фарабиге арналған ескерткіш тұр.

Жазда біз Алматы маңында дем аламыз.

Конференцияда ол менің алдымда отырды. Міне, біз мұражай алдындамыз. Біздің ұшағымыз Атланта мұхитының үстімен ұшып барады. Екі үлкен үйдің арасында шағын балабақша үйі орналасқан.

12. Сұрақтарға жауап беріп көрейік. Негізінен ғалымдар тұратын қандай қалаларды білесіз? Ондай қалалар бар ма?

13. «Бір» сөзінің қолданысына назар аударыңыз. Қазақ тілінде зат есімнің алдында тұрған сан есімді сөздер септелмейді.

Бір студенттер оқуға Астанаға кетті, басқалары Алматыда қалды.

_____ оқушы ғана сертификат алды. Кассада _____ билет те жоқ. Мақсат мына журналды өзінің _____ досына беріпті. Бізге әлі _____ мәселені шешу керек. Тағы да _____ ғылыми зерттеу туралы әңгімелесейік. Мен сізге _____ талантты студент туралы айтайын деп едім. Менің _____ жақсы танысым келіп қалды. _____ зерттеуші айтқан еді: «Осы бала алысқа барады», - деп.

Оқыңыз. Үш «дөңгелек үстел». Сан есімнің қолданысына назар аударыңыз.

Астанада мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары қатысқан үш дөңгелек үстел өтті. Үш дөңгелек үстелге қатысушылар көп болды. Біздің ғалымдар осы үш дөңгелек үстелге қатты қызықты. Біз де осы үш дөңгелек үстелде болдық. Газеттер де осы Астанада өткізілген үш дөңгелек үстел туралы көп жазды.

14. Дұрысы қалай? Қалай нақтылауға болады?

Үлгі:

– Ол М.О.Әуезов жазған елу томның бәрін зерттеп, оқып шықты.

– Қанша томды зерттеді дейсің? Елу томды ма?

Біз сағат *бесте* келдік. Біз университетке *беске қарай* келдік. Олар онда _____ әдемі қызбен келді. Осы кездесуге елуден астам қатысушы келді. Конференцияға _____ астам оқытушы қатысты: _____ академик, _____ ғылым кандидаты, _____ ізденуші қатысты.

Назар аударыңыз!



Сан есім зат есіммен тіркескенде, ешқандай өзгеріске түспейді, септелмейді.

Мысалы: мың оқушы, мыңдаған оқушы, бесінші сынып, бірінші курс, мың кітап, 5 жаңа университет, 9 гимназиялық мектеп, 100 жаңа мектеп, үш қазақ дәрігері тағылымдамадан өтті, 55 мектеп, 55 мектепке компьютер керек, 200 оқытушыға сыйлық берілді.

15. Жазыңыз. Сан есімді тіркестерге назар аударыңыз.

Екі жүзден астам шетелдік студенттер әлемнің 92 елінен келді. Үш ғасырдан астам уақыт, 30 000 астам оқушы жазғы емтиханға қатысты, мыңдаған адам үй алды, миллиард жыл, миллиондаған адам, 156 академик.

Қарағанды қаласы облыстың ірі индустриалды-өнеркәсіпті, ғылыми және мәдени орталығы болып табылады. Қала аумағы 543,3 шаршы километрге тең. Қала халқының саны 2007 жылғы 1 қаңтарда 453,4 мың адамды құрады. Қалалық әкімшілікте 1 ауылдық елді мекен бар.

Қарағандының 170 жылдық тарихы бар. Осы қалада қараған көп өсетіндіктен «Қарағанды» деп аталған. Бұл жерден 1833 жылы Байжанов Аппақ тас көмір тапқан.

Қозғалыс бағытының берілуі

Жаңа грамматика

Барыс септігі

Салыстырамыз

- Қайда барасың?
- Мен университетке, лекцияға барамын (мекен).
- Қонаққа кімге барасың?
- Мен Дәулетке (Жандосқа, Ақботаға, Майра Қуанышқызына, достарыма) қонаққа барамын (адамдар).

16. Қалай таңдануға болады?

Мысалы:

- Кеше Мақсатқа Фазыл келіп кетті.

- *Мақсатқа ма? Олар достар ма еді? Араласушы ма еді?*

- Мен кеше Олжасқа бардым.

- _____ ?

- Айнұр жексенбі күні Қуанышқа, саяжайға барғысы келеді.

- _____ ?

- Ол Лаураның туған күніне барады.

- _____ ?

- Олар Сәуле Бейсентайқызына қонаққа барады.

- _____ ?

- Біздің балаларымыз жазда әжесіне барады. Әжелерін жақсы көреді.

- _____ ?

- Профессор Алмасқа ертең лекция оқитынын айтты.

- _____ ?

17. а) Сұрақтар қоямыз.

- Сіз әдетте, _____ қонаққа барасыз?
- Сіз соңғы рет қонаққа _____ бардыңыз?
- Сіз _____ жиі телефон шаласыз?
- Кімге сыйлық алуыңыз керек?
- Жазда _____ қонаққа бардыңыз?
- _____ афтограф бергіңіз келеді?

б) Дұрысы қалай?

- Кімдер қонаққа жиі келеді?
- достары жиі келеді?
- Сіз кімдерге қонаққа жиі барасыз ба? Ата-анаңыз _____ ма?
Туыстарыңыз _____ ма?
- Сіз мектептегі достарыңыз _____ жиі хабарласасыз ба?
- Сіз өзіңіздің ең алғашқы мұғаліміңіз _____ барған кезіңіз болды ма?
- Сіз дәрігер _____ жиі барасыз ба? Ал көршіңіз _____ ше?

18. Газетте «Астана – арман қала», «Шетелдіктер Астанада», «Менің Америкадағы жаңалығым» деген мақалалар болды. Мақаланы оқып, қай мақала қалай аталды? Анықтаңыз.

1)



Астананы, Қазақстанды көруге келген шетелдік қонақтар көп. Алайда бұл қонақтар астаналық кездесуге келген қонақтар – «Ғылым және адамзат прогресі» Нобель сыйлығының лауреаттары. Осы кездесуге физика, химия, экономика, медицина саласы бойынша Нобельдік сыйлықтың лауреаттары Германиядан, АҚШ-тан, Бельгиядан, Италиядан, Швейцариядан, Жапониядан келді. Олар Астанада 20 лекция оқыды, астаналық ғалымдармен 3 «дөңгелек үстел» өткізді.

2)



Тұңғыш Президент мұражайы Астана қаласының 15 жылдығына орай түрлі іс-шаралар өткізетін болды.

26 маусым күні алғашқы шара астаналық белгілі фотограф Владимир Куриловтың «Астана – арман қаласы» атты көрмесі ұйымдастырылады. Көрме мұражайда Президентіміздің Ақмоладан Астана қаласы болып өзгергені туралы мәлімдеме жасаған күмбез залында қойылуы тегіннен емес. Бұл туралы мұражай баспасөз хатшысы хабарлап отыр.

Көрмеде Куриловтың зеңгір көктен түсірілген 30 фотосуреті қойылады. Қала тұрғындары мен қонақтарына таныс зәулім үйлер мен қаланың мәдени орталықтары, оның ішінде «Ақорда» Президент резиденциясы, «Хан шатыр» ойын-сауық, сауда орталығы мүлдем басқа ракурстарда, тәулік мезгілдерінің әрқилы уақыттарында түсірілген суреттері қаланың түнгі әрі күндізгі уақыттағы өмірін баяндайды.

<http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/11413/>

2)

Қонақтардың көпшілігі американдық болатын. Нобель сыйлығының лауреаты академик Жорес Альферев әңгімелейді:

– Сіз АҚШ - та қанша рет болдыңыз?

– Көп рет. 35 - 40 рет шығар деп ойлаймын.

– Өзіңіздің бірінші сапарыңыз есіңізде ме?

– Әрине! Менің бірінші сапарым 1969 жылы болды. Мен халықаралық конференцияға қатыстым. Бұл ғылыми туризм болды.

– Америкада достарыңыз көп пе? Сізді Американың үлкен досы деп санауға бола ма?

– Иә, менің АҚШ - та достарым көп. Олар – тамаша адамдар, тамаша ғалымдар. АҚШ - тағы ең жақын досым – профессор Ник Холоньяк.

– Сіздің Герберт Клинермен қандай қатысыңыз бар? Нобель сыйлығын онымен бірге алғанға дейін таныстығыңыз болды ма?

– Герберт Клинермен менен екі жас үлкен. Біздің ғылыми мәселелеріміз бойынша маған қарағанда бұрынырақ бастаған. Бірақ біздің зерттеуіміздің нәтижесі бір мезгілде анықталды. 1970 жылы Америкаға жарты жылға келдім, сол кезде Кремермен таныстым. Ол мені қонаққа шақырды. Осы кездесуде осы шешімді менің одан бұрын ұсынғанымды айтты. Біз жақсы достар болдық, бір-бірімізге хаттар жаздық, конференцияларда кездесіп жүрдік. Кремер ең бірінші болып электронды пошта арқылы құттықтады.

– Екі елдің ғалымдары жарысында кім жеңді?

– Ғылымда шекара жоқ, табыс жолы қиын әрі ұзақ. Бұл жолда жеңімпаз да жеңілуші де болмайды.

Шарт мәнді құрылымның берілуі

Назар аударыңыз!



Шарт мәнді конструкцияның үш түрі бар:

1) реалды шарт мәнді құрылым

2) потенциалды шарт мәнді құрылым

3) ирреалды шарт мәнді құрылым.

Реалды шарт мәнді құрылымда **шарт орындалуы мүмкін**, оны жүзеге асыруға болады. Мысалы: Егер менің басым ауырып тұрса, мен сабаққа бармаймын.

Потенциалды шарт мәнді құрылымда шарт таңдауға негізделген. «Егер жаңбыр басталса, біз экскурсияға бармаймыз» деген. Сөйлемде екі мүмкіндік бар: *жаңбыр басталады – жаңбыр басталмайды. Жаңбыр басты сөйлемдегі экскурсияға барамыз – бармаймыз* деген әрекеттің жүзеге асуы нақ осы жағдай-шартқа байланысты.

Үшінші түрі – ирреалды шарт мәнді құрылымда сөйлеуші баяндаған оқиға орындалмайды. Бұл түрінде қолданылатын **егер де** жалғаулығы оқиғаның, құбылыстың, әрекеттің ирреалды екендігін көрсетеді. *Егер де біз Маржанға көмектескенімізде, ол барлық емтиханын тапсырар еді, -* деген сөйлемдегі басты бөлігіндегі әрекет орындалмай қалды. *Маржан емтихан тапсырмады*, шарт орындалған жоқ; Маржанға ешкім көмектескен жоқ.

Шарт мәнді қатынас жай сөйлемде де зат есімнің септік жалғаулары тұлғаларымен беріледі. Шарт мәнді жай сөйлемдерді *егер* сөзін қолдана отырып, күрделі сөйлемге оңай алмастыруға болады. Мысалы: *Сіздің көмегіңізсіз мен курс жұмысын жаза алмас едім.* (Егер сіз маған көмектеспегеніңізде, мен курс жұмысын жаза алмас едім). Жай сөйлемде зат есім бір нәрсенің жоқтығы, бар екендігі әрекеттің жүзеге асуының шартын білдіреді. Мысалы: *Еңбексіз мал таппайсың, Деканның рұқсатынсыз мен емтихандарды алдын-ала тапсыра алмаймын.*

Өрт болған жағдайда 01-ге звондаңыз. Самолет кешіккен жағдайда жолаушыларға қонақүйден орын беріледі. Қажет болған жағдайда маған хабарласыңыз.



Назар аударыңыз!

«Егер» сөзімен берілген сөйлемдер реалды шартты білдіреді. Етістіктер келер шақ тұлғасында беріледі.

Егер Астанаға келсеңіз (келетін болсаңыз), осы ғалымдармен кездесесіз.

19. Қандай жағдайда (қандай шартта) бұл болуы мүмкін?

а) Үлгі:

Сіз конференцияға барасыз ба?

Уақытым болса, ақшам болса, барамын.

– Мақаланы бүгін оқисыз ба?

– _____.

– Ол бізге факс жаза ма?

– _____.

– Ол оқуға, университетке түсе ме?

– _____.

– Ол белгілі ғалым бола ма?

– _____.

б) Үлгі:

Егер ол көп дайындалса, үлкен табыстарға жетеді.

Егер _____ Батыржан хабарласамын деді.

Егер _____ біз конференцияға қатысамыз.

Егер _____ ол АҚШ-қа барады.

Егер _____ қазақ тілі сенбі күні болады.

Егер _____ күнде ағылшын тілі сабағына барамын.

20. Армандайық!

Егер де мен көптеген тілдерді білсем, мен _____.

Егер де мен белгілі қазақ ғалымымен жақсы таныс болсам, мен _____.

Егер де нобель сыйлығы лауреатында қонақта болсам, _____.

Егер де менің бос уақытым көп болса, мен _____.

Егер де мен жұлдыз болсам, мен _____.

21. Реалды, реалды емес шартты қалай хабарлар едіңіз?

Үлгі:

Кітап сатып алу – хабарласу

– *Егер сен кітапты сатып алсаң, маған хабарлас.*

– *Егер де кітапты сатып алған болсаң, маған хабарласар едің.*

– Көрмеге билет алу – Айнашқа телефон соғу

– _____.

– Жаңалықтарды білу – факс арқылы хабарлау

– _____.

– Дәрігерді көру – бізге хабарлау

– _____.

– Үй тапсырмасын орындау – интернет кафеге бару

– _____.

– Емтихандарды тапсыру – Астанаға курстарға бару

– _____.

– Ағылшын тілінен сертификат алу – жұмыс табу

– _____.

Бірге күлейік!

Мұғалім:

– Балалар, бүгінгі шығарманың тақырыбы «Егер де мен президент болсам...». Жазыңыздар.

«Егер де мен президент болсам, мен үлкендердің бәрінің жалақысын көтерер едім, аталар мен әжелердің зейнетақысын көтерер едім», – деп Толғанай ойланып отыр.

«Егер де мен президент болсам, мен жаңа мектептер мен балалар бақшасын салар едім», – деп ойланып отыр Айдын.

«Егер де мен президент болсам, балаларға мектепке сабаққа бармауға, үй тапсырмасын жасамауға рұқсат етер едім», – деп армандап отыр Ілияс.

Тек қана Қарлығаш қана ештеңе жазбай отыр.

Оқытушы таңданып: «Сен неге жазбай отырсың?» – деп сұрайды.

– Егер де мен президент болсам, менің неге жазуым керек, – деп, жауап береді Қарлығаш.

22. Мәтінді оқыңыз. Журналист ғылым саласындағы лауреаттар туралы мақала жазды. Мақаланың әр бөлігін ол жеке қағаздарға жазды. Осы мақаланы газетке жазу үшін осы бөліктерді логикалық бірізділікпен орналастыруы керек. Қай бөлігі бірінші болады, қай бөлігі екінші болады, т. б., ойланып көріңіз.

Петр Леонидович Капица Нобель сыйлығын алған соңғы кеңестік физик болды. Ол 1978 жылы осы сыйлықты алды.

Жорес Ивановичтің жаңалықтарын компьютерде, автомобиль фарларында, супермаркеттердің кассаларында қолданады. Ол жартылай өткізгіш лазерді жасағаны үшін Лениндік сыйлық алған кезде және АҚШ-тың жоғары ғылыми марапаты Франклиннің алтын медалін алған кезде, алғаш рет әлем таныды.

Жорес Алферов танымалдылықты жаратпайды, себебі бұл жұмысына кедергі келтіреді.

Ғалымның анасы және оның барлық достары оны Жора дейді. Оның отбасы бар. Жұбайының аты – Тамара Георгиевна. Ол – филолог. Олардың ұлы бар. Ол 1972 жылы дүниеге келген. Иван әкесі сияқты электротехникалық институтты бітірген. Содан кейін бизнеспен айналыса бастады.

2000 жылы Санкт-Петербургтен Ресей академигі Жорес Алферов жылдамдығы жоғары суперкомпьютер жасағаны үшін Нобель сыйлығын алды. Интернетте ол туралы шағын анықтама бар: Ресей Ғылым Академиясының вице-президенті, Санкт-Петербургтік А.Ф. Иоффе атындағы физикалық-техникалық институттың директоры (осы институттан төрт Нобельдік сыйлықтың лауреаттары шықты: Николай Семенов, Лев Ландау, Петр Капица және Жорес Алферов). Бірақ егер де Алферовтың жаңалығы болмаса, Интернет торабының өзі де да болуы мүмкін емес еді. Планетаның әрбір тұрғыны күн сайын дерлік Жорес Алферовтың ғылыми жұмысының нәтижесін пайдаланады. Барлық ұялы телефондарда Алферов жасаған элементтер бар.

Жорес Алферов Нобель сыйлығын алған кезде, ол сыйлықтың бір бөлігін Петербургте құрған ғылыми білім беру орталығына беруді шешті. Осы орталыққа келген оқушылар бірінші осы орталықта оқиды, одан кейін институтта, аспирантурада оқиды, академиялық білім алады.

23. Қандай әңгіме болды? Кім не айтты?**Тыңдаймыз, ретімен жазамыз. 1, 2, 3, А немесе Б.****А – Айнаш****Б – Қуаныш**

№	А/Б	
		– Талантты оқушы туралы ма? Біз оны білеміз бе, әлде жаңа жұлдыз ба?
		– О, бұл академик Дмитрий Лихачевтің туысы ма?
1	А	– Білесің бе, Қуаныш, мен кеше газеттен бір талантты оқушы туралы мақала оқыдым.
		– Оның аты – Владимир, тегі – Лихачев.
		– Айнаш, Альберт Эйнштейннің « табыс дегеніміз – 1% талант, 99 % еңбек» деген танымал сөзін білесің бе? Егер де біздің ұлы жазушыларымыз, ғалымдарымыз, әртістеріміз көп жұмыс істеп, еңбектенбесе, олар ешқашан табысқа жетпес еді, танымал болмас еді. Осы баланың аты кім?
		– Жұлдыз ба, жұлдыз емес пе, уақыт өткенде көрінеді. Ол – ақылды, талантты қарапайым бала. Жаңалықты, ізденуді жақсы көреді. Егер көп жұмыс істесе, жұлдыз бола алады. Ұлылық дегеніміз – еңбек, еңбек, еңбек.
		– Нақты білмеймін. Меніңше, жоқ. Ол Петербургте тұрмайды. Айтқандай, міне журнал, ал да өзің оқы.

ОН ҮШІНШІ САБАҚ

Саяхаттаймыз



Бұл сабақта:

- Қазақстан климаты
- Қазақстан қонақүйлері
- Көкшетау жері
- Әлемдегі белгілі саяхатшылар туралы **оқимыз**.

- Қонақүй таңдауды (бағасы, тағамы т.б.)
- Қонақ үйге орналасуды
- Тұрған қонақ үй туралы әңгімелеуді
- Көңіл күйің мен әдетің туралы айтуды
- Тамақтану мен диета туралы кеңесуді
- Белгілі саяхатшылар туралы оқуды **үйренеміз**.

- Етістіктердің осы шақта, өткен шақта, келер шақта жіктелуін;
- Мүмкін, сияқты сөздердің қолданысын;
- Қозғалыс етістіктерін;
- Жатыс септігі: субъектілік мағынасын – (кімде); мекендік мағынасын – кімде болу) **қайталаймыз**.

- Бағыттың берілуін;
- Мезгілдік мағынаның берілуін;
- Нақты уақыттың берілуін **үйренеміз**.

Оқыңыз

Саяхаттауды, теңізде, тауда демалуды, әртүрлі қалалармен танысуды, әр түрлі елдерге баруды жаңа адамдармен, жаңа мәдениетпен танысуды жақсы көрмейтін адам аз шығар.

Саяхаттау мынадай сұрақтардан басталатыны белгілі:

- Қайда барамыз, қашан?
- Ондағы климат қандай?
- Нені міндетті түрде көруіміз керек?
- Кіммен кеңесу керек?

Әрбір адам өз өмірінде бір рет болса да экзотикалық аралдарға барғаны, әлемге белгілі Тәж Махалды, Эйфель мұнарасын, Биг Бенді, Стоунхендж құрылысын, Александрия маяғын көргені дұрыс. Бұл тізімді жалғастыра да беруге болады. Бұл бәрімізге қажет. Әрбір сапарыңыздан қаншама қызықты ақпарат аласыз.

Миллиондаған адамдар өздерінің демалысын саяхаттаумен өткізеді. Сіз саяхаттауды жақсы көресіз бе?

1. а) Қандай белгілі саяхатшыларды білесіз?

Бару – қайда? – оңтүстікке, солтүстікке, Көкшетауға, шетелге

Оқыңыз.



Жетпістегі жиһанкез

Сапар Ысқақұлы – жер шарындағы барлық 6 континентте, 100-ден астам елдерде болған, отбасымен бірге Гималай тауларында болып, Хан-тәңірі шыңына шыққан, 2008 жылы есімі ҚР КИ және Ес рекордтар кітабына енгізілген, біздің еліміздің тарихында тұңғыш рет 2007 жылы Оңтүстік полюсте (Антарктикада) болып, ҚР ұлттық туын орнатқан, оның бұл ізгі ісі Антарктиканың Үлкен кітабына тіркелген, 2008 жылы Солтүстік полюсті (Арктика) бағындырған, балалар және жасөспірімдер туризмін ұйымдастыруға ықпал жасағаны үшін «Алтын

компас» кубогімен марапатталған атақты саяхатшы.

Қазір қазақстандық дәулетті кісілердің көпшілігі әлемнің інжу-маржаны саналатын көрікті жерлерінде демалып, ғаламның ұлы кереметтерін көзбен көріп, шетелдік түрлі тағамдардан дәм татып қайтуда. Елімізде мұндай туристер көп. Сапар ағамыздың бұл саяхатшылардан артықшылығы – таңғажайып табиғат, өнер ескерткіштерін, таңсық ел мен жерді өзі, отбасымен ғана көріп қайтпай, осы саяхатынан жолжазба очерктерді жазып, оны түрлі-түсті суреттермен кітап етіп шығарып, қалың елге таныстыруы. Бұл кітаптар: 2006 жылы жарық көрген 268 беттік «Таңғалған жолаушы» (Очарованный странник), 2008 жылы тұсауы кесілген 368 беттік «Әлемнің сегізінші кереметі немесе әлем дидары жиһангер көзімен» (Восьмое чудо света или мир глазами туриста), 2010 жылы оқырмандардың қолына тиген 368 беттік «Жер шарына саяхат» (Путешествие вокруг света). Мұның сыртында Сапар Ысқақұлы 2004 жылдан бастап әрбір тоқсан сайын туризм жөнінде «Очарованный странник», 2006 жылдан бастап «Сапар – Саяхат» журналдарын шығарып әрі кәсіпқой журналист ретінде ол басылымдардың бас редакторы болып, халықтың дүниетанымын байытуға сүбелі үлес қосып келеді. Ағамыздың осы ізгі істерінен-ақ оның өмірбойы елі үшін еңбек етуді, Қазақстанды әлемге танытуды, ел мен елді бір-біріне жақындатуды, отандастарын да осындай ұлы мұраттарға тәрбиелеуді өзінің ең асыл азаматтық парызы санайтынын айқын аңғарамыз (интернеттен).

б) Бір-бірімізбен әңгімелесейік. Екеуара жұмыс.

- Жақында қайда бардыңыз?
_____.
- Сіздің шетелге бірінші саяхатыңыз ұнады ма?
_____.
- Келесі жазда қайда барғыңыз келеді?
_____.
- Бұл сапарыңыз қызықты болады деп ойлайсыз ба?
_____.

в) Жұмыс дәптеріңізге жазыңыз. Қозғалыс етістіктерін қайталаймыз.

Қозғалыс жолы

Қала арқылы өту, қала ішімен жүру, далада жүгіру, аспанда ұшу, теңіз арқылы, өзен арқылы жету, жүзу, орманды кесіп өту, орманмен жүру, соқпақпен жүру, жалғыз аяқ жолмен жүру.

- Ол жұмысқа қалай, қайдан барады?
- Әдетте ол Қабанбай даңғылымен келеді.

2. а) Дұрысы қалай?

Мен қала _____ жаяу жүргенді ұнатпаймын.

Кешке теңіз жағасы _____ қыдырғанды жақсы көремін.

Кеше біз үлкен әдемі көлде қайық _____ серуендедік. Мына автобус Республика алаңы _____ бармайды. Біз экспедицияға Балқаш көлі _____ барамыз. Біз мұхитта кемемен жүзіп жүргенде, бір американ отбасымен таныстық. Кеше біз ұзақ қыдырдық, содан кейін Қастеев атындағы мұражай _____ бардық. Көшемен келе жатқан _____, мен туристік агенттің жарнамасын көрдім.

б) Жұмыс дәптеріне жазамыз.

«Өмірдегі ең үлкен құндылықтардың бірі – өз елің мен басқа елдерді көру, аралау. Жер бетінде қызық емес мекендер болмайды, Сапарлар Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді». Академик Д.С. Лихачев.

Сіз осы пікіріме келісесіз бе? Неге? Сіздің былай бастауыңызға болады, мысалы:

- Иә, (Еуропаны, Азияны саяхаттағанда, _____ өзен, көл, теңіз арқылы саяхаттағанда _____)

- Мен бұл сөздермен толықтай келісе алмаймын, себебі (теңіз, көл, мұхит арқылы жүргенде, _____ себебі Еуропа, Азия арқылы саяхаттағанда _____.)

3. Егер әлем картасын қарайтын болсақ, сіздер мынадай географиялық атауларды көресіздер: Пржевальск қаласы, Челюскин мүйісі, Дежнев бұғазы т.б.

Олар неге олай аталады, білесіздер ме? Кімдердің атында?

а) Энциклопедиялық сөздіктен фрагменттер оқимыз.

Бұрын нені білетін едіңіз, сіз үшін не жаңалық болды?

Өзен көлге, мұхитқа құяды

Экспедицияны, зерттеулерді, жұмысты басқару

Экспедицияға, зерттеулерге жетекшілік ету

Солтүстік полюске сапар шегу

Сөздерді аударыңыз:

арал – _____

материк – _____

жарты арал – _____

бұғаз, түбек – _____

экспедиция – _____

мүйіс – _____



Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (шын есімі – Мұхаммед Қанафия; 1835-1865) – қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен.

1858-1859 жылдардағы Шоқанның Қашғария сапары.

Қашғария ол кезде зерттелмеген өлке болатын. Саудагер ретінде Қашғарияға құпия барған Шоқан өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді.

б) Бір - бірімізбен әңгімелесеміз. Екеуара жұмыс.

– Шоқан қайда барды?

– _____

– Сіз мүмкіндік болса, Қашғарияға барасыз ба?

– _____

– Бүгіндері барсаңыз, Қашғария сапары қызық болар ма еді? Қалай ойлайсыз? (Өз ойыңызды түсіндіріңіз).

– _____

– Жақын арада қайда бардыңыз?

– _____

– Бірінші рет (шет елге) қай елге бардыңыз?

– _____

– Шетелге барған бірінші сапарыңыз ұнады ма?

– _____


– Келесі жазда қайда барғыңыз келеді?

– _____

– Осы сапарыңыз қызық болады деп ойлайсыз ба?

– _____

в) Жұмыс дәптеріне жазамыз, қозғалыс етістіктерін қайталаймыз.



Лаптевтер теңізі, Сібір теңізі, Норденшельд теңізі – Солтүстік Мұзды мұхиттың шеткі су айдыны. Батысында Таймыр түбегімен, Солтүстік Жер топаралымен, шығысында Жаңа Сібір аралдарымен шектеседі. Ірі шығанақтары: **Хатанга**, Оленек, Буор-Хая. Теңізге **Хатанга**, **Лена**, Яна өзендері құяды. Жазы қысқа әрі салқын. Балықтың 13 түрі кездеседі. Теңіз сүтқоректілерінен **морж**, **теңіз қояны**, **ақ дельфин**, **нерпа** мекендейді. Жартасты жағаларда құстар көп жиналады. Лаптевтер теңізі Солтүстік теңізі жолының бір бөлігі саналады. Басты порты – Тикси қаласы. Теңіз зерттеушілері екінші Камчатск экспедициясына қатысқан ағайынды Лаптевтердің (Дмитрий және Харитон) есімімен аталған.

Челюскин мүйісі – Еуразияның ең солтүстік нүктесі және Таймыр түбегінің солтүстік шеті. 1932 жылдан Полюстік станция жұмыс істейді. Мүйіс оны алғаш ашқан (1742) Ұлы солтүстік экспедициясына қатысушы, полярлық зерттеуші капитан-лейтенант, екінші Камчатск экспедициясына қатысушы С.И.Челюскиннің құрметіне аталған. 1741-1742 жылдары Таймыр жарты аралын зерттеп, сипаттама берген.



Афанасий Никитин – Индияға дейін жүзіп өткен орыс саяхатшысы. 1466-1472 жылдары Парсы еліне және Индияға сапар шеккен. Қайта оралған соң, ол Африка жағалауларында (Сомали) Арабияда, Түркияда болған. Оның жол жазбалары («Хождение за три моря») құнды әдеби-тарихи еңбек.

4. а) Сіздер өз елдеріңізді, шетелді аралағанда, қандай жер атаулары, қала, көл, су, тау атаулары естеріңізде қалды?

Мысалы, сан есім, түстерге байланысты, пайдалы қазбаларға байланысты қала, жер атаулары, климатын және гидрографиясын, геологиялық құрылысын сипаттайтын, өсімдік және жануарлар дүниесін сипаттайтын жер-су атауларын кездестірдіңіздер ме немесе оқыдыңыздар ма?

Оқыңыз, өзіңіз де мысалдар іздеп көріңіз.

Ақ түспен байланысты жер-су атаулары жиі кездеседі. Ақ сөзі түсті анықтаушы ғана емес, кейбір жағдайда «таза», «қасиетті» деген ауыспалы мағынасында да қолданылған. Солтүстік Мұзды мұхиттағы Ақ теңізді ең алғаш рет П.Планций 1592 жылы картаға Маре Альбум, яғни «ақ теңіз» деп түсірген. Кейбір зерттеулер бойынша, көршілес жатқан Балтық теңізі де қазақшаға аударғанда «ақ теңіз» дегенді білдіреді. Өйткені латыш тілінде *балтс*, литвалықтардың *балтас* дегені «ақ» деген мағына береді (К. Д. Каймулдинова. Топонимика. – Алматы. 2011, 17-21)

Сұрақ, тапсырмалар:

- Қазақ даласында ақ, қара түспен байланысты қандай жер-су атауларын білесіздер?
- Әлем елдері бойынша түске (қызыл, сары, қара) байланысты қандай жер-су атауларын білесіздер?
- Ел аралап жүргенде қандай бейнелі географиялық атауларға кездестіңіздер?
- Қазақстандағы Барсакелмес аралының атауы, Тектұрмас тауының атауы нені білдіреді?
- Солтүстік Америкадағы *Ньюфаундленд*, *Оңтүстік Америкадағы Парагвай өзенінің* атауы қандай мағынаны білдіреді деп ойлайсыздар?
- Қызыл, сары гидронимдер тізімін де атап көріңіз (Қазақстан және әлем елдері бойынша)

б) Осылай ма, әлде басқаша ма?

Керекті сөздерді пайдаланыңыз:

Экспедиция, саяхаттау, сапар шегу, жетекшілік ету, зерттеу, жинау, тарих, этнография, бұғаз, құрлық, саяхатшы, солтүстік полюс, өсімдіктер, жарты арал, түбек, теңіз, өзен, табиғат, жаға, құю, жануарлар.

Шоқан Шыңғысұлы – қазақтың ұлы ғалымы, _____. Саудагер ретінде Қашғарияға құпия барған Шоқан өлкенің экономикалық саяси құрылымын _____ оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар _____.

Капитан лейтенант Челюскин және ағайынды Дмитрий және Харитон Лаптевтер екінші Камчатск _____ қатысқан.

Семен Иванович Челюскин Таймыр жағасының бір бөлігін зерттеген. Ол Ұлы солтүстік экспедициясы кезінде Еуразияның _____ ашқан. Бүгіндері осы нүкте Челюскин _____ деп аталады.


Лаптевтер теңізі Солтүстік мұзды мұхит бассейніне жатады. Батысында Таймыр _____ Солтүстік Жер топаралымен, шығысында Жаңа Сібір _____ шектеседі. Лена өзені осы мұхитқа _____ . Басты порты – Тикси.

Демалатын кез: біздің алдымызда – бүкіл әлем

5. Әдетте сіз қай кезде демаласыз? Қай кезді демалуға жақсы кез деп санайсыз?


Цифрлар сөйлейді (2003 жылғы сауалнамадан, интернеттен)

Демалыс үшін жақсырақ уақыт:



6. а) Демалысыңызды қалай өткізгенді ұнатасыз? (демалыс, еңбек демалысы).

Цифрлар сөйлейді (2003 жылғы сауалнамадан, интернеттен)



б) Ал сіз саяхаттағанды ұнатасыз ба? Үйден алысқа жиі кетесіз бе? Әдетте демалуға қайда барасыз? Қай елдерге саяхат жасадыңыз? Өз еліңізде жиі саяхаттадыңыз ба?

7. Мына өзендер қай елдерде? Осы елдерде сіз болдыңыз ба? Қай елге барғыңыз келеді? Неге?

Ертіс, Сырдария, Шу, Іле, Ганг, Дунай, Днепр, Нева, Одер, Тигр, Ніл, Сена.

8. Барғыңыз келген ел туралы интернеттен ақпарат алыңыз, сол ел туралы шағын сипаттама жазыңыз: орналасқан жері, климаты т.б.

9. а) Сіз мына пікірмен келісесіз бе? Неге?

Академик Д.С. Лихачев өз еліңе немесе басқа елдерге саяхаттауды қызық немесе қызық емес деп санауға болмайтынын айтты. Оның пікірінше, жақсы дайындықпен барған сапарлар және нашар дайындықпен барған сапарлар болады. «Кез келген ел, кез келген қала, кез келген жерге егер дайындықсыз барсаңыз, қызықты болмайды, көңілсіз». Бірақ егер де, «сол жердің тарихын білсеңіз, ол он есе қызықты болады».

б) Жұмыс дәптеріне жазыңыз.

Назар аударыңыз!



Мына етістіктердің алдындағы сөз барыс септігінде жазылады: дайындалу – кездесуге, сапарға, іссапарға дайындалу;
Сұрау етістігінің алдындағы сөз шығыс септігінде жазылады: сұрау-Әпкемнен сұрау, экскурсоводтан сұрау, оқытушыдан сұрау, әкемнен сұрау.

10. а) Қазақстанда саяхаттауға дайынмын деп санайсыз ба?

Бір-бірімізбен әңгімелесеміз.

Бұл туралы не білесіз, нені білмейсіз? Үш-үштен топқа бөлініңіздер. Әркім өзінің анықтамасын оқиды. Төменде берілген материалдарды пайдаланыңыз.

Мына сөздерді аударыңыз:

территория – _____

аумақ – _____

аудан – _____

ең биік нүктесі – _____

климат – _____

ең үлкен өзені – _____

белдеу – _____

ең үлкен көлі – _____



Болашақ қалалар

Болашақ қалаларда әлеуметтік және техникалық аспектілерден басқа маңыздырақ географиялық аспекті бар. Болашақ қалалардың бәрі бірдей, бір-бірін қайталамайтындай болуы тиіс. Жердің географиялық ерекшелігі осындай ұқсастықтың болмауына көмектеседі. Сондай-ақ болашақ қалалар белгілі бір деңгейде адамзат батыл қадам жасайтын қоныстандырудың жаңа ауданы болып елестейді. Қалалардың белгілі бір географиялық түрлері пайда болады. Мысалы, шөлдегі қалалар, қиыр солтүстіктегі қалалар, таулы қыраттағы қалалар деген сияқты.

Шөлейтті аумақтағы қалалардың мәңгі проблемасы – су мәселесі, күннен қорғану, қолайлы микроклимат жасау – қазір жаңа құралдармен шешіледі.

Жаңа грамматика

Бар, жоқ, емес сөздері

- Қалалар
- Анықтауыштар
- Қаладағы көрнекі жерлер

Жазылым дағдысы

- Қала туралы сипаттама

а) Қаланы сипаттауда қолданылатын сөз тіркестеріне назар аударыңыз.

1)

а) Ел өміріндегі қала маңызы туралы айтқанда қолданылатын сөз тіркестеріне назар аударыңыз.

әкімшілік		саяси
мәдени	қала	өндірісті қала
ғылыми		діни
индустриялы		

б) 10-тапсырмадағы ақпараттарды пайдалана отырып, индустриялы сөзіне синоним табыңыз.

в) Диалогті оқыңыз. Астана туралы студенттер не білді, айтыңыз.

– Кеше сіздерде Астана қаласына экскурсия болды. Өздерің оқитын қала туралы не білдіңіздер? Кумар, сен не айтар едің бізге?

– Астана – елдің әкімшілік, саяси орталығы. Әкімшілік қала, себебі Астанада үкімет елге жетекшілік жасайды, ал саяси қала болатын себебі онда Қазақстанның президенті және парламенті жұмыс істейді.

– Марджери, сен ше? Сен қала туралы не айтасың?

– Астана – елдің мәдени және ғылыми орталығы. Кеше біз көптеген театрды, елдегі ең үлкен кітапхананы, Еурази ұлттық университетін көрдік.

– Мен экскурсоводқа сұрақтар қойдым.

– Жарайсың. Қандай сұрақтар қойдың?

– Астананы өндірісті қала деуге бола ма? – дедім.

– Ол қалай жауап берді?

– Астана қаласы өндірісті қала емес деді.

– Сіздер қала туралы көп мәлімет біліпсіздер, көргендеріңді жазбаша жазып келіңіздер.

г) 2-тапсырмадағы ақпараттарды пайдалана отырып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді пайдаланыңыз.

Мына қала – елдің _____ қаласы, себебі мұнда елдің президенті мен үкіметі жұмыс істейді. Мына қала – елдің _____ қаласы, себебі мұнда ірі фабрика мен зауыттар бар. Мына қала – елдің _____ қаласы, себебі мұнда көптеген кітапхана, театр, мұражай, көрме орталықтары бар. Бұл қала – елдің _____ қаласы, себебі мұнда көптеген университет, институттар, ірі ғылыми зерттеу орталықтары бар.

2)

а) Сөздер мен сөз тіркесін оқыңыздар. Олардың мағынасын сөздіктен нақтылаңыздар.

Ғылым академиясы, мұнара, кітапхана, көрме, жоғары оқу орны, сарай, зауыт, кинотеатр, мұражай, ғылыми зерттеу институты, ескерткіш, парламент, президент, үкімет, театр, фабрика.

б) Қазақстанда мекеме атауларының қысқартылған атауы көп пайдаланатынына назар аударыңыз.

Мысалға қарап сөз жазыңыз.

Үлгі:

Ұлттық ғылым академиясы – ҰҒА.

Жоғары оқу орны – _____, ғылыми зерттеу институты – _____, Еуразия ұлттық университеті – _____.

11. а) Тапсырмасында берілген сөздерді пайдалана отырып, сәйкес графаға жазыңыз.

Тарих	мәдениет	ғылым	саясат	өндіріс
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

б) Тапсырмасында берілген ақпараттарды пайдалана отырып, елдің мәдени өмірін, елдің саяси өмірін білгіңіз келсе, қаланың тарихына қызықсаңыз, нені қарайсыз, егер қаланы ғылыми орталық ретінде немесе өндірістік орталық ретінде білгіңіз келсе, нені көріп, қарайсыз?

12. а) Берілген сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз:

Архитектуралық ансамбль – бөліктердің бір бүтін, бір тұтас сәйкестігі.

Көрікті жерлер – ерекше көңіл аударуды қажет ететін орын.

Шолу экскурсиясы – қаламен танысу мақсатындағы сапар.

Алаң, көше, ескерткіш.

б) Диалогты оқыңыз, 4. а) тапсырмада берілген сөздердің қолданылуына назар аударыңыз.

– Сен қайда тұрасың?

– Достық даңғылында.

– Мен Гагарин көшесінде тұрамын. Қаланың жоғарғы жағында. Қайда кездесейік?

– Абай ескерткішінің қасында кездесейік. Білесің ғой оның қайда екенін?

– Білемін. «Республика» сарайының алдында.

– Жарайды, келістік. Ертең сағат онда мен сонда боламын.

Жаңа грамматика

Күрделі сөйлемдегі қарсылықты мәнді қатынастың берілуі

а) Күрделі сөйлемдегі қарсылықты мәнді қатынастың берілуіне назар аударыңыз:

Басыңқы сөйлемдегі әрекет бағыныңқы сөйлемде хабарланған жағдаятқа қарай аяқталады.

Мысалы: Уақытым аз болса да, мен бұл жұмысты аяқтаймын. Ауа райы бұзылса да, біз экскурсияны жалғастырдық.

б) тапсырманың а) бөлігіндегі ақпаратты пайдалана отырып, осы ойды басқаша білдіріңіз.

Үлгі: Біз орталық мұражайда болдық, бірақ тағы да бір рет баруға келістік.

– Біз орталық мұражай да болсақ та, тағы бір рет баруға келістік.

- 1) Менің барғым келген жоқ, бірақ олар бәрібір экскурсияға баруға келісті.
- 2) Туристер Алматыда бір апта болды, бірақ бәрін көріп үлгерген жоқ.
- 3) Біз көптеген көрікті жерлерді көрдік, бірақ маған шегесіз соғылған шіркеу үйі ерекше әсер қалдырды.
- 4) Жол жаман болды, бірақ біз Түркістан қаласына тез жеттік.
- 5) Мен ешқашан Петербургта болған емеспін, бірақ ылғи осы қаланың тарихына қызығатынмын.

в) тапсырманың а) бөлігіндегі ақпаратты пайдалана отырып, сөйлемді басқаша айтыңыз.

Үлгі: Менің осы сабаққа барғым келмесе де, бардым.

– Менің осы сабаққа барғым келмейді, бірақ бардым. Осы қаланы жақсы көрсем де бара алмадым.

– Осы қаланы жақсы көремін, бірақ бара алмадым.

Астана қаласында көрікті жерлер көп болса да, олардың ең бастысы Бәйтерек. Мұражайдың жабылуына аз уақыт қалса да, бізге оны көріп шығуға рұқсат етті. Алмас қалада күні бойы жүрсе де, шаршамады. Алматыда өмір бойы тұрсам да, осы қаланың көп көшелерін білмеймін. Айдана дүкен аралағанды жақсы көрмесе де, астаналық дүкендерді аралап шықты.

г) Берілген сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Астанаға жақында келсем де, _____.
- 2) Алматыда бұрыннан бері тұрсам да, _____.
- 3) Уақытымның аздығына қарамастан, _____.
- 4) Далада суық болса да, _____.
- 5) Экскурсоводтың не айтқанына түсінбесем де, _____.

13. Ой түрткі сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақстанның қандай қалаларын білесіз?

Әлемге әйгілі қандай қалаларды білесіз?

Қай қалаларда болдыңыз?

Қандай шетелдік қалаларда болдыңыз?



14. Қалалар туралы мәтінді оқыңыз.



Женева – 400 мыңға жуық халқы бар, өзімен аттас шағын кантонның (облыстың) астанасы. Швейцария астанасының атауы алғашқы рет біздің дәуірімізге дейінгі 58-жылдары белгілі болыпты.

1815 жылдан Женеваны Вена конгресі «Мәңгілік бейтарап ел» деп танып, қалаға халықаралық ұйымдарды орналастыра бастайды.


1863 жылы Женевада ең алғашқы халықаралық Қызыл Крест қоғамы ашылып, оны ойлап тапқан Анри Дюнан деген авторға Нобель сыйлығы беріледі.

Женева Альпі тауының етегінде орналасқан. Женева бақтар мен гүлдердің отаны. Әлемде үлгісі қайталанбас гүл сағат та осында. Гүл сағаты 6,5 мың өсімдіктен жасалған. Ол жылдың барлық мезгілінде гүлдеп тұрады. Женеваның символы саналатын Же До фонтанының биіктігі 140 метр.

Сағат – жалпы Швейцарияның символы. Ал Швейцария дегеніміз – Женева.

Женева – Швейцарияның ең ірі мәдени орталығы. Мұнда 30 мұражай, үш консерватория және опера театры бар. Сондай-ақ, қалада Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтері мен 200-ге жуық халықаралық ұйымдар орналасқан.





Стокгольм

Стокгольм – 1634 жылдан бастап Швецияның ресми астанасы болып табылады. Негізі – 1252 жылы қаланған.

Стокгольм – Скандинавия аралында ғана емес, Еуропа елдері ішіндегі ең сұлу қалалардың бірі.

Қаланы Еуропадағы ескі шаһарлардың бірі десек те, мұндағы көлік мәселесі өте үлкен шеберлікпен және уақыт талабына сай шешілген. Қала ішіндегі аудандар өзара аспалы көпірлер арқылы жалғасып отырады. Қала бірнеше аралдардан тұрады: Кунгсхольмен – корольдер аралы, ол – қаланың әкімшілік орталығы. Стадсхюсет – қала Ратушасы. Гамла стан – ескі қала, Стокгольмнің тарихи орталығы. Юргорден – аңшылық жасау аралы. Скансен – ашық аспан астындағы этнографиялық мұражай орналасқан арал.

Стокгольмнің символы – Ратуша ғимараты. Жыл сайын 10 желтоқсанда бұл ғимаратта Швеция королі Нобель сыйлығын табыстайды.

Швеция астанасында 60 мұражай, 30 театр тұрақты жұмыс істейді. Мұражайлар тақырыптық салаларға бөлінген. Қалада кеме жасау, көлік жасау, электротехника, жеңіл өнеркәсіп салалары зауыттары бар.



15. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қалай ойлайсыз, Женева мен Стокгольм үлкен қала ма? Неге?
2. Женева, Стокгольм қайда орналасқан?
3. Негізі қашан қаланған?
4. Женева символы не?
5. Женева отаны не?
6. Стокгольм қандай аралдардан тұрады?
7. Стокгольм символы не?
8. Стокгольм ерекшелігі неде?

16. Өзіңіз жақсы білетін қалаңызды сипаттаңыз.

17. Мәтіннен мына қорытындыларға дәлелдеме табыңыз:

1. Женева – әлем астанасы.
2. Женева – елдің ең маңызды мәдени орталығы.
3. Женева – гүл мен бақтың отаны.
4. Женева символы – сағат.
5. Стокгольм – суда салынған қала.
6. Стокгольм – мәдени орталық.

18. Түркістан қаласы туралы ақпаратты өз бетіңізше оқып, мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- Қала қашан салынған?
- Қала несімен танымал?
- Қаланың ел өміріндегі маңызы қандай?

19. Берілген сұрақтарды жоспар ретінде пайдалана отырып, өзіңіздің қалаңыз туралы әңгімелеңіз.

1. Қала елдің қай бөлігінде орналасқан?
2. Қала қандай өзеннің қасында?
3. Қала қашан салынған?
4. Қала ескі қала ма, жаңа қала ма?
5. Қала ел өмірінде қандай роль атқарады? Неге олай ойлайсыз?
6. Қаланың орталық көшесі қалай аталады?
7. Қалада қандай көрікті жерлер бар, олар қаланың қай жерінде?
8. Қалада қандай ұлы адамдарға ескерткіш тұрғызылған? Олар ел үшін не істеген?
9. Туристерге қаланы көру үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Қайда барамыз? Не көреміз?

20. Қайда барғыңыз келеді?

– Менің _____ барғым келеді, себебі _____.

Италя, Индия, Египет, Америка, Қытай, Франция, Испания, Жапония.

21. Нені көргіңіз келеді?

– Менің тарихи мұражайларды көргім келеді, себебі _____.

Тарихи мұражай, көркемөнер мұражайы, музыкалық аспаптар мұражайы – көне ескерткіштер.

Қайда тоқтаймыз? Қайда барамыз?

22. Сапарға шығарда сіз, әрине, қайда тоқтайтыныңызды, кімге баратыныңызды ойлайсыз.

Қайда тоқтауға болады? Әрине, қонақүйде немесе пәтер жалдайсыз. Егер де сіздің осы елде (осы қалада) достарыңыз болса, онда сонда тоқтауға болады.



Жаңа грамматика

Бағыттың, қозғалыстың, анықтауыштың, байланыс, дәнекерлеуші құралдардың берілуі

Бағыт:

Бару, жүгіру, ұшу

Кімге бару – Дәулетке бару; Назымға жүгіріп бару; Алматыға ұшу.

Мақсат Сәулеге қонаққа барды. Мақсат **қайда** барды?

Мақсат **кімге** қонаққа барды?

Ол шыға беріс дәлізге қарай жылдам жүрді. Ол **қайда** жылдам жүрді?

Қала орталығына қай автобус барады? Қала орталығына он екінші автобус барады

23. а) Бір-бірімізбен сөйлесейік. Екеуара жұмыс.

Ол жазда қайда (кімге) барады?

(досы, танысы, құрбысы, әжесі, атасы)

Қайда, (кімге) келе жатырсың?

(Асқар, Төлеген Жарасұлы, директор көрші, Болат, Айша)

Бірінші кімге барасың?

(әпке, аға, немере, танысым, әріптес)

Ол кімге бару керек?

(дәрігер, аудармашы, менеджер)

б) Жұмыс дәптеріне жазайық.

Анықтауыш

Мынау қандай сөздік? Қандай оқулық? Қандай сабақ? Қандай анықтамалық?

Қазақ тілі анықтамалығы, қазақ тілі оқулығы, ағылшын тілі сабағы, математика сабағы, қала анықтамалығы.

Байланыстырушы құралдар

– Мына ақпаратты қалай алдың?

– Факс арқылы, электронды пошта арқылы.

24. а) Бір-бірімізбен сөйлесейік. Екеуара жұмыс.

– Олар қандай жолкөрсеткіш сатып алды?

– Алматы қаласының анықтамалығын, Қастеев атындағы көркемсурет галереясының, Ұлттық мұражай көрсеткішін сатып алды.

– Қаша келетініңді маған қалай хабарлайсың?

– Факс немесе электронды пошта арқылы.

– Билетке қалай тапсырыс беруге болады?

– Телефон немесе электронды пошта арқылы.

– Сізді қалай тауып аламын?

– Ұялы телефон арқылы.

б) Жұмыс дәптеріне жазамыз.

25. Қалай дұрыс айтуға болады? Кімге, Неге? Қандай?

– Ата-ана_____ бардым. Жақында бірге демалу_____ барамыз.

– Кеше кешке достарыммен концерт_____ бардық.

– Сенбі күні әке_____ бардым.

– Сен әпке_____ бармадың ба?

– Менің жаңа_____ оқулығым жоқ.

– Ертең бізде қазақ мәдениеті_____ лекция болады.

– Жақында қиын емтихан болады.

– Емтихан? Қандай емтихан?

– Сертификат_____ арналған емтихан.

– Сендерге тағы қандай оқулық сатып алу керек?

– (Математика, тарих, қазақ тілі) оқулықтарын алу керек.

- Мамандық _____ оқулықтар
- Сенде қазақ тілі _____ емтихан болды емес пе?
- Бізде ешқашан электронды пошта _____ бақылау жұмысы болған емес.
- Ол Астанадан факс _____ хат алды ма?
- Мен ол алды деп ойладым.

Қонақүй туралы ақпаратты білеміз, хабарлаймыз.

26. Қазір сіздер әңгіме тыңдайсыздар. Олар не айтты?

- Сәлем, Майра? Қалай демалдың?
- Сәлем, Айнаш Мен жаңа ғана келдім. Мен ата-анаммен бірге Анталияда демалдым.
- Қайда тұрдыңдар?
- Жеке үйде. Қымбат емес. Онда бәрі болды: саунасы да, рестораны да болды. Жағажайға жақын. Біз тамақты кейде рестораннан іштік, кейде өзіміз дайындадық.
- Экскурсияға бардыңдар ма?
- Әрине, бардық. Стамбулды араладық.
- Кездескеніміз қандай жақсы болды. Не істерімді білмей тұр едім. Мен де осы қонақ үйге тапсырыс беремін. Телефонын, мекенжайын алайын.

Іс-әрекет пен мекен субъектісінің берілуі

- Менің досым бар.
- Сіздің досыңыз бар ма? (бар немесе жоқ)
- Менің нағыз досым бар.
- Сіздің нағыз досыңыз бар ма?

Кімде не бар?

<i>Мен</i>	<i>Менде (менің нөмірімде)</i>	
<i>Сен</i>	<i>Сенде (сенің нөміріңде)</i>	
<i>Ол</i>	<i>Онда (оның нөмірінде)</i>	
<i>Сіз</i>	<i>Сізде (сіздің нөміріңізде)</i>	
<i>Біз</i>	<i>Бізде (біздің нөмірімізде)</i>	<i>теледидар бар.</i>
<i>Сендер</i>	<i>Сендерде (сендердің нөмірде)</i>	
<i>Сіздер</i>	<i>Сіздерде (сіздердің нөмірде)</i>	
<i>Олар</i>	<i>Оларда (олардың нөмірінде)</i>	

Кімде не жоқ?

<i>Мен</i>	<i>Менде (менің нөмірімде)</i>	
<i>Сен</i>	<i>Сенде (сенің нөміріңде)</i>	
<i>Ол</i>	<i>Онда (оның нөмірінде)</i>	
<i>Сіз</i>	<i>Сізде (сіздің нөміріңізде)</i>	
<i>Біз</i>	<i>Бізде (біздің нөмірімізде)</i>	<i>теледидар жоқ.</i>
<i>Сендер</i>	<i>Сендерде (сендердің нөмірде)</i>	
<i>Сіздер</i>	<i>Сіздерде (сіздердің нөмірде)</i>	
<i>Олар</i>	<i>Оларда (олардың нөмірінде)</i>	

Назар аударыңыз!



Бар сөзінің қолданысы.

Бар сөзі осы шақта қолданылады, өткен шақта және келер шақта болу етістігін қолдану керек:

Менің уақытым болмады.

Менің уақытым болмайды.

27. а) Дұрысы қалай?

- Қонақүйде _____ (сіз) нөміріңіз жақсы болды ма?
- Иә, _____ (біз) екі үлкен бөлме болды, душы, туалеті, балконы да бар.
- Италия бойынша _____ (сіз) экскурсия болды ма?
- Оңтүстік Италия бойынша _____ (мен) экскурсиям болды.
- Демалыс кезінде _____ (мен және ол) мәселелер болмайды деп үміттенемін.
- Ал _____ (ол) ақшасы болмады.
- Қалай ойлайсың, _____ (олар) Алматының картасы бар ма?

б) Кімнің электронды поштасы жоқ?

Біздің туысымыз, менің ата-анам, менің балаларым, Айша, Жұлдызай, Ақбота

в) Дұрысы қалай? Кімнің? Кімде? Неде?

(Саяхатшылар мен туристер) _____ өмірі қызықты сияқты.

(Администратор, кезекші) _____ да, _____ де біздің кілтіміз болмады.

(Ғалым Байжанұлы, Қанат) _____ мен _____ жақында демалысы басталады.

(Сая Мұратқызы, Рахия) _____ мен _____ сағаты болмады, сондықтан таңеретең маған хабарласуды өтінді.

Қайда (кімде) болдыңыз?

Біз менің туыстарымда тұрдық.
Біздің билетіміз менің інімде.

Салыстырайық: қайда?

Мен Мэдисонда болдым, менің досымның үйінде тұрдық.
Олар астанада белгілі қазақ жазушысында қонақта болды.

28. а) Дұрысы қалай?

Менің американдық әріптестерім, менің мектептегі құрбым, біздің бұрынғы достарымыз

- Бұл туралы қайдан білдіңіз?
- _____.
- Бұл туралы кімге айттыңыз?
- _____.
- Кімге бардыңыз?
- _____.

– Жазда кімде тұрдыңыз?

– _____.

– Кімнің достары көп болды?

– _____.

– Мына мақала кімде жоқ?

– _____.

б) Жұмыс дәптеріне жазамыз.

в) Сіз сапарға жиі шығасыз ба? Қонақүйде жиі боласыз ба?

Әдетте қандай қонақүйге түсесіз? Қымбатына ма? Әлде басқасына ма? Неге?

Жаңа грамматика

Мезгіл мәнді құрылымның берілуі

қанша уақытқа

қанша уақытта

қанша уақыттан кейін

қай уақыттан қай уақытқа дейін

– Сен теңізге (қанша уақытқа) ұзаққа барсың ба?

– Мен теңізге бір аптаға барамын.

– Ол сонша уақыт жұмыста болмай ма?

– Нақты білмеймін, екі аптаға іссапармен кетіп барамын деген.

– Ол көп саяхаттады ма?

– Иә, екі жылда Еуропаның көптеген қалаларында болды.

– Мына жағалауды экспедиция қанша уақытта зерттеді?

– Он бір жыл.

– Қашан кетесіз?

– Бес күннен кейін.

– Ол үйге қашан (қанша уақыттан кейін) қайтады?

– Бір аптадан кейін келетін сияқты.

29. Ол осыны қанша уақыт жасады? Немесе қанша уақытта жасады?

күні бойы

Ол өзінің саяхаты туралы _____ әңгімеледі.

Ол _____ бойы өзінің саяхаты туралы әңгімеледі.

алты күн

Жанар Қойшығара Салғариннің кітабын _____ оқыды.

Ол Қойшығара Салғариннің кітабын алты күн _____ оқыды.

екі сағат

Біз болашақ сапарымыз туралы _____ айттық. Болашақ сапарымыз туралы мәселелерді екі сағат _____ шештік.

апта

Олар Астанада тек қана бір _____ болды.

Олар бір апта _____ тек қана Астана орталығында, Ұлттық музейде, Назарбаев университетінде болды.

30. Мына сұхбаттарды қалай аяқтар едіңіз?

(Затты қанша уақытқа сұрар едіңіз?)

- Сізде Алматының картасы бар ма? Маған _____ беріңізші.
- Сенің анаңның Алматыда түскен суреттері бар ма? Ол оны маған _____ бере ала ма?
- Сенің ағаңда Балқаштың суреттері бар сияқты. Мен оларды _____ ала тұрайыншы.
- Бақытта жануарлар энциклопедиясы бар екен. _____ ала тұру керек.

31. а) Қай сұраққа осылай жауап берді?

- _____.
- Біз нөмірді бес күнге жалдадық.
- _____.
- Олар Вашингтонға алты күнге келді.
- _____.
- Мен бір айдан кейін келемін.
- _____.
- Біз осы сапарға бір ай бойы дайындалдық.
- _____.
- Сен осы кітапты бес күнде оқып, үлгересің бе, үлкен кітап қой?
- _____.
- Достар теңіз жағасында түні бойы қыдырды.
- _____.
- Администратор мұнда жарты сағаттан кейін келеді.

б) Жұмыс дәптеріне жазайық.

32. Мына сұрақтарға қалай жауап берер едіңіз?

- Соңғы рет қанша уақыт сапарда болдыңыз?
- _____.
- Өте қатты шаршасаңыз, қанша уақытта демала аласыз?
- _____.
- Сіз қай уақыттан бері демалып жатырсыз?
- _____.
- Теңізге қанша уақытқа барасыз?
- _____.
- Қазақша 15 сөзді қанша уақытта жаттай аласыз?
- _____.
- Таңертең жаттығу жасайсыз ба, қанша уақыт жасайсыз?
- _____.
- Кітапты кітапханадан қанша уақытқа аласыз?
- _____.

33. Бір-біріңізбен сөйлесіңіз.

Үлгі:

- Мейрамгүл қашан келеді?
- Ол екі сағаттан кейін келеді.
- Жақсы, онда мен оған екі сағаттан кейін хабарласамын.

Қай уақыттан қай уақытқа дейін

Шығыс септігі және барыс септігі

- Жұмыста қанша уақыт боласыз, қашан келесіз?
- Оннан беске дейін боламын. Күні бойы жұмыстамын.
- Иссапарда қай уақытта болдыңыз?
- Сәрсенбіден сенбіге дейін.
- Қурстағы сабақтарыңыз қай кезде болады?
- Қазан айынан мамырға дейін.

34. Сұрақтарға қалай жауап береміз?

- Демалысыңыз қашан?
- (маусым – тамыз) _____.
- Сіздің сапарыңыз қашан басталады?
- (сенбі) _____.
- Туристтік фирманың директоры офисте қанша уақыт болмайды.
- (екі күн) _____.
- Сіз оларман қай уақыттан бері араласасыз?
- (бала кез, мектеп) _____.
- Сізге қай уақытта келсем болады?
- (төрт, алты сағат) _____.

Қонақүйге қалай орналасамыз?

**35. Тыңдаймыз. Қандай әңгіме болды? Кім ән айтты?
Тыңдаймыз, ретімен жазамыз. 1, 2, 3, ... А немесе Б.**

№	А/Б	
		- Маған ұнамайды
		- Қанша күнге?
1	А	- Қайырлы күн. Бұл Алматы қонақ үйі ме?
		- Бір адамдық па, әлде екі адамдық па?
		- Мен нөмір броньдай аламын ба?
		- Үш адамдық, мен отбасыммен келемін.
		- Нөмір сөткесіне 11 мың теңге.
		- Болат Сабыровқа
		- Бір аптаға, он бесінші маусымнан
		- Тапсырыңыз қабылданды, сіздің тапсырыс нөміріңіз 3250.
		- Тапсырысты кімге рәсімдейін?

36. а) Қонақүйге тапсырыс беріңіз (телефонмен немесе электронды поштамен).

б) Сауалнама сұрақтарын толтырамыз.

37. Жуықта қандай қонақүйде тұрдыңыз?

Ол туралы әңгімелеңіз.

(Берілген сұрақтарды логикалық бірізділікпен қойсаңыз, сізге бұл сұраққа жауап беруге көмектеседі).

- Сіз бұл нөмірде жалғыз өзіңіз тұрдыңыз ба?
- Сіздің нөміріңіз қай қабатта болды?
- Сіздің нөміріңіз жайлы болды ма?
- Қанша уақытта таңертеңгі асыңызды іштіңіз, түскі асты ше?
- Сіздің қонақүйде таңғы асты, түскі асты, кешкі асты ішуге бола ма?
- Онда қанша уақыт тұрдыңыз?
- Бұл қонақүй қай қалада?
- Сіз достарыңызға, әріптестеріңізге осы қонақ үйді ұсына аласыз ба? Неге?
- Нөміріңіз тыныш болды ма?
- Онда қанша уақытқа келіп едіңіз?
- Бұл қонақүй қымбат па?
- Сізге бұл қонақүй ұнады ма?

Қалыңыз қалай?

38. а) Мына сөздермен келісесіз бе? Оның өмір сүру салты салауатты ма?

Оскар Уайлд: «Жас қалпымда сақталу үшін мен бәріне де дайынмын. Тек қана гимнастика жасап, диета сақтамасам болды».

«Мен ешқашан пайдасызды жемеймін, тек қана дәмдіні жеймін».

б) Ал сіз өз денсаулығыңызға қарайсыз ба?

Таңертең гимнастика жасап, спортпен айналысасыз ба?

Сіз аз жейсіз, бірақ уақытында жейсіз, тек қана пайдалыны жейсіз бе
(*мысалы, көкөніс, жеміс жидек, шырын және минералды су ішесіз бе*)?

Темекі шекпейсіз бе?

Сіз уақытында ұйықтайсыз, түнде жақсы ұйықтайсыз ғой?

Сіз таза ауада көп жүресіз бе?

Сіз үнемі дәрігерге қараласыз ба?

Онда сіз салауатты өмір сүріп жүрсіз, халіңіз жақсы.

в) Таңертең гимнастика жасау – пайдалы әдет. Тағы да қандай жақсы әдет болуы мүмкін? Қандай жаман әдет болуы мүмкін?

39. а) Тамақтану, диета сұрақтары бойынша кеңесеміз. Сұхбатта әрине, мүмкін, сияқты сөздерін пайдаланыңыз.

- Сәлем, Әлия! Түрің де, өзің де әдемі болып тұрсың. Демалып келген сияқтысың. Шынымен демалып келдің бе?

- Сәлем, Жұлдызай! Қошеметіңе рақмет!

- Шын айтамын, сымбатың да әдемі. Ал мен қыста бес килограмм салмақ қостым. Не істерімді білмеймін. Қандай диетаға отырсам екен, мүмкін сен білетін шығарсың. Жақсыларын білесің бе?

- Жоқ, ә. Мен диетаға сенбеймін. Диета дегенің қиын, пайдасыз деп ойлаймын. Бастысы көкөністі

көп жеу керек, шырын ішу керек, таза ауада көп жүру керек. Ең бастысы, сағат алты, жетіден кейін жемеу керек. Бұл – өте жақсы әдет. Содан кейін бәрі қалыптағыдай болады.

– Шын ба? Сен диетаны пайдаланбадың ба?

– Жоқ, диетаны пайдаланбадым. Жұмысқа таңертең жаяу барамын. Аптасына екі рет бассейнге барамын. Бар болғаны осы.

– Онда мен де көбірек жаяу жүріп, бассейнге де барайын. Мүмкін нәтижесі болар.

– Әрине, нәтижесі болады деп ойлаймын.

б) Сіз Әлияның кеңестеріне келісесіз бе?

Сіз қандай кеңес берер едіңіз?

Газет оқиық

40. Газетте «Жапонияда адамдар ұзақ өмір сүреді» деген мақала және

«Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі» жарияланыпты. Егер уақытыңыз аз болса, қай мақаланы бірінші оқыр едіңіз. Неге? Мақаланың бірін таңдап, оқыңыз. Әңгімелеңіз.



Жапонияда адамдар ұзақ өмір сүреді.

Кімнің ұзақ өмір сүргісі келеді, олардың Жапонияға барып, кеңес алуына болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) статистикалық мәліметі бойынша басқа елдерге қарағанда Жапонияда әйелдер (83 жыл) де, ер адамдар да (76,3 жыл) ұзағырақ өмір сүреді.

Екінші орында – француз әйелдері (82 жыл), үшінші орында швейцарлық әйелдер (81,7 жыл) тұр. (2002).

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ

Қайталау және бақылау сабағы

1. Сөздер мен грамматиканы қаншалықты білеміз?

Нұсқау

50-тапсырманы орындауыңыз керек. 30 минут уақыт беріледі.

Сөйлемдерді оқыңыз. Қажет сөздерді (а, б, в) таңдаңыз.

1. – ... оның уақыты болса, міндетті түрде хабарласар еді.

- а) Қашан
- б) Егер де
- в) Сондай

2. – ... менің ақшам болса, саған берер едім.

- а) Сонша
- б) Қашан
- в) Егер де

3. – Туристік жолдаманы ... сатып алу туралы кеңесіңіздер. Қандай фирмадан аламыз?

- а) қайда
- б) қайдан
- в) неден

4. – Оның туристік фирмада ... танысы бар.

- а) жұмыс істейтін
- б) жұмыс істеген
- в) жұмыста

5. – Нобельдік сыйлықты физика, химия, экономика, медицина ... жұмыс істейтін ғалымдар алады.

- а) сала
- б) саласын
- в) саласында

6. – Біздің ... аялдама бар.

- а) үйдің қасы
- б) үйдің қасында
- в) үй қасына

7. – Ж. Альферовтың жаңалығы ...

- қолданылады.
- а) компьютерде
- б) компьютер
- в) компьютерді

8. – Олар, әрине, ... қатысады.

- а) осы конференцияға
- б) осы конференцияның
- в) осы конференция туралы

9. – Сізге аяқкиім ...

- а) керек
- б) тиіс
- в) керек пе?

10. – ... осы түс жарасады.

- а) Оған
- б) Оны
- в) Ол үшін

11. – Мен Тоғжан Бақыттан ... деп ойлаймын.

- а) үлкенірек
- б) қарт
- в) кәрілеу

12. – Мына көйлекті ал, ол жасыл түсті көйлекке қарағанда ...

- а) әдемі
- б) әдемілеу
- в) әдемі болады

13. – Ол ... кіші ме еді?

- а) өзінің ағасынан
- б) өзінің ағасы
- в) өз ағасы

15. – Мен оның ... ажырасып кеткенін білмедім.

- а) күйеуі
- б) күйеуімен
- в) күйеуіне

17. – Әрине, олар қызықты ... туралы айтты.

- а) бір нәрсе
- б) бір нәрсеге
- в) бір нәрсені

19. – ... жаңалықтары көп екенін мен білмеймін.

- а) Кімге
- б) Кімнің
- в) Кімнен

21. – ... біреу келді.

- а) Сіз
- б) Сізге
- в) Сізде

23. – Мүмкін сізге ... бару керек шығар.

- а) дәрігер
- б) дәрігерге
- в) дәрігерде

25. – Ол ешқашан Астанада емес.

- а) суретке түскен
- б) суретке түсу
- в) суретке түсіпті

27. – Ешкім көптен бері жазбайды, барлығы компьютермен жұмыс істейді.

- а) қаламсап
- б) қалам
- в) қаламсаппен

14. – Білесің бе, ол ... достасып жүр?

- а) кімді
- б) кіммен
- в) кімге

16. – Ол ... тұрмысқа шықты.

- а) профессорға
- б) профессормен
- в) профессордан

18. – Сізге ... жаңа ғана телефон шалды.

- а) біреуге
- б) біреу
- в) әлдебіреуің

20. – Мүмкін бірінші ... барғанымыз жақсы шығар.

- а) директор
- б) директорға
- в) директорға дейін

22. – Сіз ... жиі боласыз ба?

- а) бастық
- б) бастықта
- в) бастыққа

24. – Саған осылайша ұзақ уақыт бойы жаяу жүру қиын емес пе?

- а) көше
- б) көшеде
- в) көшеден

26. – Мен тауықты ... жей алмаймын.

- а) пышақпен, шанышқымен
- б) пышақ, шанышқы
- в) пышақты, шанышқыны

28. – Кеше біз бірге қонақта болдық.

- а) белгілі ғалыммен
- б) белгілі ғалымда
- в) белгілі ғалымға

29. – Олар ... тоқтағанды жақсы көреді.

- а) осы қонақүйден
- б) осы қонақүймен
- в) осы қонақүйге

31. – Біздің ... сонша көп болмады.

- а) бос уақытымыз
- б) бос уақыттан
- в) бос уақытқа

33. – Кеше мен бірінші рет баяндамасын тыңдадым.

- а) Нобель сыйлығы лауреаттарының
- б) Нобель сыйлығы лауреаттарына
- в) Нобель сыйлығы лауреаты

35. – Менің ... теңгем жоқ.

- а) жиырма мыңға
- б) жиырма мың
- в) жиырма мыңнан

37. – Алғаш рет Түркістан қаласына келгенде, оның оянды.

- а) тарихи қалаларға деген қызығушылығы
- б) тарихи қалаларға деген қызығушылық
- в) тарихи қалаларға деген қызығушылықтан

39. – Мен ... билетке тапсырыс бергім келеді.

- а) интернет
- б) интернет арқылы
- в) интернетке

41. – Осы сапарға байланысты сіздің түсіне алмадым.

- а) пікір
- б) пікіріңізді
- в) пікіріңізбен

43. Біз ... демалыстан келдік.

- а) қазірге
- б) қазір ғана
- в) қазірден

30. – Ертең дайындықты бастайық.

- а) біздің демалысымызға
- б) демалыстан
- в) біздің демалыс

32. – Мен ... жазда Көкшетауға баруға кеңес бердім.

- а) ана
- б) анама
- в) анамда

34. – Білесің бе, мен бүгін Қарлығашты кездестірдім. Біздің бір-бірімізді көрмегенімізге болды.

- а) бес жыл
- б) бес жылға
- в) бес жылдан

36. – Нобель сыйлығының лауреаттары Еуразия ұлттық университетінде ... келді.

- а) болу
- б) болғысы
- в) болса

38. – Біз Көкшетаудың әдемі жерлерін ... аралап үлгере алмадық.

- а) бір күнде
- б) бір күн
- в) бір күнге

40. – ... ашу өте қиын шығар.

- а) Ғылыми жаңалықпен
- б) Ғылыми жаңалық
- в) Ғылыми жаңалықтан

42. – Осы мәтінді ол, мүмкін, ... аудары алады.

- а) екі сағатта
- б) екі сағатпен
- в) екі сағат

44. – Біз биыл демаламыз.

- а) Көкшетау
- б) Көкшетауда
- в) Көкшетаудың

45. – Біз, әдеттегідей, ... тоқтадық.

- а) жетпіс жетінші нөмір
- б) жетпіс жетінші нөмірге
- в) жетпіс жетінші нөмірді

47. – Директор келеді. Күтіңізші.

- а) он бес минут
- б) он бес минуттың
- в) он бес минуттан кейін

49. – Мына нөмір бізге ..., басқасын таңдайық.

- а) ұнайды
- б) ұнамайды
- в) ұнатпайды

46. – Сәуле демалысқа ... бастап шығады.

- а) бесінші маусымнан
- б) бесінші маусымнан
- в) бесінші маусымға

48. – Кешіріңіз, сіз мында ... ұмытып кеттіңіз.

- а) қол қоюды
- б) қол қою
- в) қол қоюдың

50. – Мына сабақты мүлде

- а) түсіндім
- б) түсінбедім
- в) түсінемін

2. Өзіміздің ең қызықты сапарымыз туралы әңгімелесуге, жазуға дайындаламыз.

а) Осы сапарыңыз туралы әңгімелеу үшін, жазу үшін келесі сұрақтарды қандай ретпен орналастырар едіңіз?

- Нені суретке түсірдіңіз? Қай сурет ең жақсы түсірілді? Ол туралы жазыңыз.
- Қайда тоқтадыңыз?
- Есіңізде көбірек не қалды?
- Біздің сапарымыз кезінде сізге бәрі ұнады ма? Ал не ұнамады?
- Ең соңғы рет қайда демалдыңыз? Кіммен бірге демалдыңыз?
- Сіздерде қызықты экскурсия болды ма? Қайда болды?
- Сіз өзіңіздің таныстарыңызға, достарыңызға сонда баруға кеңес берер ме едіңіз, әлде жоқ па? Кімге міндетті түрде баруға кеңес бересіз? Неге?
- Сізде қызықты кездесулер, жаңа таныстар болды ма?
- Сізге қай елде демалу көбірек ұнайды? Неге?

б) Өзіңіздің сапарларыңыз туралы жазыңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С. М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2007.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010.
3. Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Локативность. Бытийность. Посессивность. Обусловленность. – СПб., 1996.
4. Бондарко А. В. Полевые структуры в системе функциональной грамматики. // Проблемы функциональной грамматики. – Санкт-Петербург: Наука, 2005.
5. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы / Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева, – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
6. ҚР СТ 1929-2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Базалық деңгей. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
7. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
8. Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. – Астана, 2015.

З. Күзекова, Г. Масақова

Қазақ тілі

Базалық деңгей (А2): Оқу құралы.

Редакторы: Д. Жарылғасын

Техникалық редакторы: С. Тлемисов

Көркемдеуші дизайнер: С. Тлемисов

ISBN 978-601-7820-32-9



9

7 8 6 0 1 7 8 2 0 3 2 9

Басуға 26.07.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84_{1/8}. Офсеттік басылым. Шартты б.т. 26

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 00958

«Сенім» Жамбыл баспа орталығы ЖШС-нде басылды.

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22